

1992

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ: ТАТУ КӨРШІЛІК ПЕН ӨЗАРА ТИІМДІ ҮНТІМАҚТАСТЫҚТЫҢ ҮШ ОНЖЫЛДЫҒЫ

БАСЫЛЫМ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОРНАҒАНЫНА 30 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛАДЫ

中国—哈萨克斯坦：
睦邻友好与互利合作的三十年
谨以此书纪念中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国建交30周年

КАЗАХСТАН-КИТАЙ: ТРИ ДЕСЯТИЛЕТИЯ ДОБРОСОСЕДСКОГО И ВЗАИМОВЫГОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА

ИЗДАНИЕ ПОСВЯЩАЕТСЯ 30-ЛЕТИЮ УСТАНОВЛЕНИЯ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ
МЕЖДУ РЕСПУБЛИКОЙ КАЗАХСТАН И КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКОЙ

2022



ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ:
ТАТУ КӨРШІЛІК ПЕН ӨЗАРА ТИІМДІ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ҮШ ОНЖЫЛДЫҒЫ
Басылым Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы
дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына арналады

中国—哈萨克斯坦：
睦邻友好与互利合作的三十年
谨以此书纪念中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国建交30周年

КАЗАХСТАН-КИТАЙ:
ТРИ ДЕСЯТИЛЕТИЯ ДОБРОСОСЕДСКОГО И
ВЗАИМОВЫГОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА
Издание посвящается 30-летию установления дипломатических отношений
между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой

1992-2022

УДК 327 (574+510)
ББК 66.4 (5Каз+5Кит)
Қ 18

ҚХР-дағы ҚР Елшілігі • ҚР-дағы ҚХР Елшілігі

Нұр-Сұлтан қаласындағы Қытайды зерттеу орталығы

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы
дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығына арналады

Т.Т. Шаймергеновтің жалпы редакциясымен

Қ 18 «Қазақстан-Қытай: тату көршілік және өзара тиімді ынтымақтастықтың отыз жылдығы». Авторлық ұжым. – Нұр-Сұлтан: Қытайды зерттеу орталығы, «Prime Interprise» баспасы, 2022. – 490 б.

ISBN 978-601-06-8805-6

Кітап XX–XXI ғасырлар тоғысының отыз жылдығындағы қазақ-қытай қатынастарының орнығуы мен дамуын жан-жақты сипаттайды.

Қытай Қазақстанның азаттығы мен егемендігін, аумақтық тұтастығын мойындаған алғашқы шет мемлекеттердің бірі болды. Үлгіге айналған дипломатиялық қарым-қатынасты орнатқалы қос елдің көшбасшылары мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңіне көшті.

Қос халықтың терең тарихи байланысы, достыққа негізделген саяси қарым-қатынасы, өзара түсіністігі мен прагматикалық ынтымақтастығы бүгінде Қазақстан мен Қытайдың екіжақты қарым-қатынасын тиімді де жемісті дамытуға қолайлы негіз болды.

Мерейтойлық басылым қазақ-қытай қарым-қатынасының отыз жылдағы даму серпінін, мазмұны мен жетістіктерін толық бейнелейтін сараптамалық-анықтамалық ақпаратты, сондай-ақ архив пен фотохроника материалдарының кең ауқымын қамтиды.

Кітап дипломаттарға, халықаралық қатынастар саласындағы мамандар мен студенттерге, Қазақстан Республикасының заманауи сыртқы саясаты мен Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының дамуына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

УДК 327 (574+510)
ББК 66.4 (5Каз+5Кит)

ISBN 978-601-06-8805-6

© Нұр-Сұлтан қ. Қытайды зерттеу орталығы, 2022
© Шаймергенов Т.Т., 2022
© ТОО «Prime Interprise», 2022
© Барлық құқықтары қорғалған

МАЗМҰНЫ

Қазақстан тарапынан алғысөз	5
Қытай тарапынан алғысөз.....	7
Кіріспе.....	9
1. ҚР мен ҚХР арасындағы отыз жылдық дипломатиялық қатынастардың маңызды даму кезеңдері мен жетістіктері.....	14
2. ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар тарихындағы есімдер.....	65
3. Жоғары деңгейдегі сапарлардың хронологиясы	71
4. ҚР мен ҚХР арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың негізгі тетіктері.....	75
5. ҚР мен ҚХР арасындағы стратегиялық құжаттар.....	81
6. ҚР мен ҚХР арасындағы шарттар мен келісімдердің толық тізімі.....	149
Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының фотожылнамасы	470

БАСЫЛЫМНЫҢ АВТОРЛАР ҰЖЫМЫ



Нұрышев Ш.Ш.
Шаймергенов Т.Т.
Аймаханов А.Е.
Шаймергенова Г.А.



Қытай Халық Республикасының
Қазақстан Республикасындағы
Елшілігінің қызметкерлері

ҚАЗАҚСТАН ТАРАПЫНАН АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан мен Қытай халықтары арасындағы тығыз ынтымақтастықтың, достық пен өзара түсіністіктің тарихи тамыры өте терең. Бүгінде қос мемлекет те мемлекеттік дамудың, ұлтты жаңғыртудың және мемлекетаралық қарым-қатынастарды тереңдетудің шешуші кезеңіне келді. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты жақын көршісі ретінде Қытайға бағыттала бермек.

2022 жылдың 3 қаңтарында елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толады. Бұл уақыттың ішінде Қазақстан мен Қытайдың саяси сенімі мен сауда-экономикалық ынтымақтастығы мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестіктің бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейіне көтеріліп, қос мемлекет барлық шекаралық мәселелерді түпкілікті реттеп, берік құқықтық база құрды.

Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының моделі екі мемлекет басшыларының достық диалогына, үкімет басшыларының тұрақты кездесулеріне, Ынтымақтастық комитеті мен Іскерлік кеңестің белсенді жұмысына негізделген. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен «Нұрлы жол» бағдарламасының интеграциясы да жақсы жүріп жатыр. Бірлескен индустриялық және инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, өңірлік көлік-логистикалық инфрақұрылым да дамып келеді.

Қазақстан мен Қытай БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК және «Орталық Азия + Қытай» форматы аясындағы халықаралық бастамаларға өзара қолдау көрсетеді. Бұған халықаралық күн тәртібіндегі көптеген өзекті мәселелер бойынша екі елдің көзқарастарының сәйкес келуі ықпал етіп отыр.

Қазақстан мен Қытай әріптестігін нығайтуда екі ел халықтарының мәдениеттерін өзара байытуға және құндылықтары мен дәстүрлерін түсінуге ықпал ететін ғылыми және мәдени байланыстар маңызды рөл атқарады.

30 жыл ішінде өзара тиімділікке, мызғымас достыққа, сенім мен ынтымақтастыққа бағытталған екіжақты қарым-қатынастарды

ілгері нығайтудың берік негізі қаланды. Қазақстан мен Қытай екі ел халықтарының әл-ауқаты гүлдендіру жолында тату көрші және сенімді серіктес болып қала бермек.

Аталмаш кітаптың Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының мәнін тереңірек түсінуге көмектесетініне, дипломаттарға, сарапшыларға, студенттер мен сыртқы саясатқа қызығушылық танытқан барлық оқырмандарға пайдалы болатынына сенімдімін.



Шахрат Нұрышев

*Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі*

ҚЫТАЙ ТАРАПЫНАН АЛҒЫСӨЗ

2022 жылдың 3 қаңтарында Қытай мен Қазақстан дипломатиялық қарым-қатынастарының 30 жылдығын атап өтті. Қытай халқы «Отыз жасыңда аяғыңа нық тұр» демекші, қос мемлекетте бұл уақыттың ішінде қарым-қатынасын тарихта болмаған жоғары деңгейге көтеріп, жаңа дәуірдегі мемлекетаралық қарым-қатынастың үлгісін қалыптастырып үлгерді.

Отыз жыл бойы Қытай-Қазақстанның қарым-қатынасы қарқынды әрі тұрақты дамып, сенімді саяси диалог пен алмасулардың жоғары деңгейін сақтап келді.


Тарих тұрғысынан қалыптасқан шекара мәселесін жан-жақты әрі тиянақты шешу мен 2002 жылы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа қол қоюдан бастап, Қытай мен Қазақстан арасында мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестік орнатуға дейін, Төраға Си Цзиньпиннің Қазақстанда алғаш жариялаған «Жібек жолы экономикалық белдеуін» бірлесіп салу туралы бастамасынан бастап, екі елдің даму стратегияларын жұптастыруға дейін бірге жүріп өткен жолымызда достығымыз, тату көршілігіміз, өзара тиімді ынтымақтастығымыз тереңдей түсті. Сондықтан бүгін де қарым-қатынасымыздың мазмұны байып, іргетасы бекіп, даму көкжиегі кеңейіп келеді.

Қытай мен Қазақстан дипломатиялық қарым-қатынасының 30 жылдығына орай бірлескен күш-жігермен «Қазақстан-Қытай: тату көршілік және өзара тиімді ынтымақтастықтың отыз жылдығы» арнайы басылымы әзірленіп, жарыққа шықты.

Кітап отыз жыл ішінде қос мемлекет арасындағы қарым-қатынастың даму тарихы мен жоғары деңгейдегі сапарлар туралы ақпаратты жан-жақты қамтып, екі жақты ынтымақтастықтың негізгі тетіктері мен қос мемлекеттің қол қойған құқықтық құжаттарын келтіреді. Басылым сарапшылар мен ғалымдарға, қытай-қазақ қатынастарын зерттейтін оқырмандарға таптырмас анықтамалық құрал болмақ.

Соңғы отыз жылда Қытай мен Қазақстанның қарым-қатынасы тамаша нәтижелерге қол жеткізді. Қытай Төрағасы Си Цзиньпин

мен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың стратегиялық басшылығы мен жеке ілгерілетуімен жаңа тарихи белестерге қадам басқан қос мемлекеттің қарым-қатынасы сынақтарға төтеп беріп, алға дамып, ынтымақтастықтың келесі 30 жылын ашатынына, екі халықтың әл-ауқатын нығайтып, аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауда үлкен үлес қосарына кәміл сенеміз. Қытай мен Қазақстан қарым-қатынасының болашағы жарқын болғай!



Чжан Сяо

*Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі*

КІРІСПЕ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:

«...Біз бірнеше ғасырдан бері тарихи қарым-қатынас орнатып келеміз. Тату көрші болғанымызды және өзара тиімді ынтымақтастықтың осындай табысты тәжірибесін шын жүректен бағалаймыз. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы зор қарқындылығымен, жоғары сенімге және шынайы тату көршілікке негізделуімен ерекшеленеді».

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин:

«...Қазақстан мен Қытай – тағдыры ортақ, екі мың жылдан астам қарым-қатынас тарихы мен кең ауқымды мүдделері бар тату көршілер. Мұның бәрі екі елді мықты біріктіріп қана қоймай, өзара тиімді ынтымақтастықтың даму перспективаларына жол ашады».

Биыл аталып өтпек дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылдығы Қазақстан мен Қытайдың достық пен сенімнің көп ғасырлық дәстүрі байланыстырған тату көршілер екенін тағы растады. «Саясат атасы – тарих, ал тарих атасы – география» деген даналық бар. Тарих жағынан да, география жағынан да Қазақстан мен Қытайға іргелес өмір сүріп, бірге даму, адал дос әрі стратегиялық әріптес болу бұйырған. Қытайдағы архив деректеріне сүйенсек, Ұлы дала елі мен Аспан асты елі арасындағы қарым-қатынастың екі мың жылдан астам тарихы бар. Бұл – б.з.б II ғасырдағы керуендер қатынаған Ұлы Жібек жолынан бастап ХХІ ғасырда қайта жаңғырған Жібек жолына дейінгі қос ұлттың түрлі мемлекеттілік кезеңдеріндегі ынтымақтастық шежіресі.

КСРО ыдырағаннан кейін, 1992 жылғы 3 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы дипломатиялық қарым-қатынас орнату арқылы мемлекетаралық қатынастардың жаңа кезеңін бастады. Бүгінде жаңадан құрылған Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары іс жүзінде жоқ жерден дамыды. Бұл уақыттың ішінде ҚР мен ҚХР құбылмалы халықаралық ахуалдың сынақтарына төтеп беріп, дамудың айрықша да өнегелі жолын басып өтті. Елдер арасында тату көршілік пен достықта өмір сүрудің үлгісіне айналған бұл жолдың халқымызға берер жемісі де, бейбітшілікті, бүкіл аймақтағы тұрақтылықты нығайтуға қосар маңызды үлесі де мол болды.

Бірге жүріп өткен жолға көз жүгіртсек, мемлекетаралық ынтымақтастықтың қысқа мерзімінде таңғаларлық табыстарға қол жеткізіп, екіжақты қарым-қатынастың ұзақ мерзімді әрі прогрессивті дамуына негіз қаладық дей аламыз.

Қазақстан мен Қытай ұлттық мүдделерді ескере отырып, КСРО кезінен қалған барлық мәселелерді сындарлы түрде шешті. «Өзара сенім – достықтың негізі» деп Конфуций айтпақшы, елдеріміз ұзақ мерзімді ынтымақтастықты 1990 жылдары осы негізден бастады. Екі мемлекет қол қойған алғашқы және маңызды құжат – 1993 жылғы «ҚР мен ҚХР арасындағы достық қарым-қатынас негіздерінің бірлескен декларациясы». Декларация екіжақты саяси және сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаларын бекітті. Барлық қайшы мәселелерді күш пен қоқан-лоқы көрсетпей, екінші тараптың қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттерсіз бейбіт жолмен шешу келісілді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, ҚР мен ҚХР мемлекетаралық қатынастарына таза прагматизм мен өзара мүдделерді ескеруге деген ұмтылыс тән. Қазақстан да «үш зұлымдыққа» қарсы стратегияны ұстанып, өзге мемлекеттің ішкі істеріне араласпауды, ұлттық ерекшелігін құрметтеуді қолдайды. Қазақстан «Бір Қытай» іргелі ұстанымын қолдауда көптен бері дәйектілік танытып келеді.

1995 жылы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі және ядролық клубтың мүшесі ретінде Қытайдың Қазақстанға қауіпсіздік кепілін беруі, бірлескен шекара сызығын айқындау мен Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын құқықтық ресімдеу сияқты өзекті мәселелердің шешілуі, сондай-ақ биыл жиырма жылдығы тойланатын ҚР мен ҚХР арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы 2002 жылғы шартқа қол қойылуы көршілер арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етті. Қазақстан – Қытай Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық келісіміне қол қойған жалғыз мемлекет. Бірлескен күш-жігердің нәтижесінде Қазақстан-Қытай шекарасы сенімнің, бейбітшіліктің, қауіпсіздік пен гүлденудің шекарасына айналды.

Қазақстан мен Қытай отызжыл ішінде өзара тиімді ынтымақтастықтан мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестікке көшкен көршілес екі ел ретінде мемлекетаралық қатынастардың өнегелі үлгісін қалыптастырды. Екі мемлекет арасындағы кеңейіп келе жатқан көп деңгейлі өзара әрекеттер бүгінде тату көршілік пен өзара құрметтің үлгісіне айналған берік, сындарлы және практикалық қарым-қатынасқа айналды. Орталық Азия республикаларына құйылған 40 миллиард долларлық Қытай инвестицияның жартысы Қазақстанға тиесілі болғандықтан, еліміз ҚХР-дың аймақтағы ең ірі сауда және инвестициялық серіктесіне айналуы заңдылық.

Бұлуақыттың ішінде Қазақстан мен Қытай көшбасшылар арасындағы тұрақты байланыстарды және үкімет басшыларының кездесулерін, парламентаралық топтар мен өңіраралық форумдарды қамтитын екіжақты үйлестірудің бірегей көп деңгейлі механизмін құрды. Осы тұста стратегиялық серіктестікті вице-премьерлер деңгейінде жүйелі дамытуға мүмкіндік беретін ҚР-ҚХР ынтымақтастық жөніндегі комитеті маңызды рөл атқарады. Өзара әрекеттің мұндай тетігін Қытай Қазақстаннан бөлек АҚШ, Ресей және Еуроодақ елдерімен құрғанын айта кеткен жөн.

Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының перспективалары 200-ге жуық құжаттан құрылған, сондай-ақ барлық салалар мен бағыттарды қамтыған ауқымды шарттық-құқықтық базаға негізделген. Екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуда жоғары деңгейдегі тұрақты байланыстар, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай басшылары арасындағы жеке сенімді қарым-қатынастар маңызды рөл атқарады. Мемлекеттеріміздің басшылары Н.Ә. Назарбаев, Қ.К. Тоқаев, Цзян Цзэминь, Ху Цзиньтао және Си Цзиньпин елдеріміз бен халықтарымыз арасында шынайы тату көршілік, өзара түсіністік пен шынайы достық атмосферасын қалыптастырды.

30 жыл ішінде Қазақстан мен Қытай ұлттық дамудың ұзақ жолын серпінмен жүріп өтіп, әлемдік қауымдастықтың жаңа ұстанымдарға көшуіне қол жеткізді. Дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған кезде ҚР КСРО ыдырағаннан кейін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын іздесе, ҚХР әлі де баяу дамып келе жатқанына қарамастан, ашық саясат пен реформалау саясатының жиырма жылдығына аяқ басты. Соңғы жылдары Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енсе, ал Қытай өз дамуында таңғаларлық жетістіктерге жетіп, екінші жаһандық экономикаға айналды. ҚР мен ҚХР экономикалық жетістіктері екіжақты қарым-қатынастардың сапалы мазмұнынан білінеді. Осы жылдардың ішінде өзара әрекеттің күн тәртібі екі елдің жаңа мүмкіндіктері мен міндеттерін айқындады.

30 жылда 50 еседей өскен сауданы дамыта бастаған Қазақстан мен Қытай экономикаларын құбыр коммуникацияларымен байланыстырып, энергетика саласындағы стратегиялық жобаларға көшті. Соның арқасында бүгінде «Қазақстан – Қытай» мұнай құбыры мен «Орталық Азия – Қытай» газ құбыры үздіксіз жұмыс істеп тұр. Азия мен Еуропаның жақындасуының жаһандық ахуалына сүйеніп, ҚР мен ҚХР Қазақстан аумағында ондаған жаңа индустриялық жобаларды бірлесіп құру бағдарламасы аясында көлік-логистикалық ынтымақтастық пен өнеркәсіптік ынтымақтастыққа баса назар аударды. COVID-19 пандемиясының өткір кезеңінде өзара жәрдем

беру, Қытайда өндірілген вакциналарды Қазақстанға жедел жеткізу мызғымас достығымызды айқындай түсті.

ҚР мен ҚХР арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың әлеуеті әлі толық іске асырылмағандықтан, жоғары деңгейдегі әр сапар екіжақты экономикалық қарым-қатынастардың жаңа қырын ашып, жаңа мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Отыз жылда Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы екі жақтың да мүдделерін өзара құрметтеумен, диалогтың жүйелілігімен және уәдеге адалдығымен ерекшеленіп шықты. Осы кезеңде қос елде де басшылардың ауысуы достық қарым-қатынас пен стратегиялық әріптестік бағытының сабақтастығын көрсетті.

Халықаралық және өңірлік ұйымдар мен құрылымдардағы ҚР мен ҚХР ынтымақтастығы үлкен халықаралық маңызға ие. Қос мемлекет аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі көпжақты тетіктердің рөлін арттырмақ. Бұған жаһандық, өңірлік қауіпсіздік пен халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелердегі Қазақстан мен Қытай ұстанымдары мен көзқарастарының ортақ немесе жақын болуы жағдай жасайды. Осы жылдар ішінде ҚР мен ҚХР БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК аясында табысты серіктестік құрып, «Орталық Азия плюс Қытай» өңірлік платформасында Орталық Азия аймағының әлеуетін ашу жөніндегі жаңа шешімдер мен тетіктерді іздейді.

Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті жалпыазиялық диалог алаңы ретінде қарқындатуда, сондай-ақ 2017-2018 жылдардағы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты емес мүшелігін дамытуда Қытайдың қолдауына ие болды. Еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кірерде бірінші кезекте дәл Қытаймен екіжақты келіссөздерді орнатып, тиісті хаттамаға қол қойды. ҚХР Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне қатысып, ҚР астанасында «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу ұсынысын қолдаса, Қазақстан Боао Азия форумы мен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастық форумының жұмысына белсенді қатысады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы тиімді ынтымақтастық екіжақты серіктестік шеңберінен әлдеқайда асып, халықаралық мазмұнымен тереңдей түсті. Жібек жолын қайта құру жобасы аясында екі стратегиялық серіктес 2013 жылдан бастап Еуразия геоэкономикасының түрленуіне айтарлықтай ықпал етіп, екі мың жыл бұрынғыдай Шығыс пен Батысты түйістіруге тағы да үлес қосып келеді. Астанамыздағы Назарбаев университетінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин бастаған Жібек жолының экономикалық белдеуі («Бір белдеу, бір жол») он жылға жуық уақыт ішінде 140-тан астам мемлекет пен 20 халықаралық ұйымның басын қоса алды және экономикалық өзара әрекеттесудің әлемдегі ең ірі платформасына айналды.

Белдеу мен жолдың бойымен ынтымақтастықтың жаңа инфрақұрылымы қалыптасып, жаңа бағыттар салына бастады, ал мүшелер арасындағы тауар айналымының көлемі 8 триллион АҚШ долларынан асты. Қазақстан алғашқы күннен бастап Қытайдың ХХІ ғасырлық Жібек жолын құрудағы сенімді серіктесі болып, бұл бастамамен өзінің іске қосқан «Нұрлы жол» ұлттық инфрақұрылымдық даму бағдарламасын біріктірді. Осының негізінде екі жақ тауар айналымының құрылымын әртараптандыру, сауда өсімінің жаңа көздерін іздеу, оның ішінде трансшекаралық электронды сауданы, инновациялық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ сауда-саттықты құны жоғары өнімдермен күшейту бағытында сауда саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуді жоспарлап отыр.

ҚР үшін белдеу мен жолдың құрылысы ерекше стратегиялық маңызға ие. Қазақстан аумағы арқылы өтетін магистрал дәліздер – мегажобаның тірек буындары. Олар Азиядан Еуропа, Таяу Шығыс және ТМД елдерінің нарықтарына ең қысқа жолды қамтамасыз етіп, теңіз жолдарына шығуға мүмкіндігі жоқ Қазақстанға Тынық, Атлант және Үнді мұхиттарына тікелей жол салуға мүмкіндік берді.

Дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылдық тарихын қорытындылауда Қазақстан мен Қытай айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді деуге толық негіз бар. Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы соңғы жылдары қалыптасқан ынтымақтастықтың қарқынын бұзуы мүмкін қандай да бір түбегейлі қайшылықтар мен проблемалардың болмауымен ерекшеленеді. Отыз жылда әлемдік жүйе бірқатар іргелі өзгерістерді бастан өткерді, тарих 1990, 2000 және 2010 жылдарда дамудың бірнеше циклінен өтті. Бұл кезеңде әлем және халықаралық қатынастар да, ҚР мен ҚХР да өзгерді. Тек екі елдің тату көршілігі, достық пен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға ынтасы ғана өзгерген жоқ.

Отыз жыл бойы жинақталған ынтымақтастық тәжірибесіне сүйенген Нұр-Сұлтан мен Бейжің тығыз серіктестік байланыстары ілгері дамып келеді. 2019 жылғы қыркүйекте ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапары барысында елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың перспективалық көкжиектерін кеңейткен Мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік туралы декларацияға қол қойылды. Көршілес екі мемлекет бірін-бірі сенімді серіктес, тиімді мүмкіндіктер көзі ретінде қабылдап, бұдан да жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істей бермек. Қазіргі уақытта Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара тиімді қарым-қатынастар жаңа тарихи шыңды бағындыруға ұмтыла жан-жақты дамып, қырық жылдыққа сеніммен бағдар алып келеді.

1. ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

ШАҒЫН ТАРИХИ ЭКСКУРС

Ғасырлар бойы Аспан асты елі мен Ұлы дала елі тығыз байланысын сақтап келеді. Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары ынтымақтастықтың табысты және өзара тиімді үлгісіне айналған, әлемге танымал Ұлы Жібек жолының бейнелерін еске түсіретіні сөзсіз. Шығыс пен Батысты экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстармен ұштастырған бірегей сауда-транзит желісі әлем тарихына терең ізін салып, Еуразия өркениеттерінің дамуына әсер етті. Жібек жолы қазақ-қытай халықтары қарым-қатынасының тереңдігін айшықтайды. Қытай архивтерінде екі мың жылдай уақытты қамтитын, түрлі тарихи кезеңдердегі екі халық арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастар туралы құнды мәліметтер сақталған. Алайда бұл – мүлдем басқа басылымға себепші тақырып.

Қолдарыңыздағы басылым қос мемлекет арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылдығына арналса да, отыз жылдық уақыттың тарихтың ең жаңа кезеңіне жататынын белгілеген жөн. Бұл кезеңде Қазақстан егемендіке қайта қол жеткізіп, Шығыстағы көршісімен өзара тиімді қарым-қатынасын жаңғырта бастады.

Бүгінгі тарихи кезеңде Қытай мен Қазақстан арасындағы алғашқы ресми байланыстар 1980 жылдардың ортасынан-ақ бастау алған. Ол уақытта екі ірі социалистік держава арасындағы текетірес пен қарама-қайшылықтың инерциясы кеңес-қытай қарым-қатынасында да сақтаулы болатын. Алайда бұл қарым-қатынастың қалыпқа келері бірден аңғарылып жатты: ҚХР бұқаралық ақпарат құралдарында бұрынғы антикеңестік үгіт-насихаттың ізі тез суып, КСРО да

Қытаймен қарым-қатынасты жақсартудың маңыздылығын белгілей бастады. Нәтижесінде екі мемлекет те халық дипломатиясының тетіктерін қосты.¹ 1985 жылдың қыркүйегіндегі кеңес-қытай қарым-қатынасының жылымығынан кейін Н.Ә.Назарбаев Қытайдың жоғарғы басшылығымен келіссөздер жүргізу үшін Бейжің қаласына келген кеңестік парламенттік делегацияны бастады. Бұл – кеңес-қытай қарым-қатынасындағы ұзақ жылдарға созылған шиеленістен кейінгі, партиялық және үкіметтік байланыс болмаған кезеңдегі жоғары деңгейлі бірінші ресми делегация болды.

1991 жылы шілдеде Н.Ә.Назарбаев Қазақ КСР Президенті ретінде Қытайға тағы да сапармен барды. Ол сапардың барысында «Қазақ КСР мен ҚХР ШҰАА арасындағы ынтымақтастықты дамытудың принциптері мен негізгі бағыттары туралы келісімге», сондай-ақ болашақта Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының негізін қалайтын өзге келісімдерге де қол қойылды. Қытаймен жоғары деңгейдегі алғашқы келіссөздер кезінде екі ел арасындағы көлік қатынасын қамтамасыз етуге көңіл бөлініп, сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Қытай тарапы Қазақстанмен сауданы дамытуға мүдделі екенін жасырмады.²

КСРО толық ыдырап, Қазақстан егемендігіне қол жеткізген соң, негізгі сыртқы саяси міндеттерінің бірі ретінде ол дипломатиялық байланыстарды орнату мен барлық көршілес мемлекеттермен, сондай-ақ Қытаймен сындарлы және өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген түбегейлі жаңа, тату көршілік қарым-қатынастар құруды көздеді.

1990 жылдардың басында Кеңес Одағы қираған жерде егемен, толыққанды мемлекеттердің тұрғызылатынына сенген адам аз. Бұл жағдайда Қытай ақыл танытып, 1992 жылдың алғашқы күндерінен-ақ ҚХР Төрағасы, ҚКП Орталық комитетінің Бас хатшысы Цзян Цзэминнің жетекшілігімен барлық елдермен дипломатиялық байланыстарды сәтті орнатып, Еуразия қойнауында пайда болған жаңа елдермен мемлекетаралық оң қарым-қатынастарды құра алды.

Қытай 1991 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындаған Түркия мен АҚШ-тан кейінгі үшінші мемлекет болса, Қазақстан Қытайдың Орталық Азия аймағында елшіліктер деңгейінде дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан бірінші мемлекеті болды. елшіліктердің. Осылайша, көршілес екі мемлекеттің көп ғасырлық қарым-қатынас тарихында жаңа парақ

1 Тоқаев Қ.К. *Преодоление. Дипломатические очерки казахстанского министра*. М.: Мир, 2003. 190-б.

2 Тоқаев Қ.К. *Преодоление. Дипломатические очерки казахстанского министра*. М.: Мир, 2003. 191-б.

ашылды. Бұл қарым-қатынас XIX ғасырдың екінші жартысында белгілі тарихи жағдайларға байланысты үзілгені көпшілікке мәлім.

АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢ. БАСТАУ (1991–1995)

1991-1994 жылдардағы Қазақстан-Қытай дипломатиялық қарым-қатынасының бастапқы кезеңі жоғары деңгейлердегі алғашқы байланыстармен, екі ел басшылығының жиі кездесулері мен жаңадан жарияланған көршілер арасындағы құжаттарды рәсімдеуден басталды. Сол уақытта қысқа мерзімде екіжақты қарым-қатынастардың шарттық-құқықтық базасының негіздері құрылып, серіктестіктің маңызды бағыттарын реттейтін іргелі келісімдер жасалып жатыр.

Бастапқы кезеңде екіжақты қатынастардың негізгі инфрақұрылымы қалыптасты. 1992 жылғы 3 қаңтарда тараптар толыққанды екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында алғашқы ресми мемлекетаралық байланыстарға мұрындық болған «ҚР мен ҚХР арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы бірлескен коммюникеге» және «ҚР мен ҚХР арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы бірлескен коммюникеге өзара түсіністік меморандумына» қол қойды.

Сол жылдың ақпан айында-ақ ҚР Премьер-министрі С.А.Терещенко Қытайға сапармен барды. Елдер арасындағы ресми байланыстардың бастауында тұрған тарихи делегацияны ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған Қ.К.Тоқаев алып жүрді. Оның жеке естелігіне сүйінсек, бұл сапарларда қазақстандық өкілдер ерекше жылы ықыласқа бөленген. ҚР Премьер-министрін Қытайдың барлық басшылары, олардың ішінде ҚКП Орталық комитетінің Бас хатшысы Цзян Цзэминь қабылдаған. Қонақты мұқият тыңдаған ол Н.Назарбаев жолдауында Қазақстанның Қытаймен тату көршілік, достық қарым-қатынас орнатуға кірісуге ниетті екеніне, Тайванды ҚХР-ның ажырамас бөлігі ретінде мойындайтынына ризашылық білдірді.³

Одан кейін тараптар сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығына, қос мемлекет азаматтарының екі елге сапарлары тұрғысынан тасымал ынтымақтастығына, сондай-ақ Қытай-Қазақстан шекарасында қосымша өткізу пункттерін ашу туралы алғашқы құжаттарға қол қойды. Сондай-ақ сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай комиссиясын

³ Тоқаев Қ.К. *Преодоление. Дипломатические очерки казахстанского министра*. М.: Мир, 2003. 192-б.

құру туралы келісім мен Қытай тарапының тауарлық несие беруі туралы келісімге қол қойылды.

Жоғары деңгейдегі қарым-қатынастарға бастама болған үкіметтік делегацияның Қытайға алғашқы ресми сапарының маңыздылығын бағаламаған қиын. 1992 жылдың басында-ақ қос мемлекет мемлекетаралық қатынастардың мазмұнын анықтауды қолға алды. ҚР мен ҚХР арасында қол жеткізілген уағдаластықтардың нәтижесінде «Достық», «Қорғас», «Бақты», «Алашаңқай», «Алексеевка-Ақчуп», «Жеменей» шекаралық пункттері құрылып, «Үрімші – Алматы, Алматы – Үрімші» теміржол желісі іске қосылып, «Достық» шекаралық стансасы қайта жаңғыртылды. Бұл үдеріс сол уақытта шоп-туризм форматында дамыған алғашқы сауда қатынастарының дамуына серпін берді. ҚР мен ҚХР арасындағы тауар айналымының деңгейі қарым-қатынастың алғашқы жылында 432 миллион АҚШ долларын құрады (экспорт – 227 миллион, импорт – 205 миллион АҚШ доллары).

1992 жылғы желтоқсанда ҚР мен ҚХР астаналарында елшіліктердің ашылуы екіжақты дипломатиялық байланыстарды тұрақты деңгейге шығаруға, келісім мен құқық базасын құруды жалғастыруға және барлық салаларда Қазақстан мен Қытайдың заманауи қатынастарын орнатуға мүмкіндік берді. Жоғары саяси деңгейдегі алғашқы байланыстар сауда-экономикалық байланыстардың дамуына қуатты серпін берді. Өзара сіңісу мен ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарын бірге іздеу процесі басталды. Бұл жұмысты шекаралас аймақтар қолға алды, себебі Қытай оларға сыртқы экономикалық қызметті жүргізуге кеңейтілген құқықтар берген болатын.

Қазақ-қытай диалогының көп жағдайда қос мемлекет басшыларының қажырлы еңбегі мен қайратының, саяси ерік-жігері мен жеке достығының арқасында сындарлы дамып келе жатқаны хақ. Осы орайда екіжақты қарым-қатынастардың қалыптасуы мен дамуының хронологиясына көз жүгірте отырып бұл басылым ҚР мен ҚХР басшылары сапарларының мазмұнын зерделеуді көздейді. Бұл сапарлардың нәтижелері көршілес екі мемлекет арасындағы екіжақты қатынастарды нығайтудың берік іргесін қалады.

1993 жылғы қазанда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қытайға ресми сапармен алғаш барды. Сол маңызды оқиғалардың куәгері болған Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев тарихи саяхатты өз очерктерінде толық сипаттайды.⁴ Бұл сапар ынта-жігер мен болашақ екіжақты ынтымақтастыққа деген сенімнің тұсында өтті. Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды орнатудың бастапқы

4 Тоқаев Қ.К. *Преодоление. Дипломатические очерки казахстанского министра*. М.: Мир, 2003. 192-б.

кезеңінде Қытай басшылығы ерекше белсенділік пен қызығушылық танытты. Себебі халықтарымыз сан ғасырлар бойы көршілестіктің түрлі, кейде қиын сәттерін, әсіресе қазақ тарихындағы ресейлік және кеңестік кезеңдерді бастан кешірді.

Әрине, көршілес екі елдің басшылығы қарым-қатынас құруды неден бастауды ойлады. Бұл тұста тарихқа бойлау керек пе, әлде қос мемлекет мүддесі үшін жаңа әріптестік пен тең құқылы қарым-қатынастарды қалыптастыру керек пе деген сұрақ туындады. Бұл стратегиялық мәселеде екі мемлекет басшылары – Н.Ә.Назарбаев пен Цзян Цзэминь халықтарымыздың өткені мен қарым-қатынас тарихына құрмет көрсетіп, болашақта тату көршілікті дамытуға мән берді.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь алғашқы кездесуден-ақ ортақ тіл тауып, екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын нақты айқындап, жағдайды бағалап, елдеріміздің болашақта дамуы мен өркендеуінің игілігі үшін ынтымақтастықтың саяси атмосферасын қалыптастыра білді. Екі басшы да көршілес екі халықтың тағдырына жауаптылығын жақсы түйсініп, өзекті мәселелерді талқылай келе, Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының құқықтық негізін бірлесіп жасау қажеттігі туралы ортақ шешімге келді.

Тарихи келіссөздердің нәтижесінде 1993 жылғы 18 қазанда ҚР мен ҚХР арасында достық қарым-қатынас орнату туралы бірлескен декларацияға қол қойылды. Құжатта екі елдің тату көршілік пен егемендікті құрметтеу, бір-біріне шабуылдамау және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау қағидаттарына адалдығы жарияланды. Осылайша, Қазақстан мен Қытай арасындағы жаңа қарым-қатынастар аумақтық тұтастықты өзара мойындау мен сауда-экономикалық ынтымақтастықтағы әріптестікке бағытталу қағидалары негізінде құрыла бастады.

КСРО ыдырағаннан кейін Қытай Орталық Азияның жас мемлекеттеріне қатысты өзінің сыртқы саясатын қайта қарастырып, прагматизм мен перспективаға қарай бет бұрды. Бейжің «бейбіт өмір сүрудің бес қағидасын» басшылыққа ала отырып, өткен күннің қайшылықтарын игеріп, жаңа мемлекеттік құрылымдарға бірінші болып достық қолын созды. Бұл қадам жас мемлекеттер мен ҚХР арасындағы жаңа қатынастардың қалыптасуына ықпал етті. Соның арқасында, мәселен, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қытаймен өзара тиімді негізде сенім және тату көршілік қарым-қатынастарды дамытамыз» деген шешімге келді.

Жас республиканың барлық бағыттағы ұлттық қауіпсіздігіне «Достық қарым-қатынас орнату туралы бірлескен декларацияға» қол қоюдың маңызы зор болды. Халықаралық қатынастардың беделді субъектісі қолдағаны да Қазақстанның әлемдік сахнадағы абыройын

арттырды. Қытай үшін де ҚХР айналасындағы «тұрақтылық белдеуін» құруға бағытталған мемлекеттік сыртқы саяси доктрина тұрғысынан бұл құжатқа қол қою маңызды болды.

Тұрақтылықты нығайту және сенімді қарым-қатынастарды дамыту үшін Қытай тарапы Қазақстанның ядролық қаруға қарсы ұстанымын құрметтейтінін, сондай-ақ бұл бағытта Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беруге дайын екендігін мәлімдегені маңызды болды. ҚХР төрағасы Цзян Цзэминь Қытайдың Қазақстанға қарсы ядролық қаруын ешбір жағдайда қолданбайтынын және күш қолдану қаупіне бармайтынын ресми түрде мәлімдеді.⁵

Шекаралардың периметрі бойынша тұрақтылығы Қытайдың өзіне 1970 жылдардың соңы мен 1980 жылдардың басында басталған экономикалық реформаларды сәтті аяқтау үшін қажет болды. Алайда бұл мақсатқа жету үшін шекара мәселелерін сындарлы шешу қажеттілігі туды. ҚХР-дың бұл ұмтылыстары Қазақстанның мүдделерімен сәйкес келді. Осы орайда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қытайға алғашқы сапары барысында шығыстағы көршімен шекара мәселесін шешуді басты басымдықтардың бірі ретінде алға қойды. ҚХР төрағасы Цзян Цзэминь де Қазақстан басшысының шекараны бекіту туралы ұсынысына оң баға берді. Өткен ғасырларда шекарада болған оқиғалардың салдарынан екі тарап та Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы мен достығын дамытуда дәл осы мәселені шешудің маңызы зор екенін жақсы білді.

1950 жылдардың екінші жартысында жарияланған КСРО мен ҚХР достығы кеңес-қытай шекарасындағы текетіреске, 1960-1970 жылдардағы араздыққа ұласып кеткені көпке мәлім. 1969 жылдың жазында Қазақ КСР-нің Алматы облысындағы Жалаңашкөлде болған оқиға шекарадағы «даулы аймақтардан» туындаған. Ол кезде Кеңес одағы мен ҚХР арасындағы шекаралық келіссөздер сол күйі аяқталмай, саяси тығырыққа тірелді. Осыған байланысты сол уақыттан қалған шекара мәселелерін шешу Қазақстан үшін бірінші кезекте мемлекеттік маңызға ие міндет болды.

1990 жылдары ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Қытай арасындағы жаңа кезеңдегі екіжақты ынтымақтастықты орнатудың басым бағыттарын айқындай алды. Бұл ретте Шекара туралы келісімге қол жеткізу – екі ел тату көршілігінің басты мүддесі болды.

Келіссөздер барысында қалыптасқан таптаурындардан, әсіресе қайшылықтың себебі болған шекарадағы «даулы аймақтар» мәселесінен бас тарту оңайға соқпады. Қазақстан Республикасының

5 В Пекине Казахстан и Китай намерены подтвердить свою приверженность идее всеобщего запрещения испытаний и последующего уничтожения ядерного оружия // Казахстанская правда. – 19 октября 1993 года

қазіргі Президенті Қ.К.Тоқаев 1990 жылдардағы Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуына арнаған кітабында 1992-1994 жылдардағы Қытаймен келіссөздер кезіндегі қиындықтарды жан-жақты сипаттайды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей мен Цин империялары арасында келісімдерге қол қойылған екі даулы аймақтың тағдыры әлі шешілмеген кез. Қ.К.Тоқаевтың естеліктеріне сәйкес, Н.Ә.Назарбаевтың беделі мен дипломаттық шеберлігі Қытай тарапына стратегиялық ымыра ұсынуға мүмкіндік берді. Бұл ымыра екі елдің мүддесіндегі ауқымды серіктестіктің стратегиялық перспективасын ашқан болатын.⁶

Ақырында, ұзаққа созылған келіссөздер барысында екі ел «даулы аймақтар» терминінен бас тартып, екі тараптың мүддесін ескере келе мәселені жаңаша қарастыруды қолға алуды шешті. Шынында да ескі мәселелерге деген жаңа көзқарас оң нәтижелер берді. Қазақстан мен Қытай ортақ шекараның барлық мәселелерін қарастырып, көршілестіктің көп ғасырлық тарихында алғаш рет «ҚР мен ҚХР арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекара туралы келісімге» келді. Маңызды құжатқа 1994 жылғы 26 сәуірде, Алматыда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Қазақстанға сапармен келген Қытайдың алғашқы басшысы, ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Пэн қол қойды.

Ұлы Дала елі мен Аспан асты елі арасында алғаш рет мемлекеттік шекараның өту нүктелері бекітіліп, ҚР мен ҚХР арасындағы шекаралық аумақтың (жоталардың, өзендердің, таулардың, т.б.) нақты белгілері мен географиялық атаулары белгіленді. Құжат екі даулы аймақты қоспағанда, шекара сызығының бүкіл ұзындығы бойынша өтетін жолын анықтады. Ал даулы қос аймақтың мәселесі кейінгі жылдары шешілді. Елдеріміз арасындағы шекаралық келісім екіжақты шарттық-құқықтық базаны одан әрі кеңейтуге жол ашты. Соның арқасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнағаннан кейінгі бес жылдың ішінде тараптар 50-ден астам шарттар мен келісімдерге қол қойды.⁷

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев дипломатиялық қызмет туралы естеліктерінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевпен кездесу барысында қытай көшбасшысы Цзян Цзэминнің Қазақстанмен бейбіт орта мен тату көршілік ынтымақтастықты дамытуға мүдделі Қытайдан қорқудың керегі жоғын айтқанын жазады. «Қытай Қазақстанға ешқашан қастандық жасамайды, еш зиянын келтірмейді», - деген екен ол. Цзян

6 Тоқаев Қ. *Свет и тень*. – Астана, 2007. – 148-150-б.

7 Подробнее см.: *Правда о государственной границе Республики Казахстан / Аманжолова З.А., Атанов М.М., Турарбеков Б.Ш. Под общей редакцией Токаева К.К. – 3-е издание, доп., переработанное. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2014. – 228 с.*

Цзэминь Қытайды қимылы құрлықтарды дірілдетіп, кез келгеннің зәресін ұшыратын алып айдаһармен салыстырды. «Сондықтан да еліміз салмақтылық пен сабырлықты, қарапайымдылықты ұстанып, ел ішіндегі даму мәселелеріне көңіл бөледі. Ал шекарадан тыс мемлекеттердің ісіне ол еш араласпайды», - деді Қытай басшысы. Бұл сөздер мен Қазақстанға зиян тигізбеу туралы уәдесін растай түскендей, ҚХР төрағасы Цзян Цзэминь шекара мәселесін түпкілікті шешуге үлкен үлес қосты.⁸

ҚР мен ҚХР арасындағы дамып келе жатқан қарым-қатынастардағы түбегейлі мәселелердің шешілуі тараптарға достық диалог орнатуға және сенімді атмосфера құруға мүмкіндік берді. Дәл осы дүние Қазақстан мен Қытай арасындағы достық қарым-қатынастардың тереңдей түсуімен сипатталатын қос мемлекет ынтымақтастығының келесі кезеңіне өтуге мүмкіндік берді.

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ. ТАТУ КӨРШІЛІКТІ ДАМУ (1995–2005)

Бұл кезең ҚР мен ҚХР арасындағы достық қарым-қатынастарды тереңдету мен сенімге негізделген тату көршілікті дамытумен сипатталады. Қазақстанда ҚХР-мен ынтымақтастық әлемдік экономикалық жүйеге үйлесіммен берік енудің маңызды жолы ретінде қарастырылды. Бұл жылдары энергетикалық ынтымақтастықты дамыту мемлекетаралық ынтымақтастықтың маңызды міндетіне айналып, мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін негізгі құжаттарға қол қойылды.

Қазақстандағы орасан зор мұнай мен газ қоры және экономикалық тұрғыдан өсіп келе жатқан Қытайдың мұқтаждығы бірлескен мұнай-газ жобаларына деген екі елдің қызығушылығын айқындап, Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының ұзақ жылдарға арналған өзара тиімді формуласын белгіледі. Дәл осы кезеңде Қазақстанның орасан зор транзиттік әлеуетін ҚР мен ҚХР арасындағы көлік-логистикалық ынтымақтастықта пайдаланудың негізі қаланды. Мұның бәрі Еуразиядағы Жібек жолын қайта құруға түрткі болмақ.

Екі елдің өзара тиімді ынтымақтастық пен өзге мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға адалдығы, сондай-ақ екіжақты қарым-қатынастарды тұрақты дамытуға мүдделігі ҚР мен ҚХР-дың бірқатар екіжақты және халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдарының сәйкестігін көрсетті. Атап айтқанда, қазақстандық дипломаттардың

8 Тоқаев Қ.К. *Свет и тень*. – Астана, 2007. 145-146-б.

ядролық мәселелер бойынша табанды әрекеттерінің және республикамыздың ядролық қарусыз держава ретіндегі ұстанымының арқасында 1995 жылдың ақпанында Қытай Қазақстанға ядролық қаруды қолданбауға кепілдік берді.

1995 жылдың қыркүйегінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь Қазақстан басшысының Аспан асты еліне екінші ресми сапары аясында «ҚР мен ҚХР арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту және тереңдету туралы бірлескен декларацияға» қол қойды. Тараптар Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығару үшін бірлескен күш-жігер жұмсайтынын мәлімдеп, барлық дерлік салалардағы, соның ішінде әскери-саяси саладағы ынтымақтастықты тереңдету туралы келісімге келді. Дәл сол уақытта Қазақстанның транзиттік жүктерін тасымалдау үшін Қытайдың Ляньюньган теңіз портын пайдалану туралы келісімге қол қойылып, Қазақстанның Азияға жолы ашылды.⁹

Әскери-саяси салада ҚР мен ҚХР қорғаныс министрліктері арасындағы байланыстарды орнатуға және дамытуға жәрдемдесуге, қарулы күштерді өзара қысқарту және әскери саладағы сенім шаралары туралы келісімді әзірлеуге, халықаралық міндеттемелерді ескере отырып әскери-техникалық серіктестікті өзара тиімділік негізінде жүзеге асыруға күш салуға келісті. Мұның бәрі шекаралас аймақта достық, сенім және ынтымақтастық атмосферасын одан әрі нығайтуға жағдай жасайды.

1996 жылғы шілдеде ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь Қазақстан Республикасына ресми сапармен алғаш келді. Бұл сапарға сол кездегі ҚР Сыртқы істер министрі Қ.К.Тоқаевтың 1996 жылғы ақпанда Қытайға жұмыс сапары мұрындық болды. Оның барысында ол ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жеке жолдауын жеткізді. Алматыдағы келіссөздер барысында тараптар теңдік пен өзара тиімділік негізінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты жан-жақты дамытып, кеңейтуге және оны Қазақстан мен Қытайдың орасан зор экономикалық әлеуетіне, XXI ғасырдың талаптарына сай келетін жоғары деңгейге көтеруге өзара ниет білдірді.¹⁰

Тараптар 1996 жылғы 26 сәуірде қол қойылған Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан арасындағы шекаралық аймақтағы әскери салада сенім орнату туралы келісімді жоғары бағалап, келісімді жүзеге асыру бойынша шаралар қабылдауға және шекара аймағындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісім

9 *Добрые соседи крепят дружественные взаимоотношения // Казахстанская правда. – 12 сентября 1995 года*

10 *Сотрудничество добрый соседей – на уровень XXI века // Казахстанская правда. – 5 июля 1996 года*

өзірлеуді жеделдетуге күш-жігер салуға ниет танытты. Қазақстан ядролық қауіпсіздікті ілгерілетуде Қытайдан қолдау алды. Келіссөздер нәтижесінде тараптар жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлеріне, соның ішінде ядролық қаруға жалпы тыйым салу және жою туралы үндеу жариялап, ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартты тез арада жасасуға бел буды.

Қазақстан мен Қытай түрлі деңгейдегі тұрақты саяси диалог пен кеңестерді дамытуға келісіп, ҚР мен ҚХР арасындағы 1994 жылғы 26 сәуірдегі мемлекеттік шекара туралы келісімді қатаң сақтай келе шекараны демаркациялау жұмыстарын тезірек бастауға және қалған шекаралық мәселелер бойынша келіссөздерді жалғастыруға міндет қойды. Сондай-ақ екі ел сепаратизмге қарсы шығып, өз территориясында келесі тарапқа бағытталған сепаратистік әрекеттерге жол бермейтінін мәлімдеді.

Қазақстан ҚХР-ды Қытайдың жалғыз заңды үкімет ретінде мойындайтынын растап, Тайваньмен ешқандай ресми байланыс орнатпайтынын мәлімдеді. Қытай өз кезегінде үкіметінің Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беретінін растады. Осылайша, ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің Қазақстанға алғашқы ресми сапары саяси саладағы ҚР мен ҚХР ұстанымдарының тығыз сәйкестігін, Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауда ортақ мүдделердің барын көрсетті.

Алдағы бірнеше жыл ішінде екіжақты қарым-қатынастағы шетін тақырыптардың бірі – мемлекеттік шекара сызығының жолы белсенді түрде талқыланды. Ұзаққа созылған келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан мен Қытай шекара мәселесінде ымыра таба білді. Бұл мәселе ақырында заңға және саяси мақсатқа сай дұрыс шешілді. Екіжақты дипломатиялық қатынастар дамуының бірінші онжылдығында, 1997 жылы 24 қыркүйекте Алматы қаласында еліміз үшін тарихи маңызы бар «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы қосымша келісімге» қол қойылды.

Сол маңызды кезеңді еске ала отырып, Президент Қ.К.Тоқаев өз жазбаларында: «...тағы да айтамын: Цзян Цзэминь мен Нұрсұлтан Назарбаевтың араласуынсыз бұл келісімдерге қол жеткізу мүмкін емес еді. Бұл оқиға қос көшбасшының тарихи көрегендігін көрсетті».¹¹ Осы маңызды жұмыстың нәтижесі 1999 жылғы қарашаның соңында Бейжің қаласында екі елдің басшылары қол қойған және іс жүзінде Қазақстан-Қытай шекарасының барлық бөлігін делимитациялау мен демаркациялау процесін аяқтаған «ҚР мен ҚХР арасындағы шекара

11 Тоқаев Қ. *Свет и тень*. – Астана, 2007. – 150-б.

мәселелерін толық реттеу туралы бірлескен коммюнике» болды. Осылайша Қазақстан мен Қытай тарихтан қалған даулы мәселелерді сындарлы шешудің және тату көршілік қарым-қатынас орнатудың үлгісін көрсете білді.

Осы негізде ҚР мен ҚХР болашаққа бағытталған жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайта бастады. Осы кезеңдегі екі ел арасындағы қарым-қатынастың маңызды сәттерінің бірі – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1999 жылы ҚХР-ға ресми сапары барысында «ҚР мен ҚХР арасындағы XXI ғасырда жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы бірлескен декларацияның» қабылдануы. Бұл құжатта тараптар екі жақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайту ісінің екі елдің түбегейлі мүдделеріне сәйкес келетіні туралы тезисті бекітіп, сондай-ақ қос мемлекеттің барлық салалардағы стратегиялық серіктестігін нығайтуға бел буатынын атап өтті. Декларацияда ҚР мен ҚХР энергетика саласындағы белсенді дамып келе жатқан ынтымақтастықты стратегиялық маңызын белгіледі.

Сонымен, Цзян Цзэминнің 1996 жылғы Қазақстанға сапары мен Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылы Қытайға сапары арасында, 1997 жылы қос мемлекет экономикалық қатынастарды тереңдету жөнінде келіссөздер жүргізді. Атап айтқанда, екі ел арасындағы көлік байланысын кеңейту, яғни Достық және Алашаңқай стансалары арқылы өтетін теміржол өткелін кеңейту арқылы тауар айналымы көлемін арттыру мәселесі қозғалды. Қытай аумағы арқылы өтетін жаңа ауа дәліздері бойынша Қазақстан мен Қытай және Азияның басқа елдері арасындағы әуе қатынасын кеңейту мәселесі де өзекті болды.

ҚР мен ҚХР арасындағы сенімді қарым-қатынас орнатудың қисынды жалғасы Қытай тарапының Қазақстандағы ірі ұзақ мерзімді жобаларға инвестиция салу туралы шешімінен табылды. Екі елдің энергетикалық ынтымақтастығы және қазақстандық мұнай-газ кен орындарын бірлесіп игеру серіктестіктің негізгі саласына айналды. Тараптар Қытай компанияларының Қазақстандағы мұнай және газ кен орындарын барлауға және пайдалануға қатысу перспективаларын, Қытай аумағы арқылы Қазақстаннан әлемдік нарыққа көмірсутегі өнімдерін тасымалдау мәселелерін талқылады.

ҚР мен ҚХР үкіметтері Мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге, ҚР Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі мен Қытай ұлттық мұнай корпорациясы (CNPC) арасындағы кен орындарын игеру жобалары және мұнай құбырларының құрылысы туралы негізгі келісімге қол қойды.

Дәл сол жылы Қазақстан мен Қытай БАҚ «ғасыр келісімі» атаған Батыс Қазақстаннан Батыс Қытайға дейін 2900 шақырымдық құбыр салу туралы келісімге қол қойды. CNPC қазақстандық «Ақтөбемұнайгаз»

кәсіпорнының 60 пайыздық үлесін сатып алды.¹²

Сол кездегі болжамдарға сәйкес, өсіп келе жатқан Қытай экономикасы 2010 жылға қарай жылына 200 миллион тоннадан астам мұнай өнімдерін қажет етуі мүмкін еді. Сол кездің өзінде, үшінші мыңжылдықтың табалдырығында Қытай жыл сайын 25-30 миллион тонна мұнай импорттауға мәжбүр болды. Бұл мұнай Сауд Арабиясынан, тіпті Венесуэладан тасымалданатын. Ал Қазақстаннан мұнай теміржол арқылы жеткізілетін. Сондықтан жеткізу көлемі 100-ден 500 мың тоннаға дейін шектелді. Екі ел арасындағы мұнай құбырының болуы жылына 20–25 миллион тонна мұнай айдауға мүмкіндік береді, бұл Қытайға мұнай импортын әртараптандырып, Қазақстан экономикасына оң әсерін тигізді.

Тараптардың ортақ мүддесі мұнай-газ саласын бірлесіп дамытудың қозғалтқышына айналды. Кейіннен бұл Ақтөбе мұнай кен орнын игерудегі өзара тиімді ынтымақтастықтың пайдасына тиіп, Атасу-Алашаңқай (Қазақстан-Қытай) мұнай құбыры жобасында сәтті жүзеге асырылды. Осы жылдары Түркіменстаннан Қытайға Қазақстан аумағы арқылы өтетін магистральдық газ құбырын жүргізу сияқты ірі энергетикалық жобаны іске қосу туралы келісімге қол жеткізілді. Бұл жоба болашақта Орталық Азия елдері экономикасының Қытаймен тиімді өзара байланысын арттыруға көмектеспек.

Ірі келісімдер жасау арқылы ҚХР мен ҚР басшылығы 1990 жылдары қазіргі заманғы мемлекетаралық қатынастардың негізін тез арада қалыптастырды. Олар кейінірек қарым-қатынастардың барлық маңызды салаларын реттейтін жаңа құжаттарға ие болды. Олардың қатарында шекара, трансшекаралық өзендер, сауда-экономикалық ынтымақтастық, қазақтардың ШҰАА-дағы жағдайы, мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық, көлік кооперациясы және т.б. мәселелері бар.¹³ Осы негізде 1995 жылдан бастап өзара тауар айналымының өсу тенденциясы байқалды. Осы уақыт ішінде 1999 жылы сыртқы сауда айналымы 400 миллионнан 1 миллиард АҚШ долларына дейін өсті. Қазақстан Қытаймен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД елдерінің ішінде Ресейден кейін екінші орынға жетті.

2000 жылдардың басынан бастап көршілес аймақтардағы, соның ішінде Орталық Азиядағы ҚХР сыртқы саясаты 2002 жылғы Бейжіңде 8-15 қарашада өткен Қытай Коммунистік партиясының

¹² *Казахстан – Китай: есть необходимость «сверить часы» // Казахстанская правда. – 3 июля 1998 года*

¹³ *Кадырова Л.И. Межгосударственные политические связи Китайской Народной Республики и Республики Казахстан в 1992-2001 гг. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Специальность - 07.00.03: Всеобщая история (Новая и Новейшая история). – Казань, 2015 ж.*

16-шы Бүкілқытайлық съезінде жарияланған «көршілерді серіктеске айналдыру» тұжырымдамасына негізделеді. Бұл тәсіл 2003 жылы «шырайлы, қауіпсіз және гүлденген көршілестік» туралы ережелермен толықтырылды. Саяси тілмен айтқанда, бұл дипломатиялық идеологемалар ҚХР-ның көршілес елдердің тұрақты дамуына, қауіпсіздігіне және халқының әл-ауқатының өсуіне ықпал ететін жауапты аймақтық саясатты жүргізуге ұмтылатын, қуатты, бай мемлекетке айналғанын білдіреді.

Шығыс көршімен достық пен өзара тиімді ынтымақтастықты ұзақ мерзімді ұлттық мүддесіне жатқызатын Қазақстан Қытайдың тату көршілікке деген бұл ұмтылысымен үндесетін. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Тарихымыз үшін Аспан асты елімен қарым-қатынас мәселесі өте өзекті болатын. ХХІ ғасырдағы дамудың үрдісін негізінен Қытай анықтайды деп ойлаймын. Көптеген елдер сыртқы саясатында қытайлық векторға басымдық береді. Ал Қазақстан үшін болашағы зор, экономикалық қарқынды дамып келе жатқан бұл мемлекетпен ынтымақтастық орнату ерекше маңызды», - деген сөзі бұған дәлел.¹⁴

2002 жыл Қазақстан-Қытай қатынастарының дамуындағы маңызды кезең болды. Сол жылы Бейжің қаласында «Қазақстан-Қытай шекарасын демаркациялау туралы хаттамаға» қол қойылды. Ешқандай даулы аймақтарсыз толық делимитацияланған және демаркацияланған шекара Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне сәйкес келді. ҚР мен ҚХР арасындағы сенімнің нығаюы және тарихи мәселелердің шешілуі екіжақты қарым-қатынастарды нығайтып, ілгерілеуге мүмкіндік берді.

2002 жылғы желтоқсанда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қытайға мемлекеттік сапармен барды. Екіжақты қарым-қатынастардың қол жеткізілген нәтижелерінің негізінде 2002 жылғы 23 желтоқсанда ҚР мен ҚХР басшылары Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа, маңызды және іргелі құжатқа қол қойды. Шарттың ережелері ҚР мен ҚХР арасындағы стратегиялық әріптестік орнатудың негізін қалаған 1990 жылдан бері қол жеткізілген оң қарым-қатынастардың нәтижелерін айшықтайды. Қытай бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында Н.Ә.Назарбаев: «Қол қойылған келісімде біз екі ел арасындағы ұзақ мерзімді, тұрақты қарым-қатынастарды, тату көршілікті, достық пен ынтымақтастықты қолдау мен дамыту екі халықтың іргелі, тарихи мүдделеріне сай келетінін, бейбітшілігі мен тұрақтылығын нығайтуға үлес қосатынын айттық».

Осы сапар барысында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев пен ҚКП ОК Бас хатшысы Ху Цзиньтао кездесті. Бұл лауазымға ҚХР Төрағасы

14. Назарбаев Н.Ә. *На пороге ХХІ века.* – Алматы: Атамұра, 2003. – 199-200-б.

ретінде Цзян Цзэминнің мұрагері Ху Цзиньтао сол жылы өткен Қытай коммунистік партиясының XVI съезінде сайланған болатын. Ху Цзиньтао Қазақстанмен 2000 жылы ҚХР Төрағасының орынбасары ретінде елімізге ресми сапармен келгенінде танысқан. «Қазақстан – Қытайға әрі көрші, әрі дос, әрі серіктес», - деген ол бұл мемлекетпен көптен бері жақынырақ танысқысы келетінін хабарлады. Сол кездің өзінде-ақ мәртебелі мейман Қытай басшыларының жас буын өкілі ретінде қарастырылып, құрметке ие болған. Сондықтан Ху Цзиньтао мен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғашқы кездесуі мен келіссөздерінің соңында жылы қарым-қатынас орнату маңызды нәтиже болды. Соның арқасында екі ел арасындағы тығыз дипломатиялық қарым-қатынастың үздіксіздігі қамтамасыз етілді.

Сол кезде ҚР мен ҚХР арасындағы тұрақтылық, сенім, ынтымақтастық және тату көршілік белдеуін дамыту Орталық Азия елдері мен Ресеймен аймақтық байланыстарды тереңдетуге де негізделген болатын. Бұл байланыс «Шанхай бестігі» (Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан) деген ресми атауға ие болды. КСРО мен ҚХР арасындағы қарулы күштерді өзара қысқарту және кеңес-қытай шекарасындағы сенімді нығайту туралы келіссөздер 1980 жылдардың аяғында басталғаны белгілі. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін Қытаймен жаңа келіссөздерге қатысуда Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның бірлескен делегациясы құрылды.

Тараптар негізгі мәселелер бойынша келісімге келе алды және 1996 жылғы 26 сәуірде Шанхай қаласында бес мемлекеттің басшылары «Шекара аймағындағы әскери салада сенім шараларын нығайту туралы келісімге» қол қойды. Бір жылдан кейін, 1997 жылғы сәуірде Мәскеу қаласында «Шанхай бестігі» елдерінің басшылары «Шекара аймағындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімге» қол қойды. «Шанхай бестігінің» осы бірегей келісімдері жаңа аймақтық құрылым құрылуының негізін қалады.

1998 жылғы 3 шілдеде Алматы қаласында «Шанхай бестігі» елдерінің басшылары бұрын қол қойылған құжаттардың оң әсерін жоғары бағалап, бес мемлекеттің өзара іс-қимылы тек шекаралық мәселелерді шешумен шектелмей, аймақтағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін шешуге қабілетті құрылымды қалыптастыруы тиіс екенін алға тартты. Ауғанстандағы әскери-саяси жағдайға, есірткі тасымалы, терроризм, экстремизм және т.б. мәселелерге көп көңіл бөлінді. «Бестіктің» жұмысына назар аударған Өзбекстан да форумның 2000 жылы жоғары деңгейде өткен бесінші кездесуіне алғаш рет қатысады.¹⁵

15 Работа «пятерки» заслуживает хорошей оценки // Казахстанская правда. – 3 июля 1998 года

Осылайша, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ынтымақтастық мәселелеріндегі ортақ міндеттер мен ұқсас тәсілдер жаңа ұйымның институционализациясын жеделдетті. ШЫҰ құрылуы «Шанхай рухының» қалыптасуынан басталды. Ол туралы алғаш 2000 жылы Душанбеде өткен Шанхай бестігінің саммитінде ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь жариялаған. Іс жүзінде қазіргі халықаралық қатынастардың жаңа теориялық негізіне айналған «Шанхай рухы» саяси салмағы мен экономикалық қуатына қарамастан, барлық қатысушы елдердің шешім қабылдауының және теңдігінің айрықша шарты ретінде өзара сыйластық пен консенсусты белгілейді.

2001 жылғы маусымда Шанхайда өткен алты мемлекет басшыларының кездесуінде саммитке қатысушылар жаңа халықаралық ұйымның құрылғанын жариялап, Шанхай ынтымақтастық ұйымын (ШЫҰ) құру туралы декларацияға қол қойды. Бұл жаңа ұйымдағы жетекші рөлді бұрын ешбір блокқа немесе ұйымға қосылмаған Қытайдың өзі мойнына алды.¹⁶ ШЫҰ-ның құрылуын Қытайдың жалпы халықаралық белсендіру жағдайында сыртқы саясатты өзгерту және дипломатияға жаңа тәсілдерді енгізудің алғашқы тәжірибесі деп атауға болады.

Дәл осы рухпен 1998 жылы «Шанхай бестігі» елдері басшыларының Алматыдағы кездесуінде Қытай Қазақстанның Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесін (АӨСШК) шақыру туралы бастамасын қолдады. Осы тұста Азиядағы ынтымақтастықты дамыту және қауіпсіздікті нығайту мәселелері бойынша ҚР мен ҚХР ұстанымдары мен көзқарастарының ұқсастығы маңызды рөл атқарды. Қазақстан да, Қытай да жаһандану дәуірінде күштер тепе-теңдігін сақтау қажеттігі туралы ұстанымға адал. Екі тарап та бүгінгі жаһанданудың синонимі – әріптестік деп есептейді. Сондықтан да Қытай Қазақстанның АӨСШК жөніндегі бастамасын ықыласпен қолдап, 2002 жылғы маусымда, Алматыда Кеңестің бірінші саммитін өткізуде саяси қолдау көрсетті.

Осылайша, сол кезеңде әлемде болып жатқан өзгерістер аясында Қазақстан мен Қытайдың екіжақты және өңірлік деңгейдегі ынтымақтастығы бірте-бірте сапалы жаңа форматқа көшті. Осы кезеңнен бастап Қытай дамудың жаңа траекториясына шыға бастады, оның сыртқы саяси тәсілдері де түзетілді. Орталық Азиядағы дипломатиясында ҚХР бейтарап пайымдау әдісінен белсенді ынтымақтастық пен аймақтағы өзінің қатысуын арттыру саясатына көшуді бастады.

¹⁶ Тоқаев Қ.К. *Преодоление. Дипломатические очерки казахстанского министра*. М.: Мир, 2003. 381-б.

2002 жылдың күзінде ҚХР басшылығында өзгерістер болып, ҚКП XVI съезінің нәтижесінде Ху Цзиньтао бастаған Қытай басшыларының «төртінші ұрпағы» билікке келді. 2003 жылдың наурыз айында БХӨЖ сессиясында ол жоғарғы мемлекеттік лауазымына ие болды – ҚХР Төрағасы атанды. Бұл лауазымда Ху Цзиньтао «Ресурстарды бөлу саласындағы нарықтың жетекші рөлі» және «Мемлекеттік макрореттеуді қалпына келтіру» ұрандарымен Қытайда экономикалық модельді дамыту бағытын қолдады. Іске асырылған реформалардың нәтижесінде ҚХР ЖІӨ-нің рекордтық өсу қарқынына қол жеткізіп, 2003-2012 жылдары бұл көрсеткіштің орташа өсуі 10,6% - ды құрады. Осы жылдары ҚХР қарыштап алға шығып, әлемнің екінші экономикасына айналды. Осы кезеңде ҚХР тауарлардың сыртқы саудасының жиынтық көлемі бойынша әлемде бірінші орынға шықты, осылайша Қытай тарихта алғаш рет АҚШ-тан (ҚХР-да 3,87 триллион доллар, АҚШ-та 3,82 триллион доллар) озып шықты.

2002 жылы Қытай басшысы қызметінен кеткен Цзян Цзэминь Қазақстан-Қытай ынтымақтастығына қатысты өзіндік саяси пікірін білдірді. Атап айтқанда, ол: «Біріншіден, достықты ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру керек. Екіншіден, өзара сенімге негізделген қарым-қатынасты одан әрі дамытуды жалғастыру керек. Үшіншіден, ынтымақтастықтың материалдық негізін нығайту маңызды. Бұл жерде сауда-экономикалық байланыстарды арттыру, энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы айтып отырмыз. Төртіншіден, гуманитарлық байланыстарды, мәдениет пен өнер саласындағы әріптестікті тереңдету. Бесіншіден, «үш зұлымдыққа», яғни сепаратизмге, діни экстремизмге және терроризмге қарсы күресте өзара әрекеттесуді нығайту. Алтыншыдан, Орталық Азиядағы жағдайға қатысты мәселелер бойынша өзара түсіністікті тереңдету».¹⁷

ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастардың бастапқы кезде қаланған және олардың табысты болуын қамтамасыз еткен осы маңызды постулаттар бүгінде де екіжақты ынтымақтастықта қолданылып келеді. Сыртқы саясатта ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао Қытайдың Қазақстанға деген достық бағытының сабақтастығын және екіжақты Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының барлық спектрі бойынша қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарға бұлжымастығын көрсетті.

2003 жылдың маусымында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстан Республикасына алғашқы мемлекеттік сапарын жасады, сол кезде ол жаңа мәртебесімен өзінің алғашқы шетелдік сапарларын өткізді. Қазақстан Қытайдың жаңа басшысы келген үшінші мемлекет (Ресей

17 Тоқаев Қ. *Свет и тень*. – Астана, 2007. – 154-б.

мен Франциядан кейін) болды. Ал бұл, Қытай басшысының өзі атап өткендей, Қытай Халық Республикасының Қазақстанға және онымен өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға қалай көңіл бөлетіндігінің айқын дәлелі. Кездесу қорытындысы бойынша Н.Ә.Назарбаев пен Ху Цзиньтао Бірлескен Декларацияға, ҚР мен ҚХР арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт бойынша Ратификациялық грамоталармен алмасу туралы хаттамаға және басқа да құжаттарға қол қойды.¹⁸

Сапардың күн тәртібіндегі негізгі тақырып екі тарап стратегиялық деп санаған энергетикалық ынтымақтастық болды. Ведомствоаралық деңгейде ҚР-дан ҚХР-ға мұнай құбырын кезең-кезеңімен салу және бірлесе зерттеу туралы хаттамаға және Қазақстанның мұнай-газ саласын инвестициялауды одан әрі кеңейту туралы келісімге қол қойылды. Келіссөздер нәтижесінде тараптар Орталық Азиядан әлемдік нарықтарға газ жеткізуді әртараптандыруға мүмкіндік берген Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан арқылы Қытай Халық Республикасына жалпы ұзындығы 7 мың шақырым құрайтын магистральдық газ құбырының жобасы бойынша құжаттарға қол қойды.

Сол жылдары Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының (CNPC) күш-жігері «Атырау-Кеңқияқ» мұнай құбырының құрылысына қатысумен қатар, Жаңажол кен орнының төңірегінде мұнайды барлау мен өндіруге лицензиясы бар басқа компаниялармен жұмыс істеуге жұмылдырылды. Қытай мұнайшыларының пікірінше, күш-жігерді біріктіру кен орнында мұнай өндіруді тиімдірек жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сол кезде Каспийдегі мұнай кен орындарын игеруге қатысу жоспарлары жасалып, сондай-ақ Ақтөбе кен орнында ілеспе табиғи газды пайдалану бойынша зерттеулер жүргізілген.

Келіссөздерді қорытындылай келе, ҚР Президенті Қазақстан мен Қытайдың жақын уақытқа белгіленген жоспарларында екі ел арасындағы тауар айналымын 2-ден 5 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайту көзделгенін атап өтті. Сол кезеңде Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарын дамытудың жаңа тәсілдері де айқындалды. Қос елдің күш-жігерінің арқасында екіжақты ынтымақтастықтың бағдарламалық негізіне өту әрі проблемалық мәселелерді шешуге және қол жеткізілген келісімдерді іске асыруға бағытталған ауқымды мемлекетаралық инфрақұрылымды бірлесіп қалыптастыру жүзеге асырылды.

Осы мақсатта тараптар ҚР-ҚХР ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге қол қойды, оның негізінде ынтымақтастықтың

¹⁸ *Казахстан – Китай: новый импульс стратегическому партнерству // Казахстанская правда. – 4 июня 2003 года*

барлық бағыттары бойынша өзара әрекеттесудің жұмыс тетіктері жүргізілетін болады. Тәжірибелік өзара әрекеттесуді кеңейтуде қабылданған 2003-2008 жылдарға арналған Ынтымақтастық бағдарламасы негізгі рөл атқарды. Бұл орта мерзімді перспективада барлық салалардағы екіжақты өзара тиімді серіктестіктің басым бағыттарын анықтайтын кешенді құжат болды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2004 жылғы наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел үшін *«Көршіміз Қытаймен тұрақты және достық өзара қатынастарымыз маңызды. Бұл біздің екі жақтың мүддесін білдіретін барлық мәселелер бойынша тұрақты үндесу жүргізіліп отырған сенімді серіктесіміз. Бізге өзара сауда-саттық көлемін өсіру үшін жұмыс істеу қажет. Бұған біз қол жеткізген биік өзара түсіністік деңгейі жәрдемдесетін болады»,* – деп атап өткен болатын. Бұл мәлімдеме сол кезде 105-тен астам келісіммен реттелетін, Қытаймен өсіп келе жатқан екіжақты сауда көлемі 3,3 миллиард АҚШ долларынан асқан ҚР мен ҚХР қарым-қатынасының жоғары динамикасын көрсетті.

2004 жылғы мамырда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары өтті, күн тәртібінде энергетикалық ынтымақтастық мәселелері қаралды. Сонау 2003 жылы ҚР мен ҚХР арасында 1997 жылы қол қойылған мұнай және газ саласындағы үкіметаралық келісімдер негізінде қазақстандық-қытайлық кәсіпорындар «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырын салу жөніндегі ірі жобалардың бірін іске асыра бастады. Атап айтқанда, Ақтөбе облысының мұнай кен орындарынан Атырауға дейінгі құбырдың бірінші учаскесі аяқталды.

Қытайға сапары барысында 2004 жылдың қыркүйегінде құрылыс жұмыстары басталған «Атасу – Алашаңқай» мұнай құбырын салу туралы келісімге қол қойылды. Жоба аясында тараптардың әрқайсысы жарғы капиталына 50 миллион АҚШ долларын аударды, жобаны қаржыландырудың қалған бөлігі Қытай тарапында, ал құбыр желісін басқару қазақстандық тарапта қалды. Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының (CNPC) басшылығы 2005 жылғы 16 желтоқсанда ҚР Тәуелсіздік күніне орай құбыр желісін іске қосуға уәде берді. Келісімшарт әлемдік БАҚ-та үлкен резонанс тудырып, қазақстандық мұнайдың жаңа бағытын ашып, энергия ресурстарының экспорттық арналарын әртараптандыруды анықтады.¹⁹

2005 жылы бұрын мәлімделген мерзімде жоба аяқталды, ал 2006 жылы ұзындығы 1000 шақырымға жуық «Атасу-Алашаңқай»

19 Сотрудничество во имя будущего // Казахстанская правда. – 20 мая 2004 года

магистральдық мұнай құбыры (қуаты жылына 10 млн. тонна) іске қосылды. Одан кейін, 2013 жылғы желтоқсанда «Атасу – Алашаңқай» бойындағы екі жаңа мұнай айдау станциясы пайдалануға қабылданғаннан кейін мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 20 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Кейіннен бұл құбыр желісі Ресей мұнайын Батыс Сібірден Қазақстан аумағы арқылы Қытайға тасымалдау арқылы Қазақстанның транзиттік әлеуетін толық пайдалануына мүмкіндіктер ашты.

Сапардың тағы бір маңызды жетістігі – ҚР мен ҚХР Іскерлік кеңесін құру рәсімі болды, оған 40-тан астам қазақстандық компания, 40 қытайлық компания және Қазақстанда жұмыс істейтін 70-тен астам бірлескен кәсіпорын қатысты. Кеңес іскерлік ынтымақтастықты сапалы жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Ол ҚР мен ҚХР кәсіпорындары мен компаниялары арасындағы тікелей байланыстарды дамытуда ынталандырушы рөл атқаруға, екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі жандандыру бойынша нақты ұсыныстарды үкіметтеріміздің және ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комитеттің қарауына енгізуге арналған.

Осы мақсатқа жетуге 2004 жылғы қыркүйекте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қытай – Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына жұмыс сапары да септігін тигізді. Сапар барысында Қазақстан басшысы қазақстандық ең көне «Қорғас» кеден бекетінде болып, Қытайдың «Қорғас» бақылау-өткізу бекеті арқылы ШҰАА аумағына кірді. Шыңжаң басшылығымен кездесу барысында Қытай мен Қазақстан арасындағы бажсыз сауданы ұйымдастыруға арналған Қытай-Қазақстан шекара маңы ынтымақтастығы орталығының алаңы – «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы қаралды. Болашақта шекарадағы көпфункционалды кешен шекараның екі жағындағы тұрғындарға тауарлар мен қызметтердің қолжетімділігін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Осылайша, шекара мәселесінің түпкілікті сындарлы шешімі, шекарадағы сенімді нығайту және ШЫҰ базасында өңірлік қауіпсіздік платформасын құру көршілер арасындағы сенім ахуалын нығайтып, ҚР мен ҚХР экономикалық өзара әрекеттестігін, әсіресе көлік және мұнай-газ секторларында айтарлықтай ілгерілетті. Бұл екі елдің басшылығы дипломатиялық қарым-қатынас орнатудан қауіпсіздік, шекараны делимитациялау, көліктік коммуникацияларды дамыту, өзара сауданы 1996 жылғы 500 миллион АҚШ долларынан 2005 жылы 6,8 миллиард АҚШ долларына дейін көбейту, ҚР экономикасына Қытай инвестициясын тарту секілді Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының өзекті мәселелерін прагматикалық шешуге көшкен кез еді.

Тату көршілік пен достық кезеңінің маңызды жетістігі Қытай

тарапының Қазақстанның «Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа» ядролық қарусыз мемлекет ретінде қосылуын жоғары бағалайтындығы және Қазақстанға өзінің қауіпсіздік кепілдіктерін растағаны болды. Өз кезегінде Қазақстан әлемде бір ғана Қытай бар екенін, ҚХР Үкіметі бүкіл Қытайды қамтитын жалғыз заңды үкімет, ал Тайвань Қытайдың ажырамас бөлігі екенін растады. Тұтастай алғанда, өткен кезеңде екі тарап алға қойған тату көршілік саясатының негізінде Қазақстан мен Қытай екіжақты қарым-қатынастардың тарихи жоғары деңгейіне көтерілді. Осының барлығы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын жаңа сапалы өлшемге – стратегиялық әріптестікке көшіруге негіз болды.

ҮШІНШІ КЕЗЕҢ. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК (2005-2013)

2005 жыл Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы тарихындағы межелік кезең болды. Осы жылдың шілде айында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында екі мемлекет басшылары Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларацияға қол қойып, осылайша екіжақты қатынастардың өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басқанын көрсетті. «Стратегиялық әріптестік» ұғымының мағынасы өте тереңде, өйткені өзара сенімнен басталған қарым-қатынастың арқасында екі ел әріптестіктің жаңа жоғары деңгейіне өтті.

Тарихи деп танылған құжатта екі ел көшбасшыларының Қазақстан мен Қытай қарым-қатынастары қазірдің өзінде саяси сенімді арттыруға, бірлескен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы байланыстарды тереңдетуге, екі ел халықтары арасындағы дәстүрлі достықты нығайтуға бағытталған «жан-жақты дамудың жаңа кезеңіне енді» деген пікірлері қамтылған. Осылайша, ынтымақтастық өзара сенімге негізделген стратегиялық әріптестік сипатына ие болды, енді екі ел екіжақты қарым-қатынастарды нақты мазмұнға қанықтырып, қол қоюға жаңа құжаттарды дайындауы тиіс.

Бірлескен декларацияда тараптар тек байланыстарды нығайтып қана қоймай, олардың сапалық құрамдас бөлігін де жақсарту туралы айтты. Атап айтқанда, екіжақты саудада қосылған құны жоғары өнімдер мен жоғары технологиялардың меншікті салмағын арттыру, тауар айналымы құрылымын әртараптандыру бойынша бірлескен шараларды қабылдау туралы әңгіме қозғалды. Процесті жеделдету мақсатында ҚР мен ҚХР тиісті консультациялардың арнайы тетігін құруды көздеп отыр. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына ертерек кіруін қолдау туралы декларацияда жарияланған Қытайдың ұстанымын атап өтпеуге болмайды.

Шағын форматтағы және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер нәтижесінде екі күн ішінде мемлекетаралық қатынастарды кеңейту туралы бірқатар құжаттарға қол қойылды. «Шағын» форматта екіжақты ынтымақтастықтың негізгі мәселелері, өзекті халықаралық және өңірлік проблемалар талқыланды. Мемлекет басшылары сауда, экономика, энергетика, көлік және қаржы салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету және дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға келісті.

Қазақстан-Қытай диалогын стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеру кейінгі 2006-2007 жылдардағы жоғары деңгейдегі өзара сапарлардың жоғары тиімділігін алдын ала айқындап берді. Осы сапарлар барысында қол қойылған маңызды бағдарламалық құжаттар өзара әрекеттестіктің перспективалық бағыттарын айқындай отырып, екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды сапалы жаңа деңгейге көшіру процесін бастауға мүмкіндік берді.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы желтоқсандағы Бейжіңге мемлекеттік сапары кезінде мемлекет басшылары екі елдің экономикалық және саяси ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын қамтитын ұзақ мерзімді құжат – ХХІ ғасырдағы ынтымақтастық стратегиясына қол қойды. Трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану секілді маңызды мәселеде де сүбелі жетістіктерге қол жеткізілді. Осылайша, тараптар гидротехникалық ақпарат алмасу және осы өзендердің проблемалары бойынша ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды. Шекара сызығын делимитациялау мен демаркациялауды жүргізген Қазақстан мен Қытай шекараны заңды ресімдеу процесін аяқтап, оның режимі туралы маңызды келісімге қол қойды.²⁰ Біздің республика – Қытай трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған бірінші мемлекет.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың келешегін айқындайтын маңызды бағдарламалық құжаттар қабылданды. ХХІ ғасырдағы Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық стратегиясы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық пен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың бағыттарын анықтады. Екінші құжатта – біздің елдеріміз арасындағы Экономикалық ынтымақтастық тұжырымдамасында – энергетика саласындағы және шикізаттық емес сектордағы сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері көрініс тапты. Сол жылы Қытай

20 Тоқаев Қ. *Свет и тень*. – Астана, 2007. – 308-б.

Қазақстанмен Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру бойынша екіжақты келіссөздерді аяқтап, тиісті хаттамаға қол қойған әлемдік саудада «ауыр салмақтылардың» алғашқысы болған.

Осы кезеңде тараптар экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудің барлық жолдарын белсенді түрде пайдалануға ұмтылды. Мәселен, 2006 жылы ШЫҰ Шанхай саммиті кезінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев бірнеше бірлескен жобаларды айтып, оларды екіжақты санатқа жатқызып, оларды іске асыру екі елдің экономикалық ынтымақтастығын айтарлықтай күшейтуге мүмкіндік беретіндігін атап өтті. Солардың бірі – ынтымақтастықтың жаңа салаларын іздеудің жарқын үлгісіне айналған «Қорғас» халықаралық шекара маңы сауда орталығы. ХШСО жанынан инвесторлар үшін жеңілдікті салық және кеден саясаты және жоғары сапалы сервис, қайта өңдеу, сауда, тауарларды жинау, тасымалдау және т.б. салаларды ұйымдастыру мүмкіндіктері бар еркін экономикалық аймақ құрылды.

Тағы бір маңызды жоба – халықаралық көлік дәліздерін дамыту жөніндегі қазақстандық бастама («Батыс Еуропа – Батыс Қытай»). Оны іске асыру Қазақстанға Қытай аумағы арқылы Шығыс Азияға шығуға, ал Қытайға Қазақстан аумағы арқылы Батыс Еуропа елдерімен көлік байланыстарын орнатуға мүмкіндік береді. Әрине, мұндай бірлескен жобалар екі ел үшін де өзара қызығушылық тудырады әрі Қазақстан мен Қытайдың экономикалық дамуы үшін қажет.

2007 жылғы тамызда ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 15 жыл толуына орай, Төраға Ху Цзиньтао Президент Н.Ә. Назарбаевтың шақыруымен Астанаға ресми сапармен келді. Келіссөздер барысында мұнай-газ бен экономиканың шикізаттық емес салаларындағы және өзара әрекеттестіктің басқа да маңызды салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар аса маңызды үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарға қол қойылды.

Сапардың негізгі нәтижелері қолданыстағы «Атасу – Алашаңқай» мұнай құбырын кеңейту, Каспий теңізіне дейін созылатын мұнай құбырының екінші кезегінің құрылысы, сондай-ақ Түркіменстаннан Қазақстан аумағы арқылы Қытайға жаңа транзиттік газ құбырын салу болды. Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен коммюникеге қол қойылып, Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы ынтымақтастық бағдарламасы қабылданды. Дипломатиялық қарым-қатынастары дамыған 15 жылдың ішінде екі ел 140 құжатқа қол қойды, олардың 86-ы мемлекетаралық және үкіметаралық.

ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Вэнь Цзябаоның Қазақстанға 2008 жылғы 29-31 қазандағы кері сапары бірқатар екіжақты құжаттарға қол қоюға әкелді – «Қазатомөнеркәсіп» АҚ мен Қытайдың

ядролық өнеркәсіп мемлекеттік корпорациясы арасында Атом энергетикасы саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық жобаларын іске асыру жөніндегі келісім; табиғи газ және газ құбыры саласында – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы (CNPC) арасындағы келісім; көлік және коммуникация саласында – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мен ҚХР Темір жол министрлігі арасындағы келісім. Атом энергетикасы саласында қол қойылған екіжақты келісімдер қазақстандық тарап үшін шикізат экспортынан атом станцияларын бірлесіп салуға өтуге мүмкіндік берді. Бейжің өз кезегінде энергетиканы дамыту үшін шикізат көздеріне тікелей қол жеткізді.

ҚР Парламенті мен Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы (БХӨЖ) арасындағы ынтымақтастық та дамуын жалғастырды. Осылайша, ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қ.К. Тоқаевтың 2008 жылғы 23-28 қаңтардағы Қытайға ресми сапары осы саладағы маңызды оқиға болды. Сапар барысында Қ.К.Тоқаев ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен және БХӨЖ Тұрақты комитетінің Төрағасы У Бангомен кездесіп, Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының жай-күйі мен келешегі жөнінде пікір алмасты.

Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара әрекеттестік екіжақты форматпен ғана шектелген жоқ. ҚР мен ҚХР БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК сияқты халықаралық ұйымдар аясындағы жақсы үйлесімділік пен келісімді қолдады. Қытай 2010 жылғы 1-2 желтоқсанда Астанада өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) саммитін жоғары бағалады. Қытайдың қазіргі заманғы халықаралық қатынастар институтының Орталық Азия бөлімінің меңгерушісі Сю Сяотянь: «Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті әлемге жаңа Қазақстанды көрсетіп, ұйымның даму тарихындағы бетбұрысты кезең болды», – деп атап өтті.

Қазіргі кезеңде екіжақты қатынастардың барлық спектрін ілгерілетуде сауда-экономикалық ынтымақтастық жетекші рөл атқарады. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру туралы екіжақты келіссөздерді аяқтаған бірінші әлемдік сауда державасы Қытай болды. Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының осы кезеңінен бастап Қазақстан ҚХР-мен сыртқы саудада Ресейден кейін Орталық Азия мен Шығыс Еуропа мемлекеттері арасында екінші орыннан көріне бастады.

Екіжақты қарым-қатынастар тарихындағы маңызды оқиға ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның 2009 жылғы 12-13 желтоқсандағы Қазақстанға жұмыс сапары болды. Осы сапар шеңберінде өткізілген басты іс-шаралар «Орталық Азия – Қытай» газ құбырының қазақстандық учаскесін іске қосу және «Қазақстан – Қытай» мұнай

құбырының таныстырылымы болды. Бұдан кейін Астанадағы келіссөздердің қорытындысы бойынша тараптар дәстүрлі және баламалы энергетика, инновациялар және жоғары технологиялар салаларындағы бірқатар жаңа ауқымды жобаларды бірлесіп іске асыру туралы келісті.

Пайдалануға берілген «Атасу – Алашаңқай» мұнай құбырының стратегиялық маңызы зор, өйткені ол Қазақстанға мұнай экспорты бағыттарын әртараптандырып қана қоймай, өзінің транзиттік әлеуетін толық іске қосуға мүмкіндік берді. Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының (CNPC) «Кеңқияқ – Құмкөл» және «Құмкөл-Атасу» құбырларының құрылысын аяқтауы бұрын салынған «Атырау – Кеңқияқ» және «Атасу – Алашаңқай» мұнай құбырларын жалғап, Қазақстанның магистральдық мұнай құбырларын Қытайдың бірыңғай жүйесіне біріктірді. Бұл мұнай құбыры Қазақстанның энергетикалық ресурстарын әлемдік нарықтарға тасымалдау бағыттарын әртараптандыруда маңызды рөл атқара бастады.

Келіссөздер барысында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев жаһандық дағдарыс кезінде Қытайдың Қазақстанға көрсеткен зор қолдауына назар аударды. Бұл сапардың ерекше құндылығы Ху Цзиньтаоның «Қытай ешқашан Қазақстанның мүдделеріне нұқсан келтіретін шараларға бармайды» деген тарихи мәлімдемесі болды. Бұл сөздер трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп пайдалану мәселесін қарау мәнмәтінінде айтылғандықтан, аталған мәселе бойынша одан кейінгі келіссөздердің жалпы барысына оң әсерін тигізгенін атап өткен жөн.

2010 жылғы 11-12 маусымдағы ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары өзара қолдау мен сенімді серік етіп дамып келе жатқан екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастарының жоғары деңгейін тағы да растады. Сапар барысында ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, Қазақстан-Қытай газ құбырының екінші учаскесін жобалау, қаржыландыру, салу және пайдаланудың негізгі қағидаттары туралы келісім, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен Қытай Гуандун ядролық-энергетикалық корпорациясының Уран компаниясы арасындағы табиғи уран концентраттарын сауда-саттық жөнінде келісімшарты секілді маңызды құжаттарға қол қойылды. Бұдан басқа, ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы ынтымақтастық бағдарламасының Іс-шаралар жоспарына кірген жобалардың тізбесіне тараптар енгізген түзетулерді ескере отырып, аталған Іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізу туралы тиісті Хаттамаға қол қойылды.

2011 жылы екі ел басшылары мемлекеттік сапарлармен алмасып, маңызды екіжақты құжаттардың үлкен пакетіне қол қойды. 21-23 ақпанда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Бейжің қаласына сапары барысында өте маңызды құжатқа, атап айтқанда Трансшекаралық өзендер суларының сапасын бақылау туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды. Бұл Қытай елімен су секілді күрделі мәселе бойынша осындай маңызды құжатқа шекаралас мемлекеттермен алғашқы рет қол қойылған жағдай.

Сапар барысында қол жеткізілген маңызды нәтиже жоғары деңгейдегі уағдаластықтарды іске асырудың тиімділігін арттыру және өзекті мәселелерді жедел шешу мақсатында екі елдің үкімет басшыларының тұрақты кездесулерінің тетігін құру шешімі болды. Басқа да келісімдерге, атап айтқанда, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы (CNPC) арасында Ұрықтау жобасы бойынша ынтымақтастық қағидаттары туралы және «Қазфосфат» ЖШС мен SinoChem Group Қытай химиялық корпорациясы арасында стратегиялық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімдерге қол қойылды. «Қазатомөнеркәсіп» пен Қытайдың Гуандун ядролық-энергетикалық корпорациясы (CGNPC) арасындағы Индустриялық инвестициялық қорға қатысу туралы өзара түсіністік туралы меморандумның да маңызы зор.

Бұдан кейін 2011 жылғы 12-14 маусымда ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстанға мемлекеттік сапармен келіп, ШЫҰ-ның мерейтойлық саммитіне қатысты. Бұл оқиғаның тарихи сәті – Астанада өткен жоғары деңгейдегі келіссөздердің қорытындысы бойынша Жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен декларация қабылданды. Осылайша, 2005 жылы Қазақстан мен Қытай қол жеткізген стратегиялық әріптестік мәртебесі асқақтап, бәрін тұтастай қамти алатын сипатқа ие болды. Бұл екі елдің өзара әрекеттестігінің өркендеп келе жатқан серпіні мен деңгейін көрсетеді. Сапар аясында тараптар арасында басқа да бірқатар маңызды құжаттарға, соның ішінде Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

2012 жылғы маусымда Бейжің қаласында өткен ШЫҰ Саммитіне қатысу үшін ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары өтті. Сапар Қазақстан-Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 20 жыл толуына орайластырылды. Басқа нәтижелермен қатар бұл кезде тауар айналымы 25 миллиард АҚШ долларына дейін жетті. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесу қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының қатысуымен Стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту туралы бірлескен декларацияға және мемлекеттік шекара арқылы

өткізу пункттері және олардың жұмыс режимі туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

Осы сапар барысында Н.Ә. Назарбаевтың сол кезде ҚХР Төрағасының орынбасары қызметін атқарған және 2012 жылдың соңында ҚКП ОК Бас хатшысы, содан кейін біраз уақыттан кейін ҚХР Төрағасы қызметіне жүйелі түрде сайлануға дайындалып жүрген Си Цзиньпинмен кездесуі және жеке танысуы өтті. Өткен келіссөздер көп жағдайда ҚР мен ҚХР арасындағы болашақ қарым-қатынастардың үндестілігін анықтады. Тараптар көлік, логистика және шекара маңындағы әріптестік саласындағы, сондай-ақ энергетика және аграрлық салалардағы ынтымақтастықтың басым салаларын белгіледі.

Екіжақты қарым-қатынастардың бұл кезеңі жаһандық белгісіздік пен тұрақсыз халықаралық жағдай аясында, 2000 жылдардағы үздіксіз туындайтын жаңа сын-қатерлер жағдайында тараптар жоғары деңгейде қарқынды саяси диалогты сақтағанын көрсетті. Осы уақытта ҚР мен ҚХР басшылары жоғары деңгейде 10 сапар жасады, ал жүйелі түрде толықтырылатын шарттық-құқықтық базадағы экономикалардың өзара толықтырылуы және тереңдетілген гуманитарлық байланыстар Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестігінің сенімді іргетасын қалады.

ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢ. ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЫРҒАҒЫМЕН (2013-2019)

Осы кезеңдегі ҚР мен ҚХР арасындағы ынтымақтастық салаларын белсенді түрде арттыру қарым-қатынастың жаңы бір, анағұрлым биік деңгейі – жан-жақты стратегиялық әріптестіктің дамуына әкелді. Бұл шамамен 1800 жыл бойына (б.з.б. II ғасырдан б.з. XVI ғасырға дейін) Еуразия елдері арасында экономикалық кооперация құру бойынша байланыстарды дамытуда негізгі рөл атқарған Ұлы Жібек жолының даңқты тарихын жаңғырту бойынша бірлескен әрекеттер арқылы Қазақстан-Қытай қатынасын ілгерілетуде біздің елдерімізге жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

ҚР мен ҚХР ынтымақтастығының отыз жылдығының басталуы екі елдің барлық бағыттардағы жаңа қарым-қатынасының негізінде дамуымен сипатталады. Бұл қол жеткізілген жиырма жылдық ынтымақтастық нәтижелері сонымен қатар ҚР мен ҚХР-дың ішкі өзгерістерімен де байланысты болды. Өзінің саяси көзқарасы және экономикалық мүмкіндіктерін айтарлықтай нығайта отырып Қазақстан 2012 жылы жарияланған «Қазақстан-2050» Стратегиясы шеңберінде

әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына келесі онжылдықтар ішінде енеміз деген батыл мақсаттар қойды.

2012-2013 жылдар аралығында Қытайда билікке қытай басшыларының «бесінші ұрпағы» келді. Си Цзиньпин ең басты бастамалар қатарында өсім қарқынының төмендеуімен сипатталатын «жаңа қалыпты» циклға енетін қытай экономикасын реформалау ұсынысын көтерді. Қытай көшбасшысы маңызды деген міндеттердің ішінде 2021 жылға қарай, яғни ҚКП-ның жүз жылдығында «орта тап қоғамы» (сяокан) деңгейіне жетіп, ҚХР-ды 2049 жылға қарай, яғни ҚХР-дың жүз жылдығында дамыған елдер қатарына енгізу туралы мәлімдеді. Басты сыртқы саяси идеялар қатарында Си Цзиньпин «Бір белдеу, бір жол» деген атауға ие болған Жібек жолын жаңғырту және адамзаттың ортақ тағдырын құру идеясын алға тартты.

Осылайша, ҚР мен ҚХР-дың 2049 және 2050 жылдарға арналған жоспарында әлеуметтік-экономикалық даму және стратегиялық көкжиектің анағұрлым жоғары деңгейіне шығу бойынша ұзақ мерзімді ресми басымдықтары көбіне бір-біріне сәйкес келіп, бұл тығыз ынтымақтастықтың тиімділігін тағы бір рет дәлелдейді және қос ел экономикасының бір-бірін өзара толықтыру деңгейін арттыруға мүмкіндік ашып, екі мемлекеттің дамуындағы болашағы зор жаңа бағыттарды анықтайды.

2013 жылы сәуірде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев ресми сапармен ҚХР Хайнань аралында дәстүрлі түрде өткізілетін Боао Азия форумының 12-сессиясына қатысуға, сонымен қатар ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөздер жүргізуге келді. Қос мемлекет басшылары деңгейіндегі келіссөздер Қытай басшылығы ауысқаннан кейін жүргізілгендіктен, бұл кездесу ерекше болып өтті. Бұл Н.Ә.Назарбаевтың Си Цзиньпин ҚХР Төрағасы және ҚКП ОК Бас хатшысы ретінде сайланғаннан кейінгі онымен алғашқы кездесуі болды. Келіссөздер жеке байланысты нығайтып, «сағаттарын салыстыруға», қос елдің ынтымақтастығындағы перспективалы бағыттарды қарастыруға және бұрын белгіленген мақсаттарды нақтылауға мүмкіндік берді.

Кездесу қорытындысында тараптар жан-жақты стратегиялық әріптестіктің перспективалары мен жағдайын заттай талқылап, трансшекаралық өзендерді бірлесе қолдану, ЭКСПО-2017 өткізуде Шанхай қаласында осы көрменің ұйымдастырылуымен байланысты қытай тәжірибесін ескере отырып оған дайындық жүргізу, Қазақстан бидайын Қытай нарығына экспорттау, Қытайдың Әлемдік көшбасшылар және дәстүрлі діндер съезіне қатысуы туралы, сонымен қатар 2014-2016 жылдар аралығында ҚХР-дың АӨСШК-не төрағалық ету мәселелері бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді. Келіссөздер

барысында көлік саласындағы екі жақты өзара әрекеттестік бойынша перспективалар қаралып, соның ішінде Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты аймағына шығуын қамтамасыз ететін Қытайдың Ляньюньган портында қазақстандық терминал салу үшін жер беру туралы мәселе шешімін тапты.

Қазақстан-Қытай байланысының жаңа кезеңін 2013 жылы қыркүйекте Қазақстан Республикасына алғашқы мемлекеттік сапары кезінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин ашып берді. Қытай басшысының Қазақстанға жасаған бұл сапары тарихи сипатқа ие болды, себебі кездесулер бұрынғы ізбен жоғары деңгейде жалғасын тапты және экономика, саясат, мәдени-гуманитарлық салада Қазақстан-Қытай өзара қарым-қатынасты жаңа бір биікке көтерді. Сәтті өткен келіссөздер барысында екі ел көшбасшылары қос мемлекет арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті әрі қарай тереңдете түсу перспективаларын қарастырды, сонымен қатар сауда-экономикалық, инвестициялық, агроөнеркәсіптік, шекаралық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласы, сондай-ақ халықаралық күн тәртібінің өзекті тұстары мен өңірлік қауіпсіздікті жандандыру мәселелерін талқылады.

Кездесу нәтижесінде ҚР мен ҚХР басшылары Стратегиялық әріптестікті нығайту туралы бірлескен декларацияға қол қойды, онда екі тарап алдағы жылдарға қарым-қатынастың нақты бағдарларын бекітті, сонымен қатар мемлекеттер арасындағы тығыз қарым-қатынасты жалғастыруға келісті. Өзара келісім негізінде трансшекаралық су пайдалану бойынша келіссөздер кездесудің маңызды нәтижесі болды. Төраға Си Цзиньпиннің пікірінше, бұл екі елдің бір-біріне зор сенім білдіретінін көрсетеді. ҚР мен ҚХР бірлескен комиссия шеңберінде одан әрі де екі елдің мүддесінен туындайтын мәселелер шешіліп, трансшекаралық өзендер достық пен ынтымақтастық өзендеріне айналатыны атап айтылды.

Соған қоса Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастығын орта мерзімді және ұзақ мерзімді дамыту бағдарламасына (2020 жылға дейін) қол қойылды. Бұл құжат сауда, инвестиция, энергетика, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, қаржы, жаңа технологиялар, көлік және т.б. салаларда екі жақты өзара әрекеттесудің нақты жобалары мен заттай бағыттарын белгіледі. Қарым-қатынастың жаңа кезеңі үшін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен Ляньюньган қаласының Халықтық үкіметі арасындағы Ұнтымақтастық туралы қол қойылған келісім ерекше маңызға ие болды, бұл құжат ҚХР-да теңіз портын бірлесе қолдану және ХХІ ғасырда қазіргі заманғы Жібек жолының негізін қалау бойынша кооперация құруға ықпал етті.

Мұнай-газ саласындағы нәтижелер де зор маңызға ие болды, оларды қос тарап ынтымақтастықтың стратегиялық бағыты ретінде қарастырады. Сапар барысында елдер арасында Қытайдың ұлттық мұнай-газ корпорациясының (CNPC) үлесін (8,333%) Каспий теңізі қайраңындағы «Қашаған» ауқымды мұнай жобасына беру туралы келісімшартқа қол қойылды. «Қашаған» кен орны соңғы 40 жылда ашылған әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі саналады. CNPC корпорациясының аталған жобаға кіруі ҚР мен ҚХР арасындағы энергетикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдете түсті, сонымен қатар корпорацияның қазақстандық нарықтағы орнын нығайтты. Дамып келе жатқан Қытай экономикасы энергия ресурстарының тұрақты импортын қажет етеді және Қытайдың диверсификацияға ұмтылуы да сонымен байланысты. Қазақстан ҚХР үшін маңызды және сенімді энергетикалық ресурс көзіне айналып, бұл басқа, анағұрлым шалғай экспорттаушы елдер жеткізушілеріне тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді.

Бұл сапар тек Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге ауқымды халықаралық ынтымақтастық бойынша да тарихи сипатқа ие болды. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Астанаға келген іссапар бағдарламасының маңызды тұстарының бірі – оның Nazarbayev University оқу орнында «Халықтар достығын нығайту, жарқын болашақты бірге жасау»²¹ тақырыбындағы әйгілі баяндамасын жасағаны болды. Өз баяндамасында ол: «...Қытай мен Қазақстанның өзара қарым-қатынасының 2000 жылдан астам тарихы түрлі ұлттар мен діндер және мәдени дәстүрлері бар елдер егер тілектестік пен өзара келісім, тең құқықтық және өзара пайда, инклюзивтілік пен өзара алыс-беріс және өзара пайда үшін ынтымақтастықты басшылыққа алатын болса ортақ дамуға қол жеткізе отырып, бейбітшілік пен келісімде бірге өмір сүре алатынын көрсетеді. Осыны бізге Жібек жолы үйретті ...» деп атап өтті.

Ұлы Жібек жолының рөліне тоқтала келе ҚХР көшбасшысы мынаны ерекше атап кетті: «Ежелгі Жібек жолы жүріп өткен Қазақстан жері батыс пен шығыс өркениетін біріктіріп, түрлі ұлттар мен ұлыстар арасындағы ынтымақтастық және байланыстарды дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Осы жолдың екі жағынан дипломаттар, саудагерлер, ғалымдар мен қолөнершілер шексіз лекпен келіп жатты. Бұл жолдың бойында орналасқан елдер бір-бірінен көп нәрсе үйрене отырып адамзат өркениетін дамытуға өз үлесін тигізіп отырды...».

21 ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Назарбаев университетінде сөз сөйлеуі http://kz.china-embassy.org/rus/zhgx/zxdt/201309/t20130916_1362803.htm

ҚХР Төрағасы ынтымақтастықтың жаңа үлгісін қолданып, ортақ күшпен Жібек жолының Экономикалық белдеуін жасауға шақырды. Ол саяси үйлестіру, инфрақұрылымның өзара байланысы, үздіксіз сауда, капиталдың еркін қозғалысы және халықтар арасындағы жақындықты нығайту сынды бірқатар шаралар ұсынды. Өзінің басты сыртқы саяси идеясын жариялау арқылы ҚХР Төрағасы Қазақстан Республикасымен «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жүзеге асырудағы ынтымақтастықтың маңызын атап өтті.

Жібек жолының Экономикалық белдеуі Еуразиядағы құрлық көлік коммуникациясы желісі және ол ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Индонезияда өзі атап өткен ХХІ ғасырда теңіз арқылы Жібек жолын салуды көздейтін жүйелі жобаның бір бөлігі саналады. Геоэкономика тілімен айтқанда, Шығыс пен Батыс арасындағы құрлық көпірдің артықшылығы – Қазақстан арқылы Қытайдан Еуропаға өтетін жүктердің шамамен 15 күнде жеткізілетіндігінде, ал жүктерді теңіз жолымен жеткізер болса ол шамамен 45 күнге дейін созылып кетеді.

Жалпы алғанда, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы 1990 жылы Қазақстанның Қытайға теңізге шығу үшін Ляньюньган теңіз портына жол ашу туралы сұраудан, мұны қытай тарапы қолдағаннан туындады. Өткен жылдар ішінде ҚР мен ҚХР келісімшарттық-құқықтық негізді қалыптастырып, көліктегі өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылымды салды, одан соң Шығыс пен Батысты жақындастырудың ауыспалы ғаламдық геоэкономикалық жағдаятын тиімді пайдалана білді. Нәтижесінде өз жемісін берген Қазақстан-Қытай қатынасы қазіргі заманғы Жібек жолын қайтадан сәтті жаңғыртуға ықпал етті, бастаманы дамытудағы цифрлық индикаторлар соны растайды.

Мәселен, 2015 жылдан бастап бастамаға қатысушы елдер саны 60-тан асып, 2020 жылы 140 мемлекетке жетті, бұл БББЖ бастамасын әлемдегі ең ірі халықаралық экономикалық өзара әрекеттестік тұғырнамасына айналдырды. 2020-2021 жылдары бастамаға қатысушылар арасындағы сауда көлемі 8 трлн. АҚШ долларын құрады. ҚХР мен БББЖ шеңберіндегі елдер арасындағы сауда айналымы 1,35 трлн долларға жетті, бұл 2019 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,7%-ға көп. 2020 жылы Қытай мен Еуропа арасында пойыздар жалпы алғанда 12400 рейс жасады, (солардың 78% немесе 9679-ы Қазақстан аумағы арқылы өтті), бұл 2019 жылға қарағанда 50% артық. БББЖ бойынша әріптес елдермен сауда Қытайдың сыртқы сауда көлемінің шамамен 29,1%-н алды.

2014 жылы мамырда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев ҚХР-ға мемлекеттік сапармен барып, АӨСШК 4-ші Саммитіне қатысып қайтты. ҚХР төрағалығымен Шанхай қаласында Кеңес Саммитінің сәтті өтуі

АӨСШК бастамашысы болған Қазақстанның үлкен дипломатиялық жетістігі болды. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин арнайы баяндама жасап, өз сөзінде: *«азиялық халықтар Азияда туындайтын барлық мәселелерді шешіп, бүкіл шаруаны өздігімен атқаруы керек, сонымен қатар аймақтағы қауіпсіздікті сақтауы тиіс»* деп атап өтті.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: *«Қазақстан АӨСШК-ге Қытайдың төрағалық етуінен ерекше үміт күтеді. ҚХР Төрағасының азиялық қауіпсіздік және Жібек жолы айналасында «экономикалық белдеуді» дамытудың жаңа тұжырымдамасы туралы ұсынысы – барлық мемлекеттердің игілігіне жұмыс істейтін, болашағы зор және маңызды бастама. Бейжің табыстарымызды еселеу және «біздің сан алуандығымыздан бірлік іздеуді» жалғастыруда зор әлеуетке ие», –* деді.

Саммит жұмысына барлығы 40-тан аса шетел делегациясы қатысты, сессияларда Азиядағы қауіпсіздік мәселелері, соның ішінде көбіне сөз экономика саласында Жібек жолы инфрақұрылымы қорын құру туралы болды. Жалпы алғанда Жібек жолы тақырыбы ҚР мен ҚХР қарым-қатынасында анықтаушы сипатқа ие болды, осы тұрғыда сапар барысында Қытай тарапының ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевқа «Жібек жолын» қайта жаңғыртуға, өзара сенім мен достықты, ынтымақтастықты нығайтып, өсіп-өркендеуге, бейбітшілік пен ортақ дамуды қолдауға» шақыратын Жібек жолы Әлемі жүлдесін табыстауының символикалық мәні зор.

Көлік секторында ынтымақтастық тақырыбын жалғастыра отырып 2014 жылы 21 мамырда ҚР мен ҚХР басшылары телекөпірге қатысты. Соның барысында Ляньюньган портындағы Қазақстан-Қытай көлік-логистикалық терминалының бірінші іске қосу кешенінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Транскұрлықтық транзиттік дәліздің шығыс теңіз қақпасы бола отырып порт ҚР теміржолымен тікелей байланысқан. Терминал іске қосылғаннан кейін «Қазақстан темір жолы» компаниясы Орталық Азия, Кавказ, Ресей, Еуропа және Парсы шығанағы елдері бағытында, сонымен қатар кері бағытта Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен түсетін жүктерді өңдеу және топтастыру есебімен логистикалық қызметтер аясын кеңейту мүмкіндігіне ие болды.

Сапар барысында ҚР мен ҚХР-дың өнеркәсіп, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, химия және энергетика саласындағы жобаларын жүзеге асыру бойынша құжаттарға қол қойылды. Соның ішінде Шымкент МГЗ-н 1 миллиард доллар сомасына қайта құру мен жаңғырту бойынша Қытайдың ЭКСИМ банкімен Өзара түсіністік туралы меморандум, сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен мұнай газ құбырларын шығаратын зауыт құрылысы бойынша Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясымен (CNPC) арадағы шекті келісім де бар.

Мемлекеттер басшыларының белсенді байланысы Қазақстан экономикасында инвестициялық ағынның айтарлықтай артуына ықпал еткенін атай кеткен жөн. Сонымен егер 1992 жылдан 2013 жылға дейін Қытай Қазақстанға шамамен 6 миллиард АҚШ долларына жуық тікелей инвестицияны қоса алғанда 20 миллиард АҚШ доллары сомасында инвестиция салған болса, 2013-2014 жылдар аралығында стратегиялық әріптестіктің тереңдей түсуімен 43 миллиард АҚШ долларына жуық сомаға инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Осылайша, сол жылы Қытайдан Қазақстанға тартылған инвестиция көлемін өткен 20 жылға татитындай көлемде арттыру мүмкін болды.

Шығыс пен Батысты жақындастыру бойынша ұлғайып келе жатқан халықаралық экономикалық жағдаятты бағалай келе Қазақстан өзінің бірегей географиялық жағдайының артықшылығын нақты экономикада пайдаға асыруға ұмтылды. Қытай көшбасшысының берген бастамасына жауап ретінде 2014 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның ішкі көліктік инфрақұрылымын жаңартуға ауқымды құрылыс жүргізіп, оны халықаралық дәліздермен қосуға бағытталған «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясат бағдарламасын жариялады.

«Нұрлы жол» бағдарламасы Қазақстан Республикасын ғаламдық жүк тасымалы жүйесіне қосуды қамтамасыз етіп, республиканы Еуразияның ірі іскерлік және транзиттік хабіне айналдыруы керек болды. Қазақстан 9 миллиард АҚШ долларынан астам инвестиция салған аталған инфрақұрылымдық бағдарлама Жібек жолы құрылысының маңызды элементіне, ҚР тарапынан Қытайға әріптестік қолдаушыға айналды.

2015 жылдан бастап «Нұрлы жол» бағдарламасы мен «Бір белдеу, бір жол» қытайлық бастамасын біріктіру қолға алына бастады, бұл біздің елдердің арасындағы ғана емес, сонымен қатар Еуропа мен Азияның қарқынды дамушы нарықтары арасындағы экономикалық байланыстарды кеңейтуге бағытталды.

Қытай – Еуропа – Қытай бағытында контейнерлік блок-пойыздарды іске қосумен, көлік инфрақұрылымын жаңғыртумен, жаңа авто және теміржол құрылысымен, құрғақ порттармен, теңіз терминалдарымен, қоймалармен байланысты барлығы 200-ге жуық түрлі жобалар жүзеге асырылды. Халықаралық дәліздерді ілгерілетуге байланысты ҚР мен ҚХР кооперациясы Қазақстанның кеңістік ұзақтығын геоэкономикалық артықшылыққа айналдыруға мүмкіндік береді. Ал Тынық, Атлант және Үнді мұхиттарын құрлық арқылы байланыстыратын жедел құрлықтық көпір салу теңіз коммуникацияларына шыға алмайтын Қазақстан үшін стратегиялық маңызды мәселе болды.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағы арқылы барлығы 11 трансқұрлықтық бағдар – 5 теміржол және 6 автомобиль бағдары қиылысады. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожол қатынасы, «Қазақстан-Түркіменстан-Иран» теміржол қатынасы, «Қорғас – Шығыс қақпасы» және «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы» арнайы экономикалық аймақтары, сонымен қатар Ақтау және Құрық порттарын жаңғырту және т.б. секілді «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылған жобалар «Нұрлы жол» бағдарламасы мен «Бір белдеу, бір жол» бастамасының бірігуі сәтті жүзеге асқанының көрінісі болды.

2015 жылы мамыр айында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстан Республикасына, Астана қаласына ресми сапармен келді. Екі елдің өзара әрекеттестігінің дәстүрлі салаларын талқылаудан басқа Қазақстан-Қытай келіссөздерінің негізгі фокусы сол кезде екі елдің инновациялық және технологиялық ынтымақтастығы мәселелерін талқылауға бағытталды. Тараптар жаңа технологиялар арқылы бірлескен қадамдар екі жақты кооперацияға жаңа серпін береді және сауда-экономикалық өзара әрекеттестікті анағұрлым жаңа бір деңгейге көтереді деген пікірге келді. Қоршаған ортаға құрметпен қарап, жоғары технологияны белсенді қолданған жағдайда, соның ішінде білікті кадрларға қажеттіліктерге сәйкес индустрияландыру және инвестиция саласындағы жобаларды жүзеге асыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Н.Ә. Назарбаев және Си Цзиньпин қытай тарапы ҚР аумағында индустрияландыру және инвестиция саласындағы жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру және арнайы қор құру арқылы қаржыландыру үшін барынша қолайлы жағдай жасауға қолдау білдіреді деп келісті.

Қазақстан тарапы өз кезегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес аталған жобаларға мемлекеттік қолдаудың түрлі шараларын қабылдайды. Бұл кезеңде «Бір белдеу, бір жол» бастамасын бірге дамытуда ҚР мен ҚХР ынтымақтастығын арттыруға және екі жақты индустриалды-инновациялық ынтымақтастыққа өтуге негіз қаланды.

Аталған әрекеттестік бағыты 2015 жылы қыркүйекте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР Бейжің қаласына мемлекеттік сапары кезінде, яғни жапон милитаристеріне қарсы соғыстағы ҚХР жеңісінің 70 жылдығына арналған салтанатты шеруге қатысуға келгенде нақты бекітілді. Қазақстан көшбасшысының сапары аясындағы кездесулер кезінде Қытайдың фашизмге қарсы жалпы жеңісіне қосқан үлесі туралы көп айтылды. ҚКП Орталық партия мектебіндегі дәрісте Екінші дүниежүзілік соғыс майданында жеңіс күнін жақындатқандарды, соның ішінде қазақстандық және қытайлық жауынгерлерді еске ала

келе Н.Ә.Назарбаев: «батырлардың ерлігі халық жадында мәңгі қалады. Қазіргі және болашақ ұрпақ бұл соғыстың әрбір сарбазын есте сақтауы керек, ал біздің тарихи миссиямыз – осындай қасіреттің енді қайталануына жол бермеу, тарихи шындықтың бұрмалануына қарсы тұру»,²² – деді.

Сапар аясында Н.Ә. Назарбаев пен Си Цзиньпиннің кеңейтілген құрамдағы кездесуі өтіп, соның барысында өзара әрекеттестіктің барлық салалары – сауда-экономикалық, инвестициялық, несие-қаржы және мәдени-гуманитарлық салалары бойынша екі жақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды, халықаралық күн тәртібіндегі негізгі мәселелер салыстырылды. Сапардың нақты нәтижесі – Жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастардың жаңа кезеңі туралы ҚР мен ҚХР мемлекеттері басшыларының Бірлескен декларациясы мен біршама құжаттар пакетіне қол қойылғаны болды. Солардың қатарында инвестиция және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сонымен қатар коммерциялық байланыстар саласындағы келісімдер бар.

Екі жақты байланысты тереңдете түсуде ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы Индустрияландыру және инвестиция саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы келісімге қол қойылғаны ерекше маңызға ие болды. Құжат бұрын жасалған Қазақстан-Қытай индустриалды-инвестициялық жобалар тізімін жүзеге асыруға мүмкіндік ашты, оған 2022 жылдың қаңтар айындағы жағдай бойынша энергетика, ауыл шаруашылығы, мұнай-газ, мұнай химия, химия, металлургия, құрылыс, өнеркәсіп, тау-кен, автомобиль құрастыру, көлік, инфрақұрылым, қаржы және т.б салалардағы жалпы сомасы 21,1 миллиард АҚШ доллары құрайтын 52 жоба кіреді.

Келісім екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастың жаңа кезеңін білдіреді. Соның негізінде Қазақстанда 20 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарын құрып, жоғары қосымша құны бар өнімдер өндірісіне бағдарланған жоғары технологиялы бірқатар жаңа кәсіпорындар ашылады. Бұл жобаларды жүзеге асыру ҚР мен ҚХР өзара әрекеттесуді «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберінде сапалы жаңа экономикалық мазмұнмен толықтырды. Қытай технологиясының негізінде жаңа өндіріс Қазақстанда жалғасын тауып жатқан индустриализацияға және экономиканы диверсификациялауға қосылған үлес болды.

Қазіргі заманғы Жібек жолы құрылысы шеңберінде ҚР мен ҚХР өзара әрекеттестігін алдағы уақытта кеңейту тақырыбы 2016 жылы қыркүйекте ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ҚХР Чжэцзян

провинциясы Ханчжоу қаласына жұмыс сапары, яғни G20 Саммитіне («Үлкен жиырмалық») қатысу үшін шақыртумен барған кезінде және 2017 жылы мамырда Пекин қаласына «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастық I Форумына қатысуға келген сәтінде талқыланды. Форумда сөз сөйлеген Қазақстан көшбасшысы «Бір белдеу, бір жол» бастамасы жаңа геоэкономикалық парадигма құруға мүмкіндік беретінін, ол сәтті жүзеге асырылса, жалпы саны 4,4 миллиард адамы бар елдерге пайда әкелетінін атап өтті.

Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, «бірлескен даму арқылы тұрақтылыққа қол жеткізудің» жария етілген тәсілі ондаған елдердің экономикалық мүддесін көрсететін халықаралық ынтымақтастықтың озық түріне жатады. Осыған орай қазір Жібек жолының нақты қырлары көрініс таба бастағанда осы макроөңірлік кооперацияның бірлескен стратегиялық координациясы керек. Жібек жолы бастамасын жүзеге асыру бүтін бір өңірлерді, соның ішінде Орталық Азияны ғаламдық мәнде жаңа бағытта алға шығаруға мүмкіндік береді. Сөзін түйіндей келе Қазақстан басшысы қатысушы елдер арасындағы өзара сенімнің болуы, олардың «Бір белдеу, бір жол» идеясын сәтті дамыту үшін жан-жақты ынтымақтастық пен теңдікке дайын болуы маңызды екенін атап өтті.

Бұл ой форум ұйымдастырушысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің сөздерінде де ерекше аталды, ол көптеген елдердің басына төнер сын-қатерге төтеп бере алатын жеке өзіндік даму және ынтымақтастық стратегиясы жасалып жатқанын айтты. Бірақ бұл сын-қатерлер – ғаламдық құбылыс және заманауи өзара тәуелді әлемде бірде бір мемлекет әлемдік мәселелерді жалғыз өзі шеше алмайды. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы жалпыға ортақ тұрақты даму үшін инклюзивті ашық ынтымақтастыққа тұғырнама болады. ҚХР басшысы жобаның өте ашықтығын және ынтымақтастықты көздегендердің бәрі оған қосыла алатынын атап өтті.

Өз сөзінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Н.Ә. Назарбаевтың сөзін жоғары бағалап, Қазақстанды трансқұрлықтық тасымал бойынша «чемпион» деп атады. Белдеу мен жол бастамасы аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын тереңдету мәселелерін ҚР мен ҚХР көшбасшылары бір айдан кейін 2017 жылғы маусымда, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстан Республикасына ресми сапармен Шанхай ынтымақтастық ұйымы Саммиті мен Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің ашылуына қатысуға келгенде талқылауды жалғастырды. ШЫҰ Саммиті тарихи сипатқа ие болды, ол ШЫҰ кеңейтумен өтті және Үндістан мен Пәкістанды Ұйымға мүшелікке қабылдау және оларға тиісті мәртебе беру рәсімінің толық аяқталуымен есте қалды.

Н.Ә. Назарбаев пен Си Цзиньпиннің Астана қаласындағы келіссөздері Қазақстан-Қытай дипломатиялық қарым-қатынасының 25 жылдығы және Қазақстандағы Қытай туризмі жылы аясында өтті, ал қос тараптың мәлімдеуінше, қол жеткен нәтижелер әріптестіктің жаңа бір парағын ашты. Қол қойылған құжаттар түрлі мәселелерді, көлік инфрақұрылымы саласындағы ынтымақтастықты нығайту, инспекция, карантин және Қазақстаннан Қытайға экспортталатын мүйізді ұсақ малдың мұздатылған етіне қойылатын ветеринарлық-санитарлық талаптар бойынша рәсімдерді қамтыды.

ЭКСПО-17 көрмесінде ҚХР-дың көрме павильон аралау кезінде Н.Ә.Назарбаев пен Си Цзиньпин «Қазақстан және Қытай – Еуразияның транзиттік көпірі» атты телекөпірге қатысты. ҚР мен ҚХР көшбасшылары жаңа контейнерлік сервистің – Ляньюньган портынан Орталық Азия мен Түркияға теңіз контейнерлерімен бірінші пойыздардың, сонымен қатар «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА Құрғақ портынан қытайлық Чэнду қаласына пойыздардың жүруіне ресми түрде рұқсат берді. Жалпы алғанда «Қорғас – Ляньюньган» жаңа бағдарын іске қосу «Жібек жолының Экономикалық белдеуі» және «Нұрлы жол» бағдарламасының түйісуі бойынша екі елдің тиімді ынтымақтастығының үлгісін көрсетті.

2018 жылы маусымда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік сапармен ҚХР-ға барып, соның барысында Қытай басшылығымен келіссөздер жүргізілді және Шаньдун провинциясындағы Циндао қаласында өтетін ШЫҰ Саммитіне қатысты. Бейжің қаласындағы келіссөздер кезінде қос мемлекет басшылары талқылаған негізгі тақырыптарекіжақтыөзараәрекеттестікмәселелерініңөзектілеріне, яғни «Нұрлы жол» және «Бір белдеу, бір жол» бастамасының одан әрі түйісуі, нақты бірлескен жобаларды жүзеге асыру, қаржы саласындағы ынтымақтастық, тауар айналымын ұлғайту, алдағы уақытта транзиттік-көлік әлеуетін арттыру және т.б. мәселелерге қатысты болды.

2019 жылы сәуірде Елбасы Н.Ә. Назарбаев, ҚР Президенттігінен кетіп, Қытай тарапының шақыртуымен Пекин қаласында өткен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастықтың 2-ші Форумына қатысу үшін сапармен ҚХР-ға барды. Іс-шарада Елбасы қазіргі заманғы Жібек жолы шеңберінде ынтымақтастықты ілгерілету бойынша бірқатар ұсыныстар айтты. 2019 жылы 28 сәуірде мемлекеттер арасындағы стратегиялық әріптестікті дамыту және тату-тәтті көршілік қатынасты қолдауға қосқан үлесі үшін ҚР Тұңғыш Президентінің Қытай Халық Республикасының жоғарғы мемлекеттік наградасы – «Достық» орденімен марапатталуы Қазақстан көшбасшысына деген зор құрметтің белгісі болды.

Осылайша, ҚР мен ҚХР қарастырып отырған өзара әрекеттестік кезеңі Ұлы Жібек жолын сәтті түрде жаңғырту процесінде көрініс тапқан орасан зор экономикалық әлеуетін көрсетті және «Нұрлы жол»

бағдарламасы мен «Бір белдеу, бір жол» бастамаларының бір-бірін толықтырушы сипатын паш етті. Қазақстанның белдеу мен жолдың жаһандық қытай бастамасын ең алғашқылардың бірі болып қолдауы қос көрші мемлекеттердің өзара әрекеттестік бойынша көп ғасырлық тарихи негізін көрсетіп, екі жақты қарым-қатынастың жаңа парақтарын ашты.

Екі елдің күшімен қос құрлық пен үш мұхит Қытай мен Қазақстан арқылы бірігетін ғаламат транзит сұлбасы жасалды. ҚХР-мен ынтымақтастықтың арқасында ҚР теңізге шығуға мүмкіндікалып, Батыс пен Шығыс арасындағы сауда және жеткізудің жылдам құрлықтық тізбегін дамытуға ықпал ететін Еуразияның маңызды логистикалық орталығына айналды. Сол арқылы біздің елдер трансқұрлықтық байланыстардың маңызды факторына айналған, екі жақты Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы шегінен алысқа кететін жаңа ауқымды жобаларды жүзеге асыруда.²³

Екі елдің көліктік ынтымақтастығын қарқынды тереңдету негізінде Қазақстан аумағында өндіріс қуатын бірлесе дамыту және өнеркәсіп саласында кооперация құруды бастау мүмкін болды. Саяси уағдаластықтар мен экономиканың өзара байланысын арттыру Қазақстан өнімдерін, мәселен, бидай, сиыр еті, шошқа еті, соя, бал, балық, рапс, жоңышқа, жүгері, ұн және ұн өнімдері мен басқа да азық-түліктердің экспортын арттыруға ықпал етеді. 2015 жылдан бастап бүгінге дейін Қазақстаннан ауыл шаруашылығы өнімдерінің 20 түрін қытай нарығына шығару үшін фитосанитарлық талаптар бойынша хаттамаға қол қойылды. Соның нәтижесінде қазақстандық 1036 кәсіпорын өз өнімдерін Қытай нарығына шығаруға рұқсат алды.

Жалпы «Нұрлы жол» бағдарламасы мен «Бір белдеу, бір жол» бастамасын синхрондау Еуразияда кең және біріктірілген экономикалық кеңістік құру бойынша практикалық кезеңді іске қосты. Қорытындысында бұл ХХІ ғасырдағы Жібек жолының барлық қатысушыларының алдағы уақытта экономикалық өсіміне ықпал етеді.

БЕСІНШІ КЕЗЕҢ. ЖАҢА ТАРИХИ БИІККЕ (2019 Ж. – ҚАЗІРГІ УАҚЫТҚА ДЕЙІН)

2019 жылы Қазақстанда ел басшылығы ауысты, сол жылдың маусымында жалпыхалықтық сайлаудың қорытындысы бойынша Қ.К.Тоқаев ҚР Президенті болып сайланды. Ол Мемлекет басшысы

²³ ҚР Парламент Сенатының Төрағасы Қ.К.Тоқаевтың Қытай халықаралық мәселелер институтында сөз сөйлеуі. Бейжің қ., 6 желтоқсан 2016 жыл. // <https://senate.parlam.kz/ru-RU/blog/572/news/details/8157>

лауазымына ресми кірісу салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзінде: *«Менің мақсатым – қоғамның бірлігін қамтамасыз ету және әрбір азаматтың құқығын қорғау. Қазақстанның ұлттық мүддесін әрқашан және барлық жерде қорғайтын боламын»*, - деді. ҚР Президенті өз саясатының негізгі бағыттарын белгілеп берді – халықтың табысын арттыру және әл-ауқатын жақсарту, сыбайлас-жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимылдар жасау, соттық-құқықтық реформа, әділетті әлеуметтік саясат, тұрғын үй мәселесін шешу, өңірлерді дамыту, жастарды қолдау, сондай-ақ, тепе-теңдік және көпвекторлы сыртқы саясат.²⁴

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев, кәсіби дипломат, ҚР Тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап Қазақстанның сыртқы саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға және Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарын дамытуға тікелей атсалысты. Осыған байланысты Қ.К.Тоқаевтың билікке келуі Қазақстанның халықаралық ынтымақтастық саласындағы негізгі бағыттарының сақталуын, тату көрші және маңызды басым серіктес ретінде Қытаймен тату көршілік және өзара тиімді қарым-қатынастарды одан әрі дамытуды білдірді.

Осы кезеңде ҚХР да өз дамуының мүлде жаңа жолына түсті. Ел әлемнің басқа дамыған елдерімен қатар ең ірі халықаралық инвесторлардың үштігіне енді. Бүгінгі таңда Қытайдың даму үлгісі өзгеруде – ол бұрыннан қабылданғандай «әлемдік фабрикадан» және ірі экспорттаушы елден тауарлар мен қызметтердің негізгі тұтынушысына айналуға. Ішкі сұранысты ынталандыруға және неғұрлым жоғары технологиялық өнімдерді өндіруге баса назар аударылады. 1,4 миллиард халқы бар ҚХР қуатты әлеуеті бар әлемдегі ең ірі тұтыну нарығы болып табылады. Бұған орта таптың, 400 миллионнан астам адам санының артуы, кедейшіліктің жойылуы ықпал етіп отыр. Осылайша, қазіргі кезеңде ҚР мен ҚХР арасындағы өзара ынтымақтастығы үшін сапалы жаңа мүмкіндіктер ашылуда.

ҚР қазіргі Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылы қыркүйектегі ҚХР-ға мемлекеттік сапары жаңа дәуірдегі Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының тарихында жаңа кезеңін ашты. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев келіссөздер барысында еліміздің сыртқы саясатының сабақтастығын қуаттап, Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарын одан әрі тереңдету ниетін білдірді. Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар жаңа уақытта Қазақстан мен Қытай өз қарым-қатынастарын *«ортақ сын-тегеуріндерге қарсы өзара тиімділік, мызғымас достық, өзара сенім және жан-жақты ынтымақтастық рухында мәңгілік жан-жақты*

24 Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына ресми кіру салтанаты өтті. 12 маусым 2019 жыл. // https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/sostoyalas-ceremoniya-oficialnogo-vstupleniya-kasym-zhomarta-tokaeva-v-dolzhost-prezidenta-respubliki-kazahstan

стратегиялық әріптестік» форматында дамытатынын мәлімдеді.²⁵

Мемлекет басшылары ҚР мен ҚХР Бірлескен мәлімдемесіне қол қойды, онда Қазақстан мен Қытай арасындағы мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы келісім бекітілді. Ресми тілден және дипломатиялық терминологиядан аударғанда бұл келесіні білдіреді. «Мәңгілік» дегеніміз Қазақстан мен Қытайдың көршілес екенін, сондықтан тағдыры мен географиясы бойынша өзара әрекеттесетінін білдіреді. Ұлы Дала елі мен Аспан асты елінің халықтары бірнеше мың жылдар бойы қатар өмір сүріп келеді, бұл тарихи мұрағаттарда жазылған, және қазіргі уақытта ҚР мен ҚХР болашақта да тату көрші ретінде өмір сүруге ұмтылуда.

«Жан-жақты стратегиялық әріптестік» Қазақстан мен Қытай арадағы қатынастар 30 жыл ішінде кең және қалыпты сипатқа ие болды деген сөз. Екі ел конструктивті саяси диалог жүргізіп, экономиканың барлық салаларында тығыз жұмыс істеп, гуманитарлық өзара әрекеттестікті дамытуда. Осылайша, екі көрші араласпайтын аймақ жоқтың қасы. Бүгінде ҚР мен ҚХР бір-біріне көрші және серіктес ретінде өте маңызды, сондықтан Қазақстан-Қытай қарым-қатынастар стратегиялық деп аталады.

«Өзара тиімділік, мызғымас достық, өзара сенім рухы» Қазақстан мен Қытай бір-бірінің ұлттық мүдделерін құрметтейтінін, сондай-ақ мемлекеттеріміздің шекараларының бекітілген мызғымастығы мен аумақтық тұтастығы қағидатын растайтынын білдіреді. Бұл өз кезегінде тең құқылы серіктестік қатынастарды одан әрі дамыту үшін сенімді атмосфераны қалыптастырады.

«Ортақ сын-тегеуріндерге қарсы жан-жақты қамтылған ынтымақтастық» Қазақстан мен Қытай тұрақтылықты нығайту және өңірлік қауіпсіздікті қолдау, оның ішінде БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК, сондай-ақ «Орталық Азия плюс Қытай» сияқты өңірлік бастамалар арқылы тығыз өзара әрекеттесуді жалғастыратынын білдіреді. ҚР мен ҚХР халықаралық және аймақтық істерде кең ынтымақтасуға, аймақта және әлемде бейбітшілік, тұрақтылық пен гүлденуді ілгерілетуге ниетті. Ұнтымақтастықтың жаңа кезеңінде Қазақстан мен Қытай осы уақытқа дейін қос елдің жақсы және өзара тиімді қарым-қатынасын дамытып келе жатқан іргелі шарттарды ең жоғары деңгейде тағы бір мәрте растады.²⁶

25 Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөздер жүргізді // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // https://www.akorda.kz/ru/events/international_community/foreign_visits/prezident-kazahstana-kasym-zhomart-tokaev-provel-peregovory-s-predsdatelem-knr-si-czinpinom, 11 сентября 2019 г.

26 Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұлов Қазақстан Президентінің ҚХР сапарына қатысты пікір білдірді // <https://www.zakon.kz/4985767-что-значит-для-казahstana-vizit.html>

Өткен келіссөздер ҚР мен ҚХР толық өзара түсіністік пен құрметті сақтайтыны, халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі мәселелер бойынша көп жағынан ұқсас көзқарастар мен ұстанымдарды ұстанатынын айқындады. Екі ел бір-бірін сенімді серіктес, тиімді мүмкіндіктердің және бұдан да жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін бірлесе жұмыс істеу көзі ретінде қарастырады. Сапар нәтижесінде ҚР мен Қытай үкіметтері, сондай-ақ нақты ұйымдар деңгейінде де кең ауқымды мәселелер бойынша екіжақты өзара әрекеттесуді дамытуға бағытталған 10 келісімге және басқа да ресми құжаттарға қол қойылды.

Қол қойылған құжаттардың ішінде ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын және «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» құрылысын ұштастыру үшін ынтымақтастық жоспарын жүзеге асыру бойынша өзара түсіністік туралы меморандум бар. Оның негізінде тараптар екі ел арасындағы тауар айналымының құрылымын әртараптандыру, сауда өсімінің жаңа көздерін, оның ішінде трансшекаралық электронды сауданы іздестіру, инновациялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, сондай-ақ қосылған құны жоғары өнімдердің саудасын ынталандыру бағытында сауда саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуді жоспарлап отыр.

«Нұрлы жол» бағдарламасының бірінші кезеңін іске асыру ҚР-ға жаһандық көлік дәліздеріне интеграциялануын қамтамасыз ететін көлік жүйесінің жаңа инфрақұрылымдық негізін қалыптастыруға мүмкіндік берді. «Нұрлы жолдың» екінші кезеңі еліміздің көлік-транзит секторының жетекші рөлін бекітуі тиіс. Нәтижесінде ҚР-ның бәсекеге қабілеттілігі серпінді инфрақұрылымдық жобалар, жаңа елдер мен компанияларды тарту, қызмет көрсету деңгейі мен транзиттік бағыттардың жылдамдығын арттыру есебінен өсетін болады, осының бәрі Қазақстанды Еуразиядағы қуатты көліктік-логистикалық хабқа айналдыруға мүмкіндік береді, бұл Қазақстанның 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында да көрініс тапқан.²⁷

2020-2021 жылдардағы COVID-19 жаһандық пандемиясы бүкіл әлем қауымдастығы үшін күшін сынайтын күрделі сынақ болды. «Дос қиыншылықта білінеді» – қазақ және қытай халықтарына түсінікті әйгілі мақал – қос ел қарым-қатынастар тарихында сан рет сыннан өтіп, дәлелденген. 2020 жылдың қаңтарында Қытайда коронавирустық індет басталған кезде Қазақстан Қытайға гуманитарлық көмек пен моральдық қолдау көрсеткен алғашқылардың қатарында болды, ал ҚР-да коронавирус пайда болғанда Қытай Қазақстанға індеттің алдын алуға арналған материалдарын, соның ішінде вакциналар, дәрі-

27 Қараңыз: Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасы туралы // https://www.akorda.kz/ru/legal_acts/decrees/o-koncepcii-vneshnei-politiki-respubliki-kazahstan-na-2020-2030-gody

дәрмектер, маскалар, қолғаптар және т.б. ауқымды көлемде бірден жіберіп, жаңа белгісіз инфекцияны емдеудегі қытайлық тәжірибесін ұсыну үшін медициналық сарапшылар тобын ҚР-ға жолдады. Бұның бәрін қазақстандық тарапы жоғары бағалады.

2020 жылы Қытай Қазақстанға соммасы 10 миллион долларға жуық гуманитарлық көмек жіберді, бұл Қазақстанға келіп түскен барлық материалдардың жартысынан көбі. ҚХР ҚР-ға эпидемияға қарсы көмек пен қажетті көмекші материалдарды ең көп берген ел. Коронавирустық инфекцияның індеті қос ел арасындағы алмасуға белгілі бір дәрежеде әсер етті, бірақ өзара іс-қимыл мен достық алмасуды үзген жоқ. Эпидемия басталғаннан бері екі жақ мәдени алмасулардың дамуына ықпал ететін фильм мен телехикаяларды көрсету сияқты байланыссыз мәдени ынтымақтастықты нығайтатын онлайн алмасуды және басқа да жаңа нысандарын белсенді кеңейтті.²⁸

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың сыртқы саяси кестесі 2022 жылы ҚХР-ға жұмыс сапарымен ашылды. Сапардың ресми мақсаты XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу болды. 2022 жылғы 5 ақпанда Бейжіңде ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин келіссөздер жүргізіп, Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту перспективаларын талқылады. Қазақстан мен Қытай басшылары бетпе-бет кездесу барысында әлемдік күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге және екіжақты қарым-қатынастарға үндесті, жылдам өзгеріп жатқан халықаралық жағдайда бұның маңызы зор. Жаһандық белгісіздік жағдайда ешбір мемлекет дағдарыстар тізбегін жалғыз өзі көтере алмайды. 2022 жылы Қытайдағы қысқы Олимпиада «Ортақ болашақ үшін бірге» ұранымен өтті. Бұл атау үлкен динамикалық Қытай да сенімді достар мен серіктестерге мұқтаж екенін көрсетеді.

Қазақстан мен Қытай басшыларының мәжбүрлі ұзақ үзілістен кейін тікелей кездесуі Қ.К. Тоқаев пен Си Цзиньпиннің қытайлық дипломатиясы үшін ерекше маңызы бар жеке қарым-қатынасын қайта жаңартуға мүмкіндік берді. Екі көшбасшының қысқы Олимпиада аясындағы бұл келіссөздері олардың үшінші бетпе-бет кездесуі болды – біріншісі 2019 жылы маусымда Душанбе қаласында өткен АӨСШК саммиті кезінде, екіншісі – сол жылдың қыркүйек айында Бейжіңде өткен ҚР Президентінің ҚХР-ға мемлекеттік сапары кезінде жүзеге асқан. Сенімді ортада тараптар әлемдік күн тәртібіндегі екі елді толғандыратын барлық мәселелерді талқылап, ұстанымдары мен

²⁸ Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сяо Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қазақстандық БАҚ өкілдеріне сұхбат берді. http://kz.china-embassy.org/rus/dszc/emba/202109/t20210930_9561276.htm

мүдделерін нақтылап, халықаралық жағдай бойынша ой бөлісе алды.²⁹

Жаһандық пандемия ҚР мен ҚХР арасындағы ынтымақтастық форматына әсер етті, алайда қос мемлекет басшыларының тұрақты байланыстары 2,5 жыл бойы түрлі дәстүрлі (хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу және т.б.), сондай-ақ жаңа интерактивті арналар (2022 жылы қаңтардағы «Орталық Азия – Қытай» онлайн саммиті) арқылы жалғасты. Бұл ретте, екі жақты қарым-қатынастардан әлдеқайда асып түсетін және Еуразиядағы геэкономиканың конфигурациясын өзгертетін сауда, көлік және энергетика саласында көптеген трансұлттық жобаларды жүзеге асырып жатқан Қазақстан мен Қытай үшін жанды және тікелей диалог ерекше маңызды.

Мемлекет басшыларының кездесуі барысында Қазақстан мен Қытай негізгі әлемдік мәселелер бойынша ұстанымдарының ұқсастығын және екі жақтың жаңа геосаяси шындық жағдайында тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайындығын растады. ҚР мен ҚХР екі жақты қарым-қатынастардағы өзара қолдау қағидаттарын қуаттады. Көршілес екі ел отыз жылдықта бір-біріне әрқашан достық пен әріптестік қолдау, өзара көмек көрсетіп келеді. Мәселен, 2022 жылғы қаңтарда ҚР-да болған қайғылы оқиғалар аясында Қытай Қазақстан басшылығының әрекетін қолдайтынын білдіріп, республикаға қажетті кез-келген көмегін ұсынуға дайын екенін көрсетті. Сол кезде Қытай төрағасы Си Цзиньпин «Қытай Қазақстанда тәртіпсіздіктерді әдейі тудыратын сыртқы күштерге табанды түрде қарсы екенін» атап өтті.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевпен кездесу барысында Қытай басшысы Қытай-Қазақстан қарым-қатынасының аймақтағы және бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылық үшін маңыздылығын атап өтті. Си Цзиньпин тәуелсіз, қауіпсіз, тұрақты және гүлденген Қазақстан қазақ және қытай халықтарының ортақ мүдделеріне қызмет ететіні айтты. Сонымен қатар, Қытай әрқашан Қазақстанның сенімді досы және адал серіктесі болып қала береді. Ол Қазақстан Республикасын өзінің тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауда қызу қолдайды және Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауға қабілетті екеніне сенеді.

Екі мемлекет басшыларының мерейтойлық жылы кездесуі ҚР мен ҚХР арасындағы екі жақты қарым-қатынастарды одан әрі дамытудың жаңа кезеңін белгіледі. Осыдан 30 жыл бұрын дипломатиялық қатынас орнаған Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық 1992 жылы мойындау мен тату көршілік қарым-қатынастан 2019 жылы

29 Гультар Шаймергенова. Новый «золотой период» сотрудничества: некоторые итоги рабочего визита Главы государства в Китай // Казахстанская правда. – 9 февраля 2022 года

мәңгілік пен жан-жақты стратегиялық әріптестік деңгейіне дейін жол өтіп, біртіндеп жаңа деңгейге көтеріліп келеді. ҚХР көшбасшысы атап өткендей, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевпен Бейжіңдегі кездесу Қазақстан мен Қытай арасындағы «қарым-қатынастың жаңа алтын 30 жылдығын» ашты.

Бұл дәстүрлі, шығыстық символдық тұжырымның астында дамудың жаңа мүмкіндіктері жатыр. Атап айтқанда, жаңа Қазақстанның құрылуы ретінде тұжырымдалған бұл кезең тәуелсіздіктің төртінші онжылдығына қадам басқан және реформалар мен сапалы жаңарудың жаңа кезеңін бастаған ҚР жаңғыртуын жалғастыру аясында өтеді. Сондай-ақ, Қытайдың одан әрі жаһандық өрлеуімен сипатталады, сарапшылардың пікірінше, ол 2028 жылға қарай әлемдегі бірінші экономикаға айналуы мүмкін. ҚР мен ҚХР өсу серпіні XXI ғасырда екі мемлекеттің екіжақты ынтымақтастығы мазмұнының өзекті болуына ықпал етеді.

Қ.К. Тоқаев пен Си Цзиньпиннің келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайту бойынша бірлескен күш-жігерге ерекше назар аударылды. «Бір белдеу, бір жол» бастамасын одан әрі жалғастыру, оның ішінде қосылған құны жоғары ірі жобаларды іске асыру арқылы бірлескен жұмысты жандандыру қажеттігі туралы тараптардың ұстанымдары толығымен сәйкес келді. Бұл, ең алдымен, Қытайдың жетістіктері айқын көрінетін цифрландыру, «жасыл» технологиялар мен инновациялар салаларына қатысты. Сонымен бірге, «Белдеу мен жолдың» негізгі буыны болып табылатын Қазақстан ҚХР көшбасшысы жариялаған ынтымақтастықтың жаңартылған өлшемдерін – жобалардың жоғары стандарттарын, ұзақ мерзімділігі мен әлеуметтік бағытын қолдайды.

Қазақстан мен Қытай транзиттік-көліктік бағыттарын әртараптандыру және кешенді логистикалық шешімдерді енгізуді, оның ішінде жаңа құрлық дәліздерін іске қосу арқылы жалғастырады. Бұған дейін 2022 жылдың қаңтарында өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев Қазақстан өз тарапынан 2025 жылға дейін осы мақсаттарға 20 миллиард АҚШ доллар инвестициялауды жоспарлап отырғанын хабарлады. Инфрақұрылымды дамыту Қытайдан транзиттік ағындарды кеңейтуге, сондай-ақ аймақ елдерінің өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Дүниежүзілік банктің болжамдары бойынша Орталық Азиядағы көлік коммуникациясын одан әрі дамыту бес республиканың жалпы ішкі өнімін 15%-ға дейін қосымша арттыруды қамтамасыз ете алады.³⁰ Бұл өңірдің еуразиялық

30 Бір белдеу, бір жол экономикасы. Көлік дәліздерінің мүмкіндіктері мен тәуекелдері. Дүниежүзілік банктің зерттеуі. <https://openknowledge.worldbank.org/bitstream/handle/10986/31878/211392RU.pdf>

сауда, көлік және технологиялық алмасулардағы позициясын одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қос мемлекет басшыларының кездесуінде айтылған прагматикалық идеялардың қатарында Қытайдың техникалық университеттері бірінің филиалын Қазақстанда ашу мүмкіндігі туралы мәселе де болды. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев 2022 жылдың қаңтарында қазақстандық кәсіпкерлермен кездесуінде инженерлік-технологиялық бағыттағы ұлттық білім беруді сапалы дамыту үшін ҚР-да жетекші шетелдік техникалық университеттердің бірнеше филиалдарын ашу қажеттігін айтты.

Қытай бұрыннан бері өзін инновация салаларындағы мықты позициясы бар индустриалды мемлекет ретінде танытты – ҚХР-да робототехниканың ең үлкен нарығы бар, ел 5G стандартын енгізуде көшбасшы, үш қытайлық компания әлемдегі смартфон өндірушілердің топ бестігіне кіреді және көптеген Қытайдың техникалық университеттері халықаралық деңгейде мойындалған беделге ие. Сонымен қатар, қытайлық технологияларының әлемде кеңінен таралуын және ҚР аумағында ҚХР-мен бірлескен бірқатар өнеркәсіптік жобалардың жүзеге асырылуын ескере отырып, қазақстандық ЖОО-да қытайлық техникалық стандарттарын оқу олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қытайға сапарлары екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жаңа белесінің бастауын ғана белгілеп қоймай, өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықтың көкжиектерін де айқындап берді. Қазақта «Құдай берген көрші» деген ұғым бар. ҚР мен ҚХР арасындағы қарым-қатынастардың тарихы ғасырларға созылады, екі ел тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастықтың осындай табысты тәжірибесін шын жүректен бағалайды. Болашақта Қазақстан мен Қытай көршілестігін ескере отырып, жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуда, әртүрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын кеңейтуде, өзекті тақырыптар бойынша диалогты жалғастыруда және туындаған мәселелерді бірлесіп сындарлы шешуде осы басымдықтарды ұстануды жалғастыруы қажет.

Біз бірге жүріп өткен жолға көз жүгірте отырып, мемлекетаралық ынтымақтастықтың өте қысқа кезеңінде таңғаларлық табыстарға қол жеткізіліп, екіжақты қарым-қатынастардың одан әрі ұзақ мерзімді және қалыпты дамуы үшін сенімді негіз қаланды деп нақты айта аламыз.

Бұған дейін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин «Казахстанская правда» газетінде жарияланған *«Взлетают на крыльях мечты китайско-*

казахстанские отношения» атты мақаласында біздің елдеріміздің ынтымақтастығы уақыт әрі халықаралық жағдайлардың дауылы сынынан өткенін атап өтті: «Тату көршілік пен достықтан, кейін жан-жақты стратегиялық серіктестіктен бастап, ортақ мүдделер мен ортақ тағдыр қауымдастығын құруға дейінгі екіжақты қарым-қатынастарымыз қарқынды дамып, тарихтағы ең жоғары деңгейге жетті».³¹

Қорытындылай келе, «Отызда аяғыңа тұру» деген көне қытай мақал-мәтелін келтіру орынды. Осы тұрғыда Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары қос елдің өткен отыз жылдығын өздері үшін және екіжақты ынтымақтастығы үшін тиімді пайдаланғанын айғақтайды. Егер Қазақстан тәуелсіздік алған отыз жыл ішінде өзін қалыптасқан мемлекет ретінде танытып, халықаралық беделге ие болса, Қытай геосаяси ықпалы артып келе жатқан, қуатты экономикалық әлеуеті бар, қаржылық және технологиялық мүмкіндіктері кең, пікірін жерге тастауға болмайтын елге айналды.

Қазақстан халқы өзінің үлкен мақсаты – сапалы жаңару жоспарларын жүзеге асыру және елді өркендету арманы жолында сенімді түрде алға жылжуда. Қытай халқы ғасырдың екінші мақсатына жету үшін тынымсыз талпыныс жасауда. Бүгінде де Қытай мен Қазақстан халықтары бір-біріне ұқсас ойлармен байланыстырылып, алдына биік мақсаттар қойып, соған жетуге ұмтылуда. Осылайша, қазіргі кезеңдегі Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары да жаңа тарихи биікке ұмтылуда. Ал ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толғаны екіжақты қарым-қатынастарды дамытудағы маңызды кезең және екі көрші мемлекет арасындағы алдағы 30 жылдық ынтымақтастықтың жаңа «алтын кезеңінің» бастау нүктесі болатыны сөзсіз.

31 ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин. Взлетают на крыльях мечты китайско-казахстанские отношения // <https://kazpravda.kz/articles/view/vzletaut-na-krilyah-mechti-kitaisko-kazahstanskije-otnosheniya/>

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

1992	<p>ҚХР Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін 1991 жылғы 27 желтоқсанда мойындауы</p> <p>1992 жылғы 3 қаңтарда Алматы қаласында ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнату туралы бірлескен коммюникеге қол қою</p> <p>Алматы қаласында Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасы Елшілігінің ашылуы</p> <p>Бейжің қаласында Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігінің ашылуы</p> <p>6 шекара бекетін құру: «Достық», «Қорғас», «Бақты», «Алашаңқай», «Алексеевка-Акчюп», «Жеменей»</p> <p>«Үрімші – Алма-Ата – Үрімші» жолдауымен темір жолдың ашылуы</p>
1993	<p>ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға алғашқы ресми сапары, 1993 жылғы 18-21 қазан, Бейжің қаласы</p> <p>1993 жылғы 18 қазанда Бейжің қаласында ҚР мен ҚХР арасындағы достық өзара қатынастар негіздері туралы декларацияға қол қою</p> <p>Қытайдың Қазақстанның әлемдегі ядролық сынақтарға жаппай толық тыйым салу туралы бастамасын қолдауы</p> <p>Қытайдың Қазақстанның Азиядағы аймақтық қауіпсіздіктің негізі ретінде АӨСШК құру туралы бастамасын қолдауы</p> <p>Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың белсенді дамуы</p> <p>Қорғас өңірінде Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық аймағын құру туралы келісім</p>
1994	<p>1994 жылғы 26 сәуірде Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы ҚР мен ҚХР арасындағы келісімге қол қою</p>
1995	<p>1995 жылғы 11 қыркүйекте Бейжің қаласында ҚР мен ҚХР арасындағы достық өзара қатынастарды одан әрі дамыту мен тереңдету туралы бірлескен декларацияға қол қою</p> <p>БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі және ядролық клубтың мүшесі ретінде Қытайдың Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беруі</p> <p>Қытайдың Ляньюньган портын қазақстандық жүктерді өңдеу және тасымалдау үшін пайдалану туралы үкіметаралық келісімге қол қою</p>
1996	<p>1996 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы арасындағы шекаралық аймақтағы әскери салада сенімді нығайту туралы келісімге қол қою</p> <p>ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің ҚР-ға алғашқы ресми сапары, 1996 жылғы 4 шілде, Алматы қаласы</p> <p>1996 жылғы 5 шілдеде Алматы қаласында ҚР мен ҚХР бірлескен декларациясына қол қою</p>

	<p>1994 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы ҚР мен ҚХР арасындағы келісім негізінде шекарада демаркациялық жұмыстарды бастау туралы келісім</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 500 миллион АҚШ долларға дейін жетуі</p>
1997	<p>ҚР экономикасына ірі қытайлық инвестициялық капиталды тарту</p> <p>ҚР мен ҚХР отын-энергетика саласындағы ынтымақтастықтың дамуы және «ғасыр келісіміне» – ҚР мен ҚХР арасындағы мұнай саласында ынтымақтастық туралы келісімге қол қою</p> <p>«Батыс Қазақстан – Батыс Қытай» бағыты бойынша құбыр салу туралы жиектік келісімге қол қою</p> <p>ҚР-да Қытай ұлттық мұнай корпорациясының (СNPC) жұмыс бастауы</p>
1998	<p>ҚР мен ҚХР шекарасы мәселесінің тарихи толық шешілуі – 1998 жылғы 4 шілдеде Қазақстан-Қытай шекарасы туралы қосымша келісімге қол қою</p> <p>ҚР мен ҚХР арасында мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою</p> <p>ҚР аумағы арқылы Түркіменстаннан ҚХР-ға газ құбырын салу туралы келісім</p>
1999	<p>1999 жылғы 23 қарашада Бейжің қаласында ҚР мен ҚХР арасындағы 21-ші ғасырда жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы бірлескен декларацияға қол қою</p> <p>1999 жылғы 23 қарашада Бейжің қаласында ҚР мен ҚХР арасындағы шекаралық мәселелерді толығымен реттеу туралы бірлескен коммюникеге қол қою</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 1 миллиард АҚШ долларға дейін жетуі</p>
2000	<p>ҚХР Төрағасының орынбасары Ху Цзиньтаоның ҚР-ға ресми сапары, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевпен және ҚР Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаевпен танысу және келіссөздер өткізу</p>
2001	<p>2001 жылғы 15 маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымы – ШЫҰ құрылуы және терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қол қою</p> <p>2001 жылғы 12 қыркүйекте Траншекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою</p>
2002	<p>ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 10 жылдығы</p> <p>2002 жылғы 23 желтоқсанда Бейжің қаласында ҚР мен ҚХР арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа қол қою</p> <p>Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын демаркациялауды аяқтау</p> <p>ҚХР қолдауымен және қатысуымен Алматы қаласында өткен АӨСШК бірінші Саммиті, Алматы актісіне қол қою</p> <p>2002 жылғы 7 маусымда ШЫҰ-ның антитеррорлық орталығын құру туралы келісімге қол қою</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 2 миллиард АҚШ долларға дейін жетуі</p> <p>ҚР-да алғаш рет Қытай мәдениетінің күндері өтті</p>

2003	<p>ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның ҚР-дың Астана қаласына мемлекеттік сапары</p> <p>2003 жылғы 3 маусымда Астана қаласында ҚР мен ҚХР бірлескен декларациясына қол қою</p> <p>2003-2008 жылдарға арналған Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы бағдарламасына қол қою</p> <p>ҚХР Сянган арнайы әкімшілік ауданында (Гонконг) ҚР Бас консулдығын құру</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 3,3 миллиард АҚШ доллардан асып түсуі</p>
2004	<p>2004 жылғы 17 мамырда Бейжің қаласында ҚР мен ҚХР бірлескен декларациясына қол қою</p> <p>ҚР мен ҚХР Үкіметтері арасындағы ҚР - ҚХР ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге қол қою және Комитетті екіжақты ынтымақтастықтың үйлестіруші органы ретінде құру</p> <p>ҚР мен ҚХР арасында мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қою</p> <p>«Атасу-Алашаңқай» мұнай құбырын салудың негізгі қағидаттары туралы келісімге қол қою</p> <p>«Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығын құру</p>
2005	<p>2005 жылғы 4 шілдеде Астана қаласында ҚР мен ҚХР стратегиялық серіктестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларациясына қол қою</p> <p>2005 жылғы 15 желтоқсанда «Атасу-Алашаңқай» (Қазақстан-Қытай) мұнай құбырының желілік бөлігінің құрылысын аяқтаудың салтанатты рәсімі</p> <p>2005 жылғы 31 мамырда Шанхай қаласында ҚР-дың ҚХР-дағы Бас консулдығының ашылуы</p> <p>ҚР мен ҚХР арасындағы Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі туралы екіжақты келіссөздердің аяқталуы және хаттамаға қол қою</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 6,8 миллиард АҚШ доллардан асып түсуі</p>
2006	<p>2006 жылғы 20 желтоқсанда Бейжің қаласында ҚР мен ҚХР XXI ғасырдағы ынтымақтастық стратегиясына қол қою</p> <p>ҚР мен ҚХР арасындағы Экономикалық ынтымақтастықты дамыту тұжырымдамасына қол қою</p> <p>2006 жылғы 20 шілдеде «Атасу-Алашаңқай» (Қазақстан-Қытай) трансұлттық мұнай құбырының іске қосылуы</p>
2007	<p>ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 15 жылдығы</p> <p>2007 жылғы 18 тамызда Астана қаласында ҚР мен ҚХР бірлескен коммюникеге қол қоюы</p> <p>Қолданыстағы «Алашаңқай – Атасу» (Қазақстан-Қытай) мұнай құбырын кеңейту туралы келісімдер, Каспий теңізіне дейін мұнай құбырының екінші кезегінің құрылысын бастау</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 10 миллиард АҚШ доллардан асып түсуі</p>

2008	<p>ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Бейжің қаласындағы XXIX Жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысуы</p> <p>2008 жылғы 31 қазандағы Астана қаласындағы ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметінің бірлескен коммюникесі</p> <p>2008 жылғы 23 желтоқсанда Алматы қаласында ҚХР-дың ҚР-дағы Бас консулдығының ашылуы</p> <p>«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автокөлік дәлізі құрылысының басталуы</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 17,5 миллиард АҚШ доллардан асып түсуі</p>
2009	<p>2009 жылғы 19 сәуірде Бейжің қаласында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао мен ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Бірлескен мәлімдемесі қабылданды</p> <p>Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы аумағы арқылы Түркіменстаннан Қытай Халық Республикасына «Орталық Азия-Қытай» (Түркіменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай) магистральдық газ құбырын іске қосу</p> <p>«Кеңқияқ – Құмкөл» (Қазақстан-Қытай) мұнай құбырын іске қосу</p>
2010	<p>Астана қаласында ҚР мен ҚХР Бірлескен коммюнике қабылданды</p> <p>Қазақстан-Қытай газ құбырының екінші учаскесін жобалау, қаржыландыру, салу және пайдаланудың негізгі қағидаттары туралы келісімге қол қойылды</p> <p>«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен Қытайдың Гуавдун ядролық энергетикалық корпорациясы арасында уран концентраттарын сату туралы келісімге қол қойылды</p>
2011	<p>2011 жылғы 13 маусымда Астана қаласында ҚР мен ҚХР арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен декларациясына қол қою</p> <p>Бейжің қаласында Траншекаралық өзендер суларының сапасын қорғау туралы үкіметаралық келісімге қол қою</p> <p>ШЫҰ-ның 2011-2016 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясына қол қою</p>
2012	<p>ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 20 жылдығы</p> <p>Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесін құру туралы меморандумға қол қою</p> <p>Қазақстан-Қытай шекарасындағы Алтынкөл – Қорғас теміржол өткелін іске қосу</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 24,5 миллиард АҚШ доллардан асып түсуі</p> <p>Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі 2013-2015 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын бекіту</p>
2013	<p>ҚР мен ҚХР жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларациясына қол қою</p> <p>2013 жылғы 7 қыркүйекте Астана қаласында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Жібек жолының экономикалық белдеуін (Бір белдеу – Бір жол) бірлесіп құру бастамасын жариялауы</p>

	<p>ҚР мен ҚХР арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастықты орта мерзімді және ұзақ мерзімді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына қол қою</p> <p>«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен Ляньюньган қаласының Халық үкіметі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою</p> <p>«ҚазМұнайГаз» мен Қытай ұлттық мұнай корпорациясы (CNPC) компаниялар арасында Қашаған жобасындағы 8,33% үлесінің саудасаттық келісімге қол қою</p> <p>Бейнеу – Бозой – Шымкент магистральдық газ құбырын іске қосу</p> <p>Екіжақты сауда көлемінің 26 миллиард АҚШ доллардан асып түсуі</p>
2014	<p>ҚР мен ҚХР Бірлескен декларациясына қол қою</p> <p>2014 жылғы 21 мамырда ҚХР Ляньюньган қаласының портында «Қазақстан темір жолы» темір жол компаниясының теңіз терминалының құрылысын қашықтықтан бастау рәсімі</p> <p>2014-2016 жылдары АӨСШК-дегі ҚХР төрағалығы және Шанхай қаласындағы АӨСШК IV саммиті</p>
2015	<p>ҚР мен ҚХР мемлекет басшыларының жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарының жаңа кезеңі туралы бірлескен декларациясына қол қою</p> <p>ҚР мен ҚХР индустриялық-инновациялық даму саласындағы бірлескен бағдарламасы бойынша ынтымақтастықтың басталуы және ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы индустрияландыру және инвестиция саладағы ынтымақтастықты нығайту туралы келісімге қол қойылуы</p> <p>ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-дың жапон милитаристеріне қарсы соғыстағы жеңісінің 70 жылдығына арналған салтанатты шеруге қатысуы</p>
2016	<p>ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Чжэцзян провинциясының Ханчжоу қаласында өткен G20 саммитіне («Үлкен жиырмалық») қатысуы</p> <p>Қазіргі уақытта жалпы сомасы 27 миллиард АҚШ долларын құрайтын 50-ге жуық жобаны қамтитын Қазақстан-Қытай индустриялық-инвестициялық жобаларының тізбесін бекіту</p>
2017	<p>ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 25 жылдығы</p> <p>2017 жылғы 14 мамырда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Бір белдеу, бір жол» 1-ші Халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуы</p> <p>Наньнин қаласында өткен ҚР мен ҚХР 1-ші Аймақаралық ынтымақтастық форумы</p> <p>Қазақстандағы Қытай туризм жылы</p>
2018	<p>ҚР мен ҚХР бірлескен мәлімдемесіне қол қою</p> <p>ҚР-дан ҚХР-ға ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын кеңейту</p>
2019	<p>2019 жылғы 25 сәуірде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Бір белдеу, бір жол» 2-ші Халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуы</p> <p>2019 жылғы 10 қыркүйекте Бейжің қаласында ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары</p>

	<p>ҚР мен ҚХР арасындағы жан-жақты мәңгілік стратегиялық серіктестіктің дамуы</p> <p>«Нұрлы жол» мен Жібек жолының экономикалық белдеуі саясатын біріктіру туралы келісімге қол қою</p> <p>Алматы қаласында өткен ҚР мен ҚХР 2-ші Аймақаралық ынтымақтастық форумы</p>
2020	<p>COVID-19 жаһандық пандемия кезінде ҚР-ға ҚХР-да және ҚХР-ға ҚР-да гуманитарлық көмек пен қолдау көрсету</p> <p>Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі «Орталық Азия плюс Қытай» өңірлік диалог алаңының бірінші отырысы</p>
2021	<p>2021 жылғы 20 сәуірде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Боао Азия форумына қатысуы</p> <p>2021 жылғы 6 шілдеде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Коммунистік партиясының 100 жылдығына арналған Әлемдік саяси партиялар көшбасшыларының саммитіне қатысуы</p>
2022	<p>ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығы және мемлекет басшыларының қатысуымен «Орталық Азия плюс Қытай» мерейтойлық онлайн саммитінің өтуі</p> <p>ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың ҚХР Бейжің қаласына сапары, XXIV Қысқы Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне қатысуы</p>

2. ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫНДАҒЫ ЕСІМДЕР

ҚХР төрағалары



Цзян
Цзэминь
1993–2003 жж.



Ху
Цзиньтао
2003–2013 жж.



Си
Цзиньпин
2013 ж. –
қазіргі уақытқа
дейін

ҚР президенттері



Назарбаев
Нұрсұлтан
Әбішұлы
1992–2019 жж.



Тоқаев
Қасым-Жомарт
Кемелұлы
2019 ж. – қазіргі
уақытқа дейін

ҚХР Сыртқы істер министрлері



Цянь
Цичэнь
1988–1998 жж.



Тан
Цзяосюань
1998–2003 жж.



Ли
Чжаосин
2003–2007 жж.

ҚР Сыртқы істер министрлері



Сүлейменов
Төлеутай
Ысқақұлы
1991–1994 жж.



Саудабаев
Қанат
Бекмырзаұлы
1994–1994 жж.



Тоқаев
Қасым-Жомарт
Кемелұлы
1994–1999 жж.



Ыдырысов
Ерлан
Әбілфайызұлы
1999–2002 жж.



Тоқаев
Қасым-Жомарт
Кемелұлы
2002–2007 жж.



Ян
Цзечи
2007–2013 жж.



Тәжин
Марат
Мұханбетқазыұлы
2007–2009 жж.



Саудабаев
Қанат
Бекмырзаұлы
2009–2011 жж.



Қазыханов
Ержан
Хозеұлы
2011–2012 жж.



Ван
И
2013 ж. –
қазіргі уақытқа
дейін



Ыдырысов
Ерлан
Әбілфайызұлы
2012–2016 жж.



Әбдірахманов
Қайрат
Құдайбергенұлы
2016–2018 жж.



Атамқұлов
Бейбіт
Бәкірұлы
2018–2019 жж.



Тілеуберді
Мұхтар
Бескенұлы
2019 ж. – қазіргі
уақытқа дейін

**ҚХР-ның ҚР-дағы Төтенше
және Өкілетті Елшілері**

**ҚР-ның ҚХР-дағы Төтенше және
Өкілетті Елшілері**



Чжан
Дэгуан
1992–1993 жж.



Әуезов
Мұрат
Мұхтарұлы
1992–1995 жж.



Чэнь
Ди
1993–1997 жж.



Сұлтанов
Қуаныш
Сұлтанұлы
1995–2001 жж.



Ли
Хуэй
1997-1999 жж.



Яо
Пэйшэн
2000–2003 жж.



Кәрібжанов
Жәнібек
Сәлімұлы
2001–2007 жж.



Чжоу
Сяопэй
2003–2005 жж.



Чжан
Сиюнь
2005–2008 жж.



Адырбеков
Икрам
Адырбекұлы
2007–2011 жж.



Чэн
Гопин
2008–2009 жж.



Чжоу
Ли
2010–2013 жж.



Ермекбаев
Нұрлан
Байұзақұлы
2012–2014 жж.



Лә
Юйчэн
2013–2014 жж.



Чжан
Ханьхуэй
2014–2018 жж.



Нұрышев
Шахрат
Шакизатұлы
2015–2019 жж.



Чжан
Сяо
2018 ж. –
қазіргі уақытқа
дейін



Қойшыбаев
Ғабит
Бейбітұлы
2019–2022 жж.



Нұрышев
Шахрат
Шакизатұлы
2022 ж. – қазіргі
уақытқа дейін

3. ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ САПАРЛАРДЫҢ ХРОНОЛОГИЯСЫ

ҚР БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚХР-ҒА САПАРЛАРЫНЫҢ ХРОНОЛОГИЯСЫ

1	18-21 қазан 1993 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға ресми сапары, Бейжің қаласы
2	11-13 қыркүйек 1995 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға ресми сапары, Бейжің қаласы
3	21-22 ақпан 1997 ж.	ҚР Президентінің ҚХР-ға жұмыс сапары, Бейжің қаласы
4	23-27 қараша 1999 ж.	ҚР Президентінің ҚХР-ға ресми сапары, Бейжің қаласы
5	14-18 маусым 2001 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Шанхай қаласындағы «Шанхай бестігі» елдерінің VI Саммитіне қатысуы, одан кейін Гонконгқа сапары
6	22-25 желтоқсан 2002 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары, Бейжің қаласы
7	16-19 мамыр 2004 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары, Бейжің қаласы
8	24-25 қыркүйек 2004 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына жұмыс сапары
9	14-15 маусым 2006 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Шанхай қаласындағы ШЫҰ Саммитіне қатысуы
10	19-22 желтоқсан 2006 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары, Бейжің қаласы

11	7-10 тамыз 2008 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Бейжің қаласындағы XXIX жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін ҚХР-ға жұмыс сапары
12	15-19 сәуір 2009 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Хайнань провинциясындағы Боао Азия форумына қатысумен біріктірілген ҚХР-ға мемлекеттік сапары
13	21-23 ақпан 2011 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары, Бейжің қаласы, одан кейін Тяньцзинь қаласына сапары
14	6-7 маусым 2012 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға ресми сапары, Бейжің қаласындағы ШЫҰ Саммитіне қатысуы
15	4-8 сәуір 2013 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға ресми сапары, Хайнань провинциясындағы Боао Азия форумына қатысуы
16	19-21 мамыр 2014 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары, Шанхай қаласындағы АӨСШК 4-ші Саммитіне қатысуы
17	30 тамыз – 3 қыркүйек 2015 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР Бейжің қаласына мемлекеттік сапары, Бейжің қаласында ҚХР-дың жапон милитаристеріне қарсы соғыстағы жеңісінің 70 жылдығына арналған шеруді тамашалауға қатысуы
18	2-5 қыркүйек 2016 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға жұмыс сапары, Чжэцзян провинциясының Ханчжоу қаласындағы G20 саммитіне қатысуы
19	13-15 мамыр 2017 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-ға жұмыс сапары, Бейжің қаласындағы «Бір белдеу, бір жол» 1-ші Халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуы
20	7-10 маусым 2018 ж.	ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР Бейжің қаласына мемлекеттік сапары, Шаньдун провинциясының Циндао қаласындағы ШЫҰ саммитіне қатысуы

21	25-28 сәуір 2019 ж.	ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР Бейжің қаласындағы «Бір белдеу, бір жол» II Халықаралық ынтымақтастық форумына қатысу үшін сапары
22	10-13 қыркүйек 2019 ж.	ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың ҚХР Бейжің қаласына мемлекеттік сапары, одан кейін Ханчжоу қаласына сапары
23	4-5 ақпан 2022 ж.	ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін ҚХР-ға сапары

ҚХР БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚР-ҒА САПАРЛАРЫНЫҢ ХРОНОЛОГИЯСЫ

1	4-6 шілде 1996 ж.	ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің ҚР-ға мемлекеттік сапары, Алматы қаласы
2	3-4 шілде 1998 ж.	ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің ҚР Алматы қаласына жұмыс сапары, ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің «Шанхай бестігі» елдерінің Саммитіне қатысуы
3	27-30 шілде 2000 ж.	ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің ҚР-ға ресми сапары, Алматы қаласы
4	3-5 маусым 2002 ж.	ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің ҚР Алматы қаласындағы АӨСШК Саммитіне қатысуы
5	2-4 маусым 2003 ж.	ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның ҚР-ға мемлекеттік сапары, Астана қаласы
6	3-4 шілде 2005 ж.	ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның ҚР-ға мемлекеттік сапары, Астана қаласы
7	17 маусым 2006 ж.	ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның ҚР Алматы қаласындағы АӨСШК саммитіне қатысуы
8	17-18 тамыз 2007 ж.	ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның ҚР-ға мемлекеттік сапары, Астана қаласы

9	12-13 желтоқсан 2009 ж.	ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның ҚР-ға жұмыс сапары, Астана қаласы
10	11-12 маусым 2010 ж.	ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның ҚР-ға мемлекеттік сапары, Астана қаласы
11	6-8 қыркүйек 2013 ж.	ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ҚР Астана қаласына мемлекеттік сапары, одан кейін Алматы қаласына сапары
12	7 мамыр 2015 ж.	ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ҚР-ға ресми сапары, Астана қаласы
13	7-8 маусым 2017 ж.	ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ҚР-ға ресми сапары, ШЫҰ Саммитіне және Астана қаласындағы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің ашылу салтанатына қатысуы

4. ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІКТЕРІ

ҚР–ҚХР ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

2004 жылғы 17 мамырда Бейжің қаласында ҚР мен ҚХР Үкіметтері арасында ҚР-ҚХР ынтымақтастық жөніндегі комитетті құру туралы келісімге қол қойылды, оның негізінде екіжақты ынтымақтастықты үйлестіруші орган ретінде тиісті Комитет құрылды.

Комитеттің негізгі мақсаты – ҚР мен ҚХР арасындағы сауда-экономикалық, қаржы, көлік, кеден, ғылыми-техникалық, энергетика, геологиялық, мәдени-гуманитарлық, су шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау салаларында, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы келісілген өзара әрекеттесуді дамыту.

Комитетке Қазақстан тарапынан ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары, ал Қытай тарапынан 19-ші шақырылымдағы ҚКП ОК Саяси бюросы Тұрақты комитетінің мүшесі, ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьер-Министрінің орынбасары тең төрағалық етеді.

Комитет хатшылықтары екі елдің сыртқы істер министрліктерінің бөлімшелері болып табылады, қазақстандық тараптан – ҚР СІМ Азия-Тынық мұхит аймағы департаменті, қытайлық тараптан – ҚХР СІМ Еуропа және Орталық Азия елдері департаменті.

Комитеттің жауапты хатшылары бір мезгілде Комитеттің Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитетінің тең төрағалары лауазымдарын атқаратын ҚР және ҚХР Сыртқы істер министрлерінің жетекшілік ететін орынбасарлары болып табылады.

Комитет ҚР мен ҚХР бірлескен органы болып табылады, онда екі елдің мемлекеттік органдарының өкілдері екіжақты қарым-қатынастардың өзекті мәселелерін талқылайды, сондай-ақ жоғары деңгейлерде келісімдерге қол жеткізілген жобаларды үйлестіреді және іске асыруға дайындайды.

Құрылымдық жағынан Комитет 10 профильдік кіші комитеттен және 2 бірлескен комиссиядан тұрады, олардың аясында ҚР мен ҚХР тиісті салалық министрліктері мен ведомстволары тікелей өзара

әрекеттеседі. Комитеттің кіші комитеттері мен комиссиялары екіжақты қатынастардың барлық мәселелері мен салаларын тақырыптық тұрғыдан қамтиды.

Кіші комитеттің / комиссияның атауы	Үйлестіруші мемлекеттік органдар
сауда-экономикалық ынтымақтастық жөнінде	ҚР Сауда және интеграция министрлігі, ҚХР Коммерция министрлігі
көлік ынтымақтастық жөнінде	ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, ҚХР Көлік министрлігі
темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық жөнінде	ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, ҚХР Мемлекеттік темір жол басқармасы
өткізу пункттері арасындағы және кеден ісі саласындағы ынтымақтастық жөнінде	ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, ҚХР Бас кеден басқармасы
энергетика саласындағы ынтымақтастық жөнінде	ҚР Энергетика министрлігі, ҚХР Реформалар және даму жөніндегі мемлекеттік комитеті
қаржы ынтымақтастығы жөнінде	ҚР Ұлттық банкі, Қытай Халық банкі
геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы ынтымақтастық жөнінде	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, ҚХР Табиғи ресурстар министрлігі
ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөнінде	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚХР Ғылым және технологиялар министрлігі
мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөнінде	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ҚХР Мәдениет және туризм министрлігі

қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөнінде	ҚР Сыртқы істер министрлігі, ҚХР Сыртқы істер министрлігі
Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссия	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, ҚХР Су шаруашылығы министрлігі
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссия	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, ҚХР Экологиялық орта министрлігі

Комитет отырыстары Қазақстан Республикасында және Қытай Халық Республикасында кезектесіп өткізіледі. Барлығы 2004-2022 жылдар аралығында Комитеттің 10 отырысы өткізілді:

Комитеттің 1-ші отырысы, 2 шілде 2004 ж. Бейжің қаласы
 Комитеттің 2-ші отырысы, 14 шілде 2005 ж. Астана қаласы
 Комитеттің 3-ші отырысы, 17 қараша 2006 ж. Бейжің қаласы
 Комитеттің 4-ші отырысы, 8 қараша 2007 ж. Астана қаласы
 Комитеттің 5-ші отырысы, 4 желтоқсан 2009 ж. Бейжің қаласы
 Комитеттің 6-шы отырысы, 8 желтоқсан 2012 ж. Астана қаласы
 Комитеттің 7-ші отырысы, 25 тамыз 2015 ж. Бейжің қаласы
 Комитеттің 8-ші отырысы, 18 тамыз 2017 ж. Астана қаласы
 Комитеттің 9-шы отырысы, 4 қараша 2019 ж. Бейжің қаласы
 Комитеттің 10-шы отырысы, 24 қараша 2021 ж. бейнеконференция түрінде

ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ АЙМАҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ФОРУМЫ

Форум аймақаралық деңгейде (ҚР облыстары мен ҚХР провинциялары) іскерлік байланыстарды дамыту үшін ҚР мен ҚХР арасындағы сауда-экономикалық, көліктік, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері бойынша екіжақты диалог алаңы болып табылады.

Форум ҚР мен ҚХР мүдделі аймақтардың қатысуымен екіжақты сауданың одан әрі өсуін ынталандыру, инвестиция, көлік, ауыл шаруашылығы, туризм, білім және мәдениет салаларындағы өзара

әрекеттесуді белсендіру мақсатында ҚР Президенті мен ҚХР Төрағасының бастамасымен жасалды.

Форум міндеттерінің қатарында «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасын «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасымен ұштастыруға ықпал ету мақсатында ҚР мен ҚХР аймақтарының әкімшіліктері және іскер топтары арасында тікелей байланыстар мен ақпарат алмасуды орнату, бірлескен жобаларды талқылау, сауда, инвестиция, көлік, туризм және мәдениет салаларында тікелей байланыстарды дамыту бар.

Форумға орталық мемлекеттік органдардың, аймақтық әкімшіліктердің, іскер топтардың өкілдері қатысады. Форум алаңында ресми келіссөздер, консультациялар, панельдік сессиялар мен көрмелер, екіжақты ведомствоаралық және коммерциялық құжаттарға қол қою рәсімдері өтеді.

Аймақаралық ынтымақтастық форумының үйлестіруші органдары Қазақстан тарапынан – ҚР Сауда және интеграция министрлігі, Қытай тарапынан – ҚХР Коммерция министрлігі болып табылады. Форум отырыстарының тақырыптары екі тараптың келісімімен белгіленеді.

1-ші Форум 2017 жылғы 11-12 қыркүйекте Наньнин қаласында (Гуаньси-Чжуан автономиялық ауданы, ҚХР) ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары А.Мамин мен ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьер-Министрінің орынбасары Чжан Гаолидің тең төрағалығымен өтті. Екіжақты іс-шара Наньнин қаласында өткен 14-ші «Қытай-АСЕАН» ЭКСПО көрмесі аясында ұйымдастырылды. Форумның тақырыбы – «Мемлекеттік стратегияларды біріктірудегі өзара әрекеттесуді күшейту, даму мүмкіндіктерін бірлесіп пайдалану».

2-ші форум 2019 жылғы 15 мамырда Алматы қаласында (ҚР) ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қаржы министрі Ә.Смайыловтың және ҚКП ОК Саяси бюросы Тұрақты комитетінің мүшесі, ҚХР Мемлекеттік Кеңесі Премьер-Министрінің орынбасары Хань Чжэнның тең төрағалығымен өтті. Екінші Форумның тақырыбы – ҚР мен ҚХР арасындағы өнеркәсіптік кооперация, инвестициялар тарту және қазақстандық экспорттық әлеуетін іске асыру саласындағы аймақаралық пен шекаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында «Өнеркәсіптік кооперация». Іс-шара үш панельдік сессияны қамтыды: индустрияландыру және инвестициялар, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика.

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІ

Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесі (ҚҚІК) 2013 жылы ҚР мен ҚХР басшыларының тапсырмасы бойынша іскер топтардың диалог алаңы, ҚР мен ҚХР арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық өзара әрекеттесуді ынталандыру құралы ретінде құрылды. ҚҚІК форматы экономиканың түрлі салаларында жаңа байланыстар орнату және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мақсатында ҚР мен ҚХР іскер топтарының өкілдері арасында ақпарат алмасуды көздейді.

2012 жылғы 6 маусымда Бейжің қаласында өткен ШЫҰ бизнес-форумы аясында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен «CITIC Group» корпорациясының басшылығы Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесін құру туралы Меморандумға қол қойды. 2013 жылғы 6 сәуірде Хайнань аралында өткен Боао Азия форумы аясында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен Қытайдың Халықаралық саудаға жәрдемдесу комитеті (ССРІТ) арасында ҚҚІК құру туралы Келісімге қол қойылды.

Қазақстан тарапынан ҚҚІК тең төрағасы – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы, қытайлық тараптан – «CITIC Group» корпорациясы Директорлар кеңесінің төрағасы, Іскерлік кеңестің жұмыс органдары қазақстандық тарапынан – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, қытайлық тараптан – Қытайдың Халықаралық саудаға жәрдемдесу комитеті (ССРІТ) болып табылады.

ҚҚІК отырыстары аясында панельдік сессиялар, дөңгелек үстелдер және B2B форматындағы кездесулерге арналған басқа да іс-шаралар өткізіледі. Іскерлік кеңестің отырыстары Қазақстан Республикасында және Қытай Халық Республикасында кезектесіп өткізіледі. Барлығы 2013-2019 жылдар аралығында Кеңестің 6 отырысы өткізілді:

ҚҚІК 1-ші құрылтай отырысы, 7 қыркүйек 2013 ж., Астана қаласы. ҚҚІК отырысы аясында салтанатты шара өтіп, оның барысында ҚР мен ҚХР басшылары «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры арқылы газ жеткізуді іске қосты.

ҚҚІК 2-ші отырысы, 14-15 желтоқсан 2014 ж., Астана қаласы. Іскерлік кеңес жұмысының нәтижесінде энергетика, металлургия, логистика және өндірістік емес салаларда сомасы 14 миллиард АҚШ долларын құрайтын келісімдерге қол қойылды.

ҚҚІК 3-ші отырысы, 13 желтоқсан 2015 ж., Бейжің қаласы. Іскерлік кеңес жұмысының нәтижесінде энергетика, уран, химия өнеркәсібі, коммуникация және логистика салаларда сомасы 10,78 миллиард АҚШ долларын құрайтын келісімдерге қол қойылды.

ҚҚІК 4-ші отырысы, 8 маусым 2017 ж., Астана қаласы. Іскерлік кеңес жұмысының нәтижесінде энергетика, химия өнеркәсібі,

металлургия салаларында инвестициялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру бойынша сомасы 7 миллиард АҚШ долларын құрайтын 22 коммерциялық және негіздемелік келісімге қол қойылды.

ҚҚІК 5-ші отырысы, 8 маусым 2018 ж., Бейжің қаласы. Іскерлік кеңес жұмысының нәтижесінде сомасы 13 миллиард АҚШ долларын құрайтын 41 екіжақты құжатқа қол қойылды.

ҚҚІК 6-шы отырысы, 11 қыркүйек 2019 ж., Бейжің қаласы. Іскерлік кеңес жұмысының нәтижесінде сомасы 1,1 миллиард АҚШ долларын құрайтын 20 келісімге қол қойылды.

ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарындағы парламентаралық өзара әрекеттесудің екі ел арасындағы ынтымақтастық үшін құқықтық жағдай жасауда, екіжақты келісімдерді заңнамалық қамтамасыз етуде, ҚР мен ҚХР арасындағы достықтың әлеуметтік-гуманитарлық негіздерін нығайтуда маңызы зор. Тараптар әртүрлі деңгейдегі белсенді диалогты қолдап отыр, екі елдің заң шығарушы органдары басшылығының сапарлары тұрақты түрде болуда.

ҚР Парламенті мен ҚХР Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы (ҚХР БХӨЖ) арасындағы парламентаралық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету мақсатында Парламенттік ынтымақтастық тобы құрылды.

ҚР Парламент Сенатында ҚХР БХӨЖ-мен парламенттік достық тобын ҚР Парламент Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы М.А. Құл-Мұхаммед басқарады. Ынтымақтастық тобының құрамына Палатаның профильдік комитеттерінің 10 депутаты кіреді.

ҚР Парламент Мәжілісінде ҚХР БХӨЖ-мен парламенттік достық тобын ҚР Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Б.Т.Кесебаева басқарады, Топ басшысының орынбасары – Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы А.С.Құспан. Ынтымақтастық тобының құрамына Палатаның профильдік комитеттерінің 14 депутаты кіреді.

ҚХР Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысында ҚР Парламент Палаталармен парламенттік достық тобын БХӨЖ Сыртқы істер жөніндегі комитетінің төрағасы Чжан Есуй басқарады. Ынтымақтастық тобының құрамына ҚХР 13-ші БХӨЖ-нің 15 депутаты кіреді.

Парламентаралық диалогты нығайту ҚР Парламенті мен ҚХР БХӨЖ басқалармен қатар, профильдік комитеттер, ынтымақтастық жөнінде топтар, сондай-ақ фракцияаралық топтар арқылы өзара әрекеттесуді кеңейтумен байланыстырады.

5. ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату туралы бірлескен коммюникеге өзара түсіністік меморандумы

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Үкіметтері достық консультацияларынан кейін 1992 жылғы 03 қаңтардан бастап екі мемлекет арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуды ұйғарды.

Екі мемлекет Үкіметтері төмендегілер жөнінде өзара түсіністікке келді.

Қытай Халық Республикасы Қазақстанның Тайваньмен өте-мөте үкіметтік емес сауда-экономикалық байланыстар жасауына қарсылық білдірмейді.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында Дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату туралы бірлескен коммюнике мен осы Меморандум екі дана болып, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық үш мәтіннің де күші бірдей. Қазақша мәтін орысша мәтінге дәлме-дәл келеді, қытайша мәтін орысша мәтінге дәлме-дәл келеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Т. Сулейменов

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін
Тянь Цзэнпэй

Алматы қаласы, 1992 жылғы 3 қаңтар

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату туралы бірлескен коммюнике

Екі ел халықтарының мүдделері мен армандарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі екі мемлекет арасында 1992 жылғы 03 қаңтардан бастап елшілер деңгейінде дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатуды ұйғарды.

Екі ел үкіметтері егемендікті және аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, өзара шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік, сондай-ақ бейбіт қатар өмір сүру принциптері негізінде екі ел арасындағы достық және ынтымақтастық қарым-қатынастарын дамытуға келісті.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қытай Халық Республикасының Үкіметі Қытайдың жалғыз заңды үкіметі болып табылатынын, Тайвань Қытай аумағының ажырамас бөлігі болып табылатындығын мойындайды. Қазақстан Республикасының

Үкіметі қандай да болмасын нысанда Тайванмен ресми қарым-қатынастар орнатпайтынын растайды.

Қытай Халық Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық тәуелсіздікті қорғау мен экономиканы дамытуға бағытталған күш-жігерін қолдайды.

Екі ел үкіметтері теңдік және өзара тиімділік негізінде және халықаралық практикаға сай екінші тараптың дипломатиялық өкілдеріне олардың өз міндеттерін орындау кезінде барлық қажетті жәрдем көрсетуде бір пікірде.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Т. Сулейменов

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін
Тянь Цзэнпэй

Алматы қаласы, 1992 жылғы 3 қаңтар

Достық өзара қатынастар негіздері туралы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының бірлескен декларациясы

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы, дәстүрлі достыққа негізделі отырып, тату көршіліктің тығыз қатынастарын және жан-жақты өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуды көздейді, жоғары деңгейдегі Қазақстан-Қытай кездесуінің қорытындыларына сүйене отырып, төмендегі жайында мәлімдейді:

1. Қазақстан мен Қытай көршілес дос мемлекеттер болып табылады. Тату көршілік пен достық рухындағы өзара қатынастарды одан әрі дамыту екі елдің түпкілікті мүдделеріне жауап береді, Азиядағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа қолайлы жағдай жасайды.

2. Тараптар БҰҰ Жарғысына сәйкес, өзара құрметтеу принциптерінің егемендік пен аумақтық тұтастықтың, өзара шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара пайданың, бейбіт қатар өмір сүрудің, сондай-ақ басқа да халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларының негізінде тату көршілік қатынастарды, достық және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытатын болады. Тараптар өзара қатынастарды күшке немесе күшпен қауіп төндірудің қандай да бір түріне сүйенбеуді, екінші Тараптың қауіпсіздігіне қатер туғызуы мүмкін қандай да бір іс-қимылдарды қолданбайтындығын растайды.

3. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа қарсы бағытталған қандай да бір әскери-саяси одаққа қатысудан бас тартады, үшінші бір елмен екінші Тараптың мемлекеттік егемендігі мен ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қысым жасайтын шартқа немесе келісімге қатысудан бас тартады және оның аумағын үшінші бір елдің екінші Тараптың мемлекеттік егемендігі мен ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қысым келтіру мақсатында пайдалануына жол бермейді.

4. Екі жақты қатынастарды дамыту, өзара сенім мен өзара түсіністікті нығайту мақсаттарында Тараптар барлық деңгейлерде тұрақты диалогты қолдайтын болады. Тараптар сыртқы істер министрліктерінің арасында екі жақты және көп жақты қатынастар мәселелері жөнінде, сондай-ақ өзара мүддені білдіретін халықаралық және аймақтық проблемалар жөнінде консультацияларды өткізеді. Тараптар халықаралық ұйымдардағы олардың өкілдіктерінің арасындағы қарым-қатынастар мен өзара іс-қимылдарды қолдайды.

5. Тараптар ортақ мүдделерде сауда-экономикалық ынтымақтастықтың дамуына ерекше маңыз береді. Тараптар Қазақстан мен Қытай экономикалары өздерінің құрылымы бойынша бір-бірін өзара толықтырады және өзара тиімді ынтымақтастық үшін зор мүмкіншіліктер бар деп есептейді. Тараптар өздерінің тиісті заңдарының шеңберлерінде, әсіресе, инвестициялар мен мүлікті өзара қорғау үшін қолайлы жардайларды жасайтын болады, ведомстволардың, аймақтардың / атап айтқанда, шекараға жақын / және кәсіпорындардың арасындағы өзара қарым-қатынастар мен ынтымақтастықты жан-жақты көтермелейді және дамытады, экономикалық ынтымақтастықтың барлық нысандарын көтермелейді.

Тараптар екі жақты экономикалық ынтымақтастықтың мынадай маңызды бағыттарда: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, биотехнология, көліктік қатынастар, энергетика, ғарышты зерттеу және басқаларында шоғырлануы тиіс деп келісті.

6. Тараптар ғылым мен техника саласындағы, бұған іргелі және қолданбалы ғылымизерттеулер мен олардан жетістіктерінен гізуді қоса алғанда, ынтымақтастықты нығайтады, ғылыми-техникалық ақпаратпен алмасуды кеңейтеді, Тараптардың әрқайсысының басым дамуы саласындағы ынтымақтастық объектілерінің санын көбейтеді, үшінші елдерді тарта отырып, бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыруды қолдайды. Тараптар Қазақстан мен Қытайдың ведомстволарының, ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары оқу орындарының, ғылыми-өндірістік бірлестіктері мен фирмаларының тікелей ғылыми-техникалық байланыстарын қолдайтын болады.

7. Тараптар мәдениет, білім, спорт және туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға әзір екендіктерін білдіреді. Осы мақсаттарда тараптар екі елдің мәдениет ұйымдарының арасындағы тікелей байланыстарды және әдебиет пен өнер қайраткерлерімен алмасуды көтермелейтін болады.

Тараптар екі елдің жоғары оқу орындары екі елдің тілдерін үйренуде, мұғалімдер мен студенттер алмасуда бір-бірімен байланыстар орнатып, қатынасып тұруға және ынтымақтасуға тиіс деп есептейді.

8. Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайта береді.

9. Тараптар екі елдің әскери ведомстволары арасында контакт орнатуға және байланыстарды дамытуға жәрдемдесетін болады, әскери саладағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту мақсатында жалпы қабылданған халықаралық практикаға сәйкес әскери салада алмасу жүргізетін болады.

10. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы парламентаралық байланыстарды дамыта түсіп, заң шығарушылық қызметтің тәжірибесімен алмасатын болады.

11. Тараптар Халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз есірткі сатушылыққа, контрабандаға және басқа да қылмыстық әрекеттерге қарсы күресте ынтымақтасатын болады.

12. Тараптар азаматтық және қылмыстық істердегі өзара құқықтық көмекте ынтымақтасатын болады, екінші Тараптың азаматының өз аумағында осы салада қолданылатын екі жақты келісімдер мен өздеріне алған халықаралық міндеттемелерден туындайтын құқықтарына кепілдік береді.

13. Тараптар шекара мәселелері жөніндегі бұрынырақ Совет-Қытай келіссөздеріндегі қол жеткен уағдаластықтарды мақұлдайды және екі елдің арасындағы қазіргі шекара туралы шарттар негізінде халықаралық құқықтық жалпы жұрт таныған нормаларына сәйкес, тең құқықты консультациялар, өзара түсіністік

және өзара қабылдауға боларлықтай, әділ және тиімді шешімін табатындай өзара тәуешілік рухында шешілмеген мәселелерді талқылауды жалғастыра береді.

Тараптар шекара аймағындағы әскери күштерді азайту жөніндегі келіссөздердің қол жеткен нәтижелеріне өздерінің қанағат екендігін білдіреді. Тараптар осы мәселе бойынша келіссөзге тезірек қол жеткізу үшін жаңа күш-жігерін қосуға дайын екендігін білдіреді.

14. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қытай Халық Республикасының Үкіметін Қытайдың бірден бір заңды үкіметі, Тайвань –Қытай аумағының ажырамас бөлігі болып табылатынын мойындайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Тайваньмен қандай да бір түрінде ресми қарым-қатынас орнатпайтынын мақұлдайды

15. Тараптар бейбітшілік және өркендеу, қарусыздану, жаппай қарулану бәсекесін болдырмау, сондай-ақ басқа да проблемалар бойынша екі елдің позициялары бір-біріне ұқсас және жақын екенін атап көрсетті. Екі ел Азия - Тынық мұхит аймағында және дүние жүзінде бейбітшілікті, тұрақтылықты және қауіпсіздікті нығайтуға барынша ұмтылады, Азия қауіпсіздігі жөніндегі екі жақты және көп жақты консультацияларға белсенді түрде қатысатын болады.

16. Қазақстан «Ядролық қаруды таратпау келісіміне» ядросыз мемлекет статусымен қосылу ниетін растайды. Қытай Қазақстанның бұл бағытын жоғары бағалайды.

Қытай ешқашан және ешбір жағдайда бірінші болып ядролық қаруды қолданбайтынын растайды. Қытай сонымен бірге ядролық қаруды қолданбайтынын және ядросыз мемлекеттермен аймақтарға оны қолданамын деп қауіптендірмейтінін растайды. Қытай ядролық қаруды түгелдей доғару және толық жою, осымен бірге ядролық сынауды толық тоқтату үшін күрес жүргізеді. Қытай «Ядролық сынауды толық тоқтату келісімі» жөніндегі келіссөздерді тезірек өткізуді қолдайды және осы келіссөздер барысына өзінінде үлкен үлес қосатындығын білдіреді. Қазақстан Қытайдың жоғарыда айтылған бағытын өте жоғары бағалайды.

17. Осы Бірлескен Декларация оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және мерзімі шектеусіз болып табылды. Ол Тараптардың бірінің дипломатиялық арналар арқылы оның күшін тоқтату туралы жазбаша мәлімдеме тапсырғанынан кейін алты ай өткен соң өз күшін тоқтатады.

Осы Бірлескен Декларацияға Пекинде 1993 жылы «18» қазанда екі данада, ерқайсысы қазақ және қытай тілдерінде қол қойылды, сондай-ақ екі текстің де күші бірдей.

Әрбір Тарапқа осы Декларацияның данасымен бірге аударманың орыс тіліндегі ресми тексі қалдырылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Цзян Цземин

Бейжің қаласы, 1993 жылғы 18 қазан

Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы келісім

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы желісінің оның келісілген учаскелерінде өтуін дәлдеу және анықтау мақсатында мына төмендегілер жайында уағдаласты:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар қазіргі Қазақстан-Қытай шекарасы туралы шарттардың негізінде, халықаралық құқықтың жалпы жұрт қабылдаған нормаларына сәйкес, тең құқықты консультациялар, өзара түсіністік пен өзара икемділік рухында, сондай-ақ шекара мәселелері жөніндегі келіссөздердің барысында қол жеткен уағдаластықтар негізінде Қытай мен Қазақстан арасындағы тарихтан қалған шекара мәселелерін әділ әрі ұтымды шешуге, екі мемлекет арасындағы шекара желісінің өтуін дәлдеуге және анықтауға келісті.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара желісінің мына төмендегідей өтуі жайында келісті:

Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасындағы бірінші шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 3251 белгісі бар биік) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 6.6 км қашықтықта Оңтүстік Алтай жотасының (қытай картасында - Алтай жотасы) қырқасында жатыр, бұл шекара нүктесі Қытай аумағындағы 3318.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3318 белгісі бар Каладиэр биігі) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 4.4 км, 2993.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2956) солтүстік шығысқа қарай шамамен 9.6 км қашықтықта орналасқан.

Бірінші шекара нүктесінен Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасының желісі 3589.0 белгісі бар биік (қытай картасында - 3544 белгісі бар Муцзытаушань тауы), 3118.6 белгісі бар биік (қытай картасында - 3092), 3331.0 белгісі бар (қытай картасында - 3352) арқылы екінші шекара нүктесіне дейін жалпы батыс бағытында Оңтүстік Алтай жотасының (қытай картасында - Алтай жотасы) қырқасында созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған жотаның қырқасында оның Қазақстан аумағындағы 3359.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3324) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 5.4 км, 3033.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3011) оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 5.2 км және Қытай аумағындағы 3042.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3018 белгісі бар Улэ биігі) солтүстікке қарай шамамен 12.1 км қашықтықтағы кезеңінде орналасқан.

Екінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Ақ-қаба өзенінің (қытай картасында - Акэхабахэ өзені) бастауына дейін жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытындағы қолатта созылып жатыр, одан соң осы өзеннің су ағынының ортасындағы немесе оның үшінші шекара нүктесіне дейін жалпы оңтүстік-батыс бағытындағы бас тарамынан ортасындағы ағыстың бойымен төмен қарай жалғасады. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 1645.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1650) шығысқа қарай шамамен 3.7 км және 1781.8 белгісі бар Шұбар-Тобылғы тауынан (қытай картасында - 1781 белгісі бар Цюбаэртабулэцзяшань тауы) оңтүстікке қарай шамамен 10.0 км және Қытай аумағындағы 1608.0 белгісі

бар биіктен (қытай картасында - 1608) солтүстік-батысқа қарай шамамен 8.5 км қашықтықтағы Қара-Қаба өзені (қытай картасында - Калахабэхэ өзені) су ағынының ортасы немесе олардың бас тарамдарының ортасы қиылысқан жерде орналасқан.

Үшінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 14.9 км бойында батыс-оңтүстік-батыс бағытында тік сызық бойымен төртінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі осы тік сызықтың Білезіктің бір айырық басы өзені (қытай картасында - Болэчжэкэиньбиэрайлакэбашихэ өзені) су ағынының ортасымен немесе Қазақстан аумағындағы 2699.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2709) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 8.2 км және 2311.3 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2311) оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 2.2 км және Қытай аумағындағы 1890.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1878) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.4 км қашықтықтағы оның бас тарамының ортасымен қиылысқан жерінде орналасқан.

Төртінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Білезіктің бір айырық басы өзенінің (қытай картасында - Болэчжэкэиньбиэрайлакэбашихэ өзені) ағысын бойлап осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе осы өзеннің су ағына ортасының Көпіртас-су өзені (қытай картасында - Копозэртасыхэ өзені) су ағынының ортасымен қиылысқан жерге немесе олардың бас тарамдарының ортасына дейін жалпы батыс бағытындағы оның бас тарамының ортасымен төмен қарай, одан соң Көпір-тас-су өзенінің (қытай картасында - Копозэртасыхэ өзені) ағысын бойлап осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен төмен бесінші шекара нүктесіне дейін жалпы оңтүстік-батыс бағытында жалғасады. Бұл шекара нүктесі Көпір-тас-су өзені (қытай картасында - Копозэртасыхэ өзені) су ағынының ортасымен Білезік өзені су ағыны ортасының немесе олардың бас тарамдары ортасының қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 1865.8 белгісі бар (қытай картасында - 1867) Мохнатая тауынан оңтүстікке қарай шамамен 3.4 км қашықтықтағы және Қытай аумағындағы 1890.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1878) батысқа қарай шамамен 5.8 км және 888.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 888) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 12.6 км қашықтықта орналасқан.

Бесінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 12.4 километрге созылатын батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен алтыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 1416.2 белгісі бар биікте (қытай картасында - 1412 белгісі бар Кэсэнъашицикэчжэньшань тауы) Қызыл-Ащы-Кезең жотасының қырқасында 1671.4 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1669) оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 8.0 км және 1820.1 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1821) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 7.0 км және Қытай аумағындағы 888.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 888) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 9.1 км қашықтықта орналасқан.

Алтыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 10.4 километрге созылатын батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен жетінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың Қазақстан аумағындағы Ақтас өзені (қытай картасында - Акэтасыхэ өзені) су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен қиылысқан жерінде 1396.3 белгісі бар Мраморная тауынан (қытай картасында - 1397) оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 5.6 км және 1416.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1412) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 7.0 км және Қытай аумағындағы 982 белгісі бар Тохтаның биігі тауынан (қытай картасында - 941 белгісі бар биік) шығыс-солтүстік-шығысқа шамамен 6.6 км қашықтықта орналасқан.

Жетінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Ақтас өзенінің (қытай картасында - Акэтасыхэ өзені) ағысын бойлап осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен төмен қарай жалпы батыс бағытындағы сегізінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Ақтас өзені (қытай картасында - Акэтасыхэ өзені) су ағыны ортасының және оның бас тарамы ортасының Алқабек өзені (қытай картасында - Алакэбекэхэ өзені) су ағыны ортасымен немесе олардың бас тарамдары ортасымен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 1459.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1461) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 13.4 км және 1396.3 белгісі бар Мраморная тауынан (қытай картасында - 1397) оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 7.4 км және Қытай аумағындағы 982 белгісі бар Тохтаның биігі тауынан (қытай картасында - 941 белгісі бар биік) солтүстікке қарай шамамен 2.3 км қашықтықта орналасқан.

Сегізінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Алқабек өзенінің ағысын бойлап осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен төмен қарай жалпы оңтүстік-батыс бағытында тоғызыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Алқабек өзені (қытай картасында - Алакэбекэхэ өзені) су ағымының ортасында немесе оның бас тарамының ортасында Қазақстан аумағындағы 449.3 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 449) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.0 км және Қытай аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 617 белгісі бар биік) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 6.2 км және 462 белгісі бар биіктен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 25.0 км қашықтықта орналасқан.

Тоғызыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Китайка өзенінің (қытай картасында - Алакэбекэхэ өзені) ағысын бойлап осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен төмен қарай жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында оныншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Китайка өзені (қытай картасында - Алакэбекэхэ өзені) су ағыны ортасының және Қара Ертіс өзені (қытай картасында - Ээрцисыхэ өзені) су ағыны ортасының немесе осы өзендердің бас тарамдары ортасының қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 434.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 436) оңтүстікке қарай шамамен 4.0 км, Қытай аумағындағы 462 белгісі бар биіктен батысқа қарай шамамен 20.8 км қашықтықта орналасқан.

Оныншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі әуелі Қара Ертіс өзені (қытай картасында - Ээрцисыхэ өзені) оңтүстік (сол жақтағы) тарамының ағысын бойлап, оның су ағынының ортасымен, одан соң ескі арнаның ортасымен жалпы оңтүстік бағытында он бірінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған ескі арнаның ортасында Қазақстан аумағындағы 446.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 447) солтүстікке қарай шамамен 4.9 км, Қытай аумағындағы 462 белгісі бар биіктен батысқа қарай шамамен 19.8 км және 703 белгісі бар Тастөбе тауынан (қытай картасында - Тасытэпэйшань тауы) солтүстік-батысқа қарай шамамен 29.0 км қашықтықта орналасқан.

Он бірінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Безымянная тауы (қытай картасында - 424 белгісі бар биік) арқылы шамамен 49.4 километрге созылатын оңтүстік бағытындағы тік сызықтың бойымен он екінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың Қазақстан аумағындағы Қутал өзені (қытай картасында - Куталэхэ өзені) су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен қиылысқан жерінде 693.9 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 693)

шығысқа қарай шамамен 1.4 км және Қытай аумағындағы 746 белгісі бар Ақбұғылақ - Төбе тауынан (қытай картасында - Акэдоволакэшань тауы) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 15.0 км қашықтықта орналасқан.

Он екінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі әуелі Қутал өзені (қытай картасында - Куталэхэ өзені) ағысын бойлап осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен, одан соң Үлкен Ұласты өзенінің (қытай картасында - Улэкуньуластытухэ өзені) ағысын бойлап жоғары қарай осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен он үшінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы Үлкен Ұласты өзенінің (қытай картасында - Улэкуньуластытухэ өзені) батыс және шығыс бастаулары су ағындары ортасының немесе осы өзен бастаулары бас тарамдары ортасының қиылысқан жерінде 2979.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2971) шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 7.1 км және 2594.0 белгісі бар Сарытолағай тауынан (қытай картасында - 2592 белгісі бар Шалэйтологоишань тауы) оңтүстікке қарай шамамен 13.5 км және Қытай аумағындағы 3621 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3602) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 6.2 км қашықтықта орналасқан.

Он үшінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі әуелі Үлкен Ұласты өзені (қытай картасында - Улэкуньуластытухэ өзені) батыс бастауының ағысын бойлап жоғары қарай оның су ағынының ортасымен немесе бас тарамының ортасымен, одан соң мұздық қолатпен жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында он төртінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Сауыр жотасының (қытай картасында - Сауэршань тауы) қырқасында Қазақстан аумағындағы 2979.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2971) оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен

6.7 км және Қытай аумағындағы 3621 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3602) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 5.4 км және 3823 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3835) батысқа қарай шамамен 2.5 км қашықтықта орналасқан.

Он төртінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Сауыр жотасының (қытай картасында - Сауэршань тауы) қырқасын бойлап 3728.8 белгісі бар биік (қытай картасында - 3735) арқылы жалпы батыс бағытында он бесінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі аты жоқ биіктегі (қытай картасында - 3087 белгісі бар биік) жоғарыда аталған жотаның қырқасында Қазақстан аумағындағы 2982.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2992) оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 4.2 км және 3255.9 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3260) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 8.2 км және Қытай аумағындағы 2942 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2993) солтүстік-батысқа қарай шамамен 2.6 км қашықтықта орналасқан.

Он бесінші шекара нүктесі Тарбағатай жотасының (қытай картасында - Таэрбахатайшань тауы) қырқасында аты жоқ биікте Қазақстан аумағындағы 1392.6 белгісі бар Құртөбе шоқысынан (қытай картасында - 1392) оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 5.2 км және 2716.6 белгісі бар Шақпақтас тауынан (қытай картасында - 2728 белгісі бар Сэбатасышань тауы) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 21.3 км және Қытай аумағындағы 2261 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2243) солтүстікке қарай шамамен 15.3 км қашықтықта орналасқан.

Он алтыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тарбағатай жотасының (қытай картасында - таэрбахайшань тауы) қырқасында жалпы батыс бағытында 1744.9 белгісі бар биік (қытай картасында - 1744), Боқайасу (қытай картасында - Букайасудабань асуы), Құзғынтас асуы (қытай картасында -

Куцзыгунтасыдабань асуы), 2427.5 белгісі бар биік (қытай картасында - 2430), Хабарасу асуы арқылы он жетінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі 2431.4 белгісі бар Сары-Чеку тауындағы (қытай картасында - 2430 белгісі бар биік) жоғарыда аталған жотаның қырқасында Қазақстан аумағындағы 2190.7 белгісі бар Сарыапай тауынан (қытай картасында - 2203 белгісі бар Саланаишань тауы) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 10.0 км және Қытай аумағындағы 2287 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2280) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 5.7 км, 2385 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2351 белгісі бар биік) солтүстік-батысқа қарай шамамен 4.1 км қашықтықта орналасқан.

Он жетінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Ластай жотасы тауының (қытай картасында - аты жоқ тау) қырқасында жалпы оңтүстік бағытында он сегізінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі 1885.6 белгісі бар биікте (қытай картасында - 1912) жоғарыда аталған таудың қырқасында Қазақстан аумағындағы 1434.4 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1426) шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 5.7 км және 2198.0 белгісі бар Жуантөбе тауынан (қытай картасында - 2196 белгісі бар Чжуваньтобешань тауы) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 11.2 км Қытай аумағындағы 2385 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2351) оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 9.2 км қашықтықта орналасқан.

Он сегізінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Бурханбұлақ өзеніне (қытай картасында - Буэрханьбулакэхэ өзені) дейін созылып жатыр, одан соң осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында ағысты бойлап төмен қарай он тоғызыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы Бурхан бұлақ өзені (қытай картасында - Буэрханьбулакэхэ өзені) су ағыны ортасының және Каракитат өзені (қытай картасында - Калацитатэхэ өзені) су ағыны ортасының немесе осы өзендердің бас тарамдары ортасының қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 1191.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1177) шығысқа қарай шамамен 1.9 км және 1434.4 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1426) оңтүстікке қарай шамамен 8.2 км және Қытай аумағындағы 1162 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 1.6 км қашықтықта орналасқан.

Он тоғызыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Каракитат өзенінің (қытай картасында - Калацитатэхэ өзені) ағысын бойлап осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен төмен қарай жалпы оңтүстік бағытында жиырмамыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Каракитат өзені су ағынының ортасында (қытай картасында - Калацитатэхэ өзені) су ағынының ортасында немесе оның бас тарамының ортасында Қазақстан аумағындағы 929.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 931) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 15.8 км және 857.1 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 862) шығысқа қарай шамамен 5.4 км және Қытай аумағындағы 884 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) солтүстік-батысқа қарай шамамен 6.1 км қашықтықта орналасқан.

Жиырмамыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 14.1 километрге созылатын оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма бірінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың Ақшоқы өзенінің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 1273.8 белгісі бар Боқты тауынан (қытай картасында - 1271 белгісі бар Бакэтушань тауы)

шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 7.5 км және 900.9 белгісі бар Жаманши тауынан (қытай картасында - 923 белгісі бар Цзяманьцишань тауы) шамамен 3.5 км және Қытай аумағындағы 884 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 13.0 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма бірінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 3.1 километрге созылатын оңтүстік бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма екінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 1273.8 белгісі бар Боқты тауынан (қытай картасында - 1271 белгісі бар Бакэтушань тауы) шығысқа қарай шамамен 7.4 км және Қытай аумағындағы 884 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 15.5 км және 7846 шаршыдағы Каракитат өзені арқылы (қытай картасында - Калацитатэхэ өзені) өтетін автомобиль жолы көпірінен солтүстік-батысқа қарай шамамен 8.4 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма екінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 3.8 километрге созылатын оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма үшінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың тартылып бара жатқан, аты жоқ өзен арнасының ортасымен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 640.2 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 640) шығысқа қарай шамамен 7.0 км және 1273.8 белгісі бар Боқты тауынан (қытай картасында - 1271 белгісі бар Бакэтушань тауы) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 5.6 км және Қытай аумағындағы 7846 шаршысында Каракитат өзені арқылы (қытай картасында - Калацитатэхэ өзені) өтетін автомобиль жолы көпірінен батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 8.9 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма үшінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 11.2 километрге созылатын оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма төртінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың Қазақстан поселкісі Бақты мен Қытай қаласы Тачэнді қосатын тас жолдың орта желісімен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 590.7 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 597) шығысқа қарай шамамен 12.4 км және 640.2 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 640) оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 11.9 км және Қытай аумағындағы 7846 шаршыдағы Каракитат өзені (қытай картасында - Калацитатэхэ өзені) арқылы өтетін автомобиль жолы көпірінен батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 12.6 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма төртінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 8.9 километрге созылатын оңтүстік бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма бесінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 421.3 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 426) шығысқа қарай шамамен 7.3 км, 590.7 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 597) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 15.5 км және Қытай аумағындағы 448 белгісі бар Ташабкан тауынан (қытай картасында - 463 белгісі бар Тасыкакэ биігі) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 6.5 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма бесінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 12.5 километрге созылатын оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма алтыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың Емел өзені (қытай картасында - Эминьхэ өзені) су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 485.7 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 487) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 13.0 км және 405.1 белгісі бар биіктен (қытай картасында -

405) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 0.8 км және Қытай аумағындағы 448 белгісі бар ташабкан тауынан (қытай картасында - 463 белгісі бар Тасыкакэ биігі) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 7.4 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма алтыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 23.8 километрге созылатын оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма жетінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың тартылып бара жатқан аты жоқ өзен арнасының (қытай картасында құрғақ арна) ортасымен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 795.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 795) солтүстік-шығысқа қарай 4.1 км және 485.7 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 487) оңтүстікке қарай шамамен 11.6 км және Қытай аумағындағы 931.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 929) солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 4.5 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма жетінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 17.1 километрге созылатын оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма сегізінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың Шаған-Тоғай өзенінің (қытай картасында - Чаханьтохайхэ өзені) су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 893.3 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 891) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 6.2 км және 843.3 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 822) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 7.0 км, Қытай аумағындағы 931.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 929) оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 12.6 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма сегізінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 20.3 километрге созылатын оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен жиырма тоғызыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың дала жолының (қытай картасында - соқпақ) ортасымен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 806.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 778) шығысқа қарай шамамен 6.0 км және 852.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 832) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 3.9 километрге және Қытай аумағындағы 1197.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1204 белгісі бар Пусяньдэнэнбасы биігі) солтүстікке қарай шамамен 12.9 км қашықтықта орналасқан.

Жиырма тоғызыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 2.4 километрге созылатын батыс-оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен отызыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың Бурган арығының ортасымен (қытай картасында - аты жоқ қолаттың суағарымен) қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 806.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 778) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 4.2 км және Қытай аумағындағы 1197.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1204 белгісі бар Пусяньдэнэнбасы биігі) солтүстікке қарай шамамен 11.7 км және 855.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 855) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 3.8 км қашықтықта орналасқан.

Отызыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Бурган арығының ортасымен (қытай картасында - аты жоқ қолаттың суағары) жалпы батыс бағытында отыз бірінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Бурган арығының ортасында (қытай картасында - аты жоқ қолат суағарының Ханьцяоэрлу жолының ортасымен қиылысқан жерінде) Қазақстан аумағындағы 806.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 778) оңтүстікке қарай шамамен 2.4 км және Қытай

аумағындағы 855.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 855) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 2.9 км қашықтықта орналасқан.

Отыз бірінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықтың бойымен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасымен) жалпы оңтүстік-батыс бағытында отыз екінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі аты жоқ өзеннің құрғап қалған арнасы ортасының, Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықпен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасы) қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы Долаты өзені (қытай картасында - Долатэгоу өзені) мен Шүршіт өзенінің (қытай картасында - Цюэрцютэхэ өзені) қосылатын жерінен солтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.2 км және Қытайдың аумағындағы 855.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 855) батысқа қарай шамамен 4.55 км қашықтықта орналасқан.

Отыз екінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықтың бойымен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасымен) жалпы оңтүстік бағытында отыз үшінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Долаты өзеннің (қытай картасында - Долатэгоу өзені) су ағыны ортасының немесе оның бас тарамы ортасының Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықпен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасымен) қиылысқан жерінде, Қазақстан аумағындағы Долаты өзені (қытай картасында - Долатэгоу өзені) мен Шүршіт өзенінің (қытай картасында - Цюэрцютэхэ өзені) қосылатын жерінен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 5.9 км және Қытай аумағындағы 855.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 855) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 7.0 км және 958.6 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 962) батысқа қарай шамамен 5.5 км қашықтықта орналасқан.

Отыз үшінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықтың бойымен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасымен) жалпы оңтүстік бағытында отыз төртінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Шуршут өзені (қытай картасында - Цюэрцютэхэ өзені) су ағыны ортасының немесе оның бас тарамы ортасының Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықпен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасы) қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы Долаты өзені (қытай картасында - Долатэгоу өзені) мен Шуршут өзенінің (қытай картасында - Цюэрцютэхэ өзені) қосылатын жерінен оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 7.8 км және Қытай аумағындағы 958.6 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 962) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 8.5 км және 1581 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1593) батысқа қарай шамамен 10.8 км қашықтықта орналасқан.

Отыз төртінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықтың бойымен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасымен) жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында отыз бесінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Теректі өзеннің (қытай картасында - Цзяманьтелекэтэхэ өзені) су ағыны ортасының немесе оның бас тарамы ортасының Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықпен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасы) қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 913.4 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 893) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 10.6 км және Қытай аумағындағы 1581 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1593) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 14.8 км және 1535 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1577) солтүстік-батысқа қарай шамамен 15.7 км қашықтықта орналасқан.

Отыз бесінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықтың бойымен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасымен) жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында отыз алтыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Кепели өзеннің су ағыны ортасының немесе оның бас тарамы ортасының Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықпен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасы) қиылысқан жерінде, Қазақстан аумағындағы 913.4 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 893) солтүстік-шығысқа қарай 5.9 км және Қытай аумағындағы 1535 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1577) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 15.0 км қашықтықта орналасқан.

Отыз алтыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықтың бойымен (қытай картасында - Ханьцяоэрлу жолының ортасымен) жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында отыз жетінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі аты жоқ биікте (қытай картасында - 695 белгісі бар биік) Қазақстан аумағындағы 913.4 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 893) шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 4.1 км және Қытай аумағындағы 1535 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1577) батысқа қарай шамамен 15.6 км және 952.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 953) солтүстік-батысқа қарай шамамен 4.9 км қашықтықта орналасқан.

Отыз жетінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықтың бойымен жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында отыз сегізінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Кусак өзені (қытай картасында - Телекэтихэ өзені) су ағыны ортасының немесе оның бас тарамы ортасының жоғарыда аталған қызыл сызықпен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 378.9 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 379) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 13.2 км және Қытай аумағындағы 809.5 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 813) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 4.2 км және 1328 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1323 белгісі бар Соланбэй биігі) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 10.1 км қашықтықта орналасқан.

Отыз сегізінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 7.4 километрге созылатын оңтүстік бағытындағы тік сызықтың бойымен отыз тоғызыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 378.9 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 379) шығысқа қарай шамамен 12.0 км және 1328 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1323 белгісі бар Соланбэй биігі) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 8.0 км және Қытай аумағындағы 1141 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1119) батысқа қарай шамамен 12.1 километрде орналасқан.

Отыз тоғызыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 1.8 километрге созылатын оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытындағы тік сызықтың бойымен қырқыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 378.9 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 379) шығысқа қарай 12.8 км және Қытай аумағындағы 1328 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1323 белгісі бар Соланбэй биігі) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 8.0 км және 1141 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1119) батысқа қарай шамамен 11.3 километрде орналасқан.

Қырқыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 14.9 километрге созылатын шығыс-оңтүстік-шығыс бағытындағы тік сызықтың бойымен қырық бірінші нүктеге дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан

аумағындағы 1465.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1463) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 22.7 км және Қытай аумағындағы 1141 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1119) оңтүстікке қарай шамамен 8.5 км және 714.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 714) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 1.2 км қашықтықта орналасқан.

Қырық бірінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 9.3 километрге созылатын шығыс-оңтүстік-шығыс бағытындағы тік сызықтың бойымен қырық екінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 1465.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1463) шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 28.6 км және Қытай аумағындағы 984.7 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 985) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 3.2 км және 1241 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1309) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 12.0 км қашықтықта орналасқан.

Қырық екінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 9.2 километрге созылатын оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытындағы тік сызықтың бойымен қырық үшінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 1465.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1463) шығысқа қарай шамамен 30.9 км және Қытай аумағындағы 1241 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1309) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 6.9 км қашықтықта орналасқан.

Қырық үшінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 13.8 километрге созылатын оңтүстік бағытындағы тік сызықтың бойымен қырық төртінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 376.1 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 370) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 3.8 км және Қытай аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 371 белгісі бар биік) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 3.6 км және 585 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 635) солтүстікке қарай шамамен 21.0 км қашықтықта орналасқан.

Қырық төртінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 2.4 километрге созылатын оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен қырық бесінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың Қазақстан мен Қытай арасындағы темір жолдың түйіскен жерінің ортасымен қиылысқан жерінде, Қазақстан аумағындағы 376.1 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 370) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 3.2 км және Қытай аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 371 белгісі бар биік) батысқа қарай шамамен 4.9 км және 585 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 635) солтүстікке қарай шамамен 19.3 км қашықтықта орналасқан.

Қырық бесінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі шамамен 7.3 километрге созылатын батыс-оңтүстік-батыс бағытындағы тік сызықтың бойымен қырық алтыншы шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған тік сызықтың аты жоқ жыраның (қытай картасында - Каладабаньгоу жырасы) суағарымен қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 1264.7 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1273) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.9 км, 409.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 408) оңтүстікке қарай шамамен 9.8 км және Қытай аумағындағы 882 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 4.8 км қашықтықта орналасқан.

Қырық алтыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі жалпы батыс-солтүстік-батыс бағытындағы аты жоқ жыраның (қытай картасында - Каладабаньгоу жырасы) суағары бойымен жоғары қарай қырық жетінші шекара нүктесіне дейін

созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі Сарыгура жотасының (қытай картасында - Алатаошань жотасы) қырқасында аты жоқ асуда (қытай картасында - Каладабань асуы), Қазақстан аумағындағы 1899.6 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1921) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 16.0 км және 608.1 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 649) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 10.1 км және Қытай аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 1822 белгісі бар биік) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 6.0 км қашықтықта орналасқан.

Қырық жетінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі 2552.4 белгісі бар биік (қытай картасында - 2568) арқылы жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытында Сарыгура жотасы (қытай картасында - Алатаошань жотасы) қырқасының бойымен қырық сегізінші шекара нүктесіне дейін созылып жатыр. Бұл шекара нүктесі 2512.0 белгісі бар биікте (қытай картасында - 2488) жоғарыда аталған жотаның қырқысында Қазақстан аумағындағы 1899.6 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1921) оңтүстікке қарай шамамен 13.1 км және Қытай аумағындағы 2533 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 3.2 км қашықтықта орналасқан.

Қырықтоғызыншы шекара нүктесі Жоңғар Алатауы жотасының (қытай картасында - Алатаошань таулары) қырқасында 2169.2 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2169) оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 10.2 км және Қазақстан аумағындағы 3439.0 белгісі бар Испул тауынан (қытай картасында - 3430) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 8.0 км және Қытай аумағындағы 3450 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3472 белгісі бар Бэйтухамэнь биігі) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 5.4 км қашықтықта орналасқан.

Қырықтоғызыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Жоңғар Алатауы жотасының (қытай картасында - Алатаошань таулары) қырқасымен жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытында 3722.0 белгісі бар Сандықтас тауы (қытай картасында - 3737), Тарлаулы асуы (қытай картасында - Майлицигэшанькоу асуы), Сарыбирюк асуы (қытай картасында - Цюнкэгэдабань асуы), Көкетау асуы (қытай картасында - Кукэтому асуы), Басқан асуы (қытай картасында - Басаньсыкэ асуы), 3990.0 белгісі бар биік (қытай картасында - 3976) арқылы елуінші шекара нүктесіне дейін жалғасады. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған жотаның қырқасында, Қазақстан аумағындағы 3721.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3726) шығысқа қарай шамамен 14.3 км және Қытай аумағындағы 3461 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3449 белгісі бар Тундалинь биігі) солтүстікке қарай шамамен 8.6 км қашықтықта орналасқан.

Елуінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Конгор-Обо тауларының (қытай картасында - Кацзаньтаошань таулары) қырқасымен әуелі жалпы оңтүстік-батыс бағытында Демекпе асуына (қытай картасында - Элэсэнбулэгэдабань асуы) дейін, одан соң жалпы оңтүстік-шығыс бағытында Коксу асуы (қытай картасында - Дэмукэдабань асуы) арқылы елу бірінші шекара нүктесіне дейін бұрылады. Бұл шекара нүктесі Беджинтау жотасының (қытай картасында - Бечжэньтаошань таулары) қырқасында 4082.0 белгісі бар биікте (қытай картасында - 4123), Қазақстан аумағындағы 4062.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 4062) шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 8.2 км және 3900.1 белгісі бар Қабылтау тауынан (қытай картасында - 3938 белгісі бар биік) шығысқа қарай шамамен 3.5 км және Қытай аумағындағы 3461 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3449 белгісі бар Тундалинь биігі) оңтүстікке қарай шамамен 11.7 км қашықтықта орналасқан.

Елу бірінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Беджинтау жотасының (қытай картасында - Бечжэньтаошань таулары) қырқасымен жалпы шығыс

бағытында Казан-дабан асуы (қытай картасында - Канкадабахань асуы) арқылы елу екінші шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған жотаның қырқасында 4086.5 белгісі бар биікте (қытай картасында - 4074), Қазақстан аумағындағы 3957.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3921) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 7.6 км және Қытай аумағындағы 4048.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 4102) батысқа қарай шамамен 8.3 км және 3432.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3432) солтүстік-батысқа қарай шамамен 5.9 км қашықтықта орналасқан.

Елу екінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі жалпы оңтүстік бағытында әуелі аты жоқ өзенге дейін, одан әрі осы өзеннің, Жыланды өзені мен Үлкенқазан өзенінің (қытай картасында - Хоэргосыхэ деген жалпы атаулы өзен) ағысын бойлап төмен қарай осы өзендердің су ағынының немесе олардың басты тарамдарының ортасымен, содан соң Қазанкөл көлі су айдынының, одан әрі Қорғас өзенінің (қытай картасында - Хоэргосыхэ өзені ортасымен, одан әрі Қорғас өзенінің (қытай картасында - Хоэргосыхэ өзені) ағысымен төмен қарай осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен елу үшінші шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі Қорғас өзенінің ағын суының ортасында немесе оның бас тарамының ортасында Қазақстан аумағындағы тас жол айырығынан (қытай картасында - 863 биік белгісі бар тас жол айырығы) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 8.7 км және 1368.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1372) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.2 км және Қытай аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 1062 белгісі бар биік) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 4.2 км қашықтықта орналасқан.

Елу үшінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі қазақстандық Қорғас елді мекені мен қытайлық Никанчи елді мекені (қытай картасында - Хоэргосы елді мекені) арасындағы тас жолды кесіп өте отырып, Тараптардың карталарында белгіленген қызыл сызықтың бойымен жалпы оңтүстік бағытында елу төртінші шекара нүктесіне дейін жалғасады. Бұл шекара нүктесі Қорғас өзенінің су ағынының ортасында немесе оның бас тарамының ортасында Қазақстан аумағындағы 601.7 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 607) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 7.4 км және 672.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 666) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 11.2 км қашықтықта орналасқан.

Елу төртінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Қорғас өзенінің (қытай картасында - Хоэргосыхэ өзені) ағысымен төмен қарай осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен жалпы оңтүстік бағытында елу бесінші шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі Қорғас өзенінің су ағынының ортасы мен Іле өзенінің су ағыны ортасының немесе олардың бас тарамдары ортасының қиылысқан жерінде Қазақстан аумағындағы 613.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 613) солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 11.1 км және 579.2 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 587) оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 10.4 км мен Қытай аумағындағы 5064 - шаршыдағы дала жолдарының түйіскен жерінен солтүстік-батысқа қарай шамамен 4.2 км қашықтықта орналасқан.

Елу бесінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытында шамамен 30.8 километрге созылатын тік сызықты бойлап, елу алтыншы шекара нүктесіне дейін жалғасады. Бұл шекара нүктесі аты жоқ биікте (қытай картасында - 1103 белгісі бар биік) Қазақстан аумағындағы 1528.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) солтүстікке қарай шамамен 10.6

км және 3029.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3022) солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 22.2 км және Қытай аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 1446 белгісі бар биік) солтүстік-батысқа қарай шамамен 11.2 км қашықтықта орналасқан.

Елу алтыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытында шамамен 12.2 километрге созылатын тік сызықты бойлап, елу жетінші шекара нүктесіне дейін жалғасады. Бұл шекара нүктесі 1601.6 белгісі бар Текельган төбешігінде (қытай картасында - 1606 белгісі бар Тэцилэганышань тауы) Қазақстан аумағындағы 3029.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3022) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 15.3 км және 1528.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) шығысқа қарай шамамен 6.0 км және Қытай аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 1446 белгісі бар биік) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 4.2 км қашықтықта орналасқан.

Елу жетінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі оңтүстік бағытында шамамен 3.0 километрге созылатын тік сызықты бойлап, елу сегізінші шекара нүктесіне дейін жалғасады. Бұл шекара нүктесі тау сілемінің қырқасында Қазақстан аумағындағы 3029.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3022) шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 14.1 км және 1528.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 7.4 км және Қытай аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 2265 белгісі бар биік) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 6.4 км қашықтықта орналасқан.

Елу сегізінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі жоғарыда аталған тау сілемінің қырқасымен жалпы оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында 2456.4 белгісі бар биік (қытай картасында - 2458) арқылы жалғасады, одан соң Темерликтау жотасының (қытай картасында - аты жоқ таулар) қырқасында жалпы шығыс бағытында елу тоғызыншы шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі Темерликтау жотасының (қытай картасында - аты жоқ таулар) Қазақстан аумағындағы 3129.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3124) шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 13.0 км және Қытай аумағындағы 3155 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3235) батысқа қарай шамамен 4.3 км қашықтықта орналасқан.

Елу тоғызыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Қаратау жотасының қырқасымен жалпы оңтүстік бағытында 3555.8 белгісі бар Сарынохой тауы (қытай картасында - 3547 белгісі бар Шаэрнохайшань тауы) арқылы, одан соң тау беткейімен төмен түсе отырып, алпысыншы шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі Хасан өзені су ағынының ортасында немесе оның бас тарамының ортасында Қазақстан аумағындағы 2624.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2700) оңтүстікке қарай шамамен 4.3 км және Қытай аумағындағы 2615 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2601) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 8.1 км және 2819 белгісі бар биіктен (қытай картасында - Безымянная биігі) шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 2.5 км қашықтықта орналасқан.

Алпысыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі тау беткейімен жоғары өрлейді және одан әрі Сарытау тауларының (қытай картасында - Шаэртаошань таулары) қырқасымен жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытында Қарағайлы асуы (қытай картасында - Аэрциньдабань асуы), Аккурунды асуы (қытай картасында - Акэкулундэшанькоу асуы) арқылы жалғасады, одан соң тау беткейімен алпыс бірінші шекара нүктесіне дейін төмен түседі. Бұл шекара нүктесі Сүмбе өзенінің (қытай картасында - Сумубайхэ өзені) су ағынының ортасында немесе оның бас тарамының ортасында Қазақстан аумағындағы 2233.9 (қытай картасында - 2240)

белгісі бар биіктен солтүстікке қарай шамамен 3.4 километр және 2281.8 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2271) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 0.7 км және Қытай аумағындағы 3089 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 3175) батыс-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 7.6 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс бірінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Сумбе өзенінің (қытай картасында - Сумубайхэ өзені) ағысымен төмен қарай осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен жалпы оңтүстік-шығыс бағытында алпыс екінші шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі Сумбе өзені (қытай картасында - Сумубайхэ өзені) су ағынының ортасы мен Текес өзенінің су ағыны ортасының немесе олардың бас тарамдары ортасының қиылысында Қазақстан аумағындағы 2136.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2136) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 14.4 км және Қытай аумағындағы Ирменды өзені мен Қарасу өзенінің қосылысқан тұсынан оңтүстік-батысқа қарай шамамен 7.7 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс екінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Текес өзенінің ағысымен жоғары қарай осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытында алпыс үшінші шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі Текес өзені су ағынының ортасында оның айналмасының оңтүстік бөлігінде Қазақстан аумағындағы 1818.0 белгісі бар Ноғойтологой тауынан (қытай картасында - 1825) солтүстік-шығысқа қарай шамамен 4.4 км және 1987.2 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1985) оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 6.6 км және Қытай аумағындағы 1798 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1810) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 6.6 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс үшінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі оңтүстік бағытында шамамен 4.4 км тік сызық бойымен созылып алпыс төртінші шекара нүктесіне дейін жалғасады. Бұл шекара нүктесі 1853.0 белгісі бар Нохой-тологой тауында (қытай картасында - Могайтолигайшань тауы) Қазақстан аумағындағы 3430 шаршыдағы тас жолдар айырығынан шығыс-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.1 км және 1818.0 белгісі бар Нохой-тологой тауынан (қытай картасында - 1825) шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 2.7 км және Қытай аумағындағы 1798 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1810) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 3.5 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс төртінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі оңтүстік-оңтүстік-батыс бағытында шамамен 8.3 тік сызық бойымен созылып, алпыс бесінші шекара нүктесіне дейін жалғасады. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы аты жоқ биікте (қытай картасында - 1826 белгісі бар биік) 3430 шаршыдағы тас жолдар айырығынан оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 7.5 км және 1818.0 белгісі бар Нохой-тологой тауынан (қытай картасында - 1825) оңтүстікке қарай шамамен 9.2 км және Қытай аумағындағы 1798 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 1810) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 8.5 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс бесінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі оңтүстік бағытында шамамен 2.1 км тік сызық бойымен созылып, алпыс алтыншы шекара нүктесіне дейін жалғасады. Бұл шекара нүктесі Қазақстан аумағындағы 3430 шаршыдағы тас жолдар айырығынан оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.2 км және Қытай аумағындағы 1798 (қытай картасында - 1810) белгісі бар биіктен оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай шамамен 9.9 км және 2723 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2623) солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 4.3 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс алтыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Тараптардың карталарында бөлігіленген қызыл сызықтың бойымен жалпы батыс-оңтүстік-батыс бағытында алпыс жетінші шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі Нарынқол өзені су ағынының ортасында немесе оның бас тарамының ортасында Қазақстан аумағындағы 3430 шаршыдағы тас жолдар айырығынан шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.7 км және Қытай аумағындағы 2723 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 2623) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 3.0 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс жетінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Нарынқол өзенінің ағысымен жоғары қарай осы өзеннің су ағынының ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен жалпы оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытында оның бастауына дейін созылып, содан соң мұздық қолатпен алпыс сегізінші шекара нүктесіне дейін өрлейді. Бұл шекара нүктесі аты жоқ биікте (қытай картасында - 4281 белгісі бар биік) жотаның қырқасында Қазақстан аумағындағы 4227.0 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 4245) шығысқа қарай шамамен 7.0 км және Қытай аумағындағы 4225 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 4237) батысқа қарай шамамен 10.7 км және 4006 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 4023) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 7.9 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс сегізінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі Меридиальный жотасының (қытай картасында - аты жоқ жота) қырқасында жалпы оңтүстік бағытында Алаайғыр асуы (қытай картасында - Алааигээршанькоу асуы), 4426.0 белгісі бар биік (қытай картасында - 4460) арқылы алпыс тоғызыншы шекара нүктесіне дейін созылады. Бұл шекара нүктесі жоғарыда аталған жотаның қырқасында 6276.0 белгісі бар Бүкілодақтық география қоғамының 100 жылдығы шыңында (қытай картасында - 6242 белгісі бар биік) Қазақстан аумағындағы Безымянная тауынан (қытай картасында - 5790 белгісі бар биік) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 10.7 км және Қытай аумағындағы 6769 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 6731) батысқа қарай шамамен 6.8 км және 5581 белгісі бар биіктен (қытай картасында - 5573) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 12.0 км қашықтықта орналасқан.

Алпыс тоғызыншы шекара нүктесінен мемлекеттік шекара желісі батыс-оңтүстік-батыс бағытындағы жотаның қырқасымен Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасының соңғы нүктесіне дейін созылып жатыр.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекараның жоғарыда сипатталған желісі 1:100000 масштабындағы бұрынғы КСРО карталары мен ҚХР карталарына қызыл түспен енгізілген. Мемлекеттік шекара желісінің сипаттамасында көрсетілген барлық қашықтықтар сол карталар бойынша өлшенген.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекараның желісі қызыл түспен енгізілген, жоғарыда аталған карталар осы Келісімге қоса тіркеліп отыр және оның ажырамас бір бөлігін құрайды.

3-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің 1-бабына сәйкес он бесінші шекара нүктесінен он алтыншы шекара нүктесіне дейін, қырық сегізінші шекара нүктесінен қырық тоғызыншы шекара нүктесіне дейін Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара желісінің өтуі туралы мәселелерді шешу үшін келіссөздерді жалғастыру қажет деп келісті.

4-бап

Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген жерде Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара желісін белгілеу мақсатында Уағдаласушы Тараптар екі жаққа тең негізде Бірлескен демаркациялық комиссия құрып, бұл комиссияға шекара демаркациясын жүзеге асыруды: суды айырып тұрған шекаралық тау жоталарының дәл жағдайларын және шекаралық өзендердің немесе олардың бас тарамдарының ортасын анықтауды, осы Келісімнің 5-бабына сәйкес шекаралық өзендердегі аралдардың қай жаққа тиесілі екендігін айқындауды, шекаралық белгілер орнатуды, шекара демаркациясы туралы құжаттардың жобасын дайындауды, егжей-тегжейлі демаркациялық карталар жасауды, сондай-ақ жоғарыда аталған міндеттерді орындауға байланысты әр түрлі нақты мәселелерді шешуді тапсыруға ұйғарды.

5-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің 2-бабында сипатталған Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара желісі суды айырып тұрған шекаралық тау жоталарымен, ал шекаралық өзендерде - өзеннің ортасымен немесе оның бас тарамының ортасымен өтеді. суды айырып тұрған тау жоталарының дәл жағдайлары және өзеннің немесе оның бас тарамының ортасы және осыған сәйкес өзендердегі аралдардың қай жаққа тиесілі екендігі Қазақстан мен Қытай арасындағы шекараны демаркациялау кезінде нақты анықталады.

Өзеннің бас тарамын анықтау үшін судың орта деңгейдегі молдығы негізгі өлшем ретінде алынады.

Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген шекаралық өзендер кеме жүрмейтін өзендер болып табылады.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасы - Қытай Халық Республикасы - Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы - Қытай Халық Республикасы - Қырғыз Республикасы мемлекеттік шекараларының түйіскен нүктелерін мүдделі мемлекеттер жеке анықтайды деп келісті.

7-бап

Уағдаласушы Тараптар Қазақстан - Қытай мемлекеттік шекарасының жергілікті жерде демаркацияланған желісі сондай-ақ әуе кеңістігі мен жер қойнауларын тік бағыттар бойынша да межелейді деп келісті.

8-бап

Шекараға шектес алапта, соның ішінде шекаралық өзендерде болуы мүмкін кез келген табиғи өзгерістер Қазақстан - Қытай мемлекеттік шекарасының жергілікті жерде демаркацияланған желісінің жағдайына, сондай-ақ егер Уағдаласушы Тараптар басқаша келіспеген болса, аралдардың қай жаққа тиесілі екендігіне өзгеріс енгізбейді.

Шекара желісі демаркацияланғаннан кейін шекаралық өзендерде пайда болған аралдардың қай жаққа тиесілі екендігі шекараның демаркацияланған желісінің жағдайына сәйкес анықталады, ал шекараның демаркацияланған желісінде тікелей пайда болған аралдардың қай жаққа тиесілі екендігі Уағдаласушы Тараптар арасындағы консультациялар арқылы әділ әрі ұтымды негізде анықталады.

9-бап

Осы Келісім бекітілуге тиіс және бекіту грамоталары алмасылған күннен бастап күшіне енеді. Бекіту грамоталарын алмасу ең қысқа мерзімде Пекин қаласында жүзеге асырылады.

Осы Келісім Алматы қаласында 1994 жылы 26 сәуірде әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды. Түсіндіру кезінде алшақтық болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс және қытай тілдеріндегі текстерге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасы
Мемлекеттік Кеңесінің Премьері
Ли Пэн

Алматы қаласы, 1994 жылғы 26 сәуір

**Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы
арасындағы достық өзара қатынастарды одан әрі
дамыту мен тереңдету туралы бірлескен декларация**

I

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы олардың арасындағы тату көршіліктің ұзақ мерзімді және тұрақты қатынастарын, достық пен өзара тиімді ынтымақтастықғы қолдау және дамыту екі елдің және халықтардың түпкілікті мүдделеріне жауап береді, Азиядағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті, тұрақтылық пен дамуды сақтау мен нығайтуға қолайлы жағдай жасайды деп бірауыздан санайды.

II

Тараптар Қазақстан мен Қытайдың арасында дипломатиялық қатынастарды орнатқан соң екі ел арасындағы қатынастардың жемісті дамуын жоғары бағалайды, екі жақты қатынастардың саяси, экономикалық, ізгілік және басқа салаларда одан әрі дамуы үшін кең перспективалар мен зор әлеует бар деп санайды.

III

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қатынастарды орнату туралы 1992 жылғы қаңтарда жарияланған Бірлескен мәлімдемеде, 1992 жылғы ақпанда қол қойылған Бірлескен мәлімдемеде және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық өзара қатынастардың негіздері туралы 1993 жылғы қазанда қол қойылған Бірлескен декларацияда белгіленген принциптерге берік адалдығын қуаттайды және ХХІ ғасырға көз тіге отырып, екі ел арасындағы қатынастарды сапалы жаңа деңгейге көтеруге бекем бел байлады.

IV

Осы мақсаттарда Тараптар белсенді және жан-жақты қадамдар жасауда берік шешімге келді:

1. Саяси қатынастар саласында:

- бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципін негізге ала отырып, екі ел арасындағы ұзақ мерзімді тату көршілік пен достықтың өзара қатынастарын батыл және

ұдайы сақтау мен дамыту, өзара түсіністік пен сенімді нығайту, әр түрлі деңгейлерде үдемелі және жан-жақты диалогты қолдау, жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларының негізінде риясыздық, тілектестік, өзара мүдделерді ескеру рухында туындаған проблемаларды шешу;

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы 1994 жылғы 26 сәуірде қол қойылған Келісімді қатаң сақтау, тез арада шекараны белгілеуге кірісу және екі ел арасындағы қазіргі шекара туралы шарттар мен жалпы қабылданған халықаралық құқық принциптерін негізге ала отырып, тең құқықты консультациялар жолымен, өзара төзімділік пен өзара түсіністік рухында, екі Тарап үшін қолайлы болатын әділетті және ұтымды шешімін табу үшін қалған мәселелерді талқылауды жалғастыру;
- өз аумағындағы кез келген ұйымның және күштердің екінші Тарапқа қарсы бағытталған сепаратистік қызметіне жол бермей, ұлттық сепаратизмнің қандай түріне болса да қарсы шығу;
- Тараптардың әрқайсысының халқы өз елінің нақты жағдайларын ескере отырып, тандаған даму жолын өзара құрметтеуді негізге ала отырып, жүзеге асырылып жатқан реформалардың саясаты және практикасымен өзара танысуды жүргізу;

2. Сауда экономикалық салада:

- екі Тараптың жағдайлары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, теңдік пен өзара пайда принципін ұстана отырып, географиялық жақындық пен экономикалардың өзара толығатын сипатымен берілген артықшылықтарды барынша пайдалану; халықаралық стандарттарға сәйкесті шаруашылық байланыстарының нысандарына өтуді бірте-бірте жүзеге асыру, энергетика, металлургия, мұнай-химия өнеркәсібі, минералдық тыңайтқыштар өндірісі, көлік, тоқыма өнеркәсібі салаларындағы ынтымақтастыққа басым көңіл бөлу;
- қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, ынтымақтастықтың деңгейі мен сапасын көтеру, ынтымақтастықтың ірі объектілерінің үлес салмағын ұлғайту, сонымен бірге Қазақстаннан Қытайдың Тынық мұхиттық жағалауына дейін екі елдің аумағымен мұнай құбырын төсеу жобасы жөніндегі ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін белсенді зерделеу;
- екі елдің Үкіметтері қол қойған, күрделі қаржыларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы Келісімді тиімді түрде жүзеге асыру; өзаралық инвестиция саласындағы екі елдің іскер топтарының белсенділігін күшейту үшін халықаралық сауда-экономикалық қатынастарының қалыптасқан ережелері мен практикасына сәйкес өз елінде инвестициялық жағдайларды жақсарту;
- қол қойылған екі жақты экономикалық, сауда және қаржы шарттары мен келісімдерді іс жүзінде жүзеге асыру үшін пәрменді және тиімді шаралар қабылдау, осы саладағы екі жақты қатынастардың шарттық-құқықтық базасын жетілдіруге және нығайтуға одан әрі күш-жігер жұмылдыру;
- екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарының субъектілері болып табылатын кәсіпорындар мен компанияларды - әсіресе, қуатты және несиеге қабілетті кәсіпорындар компанияларды тең құқықты және өзара тиімді негізде әр түрлі нысандағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты ұлғайтуда және дамытуда көтермелеу мен қолдау жөніндегі күш-жігерлерді үдету;
- үздіксіз жүк, жолаушылар тасымалдауларын қамтамасыз ету жөнінде пәрменді іс-шаралар қабылдау және осы мақсаттарда қол қойылып қойған және қол

- қою жоспарланып отырған тиісті екі жақты және көп жақты келісімдерді толық жүзеге асыру;
- банк ісі саласындағы қатынастар мен ынтымақтастықты дамытуды көтермелеу;
 - сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай үкіметаралық комиссиясының екі елдің экономикалық байланыстарын реттеуде және ынталандыруда өзінің рөлін толық түрде көрсету үшін жұмысын күшейту;
 - Қазақстан мен Қытай аймақтарының, әсіресе шекаралас, арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты бұдан да күштірек дамыту.
3. Әскери- саяси салада:
- екі ел Қорғаныс министрліктерінің арасындағы байланыстарды орнату мен дамытуға көмектесу;
 - шекара ауданындағы достық, сенім және ынтымақтастық ахуалын одан әрі нығайту үшін қарулы күштерді өзара қысқарту мен шекара ауданындағы әскери салада сенімді баянды ету шаралары туралы Келісімді тезірек әзірлеуге күш жұмылдыру;
 - өзара тиімділік негізінде және екі елдің өздеріне алған халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізу.
4. Ізгілік саласында:
- екі жақты келісімдер мен халықаралық құқық нормаларына сәйкес Тараптар азаматтарының өзара сапарларына бақылауды күшейту, өз аумағында екінші Тарап азаматтарының қауіпсіздігін сенімді кепілдендіру заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау;
 - азаматтық және қылмыстық істері жөніндегі құқықтық көмек туралы жасалған Шарттың және басқа қол қою жоспарланып отырған келісімдердің шеңберінде, жалпы қабылданған халықаралық практикаға сәйкес құқық саласындағы ынтымақтастықты нығайту;
 - екі жақты мәдени байланыстар мен білім саласындағы алмасуларды ұлғайту, ең алдымен осы салалардағы ынтымақтастық туралы қолжеткен уағдаластықтарды екі елдің министрліктерінің, комитеттерінің және ведомстволарының жүзеге асыруына жәрдемдесу;
 - Қазақстан мен Қытай халықтарының олардың ежелгі тарихымен, өзіндік мәдениетімен және дәстүрлерімен өзара кеңірек танысуы үшін туризмнің маңызын ескере отырып, екі жақты туристік алмасуларды дамытуға жәрдемдесу.
5. Халықаралық қатынастар саласында:
- халықаралық және аймақтық проблемаларды түсінуді одан әрі кеңейту мақсаттарында екі ел сыртқы ведомстволарының арасында консультациялар өткізу халықаралық ұйымдар шеңберінде халықаралық істердегі өзаралық іс-қимылды нығайту, қазіргі халықаралық қатынастардың маңызды проблемалары жөніндегі айқындамаларды келісу;
 - жаңа әділетті және ұтымды халықаралық саяси және экономикалық тәртіпті орнатуда, ол егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, шабуыл жасамау, ішкі істерге араласпау, теңдік пен өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру, барлық елдердің халықтарының әлеуметтік құрылыс пен даму үлгісін тандау құқықтарын құрметтеу принциптерінің негізінде құрылуға тиіс деп санай отырып, бірлескен күш-жігерлерді жұмылдыру;
 - барлық елдер, мейлі үлкен немесе кіші, күшті немесе әлсіз, бай немесе кедей

болмасын тең құқықты ынтымақтастықты жүргізуін, халықаралық істерде кемсітушіліксіз қатысуын жақтау, гегемонизм мен күш саясатына қарсы іс қимыл жүргізу;

- БҰҰ Жарғысы мен бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципін негізге ала отырып, Азия-Тынық мұхит аймағының барлық елдері бір-біріне тең құқықты қарауы, тату көршілік пен достық рухында өмір сүруі үшін; гегемонияға немесе әсер ету саласына талаптарға қарсы; ортақ өркендеу мен бірлескен даму мүддесінде өзара тиімді ынтымақтастықғы нығайту үшін; қарулануға қарсы, ядролық қаруды таралуына жол бермесу үшін; тиісті халықаралық конвенцияларға сәйкес бейбіт келіссөздер жолымен Азия елдерінің арасындағы барлық аумақтық, шекаралық және басқа даулы мәселелердің шешілуі үшін, күш қолданудан немесе күшпен қорқытудан бас тарту үшін ат салысады;
- осы аймақта бар әр алуандықты негізге ала отырып, бірауыздылық және дәйектілік принципін басшылыққа ала отырып, әр түрлі нысандарда, әр түрлі деңгейлерде, әр түрлі арналар арқылы қауіпсіздік жөнінде екі жақты және аймақтық диалогты жүргізу; Орталық Азия мемлекеттерінің Азия-Тынық мұхит аймағындағы елдермен көп қырлы байланыстарын дамытуға жәрдемдесу, сол арқылы Азия-Тынық мұхит аймағындағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ісіне үлес қосу. Осы айқындаманы негізге ала отырып, Қытай жағы Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі Кеңесті шақыру туралы бастамасын белсенді түрде қолдайды, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы барлық елдермен бірге шынайы қауіпсіздік пен тең құқықты ынтымақтастыққа тиімді жолдарды іздестіруге әзір;
- Орталық Азия елдерінің мемлекеттік тәуелсіздік пен егемендікті қорғауға, аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа жәрдемдесуге, аймақтық ынтымақтастықты, сондай-ақ аймақтағы елдер арасындағы достық пен ынтымақтастықғы нығайтуға бағытталған күш-жігерлерін қолдау, бұл жерде Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен даму аймақтағы елдер халықтарының түпкілікті мүдделеріне ғана жауап бермейтінін, сонымен бірге Азияда және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің сақталуы үшін де маңызы зор екенін негізге алу керек.

V

Қытай жағы Қазақстанның экономиканы дамыту, ішкі тұрақтылықты сақтау, тәуелсіздікті, егемендікті және өз елінің аумақтық тұтастығын қорғау жөніндегі күш-жігерлеріне өзінің өзгермейтін қолдауын қуаттайды.

Қазақстан жағы Қытай Халық Республикасының Үкіметін Қытайдың бір ғана заңды үкіметі ретінде, ал Тайваньның Қытай аумағының ажыратылмас бөлігі болып табылатынын мойындайтынын қуаттайды; ол «бір Қытай, бір Тайвань» құруға тырысатын іс-қимылдарға қарсы болады. Ол Тайваньмен ресми қатынастарды орнатпайды және қандай да бір нысанда онымен ресми байланыстарды қолдамайды.

VI

Қытай жағы Қазақстанның ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде ядролық қаруды таратпау туралы Шартқа қосылуын жоғары бағалайды, Қытайдың еш уақытта және ешқандай жағдайда ядролық қаруды бірінші болып қолданбайтынын, ядролық қаруды қолданудан немесе оны ядросыз мемлекеттерге және ядросыз аймақтарға қарсы қолдану қаупінен тартынатынын тағы да қуаттайды және басқа

ядролық мемлекеттерді осындай айқындаманы ұстануға шақырады. Қытай ядролық қаруға толық тыйым салу және түпкілікті жоюды қолдайды, осы контексте ядролық сынақтарға толық тыйым салуды құптайды және ядролық қаруға толық тыйым салу туралы Шартты келіссөздер жолымен тезірек жасасуға шақырады.

Қазақстан жағы Қытай жағының жоғарыда аталған айқындамасын жоғары бағалайды және бөліседі, Қытай Үкіметінің Қазақстанға қауіпсіздік кепілдіктерін беру туралы 1995 жылғы ақпанда жарияланған Мәлімдемесінің тарихи маңызын атап көрсетеді және дүние жүзілік әрі аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті одан әрі нығайту мүдделерінде Қытай жағымен өзара іс-қимылға әзірлігін қуаттайды.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Цзян Цземин

Бейжің қаласы, 1995 жылғы 11 қыркүйек

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Бірлескен декларациясы

Бұдан әрі қарай «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы екі ел арасындағы бұрыннан қалыптасқан тату-тәтті көршілік, достық, өзара сенім және жан-жақты ынтымақтастық қатынастарын одан әрі қарай бекіте және нығайта түсуге ортақ ұмтылысын ескере отырып, Алматыдағы жоғары деңгейдегі келіссөздер қорытындысы бойынша мына төмендегілер жөнінде мәлімдейді:

1. Тараптар Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 1992 жылғы 3 қаңтардағы Дипломатиялық қатынастар орнату туралы бірлескен мазмұндамада, Қазақстан мен Қытай арасындағы 1992 жылғы 26 ақпандағы Бірлескен мазмұндамада, Қазақстан мен Қытай арасындағы 1993 жылғы 18 қазандағы Бірлескен Декларацияда және Қазақстан мен Қытай арасындағы 1995 жылғы 11 қыркүйектегі Бірлескен декларацияда белгіленген принциптерге айнымас адалдығын қуаттайды, бұл екі ел халықтарының түбегейлі мүдделеріне сай келіп қана қоймайды, сонымен бірге Азиядағы және бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілікке, тұрақтылыққа және дамуға қолайлы жағдай жасайды деп есептей отырып, Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара бірлесіп әрекет ету мен әріптестік деңгейінің ХХІ ғасырға бағытталған тату-тәтті көршілік, достық және өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарын көтеруге бекем бел буып отыр.

2. Тараптар бұның Қазақстан мен Қытай арасындағы екі жақты қарым-қатынастарды одан әрі қарай нығайту үшін зор маңызы бар екенін ескере отырып, алдағы уақытта да әртүрлі, соның ішінде жоғары деңгейде де тұрақты түрде саяси диалог пен консультацияларды өрістетуге келісті.

3. Тараптар екі ел шекаралары ауданындағы бейбітшілік, тату-тәтті көршілік және ынтымақтастық жағдайын одан әрі қарай нығайту екі ел арасындағы өзара сенім мен өзара түсіністікті күшейте түсуге ғана жәрдемдесіп қоймай, сондай-ақ аталған аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа жәрдемдеседі дейтін бірыңғай пікірге келді. Осы мақсатта Тараптар Қазақстан мен Қытай арасындағы 1994 жылғы 26 сәуірде қол қойылған Мемлекеттік шекара туралы келісімді қатаң сақтай отырып, барынша қысқа мерзімдер ішінде жоғарыда аталған келісімде көзделген

шекарадағы демаркациялық жұмыстарға кіріседі және басқа да қалған шекаралық мәселелер бойынша келіссөздерді жалғастыруға әзірлігін білдіреді.

Тараптар Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы арасындағы 1996 жылғы 26 сәуірде қол қойылған Шекара ауданындағы әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімді жоғары бағалайды, осы Келісімді жүзеге асыру жөнінде пәрменді іс-шаралар қабылдауға және Шекара ауданындағы әскери күштерді өзара қысқарту туралы келісімді жедел түрде әзірлеу үшін одан әрі қарай күш-жігер жұмсауға бел буғаны туралы мәлімдейді.

4. Тараптар кез келген нысандағы ұлттық сепаратизмге қарсы тұратынын қуаттай отырып, өз аумақтарында кез келген ұйымдардың және күштердің екінші Тарапқа қарсы бағытталған сепаратистік қызметін жүзеге асыруына жол бермейді.

5. Тараптар экономикалық ынтымақтастық пен сауда байланыстары Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың маңызды құрамды бөлігі болып табылады деп, сондай-ақ екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін зор әлеуетті мүмкіндіктер бар дейтін бір пікірге келеді. Тараптар толық түрде олардың экономикасының географиялық артықшылықтары мен бірін-бірі толықтыруын пайдаланатын болады, оның екі елдің достық қатынастары мен экономикалық әлеуетіне сәйкес барынша жоғары деңгейге жетуі үшін теңдік және өзара тиімділік негізінде жан-жақты түрде сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытатын және кеңейтетін болады деп мәлімдеді.

6. Қазақстан жағы өзінің Қытай Халық Республикасы Үкіметін Қытайдың бірден-бір заңды үкіметі ретінде танытынын, Тайвань Қытай аумағының ажырағысыз бөлігі болып табылатынын, өзінің Тайваньмен ресми қатынастар орнатпайтынын және онымен қандай да бір нысанда болмасын ресми байланыс жасамайтынын қуаттайды.

Қытай жағы өз Мемлекетінің Қазақстанға Қауіпсіздік кепілдіктері туралы мәлімдемесін қуаттайды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі мен егемендігін, аумақтық тұтастығын қорғау үшін, саяси тұрақтылықты сақтау және ұлттық экономиканы дамыту үшін Қазақстан Республикасы қабылдап отырған барлық іс-шараларға өзінің құрметін және қолдауын білдіреді.

7. Тараптар өзара сыйластық пен тең құқықтылық қалыпты мемлекетаралық қатынастар жасау мен дамытудың маңызды принциптері болып табылады, қазіргі халықаралық қауымдастықта мейлі, ол үлкен немесе кіші болсын - барлық елдер халықаралық істерге тең құқықты түрде қатысу құқығына ие, мемлекеттік құрылым мен даму үлгісін тәуелсіз таңдауға құқылы дейтін бір пікірге келеді.

Тараптар халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптерінің, соның ішінде егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара сыйлау, өзара шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, теңдік және өзара тиімділік және басқа да принциптер негізінде әділ және ұтымды жаңа халықаралық саяси және экономикалық тәртіпті орнату мақсатында барлық елдерді тығыз ынтымақтастыққа шақырады.

8. Тараптар ядролық қаруды қоса алғанда, жаппай қырып-жою қаруларының барлық түрлеріне, жаппай тыйым салуға және оларды толық жоюға үндей отырып, тез арада Ядролық сынаққа толық көлемде тыйым салу туралы шарт жасасуды қолдайды.

Тараптар барлық ядролық елдерді бірінші болып ядролық қаруды қолданбау, ядролық емес елдер мен ядросыз аймақтарға қатысты ядролық қаруды қолданбау немесе оны қолданамын деп қоқан-лоқы жасамау міндеттемелерін алуға үндейді.

9. Тараптар қазіргі уақытта Азия-Тынық мұхит аймағындағы (АТА) жағдайға тұрақтылық пен экономиканың жедел түрде даму қарқыны тән сипат деп есептейді. Тараптардың пікірінше, АТА келесі ғасырда маңызды рөл атқаратын болады. Тараптар АТА елдерінің бір-бірімен қарым-қатынаста өзара сыйластық, тең құқықтылық және тату-тәтті көршілік, өзге елдердің ішкі істеріне қандай да болсын нысанда қол сұқпаушылық принциптерін қатаң сақтауға шақырады. Кез келген мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының іс-әрекеттері тиісті елдер мен аймақтардың ортақ мүдделеріне сай келуге, АТА мен бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілік пен дамуға жәрдемдесуге тиіс. Тараптар АТА елдерінің арасындағы даулы мәселелер достық консультациялар, өзара түсіністік және өзара төзімділік рухында келіссөздер жолымен, күш қолданбау немесе күш қолдануға қоқан-лоқы жасамау жолымен шешілуге тиіс деп есептейді.

10. АТА елдерінің халықтары арасындағы өзара түсіністік пен сенімді одан әрі күшейту, АТА қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту мақсатында Тараптар азия-тынық мұхит елдері осы аймақтағы сан алуандықты ескере отырып, аймақтағы қауіпсіздікті нығайту проблемалары жөнінде екі жақты және көп жақты консультациялар жүргізуі қажет дейтін пікір айтты. Осы позиция тұрғысынан келгенде қытай жағы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Азиядағы өзара іс-әрекет пен сенім шаралары туралы бастамасын белсенді түрде қолдайды. Қазақстан мен Қытай алдағы уақытта да екі жақты және көп жақты негізде азия-тынық мұхит аймағында диалог пен ынтымақтастықты дамытуға ұмтылуға әзір екендіктерін білдіреді.

11. Тараптар өзара түсіністік пен сенімді тереңдету мақсатында азия-тынық мұхит елдерінің халықтары арасында достық байланыстарды үздіксіз нығайтуды қолдайды, сондай-ақ аймақта мемлекетаралық, ұлтаралық және діндер арасындағы қарама-қайшылықтарды өршітуге қарсы тұратындарын білдірді.

12. Тараптар Азия елдері арасындағы террорлық акциялардың барлық түрлеріне, ұйымдасқан қылмысқа, контрабандаға, есірткі заттар бизнесіне және қылмыстың басқа да түрлеріне қарсы күресте үйлестіру мен ынтымақтастықты нығайтудың зор маңызы бар деп есептейді. Тараптар екі жақты және көп жақты деңгейде осы саладағы бірлескен іс-әрекетті күшейтуге және мұндай ынтымақтастықтың тиімді жолдарын іздестіруге әзір екендіктері туралы мәлімдейді.

13. Тараптар Орталық Азия аймағындағы бейбітшілікті, тұрақтылықты және дамуды сақтау, екі жақты және аймақтық экономикалық ынтымақтастықты нығайту осы аймақтың барлық елдерінің ортақ мұрат-мақсаттары мен түбегейлі мүдделеріне ғана сай келмейді, сонымен бірге Азияда, сондай-ақ бүкіл дүниежүзінде бейбітшілікті сақтау үшін зор маңызға ие деп есептейді. Тараптар Орталық Азия елдерінің осы аймақта қауіпсіздікті, тұрақтылықты және ынтымақтастықты нығайту үшін қабылдап отырған барлық іс-әрекетін қолдайды.

14. Тараптар алдағы уақытта да аймақтық және халықаралық проблемалар жөніндегі консультацияларды нығайтуға, аймақтық және ғаламдық сипаттағы актуальды мәселелерді шешуге жәрдемдесу мақсатында БҰҰ және өзге де халықаралық ұйымдар шеңберінде ынтымақтасуға келісті.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Цзян Цземин

Алматы қаласы, 1996 жылғы 5 шілде

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жиырма бірінші ғасырда жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы бірлескен декларация

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы, екі мемлекет арасындағы қалыптасқан тату көршілік, достық және жан-жақты ынтымақтастық қарым-қатынастардың одан әрі дамуына ұмтыла отырып, өзара сыйластық пен сенім, теңдік, ішкі істерге араласпау, дауларды бейбіт жолмен шешу принциптері негізінде өзара қарым-қатынас орнату қажеттілігіне кәміл сенім білдіре отырып, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастардың негіздері туралы 1993 жылғы 18 қазандағы бірлескен декларация, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы өзара достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту және нығайту туралы 1995 жылғы 11 қыркүйектегі бірлескен декларация және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі бірлескен декларациясы бекіткен принциптерге өздерінің адалдығын қуаттай отырып, төмендегілер туралы мәлімдейді:

1. Тараптар екі жақты ынтымақтастықтың әртүрлі салаларында қол жеткізілген табыстарды жоғары бағалай отырып, екі мемлекет басшылығы арасындағы өзара түсіністіктің жоғары деңгейін қанағаттанғандық сезіммен атап өте отырып, екі жақты қарым-қатынастың одан әрі нығаюы екі ел халықтарының түпкі мүдделеріне жауап береді деп санай отырып, екі мемлекеттің барлық салалардағы стратегиялық өзара іс-қимылдарын нығайтуға белді бекем буып отыр.

2. Тараптар екі мемлекет арасындағы шекаралық мәселелердің шешілуінің тарихи сипатын атап көрсете отырып және демаркациялық дала жұмыстарын аяқтай отырып, шекаралардың және мемлекеттердің аумақтық тұтастығының мызғымастығының әмбебап принциптеріне адалдықтарын қуаттайды.

3. Тараптар екі мемлекеттегі экономикалық реформалардың іске асуының жемісті процесіне мүдделілік білдіре отырып, екі елдің сауда- экономикалық ынтымақтастығының кеңеюі мен терендеуіне бар күш- жігерлерін салуға және оған келер ғасырда өзара тиімді әріптестік сипат беруге ұмтылатын болады. Осыған орай Тараптар сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның қызметін жандандыру қажеттігін атап көрсетеді.

4. Тараптар екі елдің энергетика саласындағы ынтымақтастығының стратегиялық маңызды мәні бар екендігін атап көрсетеді. Тараптар энергетика саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың орасан әлеуетті мүмкіндігін толық пайдалануға ұмтыла отырып, екі ел арасындағы мұнай саласындағы ынтымақтастықты одан әрі күшейту мақсатында қазақстан-қытай мұнай құбырын төсеу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді аяқтауды жеделдету жөнінен бірлескен шаралар қолданады.

5. Тараптар екі мемлекеттің географиялық жақындығының артықшылықтарын атап өте отырып, халықаралық көлік қатынасы саласындағы кең ынтымақтастыққа маңызды мән береді, көне “Жібек жолын” қайта жаңғыртуға бірлесе күш-жігер жұмсауға дайын.

6. Тараптар екі мемлекет басшыларының саяси жігерлерінің нәтижесінде мүмкін болған трансшекаралық өзендердің су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі сарапшылар деңгейіндегі келіссөздер процесінің басталғандығын қолдайды. Тараптар тиісті үкіметаралық келісімнің қабылдануы мақсатында келіссөздер процесіне ықпал ететін болады.

7. Тараптар өзара мүдделілік білдіретін ғылымның, техниканың және жаңа технологияның басымдық берілетін бағыттарында ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға дайын.

8. Тараптар туризм, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, дене шынықтыру және спорт саласындағы жан-жақты байланыстарды, жастар ұйымдары арасындағы алмасуларды кеңейтуді жалғастырудың маңыздылығын мақұлдайды.

9. Тараптар қоршаған ортаға қатер төндіруді төмендету және экологиялық тепе-теңдікті қолдауға бағытталған шараларды қабылдау мүдделері жолында халықаралық қоғамдастық белсенді түрде ынтымақтасуы тиіс деп санайды. Тараптар қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету саласында ынтымақтастықты дамытатын болады және осы бағытта тәжірибе мен технологиялар алмасуды жүзеге асырады.

10. Тараптар ұлттық жікшілдікке, діни экстремизмге, терроризмге, қарудың заңсыз айналымына, есірткі заттардың контрабандасына, заңсыз көші-қонға және құқыққа қайшы іс-әрекеттің басқа да нысандарына қарсы тиімді іс-қимылды күшейту жөнінен пәрменді шаралар қолдануға деген ниеттері ортақ. Тараптар Қазақстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының мемлекеттері басшыларының 1999 жылғы 25 тамыздағы Бішкек декларациясы бекіткен уағдаластықтарды іске асыруға белсенді түрде қатысатын болады.

11. Қытай тарапы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне, егемендігіне және аумақтық тұтастығына өзінің құрметін қуаттайды, Қазақстан басшылығының мемлекеттік тәуелсіздікке, конституциялық құрылымға, ұлттық экономиканы дамыту мен әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды жүзеге асыруға бағытталған күш-жігерлеріне қолдаушылық білдіреді.

Қазақстан тарапы Қытай Халық Республикасы Қытайдың жалғыз заңды үкіметі, ал Тайван-Қытай аумағының ажырамас бөлігі болып табылатындығын қуаттайды. Қазақстан Үкіметі “екі Қытай” немесе “бір Қытай, бір Тайван” түсінігін қалыптастыру әрекетіне қарсылық білдіреді, және өзінің Тайванмен қандай да бір нысанда болмасын ресми қарым-қатынас орнатпайтындығын қуаттайды.

12. Тараптар Азиялық-Тынық мұхиттық аймақтағы жағдайдың жақсаруына және осы аймақта бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ азиялық қауіпсіздік жөніндегі екі жақты және көп жақты консультацияларға сындарлы сипатта қатысуға бірлескен түрде ықпал етуге әзір.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңестің белсенді қатысушылары болып табылатын Тараптар осы Келісімнің бастамаларының іс жүзінде іске асуына ықпал етуге ниеттеніп отыр.

13. Тараптар өзара мүдделілік туғызып отырған ғаламдық және аймақтық проблемалар жөнінде пікір алмасулардың маңызды мәні бар екендігін атап көрсетеді, халықаралық ұйымдар мен ынтымақтастықтың аймақтық тетіктері шеңберіндегі екі жақты және көп жақты ынтымақтастықты дамытуға өздерінің әзір екендіктерін, БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен принциптерін, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы мойындалған нормаларын ұстанатындықтарын тағы да мәлімдейді. Тараптар әділ және ұтымды жаңа халықаралық саяси және экономикалық тәртіптің орнауына күш-жігер жұмсайтын болады.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы Цзян Цземин

Бейжің қаласы, 1999 жылғы 23 қараша

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы шекаралық мәселелерді толығымен ретгеу туралы бірлескен ресми мәлімдеме

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының басшылары Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы 1994 жылғы 26 сәуірдегі келісімге, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы 1997 жылғы 24 қыркүйектегі қосымша келісімге және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы 1998 жылғы 4 шілдедегі қосымша келісімге сәйкес, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық мәселелердің толығымен реттелгендігін қанағаттанғандық сезіммен атап өтеді. Бұл екі жақты қарым-қатынастарда тарихи маңызға ие, Қазақстан мен Қытай арасындағы тату көршілік және достық қарым-қатынастардың одан әрі дамуына ғана ықпал етіп қоймайды, сонымен қатар осы аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты ұстап тұруға да қолайлы жағдай туғызады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік шекара туралы үш Келісімнің ережелеріне сәйкес, мемлекеттік шекараның бүкіл өн бойындағы демаркациялық дала жұмыстары келісілген мерзімде аяқталды.

Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы жер бедерінде нақты белгіленді. Тараптар барлық демаркациялық жұмыстарды аяқтау мақсатында тиісті құқықтық құжаттарды әзірлеуді жеделдетуге дайын.

Тараптар шекара аудандарында өзара сенім білдіру мен достық ынтымақтастықты нығайту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында шекара режимі, трансшекаралық су ресурстарын пайдалану, көлік коммуникациялары, шекара арқылы өткізу пункттері мәселелері бойынша консультациялар өткізіп тұратын болады.

Қазақстан Республикасы үшін
Қ.К.Тоқаев

Қытай Халық Республикасы үшін
Цянь Цичэн

Бейжің қаласы, 1999 жылғы 23 қараша

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт

Бұдан әрі қарай Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы, олардың арасындағы тату көршілік, достық және барлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту екі ел халықтарының түбегейлі мүдделеріне жауап беретіндігіне және Азия мен бүкіл әлемде бейбітшілікті, қауіпсіздікті, сондай-ақ тұрлаулылықты сақтауға септігін тигізетіндігіне сене отырып, 1993-1999 жылдар кезеңінде қол қойылған Бірлескен Қазақстан-Қытай декларацияларының екі жақты қатынасты дамыту үшін зор маңызы бар екенін тағы да мәлімдей отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы және өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша өз міндеттемелерін қуаттай отырып, екі ел халықтарының арасындағы дәстүрлі достық

рухында қазіргі бар жан-жақты ынтымақтастық қатынастарын одан әрі дамытуға және нығайтуға деген ұмтылыстан шыға отырып, Төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар бір-біріне басып кірмеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара тиімділік, бейбіт өмір сүру, егемендік пен жер тұтастығын өзара құрмет тұтудың қағидаттарына, халықаралық құқықтың жалпы танымал қағидаттары мен нормаларына сәйкес тату көршілік, достық және өзара тиімді ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады және нығайтады.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын делимитациялаудың және демаркациялаудың тарихи мәні бар екенін атап көрсетеді. Уағдаласушы Тараптар аумақтарға қолсұқпаушылық пен шекаралар мызғымастығының халықаралық құқықтық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, екі ел арасындағы шекара туралы тиісті шарттарды бұлжытпай орындайды, сондай-ақ шекара аймағында екі жақ арасындағы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан мәңгілік татулық пен достықты қолдауға бекем бел байлайды.

3-бап

Қазақстандық Уағдаласушы Тарап әлемде тек бір ғана Қытай бар, Қытай Халық Республикасының Үкіметі бүкіл Қытайдың атынан шығатын бірден бір заңды үкімет, ал Тайвань Қытайдың ажырамас бөлігі деп растайды. Қазақстандық Уағдаласушы Тарап «екі Қытай» немесе «бір Қытай, бір Тайвань» құру әрекетіне қарсы шығады, «Тайванның тәуелсіздігіне» және оның тек қана егеменді мемлекеттер қатыса алатын қандай да болсын халықаралық және аймақтық ұйымдарға қатысуына қарсы. Қазақстандық Уағдаласушы Тарап Тайванмен ресми қатынастар орнатпайтынын және онымен қандай түрде болмасын ресми байланыстар жасамайтынын растайды.

4-бап

Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы қандай да болмасын одақтар мен блоктарға қатыспайды, үшінші мемлекетпен бір-бірінің егемендігіне, қауіпсіздігіне және жер тұтастығына нұқсан келтіретін шарттар жасасу сияқты қандай да болмасын осы тұрғыдағы іс-әрекеттерге бармайды. Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы басқа Уағдаласушы Тараптың мемлекеттік егемендігіне, қауіпсіздігіне және жер тұтастығына нұқсан келтіретін мақсатта өз жер аумағын үшінші мемлекеттердің пайдалануына жол бермейді.

Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы өз жерінде басқа Уағдаласушы Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне және жер тұтастығына нұқсан келтіретін ұйымдар мен топтардың құрылуына және белсенділік танытуына жол бермейді.

5-бап

Қытайлық Уағдаласушы Тарап Қазақстан Республикасының ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуын жоғары бағалайды және Қытайдың ешқашан және қандай да бір жағдайда болмасын ядролық қаруды бірінші қолданбайтынын, ядролық қаруды қолдануға немесе оны ядролық қарусыз мемлекеттерге немесе ядролық қарусыз аймақтарға қарсы қолданатындығымен қорқытуға бармайтынын растайды және басқа да ядролық қарулы мемлекеттерді осындай ұстанымда болуға шақырады.

Қазақстандық Уағдаласушы Тарап жоғарыда аталған Қытайлық Уағдаласушы Тараптың ұстанымын жоғары бағалайды да, онымен бөліседі, ҚХР Үкіметінің 1995 жылдың ақпанында жариялаған Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беру туралы мәлімдемесінің тарихи маңыздылығын атап өтеді және ғаламдық және аймақтық тұрлаулылық пен қауіпсіздікті үздіксіз нығайту мүддесіне сай Қытайлық Уағдаласушы Тараппен өзара іс-әрекеттесуге өзінің дайындығын растайды.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар бұрын жасалған келісімдер мен қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық жасайды, Уағдаласушы Тараптардың әрбірінің жеке қауіпсіздігін нығайту мақсатында әскери салада сенім білдіру шараларын кеңейтіп, тереңдететін болады. Осы мақсатта Уағдаласушы Тараптар әртүрлі деңгейлердегі әскери алмасуларды, қорғаныс ведомстволары, әскери мекемелер және екі елдің қарулы күштерінің жеке құрамдары арасындағы жан-жақты достық байланыстарды көбейтеді, әскери кадрлар мен мамандарды оқыту және дайындауда бір-біріне көмек пен жәрдем көрсетеді.

7-бап

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттегі экономикалық реформаларды табысты жүзеге асыруда мүдделілік таныта отырып, екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейтуге және тереңдетуге күш-жігер жұмсайды және өздерінің ұлттық заңнамалары мен халықаралық келісімдердің шарттарына сәйкес осыларға қажетті қолайлы жағдай жасайды.

8-бап

Уағдаласушы Тараптар өздерінің халықаралық міндеттемелеріне, сондай-ақ екі елдің әрқайсысында қолданылатын ұлттық заңнамаларына сәйкес Уағдаласушы Тараптың аумағында басқа Уағдаласушы Тараптың заңды және жеке тұлғаларының заңды құқықтары мен мүдделеріне кепілдік беретін пәрменді шаралар қолданады, сондай-ақ, Уағдаласушы Тараптар қол қойған тиісті шарттарға сәйкес азаматтық және қылмыстық істерде бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді.

Уағдаласушы Тараптардың тиісті органдары ұлттық заңнамалары негізінде Уағдаласушы Тараптың заңды және жеке тұлғаларының басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында ынтымақтастық пен шаруашылық қызметте туындаған мәселелер мен дауды өз мемлекеттерінің аумағында қарастырады және шешеді.

Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық және өздері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес зияткерлік меншікті, оның ішінде патентке, сауда белгісін иемдену құқығын, авторлық және басқа да біріккен құқықтарды қорғауды қамтамасыз етеді.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар теңдік пен өзара тиімділік негізінде сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, көліктік, космостық, авиациялық, ақпараттық байланыстар технологиясы және басқа да өзара мүдделі салаларда ынтымақтастықты дамытады.

Уағдаласушы Тараптар энергетика саласындағы екі ел ынтымақтастығының стратегиялық мәні бар екенін сезіне отырып, энергетика саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың орасан зор әлеуеттік мүмкіндіктерін толық пайдалануға талпына отырып, екі Уағдаласушы Тараптардың энергетикалық жобалар бойынша

ынтымақтастықтығын жеделдете дамытуға бірлесе күш-жігер жұмсайтын болады.

10-бап

Уағдаласушы Тараптар тиісті халықаралық шарттарға сәйкес қоршаған ортаны ластандыруды болдырмау, табиғатты рационалды пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолданады және орнықты даму саясатын әзірлеуде және оны Орталық Азия субаймағында іс жүзінде жүзеге асыруда пәрменді шараларды қолданады. Олар қоршаған ортаны қорғау саласында, соның ішінде хайуанаттар әлеміндегі сан алуан түрлігін, шаң тозаңды бұрқасын профилактикасы, экологиялық мониторинг, экологиялық апаттардың салдарларымен және олардың қоршаған ортаға әсерімен күрес, тиісті Қазақстан-Қытай екі жақты келісімдері негізінде трансшекаралық өзендерді ұтымды пайдалану мен қорғау салаларында ынтымақтастықты дамытатын болады.

11-бап

Уағдаласушы Тараптар мәдениет, білім, туризм, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру мәдениеті мен спорт саласындағы жан-жақты байланыстардың кеңеюіне, екі елдің жастар ұйымдары арасындағы алмасуларды ұйымдастыруға зор маңызды мән береді. Уағдаласушы Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберіндегі мәдениет, спорт және туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытатын болады.

12-бап

Уағдаласушы Тараптар Орталық Азия аймағындағы бейбітшілік, тұрлаулылық пен дамуды сақтау, екі жақты және аймақтық экономикалық ынтымақтастықты нығайту тек қана барлық елдер халықтарының жалпы көздегендері мен түпкілікті мүдделеріне жауап беріп қана емес, Азиядағы, сондай-ақ бүкіл әлемдегі бейбітшілікті сақтау үшін зор маңызды мәні бар екенін атап өтеді.

Уағдаласушы Тараптар аймақтағы қауіпсіздікті, тұрлаулылықты және өзара сенім шараларын нығайту саласында бұрынырақта қол жеткізілген барлық уағдаластықтарды ұстанатын болады және осы бағыттағы ынтымақтастықты, соның ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде де дамытуға өздерінің дайын екендіктерін қуаттайды. Азия-Тынық мұхит аймағындағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрлаулылықты қамтамасыз ету мақсатында Уағдаласушы Тараптар азиялық қауіпсіздік бойынша Азиядағы өзара сенім және ықпалдастық шаралары шеңберінде сындарлы диалог жүргізетін болады.

13-бап

Уағдаласушы Тараптар БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттары, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға танымал басқа да нормалары негізінде БҰҰ мен басқа халықаралық ұйымдардың шеңберіндегі екі ел ынтымақтастығын нығайтады, өзара қызығушылық танытатын ғаламдық және аймақтық мәселелер бойынша пікірлермен алмасатын болады.

14-бап

Бейбітшілікке немесе Уағдаласушы Тараптардың бірінің қауіпсіздік мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін халықаралық және аймақтық ахуал шиеленіскен немесе дағдарыс жағдайының туындағанын Уағдаласушы Тараптар консультациялар өткізу

және қатердің көзін жоюға бағытталған шаралар әзірлеу мақсатында бір-бірімен жедел түрде байланыс жасайтын болады.

15-бап

Уағдаласушы Тараптардың өздерінің ұлттық заңнамасы мен халықаралық міндеттемелеріне сәйкес әрқайсысы екі жақты және көп жақты негізде халықаралық терроризмге, сепаратизм және экстремизмге, сондай-ақ ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз көші-қонға, есірткі заттардың, қарудың заңсыз айналымына және қылмыстың басқа түрлеріне қарсы бірлесіп күресудегі ынтымақтастықты дамытатын болады.

16-бап

Уағдаласушы Тараптар халықаралық қаржылық мекемелердегі, экономикалық ұйымдардағы және форумдардағы ынтымақтастығын жалғастыратын болады, сондай-ақ осындай мекемелердің, ұйымдардың және форумдардың жарғылық құжаттарындағы ережелерге сәйкес екінші Уағдаласушы Тарап қатысушысы болып табылатын олардың біріне Уағдаласушы Тараптардың бірінің енуіне жәрдемдесетін болады.

Уағдаласушы Тараптар қазіргі бар халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ болашақта құрылуы мүмкін ұйымдардың шеңберінде көп жақты үлгідегі экономикалық ынтымақтастықты дамытатын болады.

17-бап

Осы Шарт Уағдаласушы Тараптардың басқа мемлекеттермен қазіргі бар екіжақты және көпжақты шарттарынан туындайтын қандай да бір құқықтарын, сондай-ақ міндеттемелерін қозғамайды және үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған.

18-бап

Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделеді. Осы Шарттың ережелерін іске асыру мақсатында Уағдаласушы Тараптар қажет болған жағдайда жекелеген келісімдер жасасатын болады.

19-бап

Осы Шарт бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт жиырма жыл бойы күшінде болады. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі Шарттың қолданысының тиісті кезеңі аяқталардан кем дегенде бір жыл бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша нысанда хабарламаса, осы Шарттың қолданыс мерзімі келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылады.

Пекин қаласында 2002 жылғы «23» желтоқсанда әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Цзян Цземин

Бейжің қаласы, 2002 жылғы 23 желтоқсан

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық серіктестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларациясы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шақыруымен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао 2005 жылғы 3-4 шілдеде Қазақстан Республикасында мемлекеттік сапармен болды.

Екі мемлекет басшылары ашық және достық ахуалда терең пікір алмасу өткізіп, екі жақты қатынастар, сондай-ақ өзара мүдделілікті білдіретін халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша ортақ түсіністікке қол жеткізді.

Екі мемлекет басшылары дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан бергі 13 жыл ішіндегі екі жақты қатынастардың даму барысын жан-жақты қарап, екі ел басшылары арасындағы байланыстар күшейген сайын өзара саяси сенімнің үздіксіз нығайып, сауда-экономикалық, энергетикалық, көліктік, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және қауіпсіздік салаларындағы екі ел халықтарының әл-ауқатын нығайтуға бағытталған ынтымақтастықтың тереңдей түскендігін атап өтті. Екі елдің ынтымақтастығын жан-жақты дамыту үшін берік шарттық-құқықтық негіз құрылып, оның ұйымдастыру тетігі жетілдірілуде. Мемлекеттер көп жақты форматта Біріккен Ұлттар Ұйымының, Шанхай ынтымақтастық ұйымының және Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңестің шеңберлерінде жемісті де тиімді ынтымақтастықты жолға қойды, аймақтағы және тұтас алғанда әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қорғау жолында тиісті үлестерін бірлесе қосуда.

Осы баяндалғандар негізінде, екі мемлекет басшылары екі елдің қатынастары жан-жақты дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты деген ортақ пікірге келді. Тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастыққа жәрдем көрсету үшін, сондай-ақ аймақтық және халықаралық жағдайдың елеулі түрде өзгеруін назарға ала отырып, мемлекеттер стратегиялық серіктестік қатынастарды орнату мен дамыту қажет деп шешті.

Бұл стратегиялық серіктестік қатынастар үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған, сондай-ақ екі елдің және олардың халықтарының бейбітшілігі, тұрақтылығы мен гүлденуіне жәрдемдесу мақсатын көздейді. Стратегиялық серіктестік қатынастар 2002 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт рухында халықаралық құқықтың көпшілік таныған принциптері мен нормаларына негізделген. Олардың негізгі мазмұны: саяси сенімді нығайту, аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын бірлесіп қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, экономикалық ынтымақтастықты ынталандыру, бірлескен даму мен гүлденуге ұмтылу; гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты және адамдар арасындағы байланыстарды кеңейту, екі ел халықтары арасындағы дәстүрлі достықты нығайту болып табылады.

Екі мемлекет арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мен тереңдетуге ортақ ұмтылысты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі Тараптар деп аталатын) төмендегілер туралы мәлімдейді:

1. Тараптар жоғары деңгейдегі байланыстар екі мемлекет арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуде маңызды рөл атқарды деген ортақ пікірге келді. Тараптар осы үрдісті қолдау мен нығайтуды, екі жақты қатынастар мәселелері, өзара мүдделілікті білдіретін аймақтық және халықаралық проблемалар жөнінде уақтылы пікір алмасуды ынталандыруды жалғастырады.

2. Тараптар 2002 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт қазақстан-қытай стратегиялық серіктестігін ұзақ мерзімді тұрақты дамытуға бағытталған аса маңызды саяси және құқықтық құжат болып табылады деп санайды, сонымен бірге Шарттың принциптері мен рухын ұстанатындарын қуаттайды. Тараптар Шарттың және бұдан бұрын екі мемлекет арасында қол қойылған саяси декларациялардың іске асырылуына, сондай-ақ қазақстан-қытай стратегиялық серіктестік қатынастарының жаңа мазмұнмен үнемі толықтырылып тұруына күш-жігер жұмсауды жалғастырады.

3. Тараптар 2003-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ынтымақтастық бағдарламасының Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты іске асыру және әр түрлі салалардағы өзара тиімді серіктестік байланыстарды кеңейту үшін маңызды практикалық мәні бар деп есептейді.

Қазақстан-қытай өзара ықпалдастығының барша спектрін реттейтін Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитет және оның кіші комитеттері қазақстан-қытай қатынастарының басты үйлестіруші органы және тараптар қол қойған шарттарды, сондай-ақ қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асырудың тиімді тетігі болып табылады.

Тараптар ынтымақтастық жөніндегі комитет пен оның кіші комитеттерінің, екі жақты ынтымақтастықты тереңдету мен кеңейту үшін үлкен әлеуеттің бар екендігін көрсеткен бірінші отырыстары шеңберінде жүргізген жұмысына жоғары баға берді. Тараптар Комитеттің табысты қызметін барынша ілгірлетуге келісті.

4. Тараптар сауда, экономика, энергетика, көлік және қаржы салаларындағы ынтымақтастық екі жақты қатынастарды дамытудың маңызды бағыты болып табылады деген ортақ пікірде. Тараптар аталған ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мен дамыту үшін барлық қолайлы жағдайды жасайды.

Тараптар бірлескен ірі ынтымақтастық жобалары іске асырылған сайын екі мемлекеттің іскерлік ынтымақтастығының дамуында сапалы жаңа кезеңнің басталуына жоғары баға берді. Тараптар Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры учаскесінің құрылысын келісілген уақытта бітіру және оны пайдалануға беруді қамтамасыз етуге барынша қолдау көрсетіп, барлық қажетті жағдайды жасауға, Қазақстан-Қытай газ құбыры құрылысы жобасының ресурстық базасын алдын ала зерттеу мен анықтауды ілгерілетуді тездетуге уағдаласты. Тараптар «Қорғас» Халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығының құрылысын және оның пайдалануға берілуін тездететін болады.

Тараптар соңғы жылдары екі жақты сауданың қарқынды дамуын қанағаттанғандықпен атап өтті. Сонымен қатар, Тараптар екі ел арасындағы тауар айналымының құрылымын одан әрі кеңейту, екі жақты саудада жоғары құны қосылған және жоғары технологиялар өнімдерінің үлес салмағын көбейту, тауар айналымының құрылымын әртараптандыру бойынша бірлескен шараларды қабылдау қажеттігін айтты. Осыған байланысты, Тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықтың басқа да өзекті мәселелері бойынша өзара консультациялар мен диалогтар өткізу тетігін құруға келісті.

Тараптар екі мемлекеттің транзиттік артықшылықтарын темір жол, автомобиль, әуе көлігі салаларында толығырақ пайдалану және тасымалдаудың көлемін арттыру қажет деп есептейді.

Қытай тарапы Трансқазақстандық темір жол магистралі құрылысы жобасының іске асырылуын қолдайды және қажетті жүк тасымалы көлемін қамтамасыз етуге жәрдем көрсететін болады.

Тараптар алдағы уақытта да сауда-инвестициялық ахуалды жақсартуға, әсіресе шекара маңы аудандарындағы кәсіпорындарға белсенді түрде қолдау көрсетуге, өндірістік және сауда-экономикалық қызметке өзара инвестиция салуға, оны дамытуға ниет білдіруде. Тараптар екі елдің өз аумақтарындағы кәсіпорындары мен компанияларының заңды құқықтарын қорғайды. Тараптар Қазақстанның тиісті органдары мен Қытай мемлекеттік электр жүйесі корпорациясы арасында электр қуаты саласындағы ынтымақтастықты жолға қою үшін шаралар қолданады.

Тараптар бір-бірінің аумақтарында Тараптар банктерінің белсенді қызмет етуі үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында екі ел банктері арасында өзара ықпалдастық орнату қажет деп есептейді.

Қытай тарапы қазақстан тарапының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына тездетіп кіруін қолдайды. Тараптар тауар мен қызмет көрсету нарығына кіру жөніндегі қазақстан-қытай келіссөздерінің табысты басталғанын атап өте отырып, олардың тез арада аяқталуы үшін ортақ күш-жігер жұмсайтын болады.

Тараптар Қазақстан-қытай трансшекаралық өзендерін пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссия қызметі нәтижелерін, әсіресе Трансшекаралық өзендердегі табиғи апат құбылыстары туралы тараптарды шұғыл хабардар ету туралы келісімді жоғары бағалай отырып, екі елдің трансшекаралық өзендері су ресурстарын ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қолда бар тетіктер негізінде, оның ішінде табиғи апаттар туралы хабарлау саласында одан әрі өзара іс-қимыл жасайтын болады.

5. Тараптар екі елдің білім беру орындары, академиялық мекемелері және ғылыми-техникалық орталықтары арасындағы тәжірибемен, қызметкерлермен, жетістіктермен алмасу саласындағы өзара ықпалдастықты тереңдету үшін нақты шаралар қабылдайды, сондай-ақ Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетінің тиісті кіші комитеті шеңберінде қазақстан тарапының Пекинде Қазақстан-қытай гуманитарлық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық орталығын ашу жөніндегі ұсынысын қарайды.

Тараптар ғылым, мәдениет, білім, спорт және туризмді қоса алғанда, мәдени-гуманитарлық саладағы байланыстарды жандандыруға әзір екендіктерін растады. Тараптар бір мезгілде мәдениет мекемелері, шығармашылық ұжымдар арасындағы тікелей байланыстардың дамуына жәрдем көрсетеді, мәдени алмасу және әртістер мен мәдениет қайраткерлерінің гастрольдік сапарлары жөніндегі көп мөлшерде іс-шаралар ұйымдастыруға ықпал етеді. Қытай тарапы қазақстан тарапының Қытайда Қазақстанның Мәдениет орталығын ашу жөніндегі ұсынысын мұқият зерттейді және тиісті рәсімдер бойынша жәрдем көрсетеді. Тараптар 2006 жылы «Қытай мәдениеті күндерін» Қазақстанда және 2007 жылы - «Қазақстан мәдениеті күндерін» Қытайда өткізу туралы уәделесті.

6. Тараптар терроризм, сепаратизм және экстремизм бұрынғысынша аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығының ең басты қаупі болып табылатындығын атап өтеді. Тараптар 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күресу туралы Шанхай конвенциясының және 2002 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күресудегі ынтымақтастық туралы келісімнің ережелеріне сәйкес екі елдің құқық қорғау органдары арасындағы үйлестіру мен

ынтымақтастықты күшейтеді, «Шығыс Түркістанның Ислам қозғалысы» ұйымын қоса алғанда, «үш зұлымдыққа» қарсы ынтымақтастық, бірлесіп алдын ала сақтандыру мен күресу деңгейін үздіксіз көтеру үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде пәрменді шаралар қолдануды жалғастырады.

Қытай тарапы қазақстан тарапының мемлекеттің егемендігі мен аумақтық біртұтастығын қорғау, нақты жағдаяттарға сәйкес таңдаған өз жолы бойынша жедел дамуын қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін алдағы уақытта да қолдайтын болады.

Қазақстан тарапы «бір Қытай» принципін, яғни Қытай Халық Республикасының Үкіметі бүкіл Қытай атынан өкілдік ететін бірден-бір заңды үкімет, ал Тайвань – Қытай аумағының ажырамас бөлігі болып табылатынын қолдайтынын растайды. Қазақстан тарапы «екі Қытай» немесе «бір Қытай, бір Тайвань» құруға бағытталған кез-келген талаптарға қарсы, «Тайванның тәуелсіздігіне» қарсы, Тайванның тек егеменді мемлекет қана мүшесі бола алатын кез-келген халықаралық және аймақтық ұйымдарға кіруіне қарсы шығады. Қазақстан тарапы Тайванмен ресми қатынастар орнатпайды және ресми байланыстар жасамайды. Қазақстан тарапы Қытайдың «Тайванның тәуелсіздігін» қолдайтын сепаратистік күштерге қарсы іс-қимыл жасау және оларды ауыздықтау жөніндегі, мемлекеттің бейбіт жолмен бірігуін жүзеге асыруға және Тайвань бұғазы мен Азия-Тұнық мұхит аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін түсінушілікпен қабылдайды және қолдайды. Қазақстан тарапының аталған ұстанымын қытай тарапы жоғары бағалайды.

7. Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымының қарқынды даму динамикасын жоғары бағалайды. Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберіндегі өзара ықпалдастық мүше мемлекеттердің өзара тиімді ынтымақтастығын нығайтуға, сондай-ақ аймақты дамыту мен ондағы тұрақтылыққа мүмкіндік жасайтын маңызды фактор болып табылады деген ортақ пікірде. Тараптар ШЫҰ-ның басқа да мүше мемлекеттерімен бірлесіп Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде қауіпсіздік, экономика, мәдениет, білім, қоршаған ортаны қорғау және басқа да салалардағы ынтымақтастықты үздіксіз ұлғайту, Ұйымның халықаралық және аймақтық істерде белсендірек рөл атқаруына мүмкіндік беретін сыртқы байланыстарды кеңейту жөнінде практикалық шаралар қабылдауға уағдаласты.

Тараптар Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес, сондай-ақ басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдар мен форумдар шеңберіндегі ынтымақтастықты одан әрі нығайтады, аймақтағы бейбітшілік пен дамуға көмек көрсетуге, жаңа әділ де ұтымды халықаралық саяси және экономикалық тәртіптің орнауына бірлесе күш-жігер жұмсайтын болады.

Тараптар жаһандық бейбітшілікті, тұрақтылықты сақтап қалудағы және жалпыға ортақ дамуға мүмкіндік жасаудағы Біріккен Ұлттар Ұйымы рөлінің маңыздылығын растайды, сондай-ақ БҰҰ-ның реформалануы бәрін қамтитын және көп аспектілі болуы тиіс деген ортақ пікірде. Дамушы елдердің өкілдіктерін көбейтуге және олардың БҰҰ-ның шешім қабылдау процесіне қатысуы үшін көбірек құқықты иемденуіне баса көңіл бөлу қажет. БҰҰ-ны реформалау демократиялық консультациялар жолымен ортақ түсіністікке қол жеткізуді талап ететін аса жауапты мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы Ху Цзиньтао

Астана қаласы, 2005 жылғы 4 шілде

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының 21 ғасырдағы ынтымақтастық стратегиясы

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның шақыруы бойынша 2006 жылғы 19-23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен барды. Екі мемлекеттің басшылары Пекин қаласында ресми келіссөздер жүргізді. Сапар барысында Президент Н.Ә.Назарбаев Бүкілқытайлық халықтар өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің Төрағасы У Бангомен және Мемлекеттік Кеңестің Премьері Вэнь Цзябаомен кездесті.

Екі мемлекеттің басшылары Қазақстан мен Қытай (бұдан әрі - Тараптар) арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылғаннан бергі он бес жыл ішіндегі екі жақты ынтымақтастықтың ахуалын және даму нәтижелерін жан-жақты талдап, қол жеткізілген үлкен табыстарды және өткен жылдар ішінде екі жақты ынтымақтастықтың түрлі салаларында сапалы өзгерістер болғанын қанағаттанғандықпен атап өтті. Екі ел арасында саяси салада қандай да бір шешілмеген мәселелер жоқ. Тараптар мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау мәселелерін түпкілікті реттеді. Қазақстан ядролық қарудан бас тартқаннан кейін Қытай Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін берді. Тараптар диалогтың тиімді механизмін қалыптастырды, екінші тараптың мүдделерін өзара құрметтеу негізінде екі жақты мүдделілік білдірілетін барлық өзекті мәселелер бойынша тең құқылы және достық пікір алмасуларды тұрақты түрде жүргізіп келеді. Тараптар түрлі салалардағы ынтымақтастық механизм қалыптастырды және іске қосты. Бұл жерде ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай комитеті және оның профильдік кіші комитеттері маңызды рөл атқарды. Әскери және қауіпсіздік салаларындағы екі жақты ынтымақтастық табысты түрде дамуда, екі тараптың қол жеткізген тиісті уағдаластықтары дәйекті түрде іске асырылып жатыр. Сауда-экономикалық байланыстар, түрлі салаларда соның ішінде энергетика, көлік, қоршаған ортаны қорғау, шекаралас өзендердің су ресурстарын бірлесіп пайдалану сияқты ынтымақтастық, гуманитарлық саладағы ынтымақтастық үздіксіз кеңейтілуде.

Тараптар Қазақстан-Қытай қатынастарын тұрақты түрде нығайту және тереңдету екі елдің сыртқы саясатының басымдықты бағыты болып табылатынына, екі мемлекет халықтарының түбірлі мүдделеріне жауап беретіндігіне, өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдауға жәрдемдесетініне бір ауыздан келісті.

2002 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық шарты қарқынды және тұрлаулы мемлекетаралық қарым-қатынастарды нығайту үшін берік құқықтық негіз қалады.

2003 жылғы 3 маусымда қабылданған, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы 2003-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы - екі жақты ынтымақтастықтың барлық салаларындағы орта мерзімді болашағының басым бағыттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

2005 жылғы 3 шілдеде қабылданған, ҚР мен ҚХР арасындағы стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларацияның тарихи зор маңызы бар және Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының жаңа даму сатысына көтерілгендігінің нышаны, ол саяси сенім білдіруді одан әрі нығайтумен, өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты тереңдетумен, сауда-экономикалық өзара ықпалдастықты кеңейтумен және

тереңдетумен, бірлескен даму мен гүлденуге ұмтылысымен, гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты және адамдар арасындағы байланыстарды дамытумен, екі ел халықтары арасындағы дәстүрлі достықты нығайтумен сипатталады.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып екі мемлекеттің басшылары екі мемлекеттің мүдделері мен екі ел халықтарының игілігі жолында стратегиялық әріптестік қатынасты 21 ғасырда одан әрі дамытатынын және тереңдететінін мәлімдейді.

Аталған мақсаттарда Тараптар ынтымақтастықты нығайтуға ниет білдіреді және төмендегі басымды бағыттарда нақты шараларды қолға алады:

1. Саяси салада:

1. Тараптар алдағы уақытта да аса жоғары және жоғары деңгейлердегі тұрақты саяси диалогты қолдайды, екі жақты қатынастар мен халықаралық ахуалдың өзекті мәселелерін дер кезінде талқылау үшін тұрақты түрде екі ел басшыларының сапарларымен алмасады.

2. Тараптар ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай комитетінің қызметін жетілдіруге ниет білдіріп отыр. Аталған Комитет екі жақты өзара іс-қимылды ынталандыруда және қол жеткізілген барлық уағдаластықтарды іске асыруды ілгерілетуде жетекші үйлестіруші рөл атқаруы тиіс. Қажет болған жағдайда Тараптар ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай комитетінің ережелері нормаларына сәйкес оның ұйымдық құрылымына түзетулер енгізуі мүмкін.

3. Екі елдің парламентаралықынтымақтастығы екі жақты қатынастарды ілгерілету ісінде маңызды рөл атқарады. Қазақстан және Қытай екі елдің парламенттері, саяси партиялары және қоғамдық ұйымдары арасындағы байланыстарды кеңейтуді және ынтымақтастықты нығайтуды жалғастыратын болады.

4. Тараптар Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау, сол сияқты соңғы он жылдың ішінде әскери саладағы сенім білдіру шараларын нығайту және шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту, трансшекаралық өзендердегі су ресурстарын бірлесіп ұтымды пайдалану, лаңкестіктің, сепаратизмнің және экстремизмнің енуінің алдын алу және басқа да трансұлттық қылмысқа қарсы күресудегі өзара ықпалдастық жөніндегі келісімдерді табысты түрде іске асыру шекара ауданындағы қауіпсіздікті, тұрақтылықты және тәртіпті қамтамасыз етуге, екі ел арасындағы тату көршілік байланыстарды нығайтуға және іскерлік ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі деп ортақ пікір білдірді. Осыған байланысты осы сапар барысында қол қойылған, «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасының тәртібі туралы келісімнің» зор маңызы бар, келісім шекаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және тиісті шекаралық мәселелерді дер кезінде тиісінше шешу үшін шарттық-құқықтық базаны қалыптастыруға қызмет етеді.

5. Тараптар мемлекеттің егемендігін, бірлігін және аумақтық тұтастығын қорғау мәселелерінде бір-бірінің саясатын және іс-қимылын қолдауға бекем бел буып отыр. Қазақстандық Тарап «бір Қытай» саясатын одан әрі қолдайтын болады және Қытай Халық Республикасының Үкіметі бірден-бір заңды Үкімет екенін, ол бүкіл Қытай мүддесін білдіретіндігі, ал Тайвань Қытай аумағының ажырамас бөлігі екенін таниды. Қазақстан тарапы «Тайваньның тәуелсіздігіне» қарсы шығады және оның тек ғана тәуелсіз мемлекеттер мүше бола алатын кез келген халықаралық және аймақтық ұйымдарға кіруіне қарсы шығады, Тайваньмен қандайда бір ресми байланыстар жасамайды. Қытай тарапы қазақстандық тараптың аталған ұстанымын жоғары бағалайды.

Тараптар мемлекеттің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы маңызды мәселелер болып табылады деп санайды. Тараптар бір-бірінің егемендігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін іс-әрекетке қандай жағдайда да жол бермейді.

II. Экономикалық салада:

1. Тараптар Экономикалық ынтымақтастықты дамыту тұжырымдамасының екі мемлекеттің экономикалық қатынастарының ұзақ мерзімді болашағын айқындау үшін зор маңызы бар деп санайды.

2. Тараптар өзара сауда айналымының көлемін 2010 жылы 10 млрд. АҚШ долларына дейін, ал 2015 жылы 15 млрд. АҚШ долларына дейін жеткізуге күш-жігер салады. Тараптар экспорт пен импорт арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге, екі жақты саудада жоғары қосылған құн өнімінің жеке салмағын арттыруға, тауар құрылымын түрлендіруге ұмтылады.

Тараптар зияткерлік меншік құқығын бұзушылық, сапасы төмен және контрафактылық өнімдерге қарсы күрестегі ынтымақтастықты нығайтады.

Тараптар шекаралық сауданы дамытуды ынталандырады, шекаралас және ішкі өңірлер арасындағы тікелей экономикалық байланыстарды кеңейтуге және тереңдетуге жәрдемдеседі, өңірдегі елдердің сауда-экономикалық белсенділігін және өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін тартымды орталық ретінде «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығының тартымдылығын арттырады.

3. Тараптар шаруашылық жүргізуші субъектілер тараптарына Қазақстан-Қытай мұнай құбыры және Қазақстан-Қытай газ құбыры құрылысын салу жобаларын іске асыруда, мұнай мен газды барлау, игеру және өңдеу саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге, жаңа электроэнергетикалық қуаттарды жасауға, сыртқы нарыққа электроэнергиясын тасымалдауға және т.б. жәрдемдеседі.

4. Тараптар мұнай-газ секторында бар ірі жобаларды бір мезгілде іске асырумен қатар шикізаттық емес салаларда маңызды жобаларды іске асыру қарқынын ұлғайтады, сондай-ақ инвестициялық климатты жақсартады және екінші елдің аумағына инвестиция салған, әсіресе мұнай-газдық машина жасау, тағам және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия, құрылыс материалдары және туризм сияқты салаларда бір елдің кәсіпорындарын белсенді түрде қолдайды. Тараптар өзара инвестицияларды құптайды және көтермелейді, ол үшін жағдай жасап, инвестициялық кәсіпорын қызметкерлерінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдайды, олардың мүліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

5. Тараптар өздерінің заңнамалары шеңберінде бір-бірінің аумағында Тараптар банктерінің толыққанды жұмыс істеуі үшін тепе-тең және қолайлы жағдай жасауға ниет білдіреді, сондай-ақ екі мемлекеттің банктері арасында әріптестік қатынастарды қалыптастыруды және агенттік байланыстарды дамытуды қолдайды.

6. Тараптар теміржол жүк тасымалының көлемін өсіреді, сондай-ақ ықтимал жүк тасқынын айқындаған соң Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында жаңа темір жол желілерін салу мүмкіндігін қарастырады.

Тараптар транзиттік-көлік әлеуетін кең ауқымда пайдаланатын болады, еуроазиялық бағыттағы жүктердің тасымалын қамтамасыз ететін және Қазақстан мен Қытай аумақтары арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздерін құруға жәрдемдеседі.

Тараптар логистикалық қызметті жетілдіру, тасымалдауға қолайлы жағдай туғызу, жүктердің жылдам өтуіне, сондай-ақ Еуропа және Азия арасындағы жүк

тасымалдаудың дамуын ынталандыру есебінен қазіргі заманғы және бәсекелестікке қабілетті көліктік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытады.

Тараптар трансконтинентальды теміржол бағытында контейнерлік поездардың санын көбейту жөнінде шаралар қабылдайды, қозғалыстар кестесінің қатаң орындалуын қамтамасыз етеді. Тараптар шекаралық, кедендік, карантиндік және теміржол қызметтерінің өзара ықпалдастығын жетілдіреді.

7. Тараптар шекара, кеден, карантин және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласында туындайтын мәселелерді реттеу бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Қазақстан мен Қытай кедендік шарттылықтарды жеңілдетеді және қолайлы етеді, кедендік басқару жүйесін жетілдіреді, стандарттарды бірегейлендіруге жәрдемдеседі.

8. Тараптар өзара инвестициялар және сауда үшін қолайлы жағдай жасау және өңірлік маңызы бар сауда-экономикалық жобаларды іске асыру арқылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде өңірлік экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға күш-жігер жұмсайды.

9. Тараптар ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасында Қазақстан Республикасы азаматтарының Қытай Халық Республикасындағы уақытша еңбек қызметі және Қытай Халық Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасындағы уақытша еңбек қызметі туралы келісімді жасасу арқылы еңбек қызметі саласындағы ынтымақтастықты нығайтады.

III. Ғылыми-техникалық салада:

1. Тараптар қолда бар ғылыми-техникалық ынтымақтастық әлеуетін белсенді түрде пайдаланады, екі елдің экономикасына іс жүзінде пайда әкелетін ғылым мен техниканың қолданбалы салаларындағы өзара ықпалдастықты кеңейтеді.

2. Тараптар екі елдің Ғылым академиялары, салалық институттары, ғылыми-техникалық және зерттеуші мекемелері арасындағы байланыстарды нығайтады.

3. Тараптар ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша бірлескен орталық ашу, сондай-ақ өзара түсіністік негізінде бірлескен технопарктер құру бойынша шаралар қабылдайды.

IV. Мәдени-гуманитарлық салада:

1. Тараптар екі мемлекеттің және олардың халықтарының арасындағы достық пен өзара түсіністікті одан әрі тереңдетуге көмектесетін екі жақты қатынастардың бүкіл кешеніндегі гуманитарлық құрамын айтарлықтай күшейту қажеттігін бірауыздан қолдайды. Тараптар білім беру, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, денсаулық сақтау, туризм және спорт салаларындағы екі жақты ынтымақтастықты жандандыруға ниет білдіреді.

2. Тараптар Мәдениет күндерін өткізу, мәдени алмасуларды кеңейту, шығармашылық ұжымдардың, әртістердің және өнер қайраткерлерінің гастрольдық сапарларын ұйымдастыру тәжірибесін жалғастырады. Қазақстан мен Қытайдың мәдениет күндерін өткізудің нәтижесінде Тараптар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мүмкіндіктерінің түрлерін қарастырады.

3. Тараптар өзара мемлекеттік мәдениет орталықтарын ашу мүмкіндігін оң қарастырады.

4. Тараптар алдағы уақытта да екі мемлекеттің шекара маңы аудандары арасындағы гуманитарлық қатынастарды және байланыстарды дамытуға, мәдени өзара алмасуларды тереңдетуге, бірлескен археологиялық экспедицияларды, тарихи-мұрағаттық зерттеулерді жүргізуге, этникалық мерекелер өткізуге қатысты

сұрақтарды шешуге, сондай-ақ радио мен телебағдарламалар және басқа салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге жәрдемдеседі.

V. Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында:

1. Тараптар екі жақты және көп жақты форматтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, трансұлттық қылмысқа, лаңкестікке, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес саласындағы екі мемлекет ынтымақтастығының оң сипаттағы серпінділігін қолдайды. Тараптар қандай да бір ұйымға немесе жеке тұлғаға бір мемлекеттің аумағында басқа мемлекеттің мемлекеттік тәуелсіздігіне, бірлігіне және аумақтық тұтастығына қарсы нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермейтіндіктерін тағы да мәлімдейді. Бұл ретте Тараптар қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың үшінші мемлекеттерге бағытталмағандығын атап көрсетеді.

2. Тараптар өңірлік қауіпсіздіктің жаңа қыр көрсетуі мен қауіп-қатерлеріне қарсы тиімді күрес жүргізу мақсатында екі елдің қорғаныс ведомстволарының консультацияларын, үйлестірулерін және ынтымақтастығын дамытуды жалғастыруға дайын.

3. Тараптар наркотрафикке, қару-жарақпен жарылғыш заттар контрабандасына, ақшаның жылыстауы мен трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық әрекеттерге, әсіресе шекаралық аудандарда, қарсы іс-қимыл жасау жөнінде құқық қорғау органдарының іс-қимылдарын үйлестіруді жалғастырады.

Тараптар заңсыз көші-қонмен күресті, осы саладағы өзара іс-қимылдың шарттық-құқықтық базасын жетілдіруді жандандырады.

4. Тараптар екі ел арасындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталған және оң сипаттағы үрдісі бар деп санайды. Төтенше жағдайларға қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мәселелері бойынша Тараптардың тиісті мемлекеттік органдары арасында сындарлы диалогты нығайту, сондай-ақ ШЫҰ шеңберінде табиғи және техногендік апаттарды жою бойынша бірлескен жаттығулар өткізу қажет.

Тараптар трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Қытай бірлескен комиссиясы қол жеткізген нәтижелерді жоғары бағалайды және әділеттілік пен ұтымдылық принциптерін ұстана отырып қолданыстағы механизмдер шеңберіндегі ынтымақтастықты дамытуды жалғастырады, трансшекаралық өзендердің су және биологиялық қорларын пайдалану мен қорғауға кепілдік беретін, тиісті нақты шараларды әзірлейді, сондай ақ барлық салалардағы Тараптардың мүдделерін нақты қамтамасыз етеді.

VI. Халықаралық салада:

1. Тараптар өңірде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге оң сипаттағы үлесін қоса отырып, халықаралық сахнада екі жақты ынтымақтастықты кеңейтеді.

Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының басты мақсаттары мен принциптерін, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған басқа да халықаралық құқық нормаларын сақтауды жақтайды және осы негізде мемлекеттердің мемлекеттік бірлік пен ұлттық тәуелсіздікті қорғау құқықтарын тануды, өзінің жеке жағдайларына сәйкес дамудың тәуелсіз және дербес жолын таңдауды, халықаралық істерде мемлекеттердің тең құқылы қатысуын, сондай-ақ әлемнің сан алуан мәдениеті мен өркениетін тануды және құрметтеуді көздейтін жаһандық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін құруды қолдайды.

Тараптар әлемдегі өркениетаралық және конфессияаралық диалогты дамытуға өз үлесін қосуға ниет білдіреді. Қытай тарапы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу жөніндегі қазақстандық бастаманы жоғары бағалайды.

2. Тараптар барша әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде БҰҰ-ның басты рөліне кәміл сенеді. Тараптар БҰҰ мәселелері бойынша екі жақты өзара ықпалдастық деңгейін жоғары бағалайды.

Тараптар БҰҰ-ға қажетті өзгеріс енгізудің пісіп-жетілгендігі және оны жүзеге асырудағы кез келген асығыстықты жоққа шығару түсінігін негізге алады. Тараптар барлық мемлекеттердің өмірлік мүдделерін қозғайтын БҰҰ реформасы - БҰҰ-ның көп жақты ұстанымдарын нығайтуға, оның беделі мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ оның жаңа қыр көрсетулер мен қауіп-қатерлерге барабар үн қату қабілетіне жәрдемдесуі тиіс деп санайды. Тиісті шешімдер кең ауқымды ымыра негізінде қабылдануы тиіс.

3. Тараптар қазірдің өзінде бар және туындайтын жаңа халықаралық мәселелер мен өңірлік қақтығыстарды саяси-дипломатиялық жолдармен шешуді жақтайды. Тараптар ұзаққа созылып кеткен таяу шығыс мәселелерін әділетті әрі бейбіт реттеу қажет деп санайды.

Тараптар Ирактағы ішкі саяси жағдайды жеделдетіп қалыпқа келтіруге шақырады. Тараптар Ауғанстандағы бейбіт өмірді жолға қою өңірлік жағдайды тұрақтандыруға және есірткі өндірісі мен контрабандасына қарсы күреске жәрдемдеседі деп санайды.

4. Тараптар террористік қатердің жаһандық және кешенді сипатын мойындайды және терроризмге қарсы тұруда БҰҰ шеңберіндегі ықпалдастықты нығайту қажеттігін атап өтеді. Тараптар қылмыстық жолмен табылған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасауда Еуроазиялық топтар шеңберінде ынтымақтастықты дамытады.

5. Тараптар «Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарт» негізінде ядролық қаруды таратпауда халықаралық тәртіпті одан әрі нығайтуға адалдықтарын қуаттайды. Қытай бейбітшілік пен жаһандық тұрақтылық істеріне адалдығының көрнекті мысалы болып табылатын, Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту жөніндегі тарихи шешімін өзінің жоғары бағалайтындығын тағы да қуаттайды.

Тараптар Иран ядролық бағдарламасы төңірегіндегі жағдайларды дипломатиялық келіссөздер арқылы бейбіт жолмен реттеу қажеттігін және Корей түбегін денуклеаризациялау жөніндегі алты жақты келіссөздерді ілгерілету қажеттігін атап өтеді.

Тараптар Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақты құру жөніндегі күш-жігерді және тиісті шартқа қол қоюды қолдайды.

6. Тараптар Азия құрлығында бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде ынтымақтастықты дамытуға дайын және осы мақсатта өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі екі жақты және көп жақты механизмдерге және консультацияларға дәйекті түрде қатысады.

7. Тараптар халықаралық және өңірлік аренадағы өзгерістер жағдайында Шанхай ынтымақтастық ұйымының үздіксіз дамып келе жатқандығын, мүше - мемлекеттер арасындағы өзара сенім білдіру мен өзара тиімділіктің негізінде тату көршілік қатынастарды тереңдету үшін маңызды аренаға айналғандығын, бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қолдауда өңірдегі тиімді тетікке айналғанын және геосаяси процестерді дамытуға елеулі ықпал ете алатын қуатты фактор болып табылатындығын атап өтеді. Тараптар қауіпсіздік, экономика және

басқа да салаларда ШЫҰ шеңберіндегі практикалық ынтымақтастықты үздіксіз тереңдету мен дамыту үшін барлық күш-жігерлерін жұмсайды.

2006 жылдың 15 маусымында Шанхайда өткен ШЫҰ мерейтойлық саммиті оның одан әрі нығаюы мен дамуына жаңа серпін берді.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) белсенді мүшелері болып табылатын Қазақстан мен Қытай, осы процестің одан әрі жемісті дамуына жәрдемдесуге ниет білдіреді. Тараптар 2006 жылдың 17 маусымында Алматыда өткен АӨСШК-нің Екінші саммиті оның қалыптасуындағы маңызды белес болғанын атап өтеді.

Тараптар Орталық Азия елдерінің өзіндік төл тарихи, мәдени дәстүрінің бар екендігін атап өтеді. Халықаралық қоғамдастық барлық Орталық Азия елдері халықтарының жеке жағдайларына сәйкес даму жолын дербестендіруді қолдайды. Орталық Азия елдеріндегі тұрақтылық пен қауіпсіздік, тұрақты экономикалық даму мен үздіксіз әлеуметтік прогресс Қазақстан мен Қытайдың өмірлік мүдделеріне толық жауап береді. Тараптар екі жақты негізде және ШЫҰ шеңберінде терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрес мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, басқа да Орталық Азия мемлекеттерімен өзара ықпалдастықты кеңейтуге екі жақты ұмтылысын қуаттайды.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Ху Цзиньтао

Бейжің қаласы, 2006 жылғы 20 желтоқсан

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен мәлімдеме

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруымен 2011 жылғы 13-14 маусымда Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстан Республикасында мемлекеттік сапармен болды.

Екі мемлекеттің басшылары ізгі және достық ахуалда екіжақты қарым-қатынастардың даму барысына толық шолу жасады, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі – «Тараптар») арасында 1992 жылғы 3 қаңтарда дипломатиялық қатынастарды орнатқан сәттен бастап екі мемлекет қарым-қатынастарының үздіксіз және тұрақты дамуын қанағаттанарлықпен атап өтті. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы 2002 жылғы 23 желтоқсанда Тараптар қол қойған Шарт пен Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастарын орнату мен дамыту туралы 2005 жылғы 4 шілдедегі Бірлескен мәлімдеме екіжақты қатынастарды дамыту үшін берік құқықтық база құруға негіз болды және екіжақты ынтымақтастықты стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерді.

Мемлекет басшылары қазақстан-қытай қатынастарының стратегиялық әріптестігі жан-жақты және жедел даму сипатын алғандығы жөнінде ортақ пікір білдірді. Тараптар өзара саяси ықпалдастықтың, стратегиялық және практикалық

ынтымақтастықтың, сондай-ақ, мәдени-гуманитарлық байланыстардың теңдесі жоқ жоғары деңгейіне қол жеткізді. Екіжақты қатынастарды дамытудың жаңа тарихи кезеңіне өте отырып, Тараптар төмендегілер туралы мәлімдейді:

I

Тараптар жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы шешім қабылдады. Тараптар бірлескен даму мен гүлдену жолында Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі Шартты және басқа да қолданыстағы екіжақты халықаралық шарттарды сақтау негізінде тату көршілік және достық қатынастарды нығайтуға, өзара тиімді практикалық ынтымақтастықты тереңдетуге, үйлестіруді және өзара ықпалдастықты нығайтуға жәрдемдесетін болады. Мұндай қатынастарды дамыту одақ болып саналмайды және үшінші елдерге қарсы бағытталмаған. Халықаралық және өңірлік ахуалдың өзгеруіне қарамастан қазақстан-қытай жан-жақты стратегиялық әріптестігін дамыту екі мемлекет сыртқы саясатының басымдықты бағыты болып қала береді.

Тараптар өзара саяси сенім білдіру қазақстан-қытай қатынастарының негізі болып табылатындығын атап көрсетті. Тараптар екі мемлекеттің басшылары арасындағы тығыз байланыстарды қолдайды, екіжақты қатынастар мәселелері, маңызды халықаралық және өңірлік проблемалар жөнінде пікір алмасады, екі мемлекеттің үкіметтері, заң шығарушы органдары, саяси партиялары, қоғамдық бірлестіктері, кәсіпорындары және қаржылық құрылымдары арасында жан-жақты байланыстар мен ынтымақтастықты дамытуды ынталандырады, Тараптар арасында өзара түсіністікті және өзара сенім білдіруді үздіксіз нығайтады.

Тараптар екінші Тараптың мемлекеттік егемендігін, қауіпсіздігін және аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін қолдайтындығын қуаттайды, бір Тарап мемлекетінің аумағында екінші Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне және аумақтық тұтастығына нұқсан келтіретін ұйымдар мен топтардың құрылуына жол бермейді және олардың қызметтеріне тыйым салады. Қазақстан Республикасы бүкіл ҚытайдыңатынынөкілдікететінҚытайХалықРеспубликасыҮкіметінбірден-бірзаңды үкімет, ал Тайвань – Қытайдың ажырамас бөлігі екендігін тани отырып, «бір Қытай» саясатына адалдығын қуаттайды, Тайванмен ресми қатынастар орнатпайтынын және онымен ресми байланыстар жүргізбейтінін қуаттайды. Қазақстан Республикасы Тайвань бұғазындағы екі жағалау арасындағы қатынастардың бейбіт жолмен дамуын және Қытайдың бейбіт жолмен қосылуы бойынша маңызды ісін қолдайды. Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының және оның басшылығының мемлекеттік егемендік пен аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету жолындағы күш-жігерін қолдайды, қазақстандық тарап таңдаған дербес даму жолын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын және стратегиялық басымдықтарын қамтамасыз етудегі шаралары мен күш-жігерін қолдайды. Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының өңірдегі және әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін, оның ішінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесінің (АӨСШК), Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезінің өткізілуін қолдайды.

II

Тараптар практикалық ынтымақтастықтың қазақстан-қытай қатынастарының жан-жақты стратегиялық әріптестігінің маңызды құрамдас бөлігі болып

табылатындығы жөнінде ортақ пікірде. Осыған байланысты, Тараптар таяу арада Қазақстан Республикасының және Қытай Халық Республикасының Үкіметтері басшыларының тұрақты кездесулерінің тетігін құруға және оны іске қосуға келісті. Тараптар Ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай комитеті, оның кіші комитеттері және Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Бірлескен Комиссия жұмысының тиімділігін арттыру бойынша бірлескен күш-жігер жұмсауды жалғастырады.

Тараптар ынтымақтастықтың алғашқы жылдарындағы көрсеткіштерімен салыстырғанда, екіжақты сауда-саттықтың 2010 жылғы елеулі өсімін қанағаттанарлықпен атап өтті. Екі елдің сауда-экономикалық өзара ықпалдастығының айтарлықтай әлеуетін ескере отырып, екі мемлекет басшылары 2015 жылы екіжақты тауар айналымының көлемін 40 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайту мақсатын ұсынды.

Тараптар өзара ықпалдастық салаларын кеңейту, екіжақты ынтымақтастықтың артықшылықтарын және экономикаларының өзара толықтыратындығын одан әрі анықтау мақсатында өз мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы ақпаратпен және тәжірибесімен тұрақты түрде алмасадy. Екі мемлекеттің макроэкономикалық саясат үшін жауап беретін ведомстволары және зерттеу құрылымдары Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын және Қытайдың 12-ші бесжылдық әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын зерттеуді күшейтуі тиіс.

Тараптар екіжақты қатынастардың дамуында энергетика саласындағы ынтымақтастық маңызды болып табылады деп санайды. Тараптар өзара тиімділік қағидаты негізінде энергетикалық ынтымақтастықты одан әрі үздіксіз кеңейтуге және тереңдетуге ниетті. Мұнай және газ саласындағы бұдан былайғы өзара ықпалдастық үшін Тараптар «Қазақстан – Қытай» газ құбыры екінші кезегінің, қазақстан-қытай мұнай құбырының екінші кезегінің екінші кезегінің және «Орталық Азия – Қытай» газ құбыры үшінші желісінің қазақстандық бөлігінің нәтижелі құрылысын, қазақстан-қытай мұнай құбыры мен «Орталық Азия – Қытай» газ құбыры қазақстандық бөлігінің ұзақ мерзімді қауіпсіздігі мен тұрақты пайдаланылуын қамтамасыз ету бойынша бірлескен күш-жігер жұмсайтын болады.

Тараптар атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында ынтымақтастықты дамытуды және тереңдетуді жалғастырады. Тараптар баламалы энергия көздерін, оның ішінде күн, жел және таза энергияның басқа да түрлері саласында ынтымақтастықты дамытатын болады.

Тараптар экономиканың шикізаттық емес секторларындағы ынтымақтастықты жалғастырады. Осы мақсатта екі ел үкіметтері қол қойған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы ынтымақтастық бағдарламасын және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы жаңғыртылған іс-шаралар жоспарын тыңғылықты іске асыруға кіріседі.

Тараптар инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі нығайтады және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы жаңа келісімнің жобасын келісу үшін күш-жігер жұмсайды. Тараптар өзара саудадағы есеп айырысуда ұлттық валюталарды пайдалануға ниетті, екі мемлекеттің банктері арасындағы ынтымақтастық пен әріптестік орнатуды және өкілдік қызметті жүзеге асыруды

қуаттайды. Тараптар кәсіпорындарын несиелеуде және инвестиция салуда ұлттық валюталарды пайдалануды ынталандырады, екі мемлекеттің қаржы құрылымдары мен ірі кәсіпорындары арасындағы белсенді ықпалдастықты және ынтымақтастықты қолдайды.

Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруін қолдайтындығын қуаттайды, қазақстандық өнімді қытай нарығына жеткізуге және қазақстандық инвестицияларды Қытай экономикасына тарту үшін қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесетін болады.

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспары шеңберінде индустрияландыру және инфрақұрылымдық құрылыс үдерісіне Қытай Халық Республикасының белсенді қатысуын қуаттайды. Тараптар жоғары, ғылымды қажет ететін және энергия сақтау технологиялары саласындағы ынтымақтастықты іске асыруға кіріседі. Тараптар Қазақстанда өнеркәсіптік парктер мен басқа да жобалар құрылысын бірлесіп салу мүмкіндігін қарастырады.

Тараптар көлік саласындағы ынтымақтастықты толығымен ілгерілетеді, өңірдің тас жолдарын байланыстыратын және қосатын жобаларды жүзеге асырады. Қытай тарапы «Астана – Алматы» темір жол құрылысы жобасын іске асыруды белсенді түрде қолдайды. Қытай тарапы сондай-ақ «Батыс Еуропа –Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізін жүзеге асыру және Қазақстан аумағындағы «Жетіген – Қорғас» темір жол учаскесін Қытай аумағындағы «Қорғас – Инин – Цзинхэ» темір жол учаскесімен қосу жобаларының іске асырылуын белсенді қолдайды.

Тараптар ғылыми-техникалық саладағы ынтымақтастықтың дамуын қолдайды, ғылыми-зерттеу институттары арасындағы байланыстарды жандандыруға, жаңа технологияларды зерттеу және оларды өндіріске енгізу саласында ынтымақтасуға, екі елдің аумағында бірлескен ғылыми- техникалық парктерді және Қазақстанда суперкомпьютерлік орталық ашу мүмкіндігін зерттеуге ниет білдірді. Тараптар екі мемлекеттің аэроғарыштық агенттіктері және кәсіпорындары арасында байланыстарды және ынтымақтастықты қолдайды.

Тараптар екі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы саласында ықпалдастықты кеңейту мен тереңдетудің зор маңыздылығын атап өтеді. Агроөнеркәсіптік кешен саласында жобаларды іске асыруда, сондай-ақ қазақстандық бидайды Қытайға экспорттау және оны Қытай аумағы арқылы транзиттеу бойынша екі мемлекет кәсіпорындары арасында ынтымақтастықты дамытуды қолдайды. Тараптар екі мемлекет кәсіпорындарының фосфор тыңайтқыштарын өндіру саласында ынтымақтастығын дамытуды құптайды.

Тараптар өткізу пунктері арасындағы және кедендік іс саласындағы ынтымақтастыққа қанағаттанғандық білдірді. Екіжақты және өңірлік саудаға қолғабыс көрсету және сауда-экономикалық байланысқа қолайлы жағдай жасау үшін Тараптар шекаралық өткізу пункттеріне қатысты заңдық құжаттарды жетілдіруді жеделтеді, шекаралық өткізу пункттерінде инфрақұрылым құрылысын нығайтуды жалғастырады және осы саладағы ынтымақтастықты жан-жақты ілгерілетеді.

III

Тараптар екі мемлекеттің мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын дамытудың маңыздылығын атап өтеді. Тараптар бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми-білім құрылымдары, көркемөнер ұжымдары және жастар ұйымдары арасындағы достық байланыстарды жандандыруға ниетті, мәдениет, білім, туризм, денсаулық сақтау

және спорт салаларында алмасу мен ынтымақтастықты тереңдетуді жалғастырады.

Тараптар медицина және денсаулық сақтау саласындағы ықпалдастықты дамытады.

Тараптар екі мемлекет халықтарының денсаулық игіліктері үшін ынтымақтастықты өзара ілгерілетеді, мұның өзі әріптестікті дамытуға жаңа серпін бермекші.

Тараптар 2012 жылы қазақстан-қытай дипломатиялық қатынастарын орнатудың 20 жылдық мерейтойында бірқатар мерекелік іс-шараларды бірлесе ұйымдастыруға уағдаласты.

IV

Тараптар өңірлік ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді. Тараптар шекаралық сауданың дамуына, өңірлік негізгі сауда- экономикалық «хаб» ретінде қазақстан – қытай «Қорғас» Халықаралық шекарамаңы ынтымақтастығы орталығының орнығуына және рөлін арттыруға жәрдемдесетін болады.

Тараптар екі мемлекеттің шекаралық және ішкі өңірлерімен тікелей экономикалық байланыстарды кеңейтуге ниетті. Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданы және Қытайдың басқа да провинциялары мен аудандарының Қазақстанмен ынтымақтастығы мен байланыстарының дамуын қолдайды. Қазақстан Республикасының Алматы қаласы және Қытай Халық Республикасының Тяньцзинь қаласы арасындағы бауырластық байланыстың орнауын құптайды.

V

Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықтағы екі мемлекеттің табыстарын жоғары бағалайды және 2011 жылғы 22 ақпанда қол қойылған, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Траншекаралық өзендер суларының сапасын қорғау туралы келісім мен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы 2011 жылғы 13 маусымдағы келісім Тараптардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы, әсіресе трансшекаралық өзендер суының сапасын қамтамасыз ету саласындағы маңызды жетістіктері болып табылатынын атап өтеді.

Тараптар Траншекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі қазақстан-қытай бірлескен комиссиясы жұмысының нәтижесін жоғары бағалайды, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы трансшекаралық өзендер алабындағы су бөлісу бойынша негізгі техникалық жұмыстарды іске асыру жоспарын белсенді ілгерілетуге дайындықтарын білдіреді, Қорғас өзеніндегі «Достық» бірлескен гидротараптың құрылысын бірлесіп жүргізуді және біріккен гидротехникалық нысандардың құрылысын салу практикасын, сондай-ақ трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы екіжақты келісім шарт-құқықтық базаны нығайтуды жалғастырады.

Тараптар екіжақты негіздегі және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) шеңберіндегі төтенше жағдайлар саласындағы қазақстан-қытай ынтымақтастығына қанағаттанғандық білдіреді. Уақыт озған сайын өсе түсіп отырған ірі табиғи кесәпаттар мен техногендік апаттар жағдайында, Тараптар екі мемлекеттің төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтерінің өзара ықпалдасуын одан әрі нығайту бойынша бірлескен белсенді күш-жігер жұмсайды.

VI

Тараптар халықаралық лаңкестік, сепаратизм, экстремизм және трансшекаралық ұйымдасқан қылмыс (қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, есірткілердің, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз тасымалдануы мен сатылуы, сондай-ақ экономикалық қылмыстар және т.б.) өңірлік және тұтас алғанда әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылыққа елеулі қатер болып табылатынын атап өтеді. Тараптар «үш қасіретке» қарсы күресте екіжақты форматта, ШЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдар мен көпжақты форматтар шеңберінде тығыз ынтымақтастықты жалғастырады.

Тараптар әлемдік қоғамдастықтың лаңкестікке және басқа да жаңа сынақтар мен қатерлерге қарсы күресінде Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) орталық рөлін камтамасыз ету үшін бірлескен күш-жігер жұмсайды.

VII

Тараптар халықаралық ынтымақтастық екі мемлекет арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын атап өтеді. Тараптар БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК және басқа да көпжақты құрылымдардың шеңберіндегі үйлестіру мен ынтымақтастықты нығайтуды; байланыстарды қолдауды және маңызды халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша ұстанымдарды келістіруді жалғастырады.

Тараптар құрылғанынан бастап 10 жыл ішінде ШЫҰ мүше мемлекеттер арасындағы тату көршілестікті, өзара сенім білдіруді, достықты және ынтымақтастықты тереңдетуде, мүше мемлекеттердің бірлескен дамуына жәрдемдесуде, өңірдегі бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауда маңызды рөл атқарды деп санайды. 2011 жылғы 15 маусымда Астанада өтетін ШЫҰ Саммиті салтанатты іс-шараға айналады. Қазіргі Саммиттің пікір бірлігін нығайтатынына, Ұйымның алдағы 10 жылда мақсаттары мен даму бағыттарын бекітетініне, ШЫҰ-ның үзіліссіз, салауатты және тұрақты дамуына серпін беретіндігіне сенім білдіреді. Тараптар ШЫҰ шеңберінде қауіпсіздік, экономика және гуманитарлық қалдастық салаларындағы практикалық ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге бірлескен күш-жігер жұмсайды және белсенді үлес қосады.

Тараптар БҰҰ жер бетіндегі бейбітшілікті сақтауда, бірлескен дамуға жәрдемдесуде және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқаруы қажет деп санайды. БҰҰ Жарғысына сәйкес өзінің халықаралық бейбітшілікті және қауіпсіздікті сақтау жөніндегі түпкі қызметін табысты орындауы үшін Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне қатысты ұтымды және қажетті реформаларды қолдайды.

Тараптар кеңейтілген демократиялық талқылаулар арқылы барлық тараптардың мүдделері мен алаңдаушылығын есепке алу негізінде реформалардың «топтама» жобасы бойынша кең ауқымды пікір бірлігіне қол жеткізу қажет деп санайды. БҰҰ-ға мүше-мемлекеттер арасындағы ұйымшылдықты қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер үдерісіне жасанды мерзімдік шектеулер қоймау керек, сондай-ақ қазіргі уақытта мүше-елдердің басым көпшілігінің қолдауын таппаған, қандай да болсын, оның ішінде келіссөздер үдерісінің жекелеген аспектілерін бөліп көрсететін жобаларды уақытынан бұрын талқылауға шығармау қажет.

Тараптар АӨСШК шеңберінде үйлестіруді және ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады, қатысушы елдер арасында өзара сенім және ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ өңірлік бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін бұл үдерістің табысты дамуын ілгерілетеді.

Тараптар Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құруды қолдайды және ядролық мемлекеттердің Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы Шартқа қатысты тиісті Хаттамаға жеделдетіп қол қоюын жақтайды. Тараптар Ядролық қаруды таратпау туралы Шарт негізінде ядролық қаруды таратпау режимін нығайту бойынша күш-жігер жұмсайтын болды.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Ху Цзиньтао

Астана қаласы, 2011 жылғы 13 маусым

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларациясы

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруымен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылғы 6-8 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапармен барды.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі - «Тараптар») Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату сәтінен бастап ынтымақтастықтың әртүрлі салаларында қол жеткізілген айтарлықтай нәтижелерін жоғары бағалайды және екі мемлекеттің қарым-қатынасын үшінші он жылдықтың жаңа тарихи кезеңіне кіруін атап көрсетеді. Тараптар бұрын қабылданған бағытқа адал бола отырып, саяси сенімді нығайтатын болады, өзара тиімді ынтымақтастықты ілгерлетеді, тату көршілестікті және достықты нығайтады, екі елдің және олардың халықтарының игілігі үшін жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарды тереңдетеді, өңірде бейбітшілік пен орнықты дамуды қамтамасыз етуге жаңадан үлес қосады.

Тараптар төмендегілер туралы мәлімдейді:

I

2002 жылғы 23 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты», 2011 жылғы 13 маусымдағы «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен декларацияны» және басқа да екіжақты шарттар және келісімдердің рухы мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Тараптар жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарды тереңдетуді жалғастыруды және оларды жаңа мазмұнмен толықтыруды шешті. Тараптар одан әрі екіжақты қарым-қатынастың дамуын өз мемлекетінің сыртқы саясатының басым бағыты ретінде қарастыратынын, тығыз байланыстарды жоғары және биік деңгейлерде нығайтатынын атап өтті.

Тараптар ұлттық заңнамамен белгіленген халықаралық құқық пен тәртіптің жалпыға бірдей танылған қағидаттарына сәйкес, екінші тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне және аумақтық тұтастығына зиян келтіретін қандай да бір одақтар мен блоктарға қатыспайтынын, екінші тараптың егемендігіне және қауіпсіздігіне зиян келтіретін үшінші елдермен шарт жасамайтынын, өз аумағында қандай да бір екінші

тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне және аумақтық тұтастығына зиян келтіруге бағытталған ұйымдар мен топтардың қызметіне жол бермейтінін растайды.

Қазақстан Республикасы «бір Қытай» қағидатын қолдайды және Қытай Халық Республикасының Үкіметін бүкіл Қытайды білдіретін жалғыз заңды үкімет болып табылады деп санайды. Тайвань – Қытай аумағының бөлінбес бөлігі.

Қазақстан тарапы «Тайвань тәуелсіздігіне» қарсы шығып, Тайвань бұғазының екі жағасының арасындағы қатынастарды бейбіт түрде дамытуды және Қытайдың бейбіт жолмен қайта бірігуінің маңызды ісін қолдайды.

Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының халықаралық бастамасын және мемлекеттік егемендікті және аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету бойынша оның басшылығын қолдайды, Қазақстан тарапының дамудың дербес жолын таңдап алуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауға бағытталған күш-жігерін және стратегиялық басымдықтардың жетістіктерін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мен күш-жігерді қолдайды. Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының әлемдегі және өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты, оның ішінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті бұдан әрі дамыту үдерісін және Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізуді қолдайды.

II

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы дамудың маңызды кезеңінде тұр деген ортақ пікірде. Тараптар әртүрлі салалардағы екі елдің жан-жақты іс жүзіндегі ынтымақтастығын нығайтуға ниетті.

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтері басшыларының тұрақты кездесу тетігінің, ынтымақтастық жөніндегі қазақстан - қытай комитетінің және оның кіші комитеттерінің жұмысын жоғары бағалайды. Екіжақты ынтымақтасты дамытудың жоғарыда көрсетілген тетіктерінің бірыңғай, үйлестірілген және жетекші рөлінің маңыздылығын растайды.

Тараптар соңғы жылдар ішінде Қазақстан – Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастығы берік қарқынды дамуды сақтап отырғанын атап өтті. Тараптар ынтымақтастықтың сауда - экономикалық дамуының зор әлеуетін ашуды жалғастыра береді, екі елдің тауар айналымының құрылымын оңтайландыруға, екіжақты саудадағы қосылған құны жоғары өнімнің және жоғары технологиялардың үлес салмағын ұлғайтуға, сауда, көрме және басқа да сауда алаңдарын бірлесіп дамытуды ілгерілетуге жәрдемдеседі, екі мемлекет басшылары белгілеген 2015 жылға қарай сауда айналымының көлемін 40 млрд. АҚШ долларына ұлғайту жөніндегі мақсатқа жету үшін күш-жігерін салады.

Тараптар өзара инвестицияларды ұлғайтуды және көтермелеуді жалғастыруға тілек білдірді. Қытай тарапы 2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясын жүзеге асыруды қолдайды, тиісті қаржы мекемелерімен бекітілген өзара тиімді екіжақты ірі экономикалық жобаларды іске асыруды қаржылық қолдаумен қамтамасыз етуге дайын. Барынша қолайлы инвестициялық ортаны құру мақсатында өзара инвестицияларды көтермелеу үшін Тараптар жоғарыда көрсетілген саладағы ынтымақтастықтың екіжақты шарттық-құқықтық базасын одан әрі жетілдіруді шешті.

Тараптар өзара тиімді негізде энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мен тереңдетуді жалғастырады, мұнай-газ тасымалдау және мұнай-газ кен орындарын барлау, өңдеу және пайдалану салаларында бірлескен жобаларды ұзақ мерзімде, қауіпсіз, тұрақты пайдалануды қамтамасыз етеді. Тараптар екіжақты

келісімде ескертілген өткізу қабілетін жылына 20 млн.т. қол жеткізу мақсатында «Қазақстан - Қытай» мұнай құбырын кеңейту және пайдалануға беру жөніндегі жұмыстарды аяқтау үшін күш-жігерін салады. Тараптар Бірінші учаскені («С» желісі) кеңейту және «Қазақстан - Қытай» газ құбырындағы Екінші учаскені («Бейнеу-Бозой-Шымкент») салу жобаларын іске асыруды жеделдетеді, сондай-ақ Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңғырту мен қайта құру және Ақтау битум зауытын салу жобаларын іске асыруды жеделдетеді. Тараптар екі елдің және мұнай-газ кен орындарын барлау және өңдеу, шикі мұнайды қайта өңдеу және энергоресурстардың экспортын ұлғайтудың жаңа жобаларында ынтымақтастықты дамытуда кәсіпорындарын көтермелейді және қолдайды.

Тараптар бұдан әрі атом саласындағы ынтымақтастықты тереңдетеді, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық жобаларын ілгерлетеді.

Тараптар баламалы энергетика саласындағы ынтымақтастықты белсенді ілгерлететін болады.

Тараптар екі елдің қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты қолдайды, сауда, қаржыландыру мен инвестиция салаларында өзара есеп айырысуларда екі елдің ұлттық валютасын қолдануды кеңейту жөнінде жағдайлар жасау, сондай-ақ қол қойылған екіжақты келісімдерді іске асыру үшін күш-жігерін салады.

Тараптар теміржол мен автомобиль жолдарын және басқа да трансшекаралық инфрақұрылым салу салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуды шешті. Қысқа мерзім ішінде ҚР мен ҚХР арасындағы халықаралық автокөлік тасымалына рұқсат беру жүйесін құру туралы Хаттамаға қол қоюды талқылайды. Тараптар шекара маңындағы өткізу пункттері, кеден, сапаны бақылау, инспекция және карантин салаларындағы ынтымақтастықтарды тереңдетуді жалғастырады; шекара маңындағы өткізу пункттерінің инфрақұрылымын салуды жеделдетеді; олардың өткізу қабілетін арттырады; озық жабдықтарды және басқару әдісін қолданады, алдын ала деректермен тәжірибелік алмасуды ілгерлетеді, өткізу пункттерінде кедендік бақылаудың тиімділігін арттырады, құқық қорғау саласындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтады, шекара маңындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қорғай отырып, есірткі, атыс қаруы, оқ-дәрі контрабандасына және басқа да қылмыстарға қарсы бірлесіп күреседі; екіжақты саудаға қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесу мақсатымен екіжақты сауда статистикасы, зияткерлік меншіктің құқықтарын қорғау, оқу және біліктілікті арттыру салаларындағы ынтымақтастықты дамытуды жалғастырады. Тараптар бірлескен күш-жігерімен үшінші елдерге Қолжат-Дулат өткізу пунктін ашуды жеделдетеді.

Тараптар ауылшаруашылығын, жоғары өнімді селекцияның, астық және оның қайта өңделген өнімдерінің саудасын, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және тасымалдау, инспекция және карантин салаларындағы ынтымақтастық кеңейтуге дайын. Тараптар экспорттаушы елдің эпизоотиялық және эпифитотиялық жағдайларын ескере отырып, Бақты - Бақту өткізу пунктінде Қазақстан - қытай ауылшаруашылық өнімдерінің жылдам өтуі үшін «Жасыл дәлізді» құрады.

Тараптар 2011-2013 жылдарға арналған Қазақстан мен Қытай үкіметтерінің арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық бағдарламасының табысты орындалуын қанағаттанушылықпен атап өтеді. Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде жан-жақты ғылыми-техникалық ынтымақтастық тетігі мен Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеттің алаңын толық пайдалана отырып, екі мемлекеттің арасындағы ғылыми-техникалық саладағы

ынтымақтастықты зерттеу мен әзірлеуден бастап бірлескен ғылыми-техникалық жетістіктерді өндіріске енгізуге дейін дамытуды жалғастырады. Тараптар Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді тетігін құруды қарастырады. Екіжақты өңірлік ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың деңгейін көтереді, 2014-2015 жылдарға арналған Қазақстан мен Қытай үкіметтерінің арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық бағдарламасын бекітеді.

Тараптар одан әрі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ынтымақтастықты нығайтады.

III

Тараптар Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-қытай бірлескен комиссиясы жұмысының нәтижелерін жоғары бағалайды, бұдан әрі аталған тетіктің шеңберінде ынтымақтастықты нығайтуға және кеңейтуге, 2010 жылы 13 қарашада келісілген «Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендерде су бөлу жөніндегі негізгі техникалық жұмыстарды іске асыру жоспарын» уақытылы аяқтау жөнінде мүмкін болатын шараларды қабылдауға және 2015 жылдан бастап ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендерде су бөлу туралы келісім жобасын зерделеуді және келісуді бастауға дайын.

Тараптар өзара құрмет және бір-бірінің мүдделерін сақтау қағидаттары негізінде трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайтады.

Тараптар Қорғас өзеніндегі Қазақстан - қытай бірлескен «Достық» су торабының белгіленген уақытта пайдалануға берілуін оң бағалайды, Сүмбе өзеніндегі су іркіш құрылысын қайта құру жөніндегі барлық жобалық жұмыстарды 2014 жылдың аяғына дейін аяқтайды, 2015 жылдан бастап оны салуға және қайта құруға кіріседі. Тараптар теңдік және өзара пайда, өзара түсіністік және өзара жол берушілік, трансшекаралық су ресурстарын әділ және ұтымды пайдалану қағидаттарын ұстана отырып, Үлкен Ұласты өзеніндегі су құрылысын салу жөніндегі тиісті мәселелерді зерделеуді келісуді жалғастырды.

Тараптар Қорғас өзенін морендік (мұздықтардағы) көлдердің қауіпіне қарсы бірлесіп ден қою жөніндегі ынтымақтастықты дамытуды жоғары бағалайды, Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссия тетігінің шеңберінде бұдан әрі тығыз өзара іс-қимылды өрістетеді. Тараптар «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының жұмыс істеуі, екі мемлекеттің шекара маңындағы тұрғындарының тіршілік әрекеті мен мүлкінің қауіпсіздігі үшін Қорғас өзеніндегі бірлескен «Достық» су торабының бас жағында селден қорғайтын құрылысты салуды қажет деп санайды.

Тараптар Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан - қытай комиссиясының, трансшекаралық өзендер суының сапасын қорғау саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың рөлін жоғары бағалайды, 2011 жылғы 22 ақпандағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендер суының сапасын қорғау туралы келісімді» және 2011 жылғы 13 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді» тиісті түрде іске асыруды жалғастыруға дайындығын білдіреді.

Тараптар Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-қытай комиссиясын ынтымақтастық жөніндегі ҚР және ҚХР арасындағы

комитеттің құрамына енгізуді оң қарастыруға және жуық арада аталған мәселе жөнінде қажетті шешім қабылдауға келісті.

Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара пайдалы ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға және өңірдің тұрақты дамуын бірлесіп ынталандыруға ниетті.

IV

Тараптар гуманитарлық ынтымақтастық екі ел халықтары арасындағы достықты нығайту үшін зор маңызы бар деп атап өтті. Тараптар қысқа мерзімнің ішінде жаңа мәдени – гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісімге қол қояды және іске асырады.

Тараптар тиісті органдардың өзара сапарларын жасау жолымен мәдениет, білім, телехабар, туризм, денсаулық сақтау және спорт салаларындағы өзара іс-қимылды нығайтуды жалғастырады. Қытай тарапы 2013 жылы Қытайдағы «Қазақстанның мәдениет күндерін» өткізуде Қазақстан тарапын қолдайды және студенттердің ҚХР-ға оқуға бұдан да көп келуін құптайды.

Қытай тарапы 2017 жылы Қазақстанда Қытайдың туризм жылын өткізу туралы қазақстандық ұсынысты оң қарастырады.

V

Тараптар жақын арада Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының шекара маңындағы өңірлерінің ынтымақтастығы туралы бағдарламасын әзірлейді, екі елдің шекара маңындағы өңірлерін бірлесіп дамыту және өркендетуді ынталандыратын болады. Тараптар екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтасты ілгерілету үшін бірлесіп Қазақстан - Қытай «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын пайдалануға кіріседі.

IV

Тараптар терроризм, сепаратизм, экстремизм, трансшекаралық ұйымдасқан қылмыс (қару, оқ-дәрі, есірткі құралдарын, психотроптық заттар және олардың прекурсорларын тасымалдау мен сату, сондай-ақ экономикалық қылмыстар) Орта Азия елдерінің қауіпсіздігіне және тұрақтылығына айтарлықтай қатер тудырады деп санайды. Тараптар екіжақты форматта, Біріккен Ұлттар Ұйымының, Шанхай ынтымақтастық ұйымының, АӨСШК мен басқа да халықаралық ұйымдар мен көпжақты құрылымдар шеңберінде тығыз ынтымақтастықты жалғастырады. Тараптар құқық қорғау органдарының арасындағы байланысты нығайтады, ақпарат алмасу, ірі іс-шаралардың және бірлескен экономикалық жобалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты, трансшекаралық экономикалық және қылмыстық істер бойынша ақпарат алмасу саласында өзара іс-қимылды тереңдетеді.

Тараптар Ауғанстанның тәуелсіздігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын құрметтеу жағдайында, осы елді қалпына келтіруде табанды қолдауда, Ауғанстанда және осы өңірде бейбітшілікті, дамуды және тұрақтылықты бірлесіп ынталандыруда халықаралық қоғамдастықтың көрсеткен көмегін қолдайды.

VII

Тараптар қазіргі уақытта әлемде болып жатқан терең және күрделі өзгерістер тұрғысынан БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК және басқа да көпжақты құрылымдар шеңберінде

үйлестіру мен ынтымақтастықты нығайтуды жалғастыру, әлемдік және өңірлік қауіптерге бірлесіп қарсы тұру, өңірлік және дүниежүзілік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында екі мемлекеттің ортақ мүдделерін қорғау қажет деп санайды.

Халықаралық істерде БҰҰ-ның орталық рөлін қолдай отырып, Тараптар БҰҰ және басқа да көпжақты құрылымдар шеңберінде ынтымақтастық пен үйлестіруді нығайтады, халықаралық тәртіпті және халықаралық жүйені әділетті және ұтымды дамыту бағытына ілгерлетеді.

Тараптар ШЫҰ құрылғаннан бері өңірде тұрақтылықты қамтамасыз етуде және мүше мемлекеттердің бірлесіп дамуына жәрдемдесуде маңызды рөл атқарғанын оң бағалайды. Тараптар басқа мүше мемлекеттермен бірге ШЫҰ кеңістігінде ұзақ мерзімді бейбітшілікті және бірлескен өркендеудің үйлесімді өңірін құру мақсатында бұл ұйымды одан әрі дамытуға күш-жігерін салады.

Тараптар АӨСШК шеңберінде ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады. Қазақстан тарапы Қытай тарапын 2014-2016 жылдары АӨСШК төрағалығы кезінде оны белсенді түрде қолдайды. Тараптар АӨСШК үдерісін жүйелі түрде дамытады және нығайтады, өңірде қауіпсіздік пен тұрақтылықтың игілігі үшін мүше мемлекеттер арасындағы өзара сенім және ынтымақтастықты нығайтады, АӨСШК шеңберінде негізгі мәселелер бойынша ұстанымдарды үйлестіреді, АӨСШК сенім шаралары каталогының барлық өлшемдерінде сенім шараларын іс жүзінде іске асыруға бірлескен күш-жігерін салады.

Қытай тарапы Қазақстан Республикасына «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін сәтті өткізуге қолдау көрсетеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Си Цзиньпин

Астана қаласы, 2013 жылғы 7 қыркүйек

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарының жаңа кезеңі туралы бірлескен декларациясы

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы 30 тамыз - 3 қыркүйекте Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапарымен барды.

Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы мемлекет басшылары (бұдан әрі - Тараптар деп аталады) Қазақстан мен Қытай арасында әртүрлі салалардағы ынтымақтастық қол жеткізген елеулі нәтижелерін қанағатпен атап, 2002 жылғы 23 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарттың», 2011 жылғы 13 маусымдағы «Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы Жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен декларацияның» және басқа да екіжақты шарттар мен келісімдердің ережелеріне өзара бейілділігін растап, саяси сенім мен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтып, өңірде және дүниежүзінде бейбітшілік пен тұрақты дамуды қамтамасыз етуге үлес қосуды жалғастыра отырып, төмендегілер туралы мәлімдейді:

I

Тараптар жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту және екіжақты қарым-қатынасты жаңа мазмұнмен молықтыру бағытын жалғастырады.

Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының Еуразиядағы теңдестірілген және сындарлы қатынастарды қалыптастыруға, өңірдегі және тұтастай әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, соның ішінде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізуді жалғастыруға бағытталған халықаралық бастамаларын қолдайды.

Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаларына қайшы келетін, екі мемлекеттің егемендігіне, аумақтық тұтастығына және шекараларының беріктігіне қарсы бағытталған кез келген іс-әрекеттерден тартынатынын растайды.

Тараптар қазақстан-қытай шекара сызығының делимитациясы мен демаркациясының тарихи маңыздылығын мойындайды және екі ел арасындағы шекара туралы, қазақстан-қытай шекарасын бейбіт және достық негізінде бірлесіп нығайту туралы қабылданған барлық келісімдерді бұлжытпай сақтайды, екі мемлекеттің шекара маңы өңірлерін дамыту мен өркендетуге жәрдемдеседі. Тараптар «Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы Келісімнің» жедел күшіне енуіне күш жұмылдырады.

Тараптар «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясаты мен Қытайдың «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасын бір-бірін өзара толықтыратынын және екі ел арасындағы ынтымақтастықты тереңірек дамытуға мүмкіндіктер беретінін атап өтті. Тараптар индустрияландыру және инвестициялар салаларындағы ынтымақтастықты нығайту үшін осы мүмкіндіктерді пайдаланады.

Тараптар ашықтық рухын және келісім, кооперация мен өзара пайда қағидаларын басшылыққа ала отырып, «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясаты мен «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасын ұштастыруға бағытталған ынтымақтастықты бірлесе дамытуға ниетті.

Тараптар осы бастамалар шеңберінде өңіраралық өзара байланыстарды нығайту, құрылыс инфрақұрылымдары, сауда, туризм және инвестициялар салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға уағдаласты.

Тараптар, «Астана қаласының жаңа көліктік жүйесі» жобасын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей Қазақстан Республикасы елордасының инфрақұрылымын бірігіп дамытуды оң бағалайды.

Тараптар алдағы Астана қаласында өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Қытай тарапы өзінің ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысатындығын ресми түрде растады, көрме барысында өзінің энергияны тиімді пайдалану саласындағы тұжырымдамалары мен тәсілдерін көрсетеді.

Тараптар индустрияландыру және инвестициялар саласындағы жобалар қоршаған ортаға ұқыпты қарай отырып жүзеге асырылады деп санайды. Тараптар жаңа және жоғарғы технологияларды пайдаланатын, қосымша құны жоғары энергия үнемдейтін өндірістерді құрушы және бәсекеге қабілетті өнім шығаратын кәсіпорындарды қолдайды.

Тараптар индустрияландыру мен инвестициялар салаларындағы ынтымақтастық бойынша ірі жобаларды қолдауға, сондай-ақ осындай жобаларды іске асыратын екі елдің кәсіпорындарын қаржыландыратын өздерінің қаржы институттарына жәрдем көрсетуге және қолдауға дайын.

Тараптар екі мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жобаларды іске асыру бойынша ынтымақтастық шеңберінде виза рәсімдеу мәселесі жөнінде екі мемлекеттің құзырлы органдарының өзара әрекеттестігі кезінде бір-біріне қолдау көрсетеді.

III

Тараптар, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы маңызды даму кезеңінде тұрғаны жөнінде ортақ пікірде. Тараптар қазақстан-қытай сауда-экономикалық ынтымақтастығының деңгейін көтеру мен мына салалар аясын кеңейтуге жаңа қадамдар жасауға ниетті:

- екі ел арасындағы тауар айналымы құрылымын оңтайландыруға жәрдемдесу, қосылған құны жоғары өнімдер саудасын және жоғары технологияларды қарқынды ынталандыру, екіжақты сауданың теңгерімді дамуын жылжытуға күш салу;
- екі ел арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық саласындағы екіжақты құқықтық - шарттық базаны жетілдіру;
- атом саласындағы өзара іс-қимылды тереңдету, атом қуатын бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық жобаларын жылжыту, оның ішінде уран кендерін игеру, ядролық отынды шығару және жеткізу;
- екі елдің қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты дамыту, сауда, қаржыландыру және инвестициялар салаларындағы өзара есеп айырысуда екі елдің ұлттық валюталарын қолдануды кеңейтуге жағдайлар жасау үшін және тараптар арасындағы екіжақты келісімдерді іске асыруға күш салу;
- теміржол, автожол және басқа да трансшекаралық инфрақұрылымдарды, шекара маңы өткізу пункттерін салу, инспекция және карантин салаларындағы ынтымақтастықты нығайту, шекарадағы кедендік операциялар мен кедендік бақылауды іске асыруды жылдамдатуға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайларды көтеруге ықпал ету;
- сапаны бақылау саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, сонымен қатар метрология, стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу салаларында ақпаратпен алмасу тетіктерін құру;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты және импортына рұқсат беру мәселелері жөнінде ынтымақтастықты нығайту;
- ауыл және орман шаруашылықтары салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы және агроөнеркәсіп кешені, орман шаруашылығы және ағаш өңдеу өнеркәсібіне инвестицияларды тарту үшін жағдайларды жақсарту, екі ел ауыл шаруашылығы және ағаш өңдеу өнеркәсіптерінің өзара іс-қимылына жәрдемдесу;
- астық саудасы саласындағы ынтымақтастықты тереңдету;
- ғылым және техника саласында байланыстарды, ең алдымен, Тараптар үшін қаржылық және ғылыми-техникалық үлес қосатын, толық инновациялық циклді, зияткерлік меншік құқықтарын сенімді қорғайтын, перспективалық өзірлемелер арқылы тереңдету;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстарын бірлесіп орындайтын, ғылыми және зертханалық жабдықтарды жеткізуді қамтитын ғылыми-зерттеу институттары мен жоғарғы оқу орындары арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу;

- өңіраралық қатынастарды белсенді дамыту, осы ынтымақтастықтың географиясы мен салаларын кеңейту, қатынастарды жоспарлы, жүйелі негізге көшіруге жәрдемдесу, трансшекаралық көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру, екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты жылжыту үшін қазақстан-қытай «Қорғас» Шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығын бірлесіп пайдалануға кірісу, қазақстандық теміржолдар желісі арқылы қытай жүктері транзитіне арналған жағдайларды жақсарту;
- ҚР мен ҚХР арасындағы Шекара маңы ынтымақтастығы бағдарламасына қол қою және ҚР мен ҚХР Өңіраралық ынтымақтастық форумын құру, мұның тұтастай маңызы зор;
- бәсекелестік логистика тетіктерін қолдана отырып, Азия мен Еуропа арасындағы тауар тасымалы ағынын қамтамасыз етуде жүк тасымалы ағынын теңіз көлігінен теміржол көлігіне қайта бағдарлауды ынталандыру;
- мәдени-гуманитарлық алмасуларды күшейту, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық туралы жаңа келісімге қол қою және оны іске асыру, Қазақстан мен Қытайдың мәдени орталықтарын өзара құруды белсенді жылжыту, ғылыми-зерттеу орталықтар арасында ынтымақтастықты дамыту, Қытайды зерттеу жөніндегі Еуразиялық орталықты құру мүмкіндігін қарастыру;
- Қазақстан-қытай тұтастай қамтитын энергетикалық әріптестікті кеңейту және тереңдету, мұнай-газ кен орындарын барлау және игеру бойынша жаңа жобалардағы, шикі мұнайды өңдеу және энергиялық ресурстардың Қытайға экспортын ұлғайтудағы ынтымақтастықты дамыту;

Тараптар Қазақстан-Қытай мұнайқұбырын кеңейтуді, «Қазақстан-Қытай» газқұбырының екінші учаскесін («Бейнеу-Бозой-Шымкент») салу, сондай-ақ Шымкент мұнай өңдеу зауытын модернизацияландыруды жеделдетуге ниет білдіреді.

Қазіргі таңда Қазақстан 4-ші мұнай өңдеу зауытын салу мәселесі жөнінде қытай тарапымен ынтымақтастық жасауға, сондай-ақ Қытайдың батыс аудандарында шикізатты өңдеуде ынтымақтасу мүмкіндігін қарауға, мұнай-газ саласында кешенді ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге жәрдемдесуге, көмір саласындағы, оның ішінде көмірді кешенді өңдеу және қосылған құны жоғары өнім шығару арқылы өзара іс-қимылды ұлғайтуға ниет білдіреді.

Тараптар трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-қытай бірлескен комиссиясының жұмысын жоғары бағалайды және тараптар трансшекаралық өзендердің су ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерде су бөлу туралы келісім жобасы бойынша тараптар 2015 жылы ескертілген мерзімде консультацияларды бастады. Тараптар трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекетаралық қатынастарды жаңа ынтымақтастық деңгейге шығаруға бағытталған осы құжаттың жобасын талқылауды жалғастырады. Тараптар 2015 жылғы қыркүйекте Бейжің қаласында Арнайы жұмыс тобының 2-ші отырысы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерде су бөлу туралы келісімнің ортақ қаралған жобасын конструктивті түрде қарау жөнінде келісті.

Тараптар 2015 жылдың аяғына дейін Қорғас өзенінде селден қорғайтын құрылыс салу бойынша жобалық шешімді келісуге күш салады.

Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға күш салады. Тараптар Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-қытай комиссиясын Ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-қытай комитетіне қосуды позитивті қарастырады.

IV

Тараптар терроризм, сепаратизм, экстремизм, трансшекаралық ұйымдасқан қылмыс (қару, оқ-дәрі, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын заңсыз тасымалдау мен сату, сондай-ақ заңсыз көші-қон және экономикалық қылмыстар) мемлекеттердің қауіпсіздігіне және тұрақтылығына айтарлықтай қауіп тудырады деп санайды.

Тараптар екіжақты және көпжақты форматтарда қорғаныс және құқық қорғау органдарының арасындағы байланыстарды нығайту мақсатында ақпарат алмасу және басқа бағыттардағы ынтымақтастық, ірі іс-шаралардың және бірлескен экономикалық жобалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергия шаруашылығы, соның ішінде «үш қатер» және трансшекаралық экономикалық және қылмысқа қарсы күресте тығыз ынтымақтастықты жалғастырады.

Тараптар Қазақстан мен Қытай арасында екі мемлекеттің шекара маңы аудандарына террористік адамдар мен есірткінің енуін, қарулар мен оқ-дәрілердің трансшекаралық контрабандасын болдырмау және оларға қарсы күресте шекара маңындағы басқару мен бақылауды нығайтады.

Тараптар бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының үкіметтері арасындағы «Қорғас» ШЫХО аумағында қауіпсіздік пен құқық тәртібі режимін қамтамасыз ету туралы келісімге қол қоюға ниеттенеді.

V

Тараптар қазіргі уақытта әлемде болып жатқан терең және күрделі өзгерістерге орай БҰҰ, ШЫҰ, АӨЫСШК және тағы басқа көпжақты құрылымдар шеңберінде ынтымақтастық пен үйлесімділікті нығайтуды, жаһандық және өңірлік сын-қатерлерге бірігіп қарсы тұру, өңірдегі және тұтастай әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында екі елдің ортақ мүдделерін қорғау қажет деп санайды.

Тараптар өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылығын қамтамасыз етуде, экономикалық дамуды ынталандыруда ШЫҰ маңызды рөлін оң бағалай отырып, ШЫҰ кеңістігінде үйлесімді өңір, ұзақ мерзімді бейбітшілік құру және өсіп-өркендеу мақсатында осы ұйымның одан әрі дамуына күш жұмылдырады.

Тараптар АӨЫСШК шеңберінде өзара ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады. Қазақстандық тарап қытай тарапының аталған Форумда төрағалық кезеңінде оған белсенді қолдау көрсетеді.

Тараптар АӨЫСШК аясындағы үдерісті ілгерілету және дамыту, оның ішінде институциаландыру бағытындағы ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін білдіреді.

Тараптар Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің құруды құптайды.

Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің құртушы әлеуетті елдердің бірі ретінде Банкті құрудағы белсенді рөл атқару талпынысын қолдайды.

VI

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 70 жылдығына орай Мемлекет басшылары ауыр жылдары бейбітшілікті және адамзаттың бостандығын қорғап қалған жандардың барлығына шексіз құрметін білдіреді.

Барлық мемлекеттердің фашизмге қарсы бірлескен одақтастық күресі мен оккупацияға ұшыраған елдердегі қарсылық көрсету қозғалысын еш ұмытуға болмайды. Шайқас алаңдары мен тылда көрсетілген теңдессіз, ерен ерлік және жанқиярлық әрекет үлгілері мәңгілік өшпейді.

Ұлы жеңістің дүниежүзілік-тарихи маңызы сөзсіз: соның арқасында, халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалары мен қағидаларына негізделген жаңа халықаралық қатынастар жүйесі қалыптасып, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға арналған Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды.

Қазақстан мен Қытай халықтары, Ұлы Жеңіске деген ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жатқан құрмет сезімі жаңа соғыстарға жол бермеудің сенімді кепілі болып, бейбітшілікті, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен сенімнің орнауына ықпал ететініне кәміл сенеді.

2015 жылдың 31 тамызында Бейжің қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада қол қойылды.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә.Назарбаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Си Цзиньпин

Бейжің қаласы, 2015 жылғы 31 тамыз

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының мәңгілік стратегиялық және жан-жақты серіктестікті дамыту туралы бірлескен мәлімдемесі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруы бойынша 2019 жылғы 10-12 қыркүйекте Қытай Халық Республикасында мемлекеттік сапармен болды.

Екі мемлекет басшылары жылы және достық жағдайда келіссөздер жүргізді, дипломатиялық қатынастар орнатылған 27 жыл ішінде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі - Тараптар) арасында әртүрлі салаларда қол жеткізілген елеулі нәтижелерді жоғары бағалады, екіжақты қарым-қатынастар, өзара тиімді ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ өзара мүдделілік туғызатын халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша терең пікір алмасты және өзара түсіністікке қол жеткізді.

Тараптар 2002 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарттың, 2011 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен декларациясының, 2013 жылғы 7 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларациясының, 2015 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық

серіктестік қатынастарының жаңа кезеңі туралы бірлескен декларациясының, 2017 жылғы

8 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының бірлескен мәлімдемесінің, 2018 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының бірлескен мәлімдемесінің және басқа да құжаттардың ережелеріне өзара бейілдігін растады және олардың тарихи маңыздылығы мен практикалық мәнін жоғары бағалайды.

Тараптар қазіргі уақытта Қазақстан-Қытай жан-жақты стратегиялық әріптестігі өзара іс-қимылдың жоғары деңгейін сақтайды және көршілес елдер арасындағы қатынастардың үлгісіне айналды деп санайды.

Тараптар бір-бірінің тұрақтылығын және дамуын өздерінің дамуы үшін жақсы мүмкіндік ретінде қарастырады, ал өзара қолдауды нығайту және жан-жақты ынтымақтастықты тереңдету Тараптардың ортақ арманы болып табылады.

Тараптар жаңа жағдайда, Қазақстан-Қытай қатынастарының мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестігін өзара тиімділік, мызғымас достық өзара сенім мен ортақ сын-тегеуріндерге қарсы жан-жақты қамтылған ынтымақтастық рухында дамытуға бірауыздан шешім қабылдап, төмендегілер туралы мәлімдейді:

I

Тараптар Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік дамудың, ұлттық жаңғырудың және мемлекетаралық қатынастарды тереңдетудің негізгі кезеңінде тұрғанын атап өтеді.

Тараптар екіжақты қатынастарды өз мемлекеттерінің сыртқы саясатының басым бағыты ретінде дамытатын, бір-бірінің негізгі саяси күн тәртібін табандылықпен қолдайтын болады.

Қазақстан тарапы Қытай Халық Республикасының құрылуының 70 жылдығымен құттықтайды және Қытайдың дамуы мен құрылуындағы ұлы жетістіктерді жоғары бағалайды.

Қазақстан тарапы үлкен дәуірлік мәні бар жаңа дәуірдегі қытайлық сипаттағы социализм туралы Си Цзиньпиннің идеясы Қытайдың одан әрі даму бағытын айқындады деп санай отырып, Қытай халқына «екі ғасырлық» мақсаттарды сәтті іске асыруды тілейді.

Қытай тарапы Қазақстанның және жалпы өңірдің гүлденуі мен тұрақтылығы үшін маңызды мәнге ие 2019 жылғы маусымда Қазақстанда кезектен тыс президенттік сайлаудың сәтті өткенін жоғары бағалайды.

Қытай тарапы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Назарбаевтың дана басшылығымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 28 жылы ішінде қол жеткізілген мемлекетті дамыту және құру, тәуелсіз және бейбітсүйгіш сыртқы саясатты іске асыру ісіндегі маңызды жетістіктеріне сүйсінеді, сондай-ақ дамудың жаңа кезеңін іске асыруды жалғастыратын Қазақстанға басшылық ететін Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевты қолдайды.

Тараптар саяси өзара сенім Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарының маңызды негізі болып табылатындығын растайды. Тараптар мемлекеттік егемендікті, қауіпсіздікті және аумақтық тұтастықты қозғайтын, сондай-ақ негізгі мүдделілік туғызатын басқа да мәселелер бойынша өзара көмек көрсетуді жалғастырады.

Тараптар басқа тараптың егемендігінің, қауіпсіздігінің және аумақтық тұтастығының мүдделеріне нұқсан келтіретін қандай да бір одақтарға немесе

бірлестіктерге мүше болмайтындығын, халықаралық шарттарды жасаспайтындығын, басқа тараптың мемлекеттік егемендігіне, қауіпсіздігіне және аумақтық тұтастығына нұқсан келтіретін үшінші тараптардың, қандай да бір ұйымдардың, бірлестіктердің немесе адамдардың өз елінің аумағындағы қызметіне жол бермейді.

Қазақстан тарапы «бір Қытай» қағидатын нық қолдайды және Қытай Халық Республикасының үкіметі бүкіл Қытайдың атынан шығатын бірден бір заңды үкімет болып табылады деп растайды. Тайвань мен Тибет Қытайдың ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан тарапы «Тайвань тәуелсіздігіне» кез келген түрде қарсы тұрады, екі жағалаудың арасындағы қатынастардың бейбіт дамуын және ҚХР үкіметінің Қытайды бейбіт түрде қайта қосуды жүзеге асырудағы барлық күш-жігерін қолдайды. Қытай тарапы Қазақстанның өз бетінше таңдап алған даму жолын және мемлекетшілік тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді сақтау және әлеуметтік-экономикалық дамуды ынталандыру үшін Қазақстан үкіметі қабылдайтын шараларды нық қолдайды.

Тараптар жоғары деңгейдегі тығыз байланыстардың оң дәстүрін сақтауды, екіжақты қатынастарды дамытуда «мемлекет басшылары дипломатиясының» маңызды стратегиялық басқарушы рөлін жан-жақты дамытуды, Қазақстан мен Қытай үкіметі басшыларының ұдайы кездесулерінің тетіктерін жетілдіруді және ҚР-ҚХР ынтымақтастық жөніндегі комитеттің жоғары тиімді жұмысын қолдауды жалғастырады.

Тараптар екі мемлекет басшылары қол жеткізген уағдаластықтарды адал іске асыруға, екі елдің үкіметтік ведомстволарының, заң шығарушы органдарының, саяси партияларының, қоғамдық ұйымдарының, кәсіпорындарының және қаржы мекемелерінің ынтымақтастығын қолдауға, мемлекеттік басқару саласындағы тәжірибе алмасу бойынша өзара іс-қимыл жасауды нығайтуға ниет білдіреді.

II

Тараптар Қытайдың жаңа даму тұжырымдамасы және «екі ғасырлық» мақсаттары Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайларындағы Қазақстанның даму тұжырымдамасымен бірлесіп Қазақстан мен Қытайдың дамуы үшін маңызды айқындаушы мәнге ие болатынын, сондай-ақ ынтымақтастықты тереңдету арқылы бірлескен дамуды жүзеге асыруға әзір екендігін атап өтеді.

Тараптар практикалық ынтымақтастық Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамытудың қозғаушы күші екенін атап көрсетті. Тараптар бірлескен күш-жігермен ашық әлемдік экономиканы құруды ілгерілетуге дайын. Тараптар әлемдік экономиканың тұрақты дамуына белсенді үлес қосуға ниеттеніп, экономикалық жаһандану мен сауданы ырықтандыруға жәрдемдесуге бейілдігін, өзегі Дүниежүзілік сауда ұйымы болып табылатын көпжақты сауда жүйесін қорғауға, унилатерализмге және протекционизмге табанды қарсылық білдіруге, сондай-ақ бәсекелестіктің әділ жағдайларын қамтамасыз етуге, ашық, төзімді, теңгерімді және өзара тиімді экономикалық саясатты жүзеге асыруға жәрдемдесуге ұмтылысын растайды.

Тараптар, 2019 жылғы сәуірде Бейжіңде өткен 2-ші «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастық жөніндегі форумды жоғары бағалап, Форум барысында қол жеткізілген маңызды уағдаластықтарға сәйкес «Бір белдеу, бір жол» бастамасын бірлесіп тиімді жүзеге асыруға дайын.

Тараптар қытайлық «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жүзеге асыру шеңберіндегі бірлескен ынтымақтастық арқасында екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі

ілгерілету үшін маңызды мәні бар жемісті жетістіктерге қол жеткізілгенін атап өтеді.

Тараптар «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты мен «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» құрылысы арасындағы ұштасу екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін маңызды рөл атқаратынын атап өтеді.

Тараптар «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын және «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» құрылысын ұштастыру бойынша ынтымақтастық жоспарын жүзеге асыру бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қояды құптайды.

Тараптар ынтымақтастық деңгейін көтеруді және оның келесі салаларын кеңейтуді жалғастыруға ниетті:

1) екіжақты сауданың ауқымын кеңейту, екі ел арасындағы сауда айналымының құрылымын әртараптандыру, екіжақты сауданы өсірудің жаңа көздерін табу, инновациялық ынтымақтастық мүмкіндігін белсенді зерттеу, қосылған құны жоғары өнімнің және жоғары технологиялар саудасын ынталандыру, екіжақты сауданы теңгерімді дамытуды ілгерілетуге күш салу. Екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты тиімді ілгерілету мақсатында Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту бағдарламасы әзірленетін болады. Қытай тарапы Қазақстан тарапын 2019 жылғы қарашада Шанхайда өтетін 2-ші Қытай халықаралық импорттық көрмесіне қатысуға шақырады және оның құрметті қонағы ретінде қарсы алады;

2) өндірістік қуаттар және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты тереңдету. Тараптар саяси ұштасуды және байланыстың ақпараттық арналарын нығайту үшін өндірістік қуаттар және инвестициялар саласында Қазақстан мен Қытай арасындағы диалог пен ынтымақтастық тетігінің үйлестіруші рөлін толық іске асырады. Тараптар қаржылай қолдауды жаңалау мен күшейту және үлкен мөлшердегі маңызды жобаларды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында өндірістік қуаттар саласындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық қоры платформасының, өндірістік қуаттар саласындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын және «Астана» халықаралық қаржы орталығын жеңілдікпен несиелеу рөлін дамытады.

Тараптар 2015 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Индустрияландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастық шеңберінде іскерлік мақсаттағы визаларды рәсімдеу тәртібі туралы келісімді іске асыруды жалғастырады.

Тараптар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімнің жаңа жобасын одан әрі келісуді жалғастырады.

3) қол қойылған екіжақты құжаттарға сәйкес, энергетикалық ынтымақтастық, оның ішінде мұнай мен газ, атом энергиясын бейбіт пайдалану, электроэнергетика, жаңартылатын энергия көздері салаларында кеңейту;

4) екі елдің қаржы саласындағы ынтымақтастығын кеңейту. Тараптар «Астана» халықаралық қаржы орталығының дамуы мен қызметін қолдайды және екі ел қаржы институттарын онымен ынтымақтастықты тереңдетуге ынталандырады;

Тараптар сауда, қаржыландыру мен инвестициялар салаларында ұлттық валюталарды пайдаланудың көлемін арттыратын, қаржыландыру мен кепілдердің инновациялық әдістерін енгізетін, әртүрлі инвестициялық платформаларды тиімді пайдаланатын, инвестициялар мен несиелерді біріктіретін болады;

5) трансшекаралық электрондық сауда саласындағы ынтымақтастықты нығайту. Тараптар электрондық сауда саласындағы өзара іс-қимыл тетігін, ынтымақтастықтың

жаңа платформасы мен жаңа моделін құрады, сондай-ақ цифрлық экономика саласындағы ұлттық даму бағдарламаларының ұштасуын ынталандыратын болады;

6) өткізу пункттерін және басқа трансшекаралық инфрақұрылымды салу, кеден, инспекция, карантин, шекарадан өткізу пункттері салаларындағы, ақпаратпен өзара алмасу, кедендік бақылауды өзара тану, құқық қорғау саласында өзара көмек және халықаралық сауданың «бір терезесін» ұйымдастыру, қауіпсіз және қолайлы сауданы одан әрі ынталандыру мәселелері бойынша ынтымақтастықты бір мезгілде нығайту. Тараптар өткізу пункттерін басқару мен пайдалану тиімділігін және өзара байланыс пен қолжетімділік деңгейін үздіксіз арттыратын болады;

7) ауылшаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты нығайту. Тараптар ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасындағы оң нәтижелер негізінде аграрлық сала өнімдеріне рұқсат беру, ауылшаруашылығына инвестиция салу, «егу, өсіру мен қайта өңдеу» толық циклын қалыптастыру, мал өсіру мен ветеринария, фитосанитария мен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық технологиялармен алмасу бойынша өзара іс-қимылды нығайтуды жалғастырады;

8) ғылыми-техникалық және ақпараттық технологиялар саласындағы ынтымақтастықтың жаңа модельдері мен жобаларын зерделеу. Тараптар тиісті ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимылды ынталандырады;

9) бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыру арқылы әскери-техникалық саладағы ынтымақтастықты дамыту;

10) ғарыш саласындағы ынтымақтастықты нығайту. Тараптар аталған салада сарапшылар консультацияларын тұрақ түрде өткізетін, сондай-ақ тәжірибемен белсенді алмасуға және мамандарды даярлауға жәрдемдесетін болады;

11) халықаралық тасымалдаулар саласында Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын күшейту; тасымалдауларға жәрдемдесу деңгейін көтеру, «Қазақстан-Қытай» автокөлік дәлізінің халықаралық бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

12) «Қытай-Қазақстан-Орталық Азия», «Қытай-Қазақстан-Еуропа», «Қытай-Қазақстан-Парсы шығанағының елдері» бағыттары бойынша контейнерлік тасымалдауларды дамытуды қоса алғанда, халықаралық темір жол жүк тасымалдауларының дамуын жылдамдату, контейнерлерге жүк арту тиімділігін арттыру, кедендік ресімдеуді жеңілдету, Қытайдың жүктерін Қазақстан арқылы транзитпен тасымалдау үшін қолайлы жағдайлар жасау;

13) Қазақстан-Қытай «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының тиімді пайдалануын бірлесіп қамтамасыз ету, министрлік деңгейіндегі үйлестіруші рөлін көрсету, бұдан ертеректе қол қойылған құжаттарды қатаң орындау, тараптардың саясаты мен жоспарларын үйлестіруді нығайту, бірлескен пайдалану мен басқарудың деңгейін көтеру;

14) тараптардың адам ресурстарымен алмасуына және ол үшін қолайлы деңгейді үздіксіз арттыруға жәрдемдесу;

15) өңіраралық ынтымақтастықты тереңдету, ынтымақтастықтың географиялық аясы мен салаларын кеңейту үшін қалалар арасындағы бауырластық қарым-қатынастардың орнатылуын ынталандыру. Тараптар Алматы қаласында 2019 жылғы мамырда өткен ҚР мен ҚХР арасындағы Өңіраралық ынтымақтастық форумының 2-ші отырысына оң баға берді;

16) мәдени-гуманитарлық алмасуды нығайту, бұқаралық ақпарат құралдарының арасындағы ынтымақтастықты кеңейту, қазақстандық және қытайлық ғалымдар

арасында академиялық алмасуға жәрдемдесу, екі елдің әдеби шығармалары мен фильмдерін өзара аудару саласындағы ынтымақтастықты нығайту, әдебиет пен өнер топтарының сапарларымен тығыз алмасу. Тараптар білім, медицина, спорт, жастар және туризм салаларындағы ынтымақтастықты дамытуды жалғастырады. Тараптар Қазақстандағы «Жастар жылы» аясында тиісті іс-шараларды өткізіп, екі елдің жастары арасындағы өзара түсіністік пен достықты ынталандырады. Қытай тарапы қазақстандық тараптың «Қытайда Қазақстанның туризм жылын» өткізуін құптайды;

17) Ұлы Жібек жолының рухын дамыту, мәдени мұраны қорғау мен өзара берудегі іс-қимылын нығайту, көрікті жерлерді қалпына келтіруді ынталандыру және бірлескен археологиялық зерттеулер жүргізу саласында ынтымақтастықты кеңейту.

III

Тараптар ҚР-ҚХР ынтымақтастық комитетінің Траншекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Қытай бірлескен комиссиясының нәтижелерін жоғары бағалайды. Тараптар тең құқықтық, тату көршілік және екі мемлекет арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және тереңдетуге ниетті.

Тараптар Қорғас өзеніндегі «Достық» бірлескен су торабын бірлесіп басқаруды және пайдалануды жалғастырады.

Тараптар 2019 жылғы сәуірде Сүмбе өзеніндегі су тарту құрылыс жайын қайта жаңғырту бойынша жұмыстардың аяқталуын және Қорғас өзеніндегі «Алмалы» («Шүкірбұлақ») сел ұстайтын бөгет құрылысының басталуын оң бағалады.

Тараптар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерде су бөлу туралы келісім жобасын келісу бойынша жұмысты жандандыруға ниетті.

IV

Тараптар қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық Қазақстан-Қытай көпвекторлы ынтымақтастығының маңызды құрамдас бөлігі екенін, қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылының нәтижелерін оң бағалайтындығын атап өтеді.

Тараптар «үш зұлымдықтың күштері», есірткінің заңсыз айналымы, киберқылмыс, ауыр зорлық-зомбылықтың және трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың әртүрлі нысандары екі мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қауіп төндіреді деп санайды.

Тараптар жоғарыда аталған қауіп-қатерлерге және сын-тегеуіріндерге тиімді түрде қарсы тұру үшін және екі мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтау мақсатында қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуді, контрагенттік ведомстволар арасындағы алмасуды нығайтуды, мемлекеттік шекарадағы қауіпсіздікті сақтауды, «үш зұлымдық күштерімен» есірткі контрабандасымен, киберқылмыспен, ауыр зорлық-зомбылыққа және трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен бірлесіп күресуге ниетті.

Тараптар «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында полиция мен құқық қорғау органдары арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға, бірлескен құқық қорғау белсенділігін күшейтуге және Орталықта құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге ниет білдірді.

Тараптар әскери саладағы практикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге, өзара сапарларды ұйымдастыруды, кадрларды даярлауды, бірлескен оқу-жаттығуларын, жаттығулар, жарыстар мен басқа да іс-шараларды өткізуді жалғастыруға, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі қорғаныс пен қауіпсіздік саласындағы көпжақты ынтымақтастыққа бірлесіп қатысуға ниетті.

Тараптар сыбайлас жемқорлық ұлттық және өңірлік тұрақтылыққа қауіп төндіреді және әлеуметтік-экономикалық даму процесіне кедергі келтіреді деп санайды. Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының және тиісті екіжақты құжаттардың негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тәжірибе алмасуға, «жемқорлықсыз Жібек жолының» құрылысына бірлесіп жәрдемдесуге, сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы күрес саласында сот және құқық қорғау органдарының көпжақты және екіжақты ынтымақтастығын нығайтуға дайын.

V

Тараптар бірқатар маңызды халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша екі мемлекеттің бірдей немесе ұқсас ұстанымдарын атап өтті. Қазақстандық тарап ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин ұсынған халықаралық қатынастардың жаңа моделін және жаһандық басқаруды жетілдіруге қытай даналығының қосқан үлесі болып табылатын адамзаттың ортақ тағдыры қоғамдастығын құру бастамасын оң бағалайды. Қытай тарапы қазақстандық «С-Global» тұжырымдамасын халықаралық саяси және экономикалық дағдарыстарға ден қою үшін пайдалы платформа ретінде оң бағалап, қазақстандық тараптың халықаралық қатынастардағы сындарлы рөлін қолдайды.

Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымында (бұдан әрі - БҰҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымында (бұдан әрі - ШЫҰ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінде (бұдан әрі - АӨСШК), Азия-Еуропа форумында және басқа да көпжақты тетіктерде үйлестіру мен қоғамдасуды одан әрі нығайтуға, жаһандық және өңірлік сын-тегеуіріндерге бірлесіп ден қоюға, екі елдің ортақ мүдделерін қорғауға, өңірде және бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ниетті.

Тараптар әлемдік қауымдастық бірлескен күш-жігердің арқасында ғана жаңа сын-тегеуіріндер мен қауіп-қатерлерге тиімді ден қоя алады деген ортақ пікірде. Қазақстан мен Қытай халықаралық және өңірлік қатынастарда неғұрлым тығыз және тиімді өзара іс-қимыл жасауға, өңірдегі және бүкіл әлемдегі бейбітшілікті, тұрақтылықты, дамуды және өркендеуді бірлесіп ілгерілетуге ниетті.

Тараптар БҰҰ-ның халықаралық істердегі маңызды рөлін қуаттайды, екі мемлекеттің БҰҰ және басқа да көпжақты құрылымдардағы өзара іс-қимылын күшейтеді, әлемдік тәртіп пен жүйенің дамуын неғұрлым әділетті және ұтымды дамуға ынталандырады.

Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің реформасы Біріккен Ұлттар Ұйымының болашағына және Ұйымға мүше барлық мемлекеттердің негізгі мүдделеріне әсер етеді, сондықтан толық және демократиялық келісімдер арқылы мәселені шешудің «кешенді» жолдарын табу және барлық тараптардың мүдделері мен алаңдаушылығын білдіретін кең ауқымды уағдаластықтарға қол жеткізу қажет деп санайды. Тараптар елеулі келіспеушіліктер тудыратын реформа жобаларын күштеп ілгерілетуге қарсы.

Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымы халықаралық қатынастардағы маңызды сындарлы күшке айналғанын қанағаттанушылықпен атап өтеді. Ұйым жаңа сын-

тегеуіріндер мен қауіп-қатерлерді тиімді шешуде орасан зор әлеуетке ие.

Тараптар өзара сенімді, өзара тиімді, тең, өзара консультацияларды, мәдениеттердің әр алуандығын құрметтеуді, бірлескен дамуға ұмтылысты, ШЫҰ Хартиясының мақсаттары мен міндеттерін және ШЫҰ-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыратын «Шанхай рухына» сүйене отырып, саясат, қауіпсіздік, экономика, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық, ғылыми-техникалық және басқа да салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті.

Тараптар АӨСШК Азиядағы өңірлік қауіпсіздік саласындағы диалог пен ынтымақтастықтың маңызды алаңы болып табылатындығын атап өтті. Тараптар АӨСШК процестерін ілгерілетуге қатысуын, сенім шараларының әр түрлі салаларында ынтымақтастықты тереңдетуге, ортақ, кешенді ынтымақтастыққа негізделген тұрақты қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күш-жігер жұмсауды жалғастырады.

Тараптар АӨСШК және оның сыртқы байланыстарының кеңеюін қолдайды, өңірлік қауіпсіздік пен дамудағы АӨСШК рөлін арттыруға жәрдемдесетін болады.

Тараптар «Азия-Еуропа» форумы аясында үйлестіруді нығайтуға, Азия мен Еуропа арасындағы сауда және экономика, көлік және логистика, энергетика, білім беру, азық-түлік қауіпсіздігі, инновация мен коммуникация салаларындағы практикалық ынтымақтастыққа бірлесіп жәрдемдесуге дайын екендіктерін білдірді.

Тараптар саяси реттеу Сирия дағдарысын шешу бойынша жалғыз дұрыс жол болып табылатынын атап өтті. Қытай тарапы Сириядағы жағдайды реттеу

бойынша Қазақстанның күш-жігерін жоғары бағалайды. Бұл ретте, Сирия бойынша Астана процесі қақтығысты бейбіт реттеу үдерісіндегі маңызды алаң болып табылады. Қазақстан тарапы Сирия проблемасын саяси шешуді ілгерілетуде қытай тарапының сындарлы рөлін жоғары бағалайды.

Тараптар Ауғанстанның тәуелсіздігін, егемендігін, біртұтастығын және аумақтық тұтастығын құрметтеу негізінде халықаралық қоғамдастықты қолдайды, ауған үкіметіне «ауғандықтардың өздерінің басшылығымен және күш-жігерімен» бейбіт процесіне және елдің бейбіт қалпына келуіне көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинге қазақстандық делегацияны достық және жылы шыраймен қарсы алғаны үшін алғысын білдіріп, Төраға Си Цзиньпинді тараптар үшін қолайлы уақытта Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

2019 жылғы 11 қыркүйекте Бейжің қаласында, екі данада, әр қайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде қол қойылды.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ.К.Тоқаев

Қытай Халық Республикасының
төрағасы
Си Цзиньпин

Бейжің қаласы, 2019 жылғы 11 қыркүйек

6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМДЕР МЕН КЕЛІСІМШАРТТАРДЫҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ

№	Халықаралық келісімшарттың атауы	Қол қойылған күні мен жері	Қазіргі күйі	Қосымша	МІР бойынша НҚА
1	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстанда Қытай дүкендерін ашу туралы келісім	Бейжің, 26.02.1992	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
2	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасынан Қазақстан Республикасына жабдықтар мен тауарларды жеткізуге арналған мемлекеттік несие туралы келісім	Бейжің, 26.02.1992	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
3	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай үкіметаралық комиссиясын құру туралы келісім	Бейжің, 26.02.1992	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. Күшін 17.05.2004 жойған	Рәсімсіз

№	Халықаралық келісімшарттың атауы	Қол қойылған күні мен жері	Қазіргі күйі	Қосымша	МІР бойынша НҚА
4	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметінің азаматтардың қос мемлекет арасында еркін қатынауы туралы келісімі	Бейжің, 26.02.1992	Күші жойылған	Қол қойылған күннен 30 күн өткен соң 27.03.1992 күшіне енді. 01.02.1994 күні күшін жойған	Рәсімсіз
5	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және бірлесіп қорғау туралы келісім	Бейжің, 10.08.1992	Күші бар	18.08.1994 күні күшіне енді	1994 жылғы 8 маусымдағы ратификациялау туралы № 76-ХІІ ҚР ЖС жарлығы
6	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы консулдық келісім	Бейжің, 10.08.1992	Күші бар	30.04.1994 күні күшіне енді	1993 жылғы 29 қаңтардағы ратификация туралы №1940-ХІІ ҚР ЖС жарлығы
7	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерін ашу туралы келісім	Бейжің, 10.08.1992	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. 10.08.2002 күні күшін жойған	Рәсімсіз
8	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметінің білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімі	Бейжің, 10.08.1992	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. 31.07.1995 күні күшін жойған	Рәсімсіз
9	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы келісім	Бейжің, 10.08.1992	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. 10.08 2002 күні күшін жойған	Рәсімсіз
10	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автокөлік тасымалдары туралы келісім	Бейжің, 26.09.1992	Күші бар	15.05.1993 күні күшіне енді	1993 жылғы 5 сәуірдегі бекіту туралы № 263 ҚРҰҚ

11	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының темір жолдары арасында жүктерді контейнермен жеткізетін халықаралық тасымалды ашу туралы келісім	Бейжің, 26.09.1992	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. 26.09.1996 күні күшін жойған	Рәсімсіз
12	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы келісім	Бейжің, 14.01.1993	Күші бар	12.07.1995 күні күшіне енді	1995 жылғы 30 мамырдағы ратификация туралы № 2309 ҚРПЖ
13	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың іссапары туралы келісім	Бейжің, 18.10.1993	Күші бар	01.02.1994 күні күшіне енді	Рәсімсіз
14	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісім	Бейжің, 18.10.1993	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
15	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметінің қос мемлекет арасында жол жүретін азаматтарға виза беру тәртібі туралы келісім	Алматы, 31.12.1993	Күші бар	01.02.1994 күні күшіне енді	Рәсімсіз
16	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мемлекеттік несие беру туралы келісім	Алматы, 26.04.1994	Күші бар	Шарттағы міндеттемелер толық орындалғанға дейін жарамды	Қытайдың Қазақстанға берген несиесі (50 млн. Қытай юаны) 1996 жылғы 26 тамыздағы «ҚХР несиесін пайдалану туралы» № 1056 ҚРУҚ сәйкес жұмсалады
17	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісім	Алматы, 26.04.1994	Күші бар	11.09.1995 күні күшіне енді	1995 жылғы 15 маусымдағы ратификация туралы № 2331 ҚРПЖ

18	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім	Алматы, 30.12.1994	Күші жойылған	30.12.1994 күні күшіне енді. 30.12.2004 күні күші жойылды	Рәсімсіз
19	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытайдағы Ляньюньган теңіз портын Қазақстанның транзиттік жүктерін өңдеу және тасымалдау үшін пайдалану туралы келісім.	Бейжің, 11.09.1995	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді (11.09.1995)	Рәсімсіз
20	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт	Алматы, 05.07.1996	Күші бар	10.02.1999 күні күшіне енді	1997 жылғы 13 маусымдағы ратификация туралы № 123-І ҚРЗ
21	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім	Алматы, 05.07.1996	Күші жойылған	26.03.1998 күні күшіне еніп, 26.03. 2008 күні күшін жойды	1997 жылғы 24 ақпандағы бекіту туралы № 258 ҚРҰҚ
22	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы импорттық-экспорттық тауарлардың сапасын қамтамасыз ету және өзара сараптама жасау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Алматы, 05.07.1996	Күші бар	27.01.1997 күні күшіне енді	1996 жылғы 24 қыркүйектегі бекіту туралы № 1165 ҚРҰҚ
23	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасына өтеусіз әскери көмек көрсетуі туралы хаттама	Алматы, 14.06.1997	Күші жойылған	14.06.1997 күні күшіне еніп, 11.10.2006 күні күшін жойды	Рәсімсіз
24	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы қосымша келісім	Алматы, 24.09.1997	Күші бар	07.04.1999 күні күшіне енді	1999 жылғы 24 наурыздағы ратификация туралы № 352-І ҚРЗ

25	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметінің мұнай және газ саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімі	Алматы, 24.09.1997	Қолданыста жоқ	Тараптардың МІР орындауы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді. Тараптар МІР орындаған жоқ	2006 жылғы 23 мамырдағы № 441 ҚРҰҚ
26	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметінің кеден саласындағы ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімі	Алматы, 26.09.1997	Күші бар	03.08.1999 күні күшіне енді	1999 жылғы 12 сәуірдегі бекіту туралы № 406 ҚРҰҚ
27	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына Қытай Халық Республикасының өтеусіз әскери көмек көрсетуі туралы қосымша келісім	Бейжің, 04.10.1997	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. 11.10.2006 күні күшін жойды	Рәсімсіз
28	1999 жылғы Қазақстан Республикасының халық санағын өткізуіне Қытай Халық Республикасының 5 миллион юань (600 000 АҚШ доллары) көлемінде өтеусіз көмек көрсетуі туралы хат алмасу арқылы орнатылған келісім	Бейжің, 07.05.1998	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
29	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы қосымша келісім	Алматы, 04.07.1998	Күші бар	07.04.1999 күні күшіне енді	1999 жылғы 24 наурыздағы ратификация туралы № 351-1 ҚРЗ
30	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қытайдың Сянган арнайы әкімшілік ауданында Қазақстан Республикасының құрметті консулдығын ашу туралы ноталар	Бейжің, 24.12.1998	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз

31	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне Қытай Халық Республикасының Үкіметінен 3 000 000 Қытай юаны сомасында өтеусіз көмек көрсету туралы келісім	Алматы, 30.12.1999	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
32	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасына кредит жеңілдігін беруі жиектемелі келісім	Бейжің, 09.07.1999	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. 09.07.2002 күні күшін жойды	Рәсімсіз
33	Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қытай Халық Республикасы Үкіметінің өтеусіз көмек көрсетуі туралы келісім	Бейжің, 23.11.1999	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
34	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы монополияға қарсы саясат пен жосықсыз бәсекеге қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Бейжің, 23.11.1999	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
35	Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қытай Халық Республикасының Үкіметінен өтеусіз көмек көрсету туралы келісім	Астана, 19.04.2000	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
36	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне Қытай Халық Республикасының Үкіметінен 3 000 000 қытай юаны сомасында өтеусіз көмек көрсету туралы келісім	Бейжің, 24.04.2000	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. 11.10.2006 күні күшін жойды	Рәсімсіз
37	Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қытай Халық Республикасы Үкіметінің өтеусіз көмек көрсетуі туралы келісім	Астана, 28.07.2000	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз

38	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық өкілдіктер мен олармен тең өкілдіктерге беретін Қазақстан Республикасының салық жеңілдіктері туралы ноталар	Алматы, 07.09.2000	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
39	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Астана, 12.09.2001	Күші бар	01.10.2002 күні күшіне енді	2002 жылғы 10 қыркүйектегі бекіту туралы № 989 ҚРҰҚ
40	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісім	Астана, 12.09.2001	Күші бар	09.08.2003 күні күшіне енді	2003 жылғы 2 маусымдағы ратификация туралы № 421-II ҚРЗ
41	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметіне он миллион қытай юань сомасында өтеусіз көмек көрсету туралы келісім хаттары	Астана, 12.09.2001	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
42	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы материалдық ресурстарды жеткізу немесе жобаларды жүзеге асыруда Қытай Халық Республикасы Үкіметінің бес миллион қытай юань мөлшерінде өтеусіз көмек көрсетуі туралы келісім хаттары	Астана, 14.01.2002	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
43	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын межелеу туралы хаттама	Бейжің, 10.05.2002	Күші бар	29.07.2003 күні күшіне енді	2003 жылғы 4 шілдедегі ратификация туралы № 469-II ҚРЗ

44	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт	Бейжің, 23.12.2002	Күші бар	03.06.2003 күні күшіне енді	2003 жылғы 2 маусымдағы ратификация туралы № 420-II ҚРЗ
45	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Бейжің, 23.12.2002	Күші бар	03.07.2003 күні күшіне енді	2003 жылғы 2 маусымдағы бекіту туралы № 1098 ҚРГЖ
46	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне гуманитарлық саладағы жобаны жүзеге асыруда 10 миллион қытай юаны сомасында өтеусіз көмек көрсетуі туралы хаттары	Бейжің, 23.12.2002	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
47	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы қауіпті әскери іс-әрекеттердің алдын алу туралы келісім	Бейжің, 23.12.2002	Қолданыста жоқ	ҚХР МІР орындаған жоқ	2004 жылғы 11 маусымдағы ратификация туралы № 560-II ҚРЗ
48	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда вице-министрі Ф.І. Оразбақов пен ҚХР Сыртқы сауда және экономикалық ынтымақтастық вице-министрі Чжоу Кэжэньнің хаттары. Бұл хаттар – Қазақстан Республикасы мен Қытай Үкіметтері арасындағы ҚХР Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне бес миллион қытай юаны сомасында өтеусіз көмек көрсету туралы келісімі	Астана, 21.11.2002	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз

49	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Үкіметтері арасындағы білім беру саласындағы жобаларды жүзеге асыруда Қытай Халық Республикасының Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне 20 млн қытай юаны сомасында өтеусіз көмек көрсетуі туралы келісім хаттары	Астана, 03.06.2003	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
50	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Үкіметтері арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Үкіметіне беретін өтеусіз көмекті пайдалану шарты туралы келісім хаттары (Қостанай облысының телекоммуникациялар желісін қайта құру)	Астана, 26.08.2003	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
51	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтерінің арасындағы Сянган және Аомынь арнайы әкімшілік аудандарында Қазақстан Республикасының бас консулдығын құру туралы келісім ноталары	Бейжің, 02.07.2003	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
52	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтерінің арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Үкіметіне өтеусіз көмегін пайдалану шарттары туралы келісім хаттары	Астана, 30.12.2003	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
53	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтерінің арасындағы мұнай және газ саласында жан-жақты ынтымақтастық дамыту туралы негіздемелік келісімі	Бейжің, 17.05.2004	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз

54	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетін құру туралы келісім	Бейжің, 17.05.2004	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Ресімсіз
55	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім	Бейжің, 17.05.2004	Күші бар	18.08.2010 күні күшіне енді	2004 жылғы 20 тамыздағы бекіту туралы № 880 ҚРҰҚ
56	Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы өсімдіктер карантині мен өсімдіктерді қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Бейжің, 17.05.2004	Күші бар	27.08.2004 күні күшіне енді	2004 жылғы 20 тамыздағы бекіту туралы № 879 ҚРҰҚ
57	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жануарлардың денсаулығы мен карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Бейжің, 17.05.2004	Күші бар	16.08.2004 күні күшіне енді	2004 жылғы 10 тамыздағы бекіту туралы № 832 ҚРҰҚ
58	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығын құру туралы негіздемелік келісім	Кульджа, 24.09.2004	Күші бар	28.10.2005 күні күшіне енді	2005 жылғы 4 наурыздағы бекіту туралы № 204 ҚРҰҚ
59	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Астана, 19.05.2005	Күші бар	07.02.2007 күні күшіне енді	2006 жылғы 30 қарашадағы бекіту туралы № 1147 ҚРҰҚ
60	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісім	Астана, 04.07.2005	Күші бар	28.10.2005 күні күшіне енді	2005 жылғы 25 тамыздағы бекіту туралы № 877 ҚРҰҚ

61	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Шанхай қаласында Қазақстан Республикасының Бас консулдығын құру туралы келісім (нота алмасу)	Бейжің, 25.03.2005	Күші бар	Қазақстан Республикасы ҚХР нотасын алған күннен бастап	Рәсімсіз
62	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмегін пайдалану туралы келісім (нота алмасу)	Астана, 10.03.2006	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
63	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасының тәртібі туралы келісім	Бейжің, 20.12.2006	Күші бар	25.12.2015 күні күшіне енді	2015 жылғы 29 қазандағы ратификация туралы № 371-V ҚРЗ
64	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы арқылы құбыр көлігімен тасымалданатын энергия ресурстарына кедендік бақылау жүргізу туралы келісім	Бейжің, 20.12.2006	Күші бар	14.12.2010 күні күшіне енді	2010 жылғы 24 маусымдағы ратификация туралы № 292-IV ҚРЗ
65	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы 2005 жылғы 4 шілдедегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама	Бейжің, 20.12.2006	Күші бар	15.06.2007 күні күшіне енді	2007 жылғы 7 мамырдағы бекіту туралы № 366 ҚРҰҚ
66	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ғылыми дәрежелер мен білім беру туралы құжаттарды өзара мойындау туралы келісім	Бейжің, 20.12.2006	Күші бар	16.11.2007 күні күшіне енді	2007 жылғы 6 қарашадағы бекіту туралы № 1040 ҚРҰҚ

67	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісім	Бейжің, 20.12.2006	Күші бар	25.12.2015 күні күшіне енді	КХР МІР орындады
68	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнайы әкімшілік ауданының Үкіметі арасындағы халықаралық әуе қатынасы туралы келісім	Гонконг, 22.12.2006	Қолданыста жоқ	МІР туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап	ҚР МІР орындаған жоқ
69	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Алматы қаласында Қытай Халық Республикасының бас консулдығын ашу туралы келісім ноталары	Астана, 18.08.2007	Күші бар	Нота тапсырылған күннен (18.08.2007) бастап күшіне енді	Рәсімсіз
70	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы 2004 жылғы 17 мамырдағы негіздемелік келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама	Астана, 18.08.2007	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
71	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Астана, 18.08.2007	Күші бар	08.06.2010 күні күшіне енді	2009 жылғы 4 желтоқсандағы ратификация туралы № 218-IV ҚРЗ
72	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Атасу-Алашанькоу» магистралдық мұнай құбырын пайдаланудағы ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы келісім	Астана, 18.08.2007	Қолданыста жоқ	ҚР МІР орындаған жоқ	КХР МІР орындады

73	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетін құру туралы 2004 жылғы 17 мамырдағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама	Астана, 31.10.2008	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
74	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай және газ саласында ынтымақтастықты жан-жақты дамыту туралы 2004 жылғы 17 мамырдағы жиектемелік келісімге хаттама	Бейжің, 14.10.2009	Күші жойылған	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді. 17.05.2014 күні күшін жойды	Рәсімсіз
75	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы 2007 жылғы 18 тамыздағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама	Бейжің, 14.10.2009	Күші бар	16.09.2010 күні күшіне енді	2010 жылғы 15 шілдедегі ратификация туралы № 330-IV ҚРЗ
76	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісім	Астана, 12.06.2010	Күші бар	20.04.2011 күні күшіне енді	2011 жылғы 10 наурыздағы бекіту туралы № 244 ҚРҰҚ
77	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтерінің Қорғас өзенінде «Достық» біріккен гидроэлектростанциясын салудағы ынтымақтастық туралы келісімі	Қарағанда, 13.11.2010	Күші бар	26.05.2014 күні күшіне енді	2014 жылғы 21 сәуірдегі ратификация туралы № 196-V ҚРЗ
78	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзен суларының сапасын қорғау туралы келісім	Бейжің, 22.02.2011	Күші бар	20.11.2011 күні күшіне енді	2011 жылғы 30 қыркүйектегі бекіту туралы № 114 ҚРҰҚ

79	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының бір-біріне сотталған азаматтарды беру келісімі	Бейжің, 22.02.2011	Күші бар	30.09.2015 күні күшіне енді	2013 жылғы 20 қарашадағы ратификация туралы № 144-V ҚРЗ
80	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің қоршаған ортаны қорғаудағы ынтымақтастық келісімі	Астана, 13.06.2011	Күші бар	18.06.2012 күні күшіне енді	2012 жылғы 7 мамырдағы бекіту туралы № 583 ҚРҰҚ
81	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Үкіметіне өтеусіз техникалық көмек көрсетуі туралы келісім	Астана, 26.09.2011	Күші бар	01.09.2015 күні күшіне енді	2012 жылғы 18 қаңтардағы бекіту туралы № 102 ҚРҰҚ
82	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы 2007 жылғы 18 тамыздағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама	Астана, 27.07.2011	Күші бар	09.08.2013 күні күшіне енді	2013 жылғы 3 шілдедегі ратификация туралы № 120-V ҚРЗ
83	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Үкіметіне өтеусіз техникалық көмек көрсетуі туралы келісім	Астана, 26.09.2011	Күші бар	01.09.2015 күні күшіне енді	2012 жылғы 18 қаңтардағы бекіту туралы № 102 ҚРҰҚ
84	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Гонконг арнайы әкімшілік аймағының үкіметі арасындағы визалық талаптардан өзара босау туралы келісім	Бейжің, 09.05.2012	Күші бар	26.07.2012 күні күшіне енді	2012 жылғы 18 маусымдағы бекіту туралы № 803 ҚРҰҚ
85	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Сарыбұлақ-Жеменей» газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісім	Астана, 08.12.2012	Күші бар	12.11.2013 күні күшіне енді	2013 жылғы 27 наурыздағы бекіту туралы № 277 ҚРҰҚ

86	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мұнай құбырын дамыту мен пайдалану саласындағы ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы келісім	Астана, 08.12.2012	Күші бар	19.11.2013 күні күшіне енді	2013 жылғы 17 қазандағы ратификация туралы № 136-V ҚРЗ
87	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері мен олардың жұмыс тәртібі туралы келісім	Бейжің, 06.06.2012	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.	Рәсімсіз
88	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы газды сұйылту зауытын салу және пайдалану туралы келісім	Астана, 30.05.2013	Күші бар	06.02.2014 күні күшіне енді	2013 жылғы 30 қарашадағы бекіту туралы № 1280 ҚРҰҚ
89	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің Қорғас өзеніндегі «Достық» бірлескен біріктірілген су электр кешенін басқаруы мен пайдалануы туралы келісімі	Астана, 07.09.2013	Күші бар	07.01.2015 күні күшіне енді	2014 жылғы 20 қарашадағы ратификация туралы № 255-V ҚРЗ
90	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісім	Астана, 07.09.2013	Күші бар	22.01.2015 күні күшіне енді	2014 жылғы 9 желтоқсандағы ратификация туралы № 261-V ҚРЗ
91	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерттеу және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімі	Астана, 07.09.2013	Күші бар	18.04.2014 күні күшіне енді	2014 жылғы 3 сәуірдегі бекіту туралы № 313 ҚРҰҚ

92	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің «Сарыбұлақ-Жеменей» газ құбырын салу және пайдаланудағы ынтымақтастығы туралы 2012 жылғы 8 желтоқсандағы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама	Астана, 07.09.2013	Қолданыста жоқ	Қос тарап та МІР орындады	2014 жылғы 28 мамырдағы бекіту туралы № 557 ҚРҰҚ
93	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің Қазақстан Республикасы азаматтарының Қытай Халық Республикасындағы және Қытай Халық Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасындағы уақытша еңбек қызметі туралы келісімі	Астана, 07.09.2013	Қолданыста жоқ	Қос тарап та МІР орындады	2014 жылғы 8 шілдедегі бекіту туралы № 784 ҚРҰҚ
94	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Тегенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдағы ынтымақтастық туралы келісім	Астана, 28.05.2014	Күші бар	25.05.2015 күні күшіне енді	2015 жылғы 22 сәуірдегі ратификация туралы № 307-V ҚРЗ
95	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері мен олардың жұмыс тәртібі туралы 2012 жылғы 6 маусымдағы келісіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы хаттама	Үрімші, 01.09.2014	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Ресімсіз
96	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне өтеусіз техникалық көмек көрсету туралы келісім	Бейжің, 22.09.2014	Күші бар	15.05.2015 күні күшіне енді	2015 жылғы 4 ақпандағы бекіту туралы № 29 ҚРҰҚ
97	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің RF 9010 инспекциялық-тексеру кешенін өтеусіз алу туралы келісім хаттары	Астана, 30.06.2014	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Ресімсіз

98	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы 2005 жылғы 4 шілдедегі келісіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама	Астана, 14.12.2014	Күші бар	07.09.2015 күні күшіне енді	2015 жылғы 17 маусымдағы бекіту туралы № 447 ҚРҰҚ
99	Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы Келісімге қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункті және олардың 2012 жылдың 6 маусымынан бергі жұмыс тәртібі туралы өзгерістер енгізу туралы хаттама	Бейжің, 27.03.2015	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
100	Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы инспекциялық-тексеру кешендерін, адам денесін тексеруге арналған компьютерлік томография жүйесі қызметі бар жүктерді сканерлеу үшін тексеру жүйесін өтеусіз беру туралы хатпен алмасу түріндегі келісім	Астана, 08.07.2015	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
101	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісім	Бейжің, 31.08.2015	Күші бар	Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді	Рәсімсіз
102	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне өтеусіз негізде техникалық көмек (жәрдем) көрсету туралы келісім	Астана, 12.10.2015	Күші бар	02.02.2016 күні күшіне енді	2015 жылғы 31 желтоқсандағы бекіту туралы №1169 ҚРҰҚ
